

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ӘОЖ: 2-522(574)

Қолжазба құқығында

**КАМАЛОВА ФЭРИДЕ БОЛАТҚЫЗЫ**

**Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау**

6D020600 – Дінтану

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:  
Отандық ғылыми кеңесші:  
филос.ғ.к., доцент м.а. Қантарбаева Ж.У.  
Шетелдік ғылыми кеңесші:  
Али Рафет Озкан  
Кастамону университетінің профессоры (Түркия)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2020

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1 «КИЕЛІ», «ҚАСИЕТТІ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	13
1.1 «Киелі», «қасиетті» ұғымдарына дінтанулық талдау.....	13
1.2 Киелі жерлерді анықтаудың негізгі принциптері және классификациясы.....	26
<b>2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БОЛМЫС АЯСЫНДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ</b> .....	36
2.1 Қазақстанның киелі жерлерін жүйелеу мен жіктеу.....	36
2.2 Қазақстандағы киелі жерлердің өзара сабақтастығы .....	89
<b>3 РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ</b> .....	97
3.1 Ұлттық кодты нығайтудағы Қазақстанның киелі жерлерінің рөлі .....	97
3.2 Қазақстанның жаһандану үрдісіндегі ұлттық бірегейлігін сақтап қалудағы киелі жерлердің маңыздылығы .....	106
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	117
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	124

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаты.** Диссертациялық зерттеу Қазақстандағы киелі жерлерге дінтанулық талдау жасау арқылы, оның теориялық-әдіснамалық негіздерін, қоғамдық рухани және әлеуметтік-мәдени болмыс аясындағы көріністері мен ерекшеліктерін ашуға бағытталған.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Бүгінгі таңда елімізде рухани жаңғыру мемлекеттік бағдарламасы өзекті болуына байланысты Қазақстанның киелі жерлерін зерттеу мемлекетіміздің осы саясатын жүзеге асырудағы негізгі қадамдардың бірі. Осы тұрғыда, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы негіз бола алады. Бұған дейін де қоғамымызда «Қазақ елі», «Мәңгілік ел» деген мәселелер көтерілген еді. Қазіргі күні осы мәселелердің барлығы тұтастай алғанда ұлттық кодымызды жаңғыртудың бастамасы екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл жердегі ұлттық код дегеніміз – халықты біріктіретін ұлттық идея. Осы ретте, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақала осы ұлттық идеямызды жаңғыртуға септігін тигізді деуге болады. Онда: «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған, біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтірумен ғана шектелмеу керек. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында бір тұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді» – делінген. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез-келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Қазіргі кезде елімізде Қазақстанның киелі жерлері бойынша өлкетанулық, археологиялық, этнографиялық, тарихи-мәдени зерттеулер бөлек-бөлек жасалында, осы зерттеулерге сәйкес Қазақстанның қасиетті, киелі жерлерінің тізімі бір жүйеге келтіріп, жіктелінуде. Осыған орай, бұл зерттеу жұмысының өзектілігі: біріншіден, киелі, қасиетті ұғымдарының теориялық-әдіснамалық құрылымын ашып алу, яғни киелілік пен киелі жер ұғымдарының анықтамасын беру; екіншіден, киелі жерлерді айқындаудың негізгі қағидаларын зерттеп, қандай критерийлер бойынша киелі жерлер деп табуға болатындығын анықтау; үшіншіден, «Сақралды Қазақстан» зерттеу орталығы ұсынған «діни және ғибадат орындары» санатына жататын киелі жерлерді жіктеп, оларды діни-

феноменологиялық тұрғыда жүйелеу, яғни дінтанулық талдау жасау барысында осы зерттеу жұмысының өзіндік класификациясын ұсыну; төртіншіден, киелі жерлердің ұлттық бірегейлікті нығайту мен сақтаудағы орны мен рөлін, жаһандық ауқымдағы құндылықтарын сақтап қалудағы маңыздылығын қарастыру. Осыдан біз киелі жерлерді түсіну секілді сұрақтарға бір мәнді жауаптар ала аламыз. Зерттеу жұмысының барысында киелі, қасиетті ұғымдарын мәдени-тарихи мағынада немесе тек діни мағынада түсінудегі орны қандай секілді мәселелер қарастырылатын болады.

Осыған сәйкес, Қазақстан территориясындағы әулие-қорымдар мен кесене-мазарларға байланысты зерттелген отандық, шетелдік тарихи деректер мен қазақ жерінде сақталған аңыздарға дінтанулық талдау жасалатын болады. Нәтижесінде әулиелердің, яғни киелі адамдардың шығу тегі, өмірі мен қызметі және қайда жерленгендігіне діни-феноменологиялық талдау берілетін болады. Бұлар дін феноменологиясының негізі болып табылатын киелі адам, киелі мекен, киелі кеңістік, киелі іс-әрекет деген категориялар тұрғысында қарастырылады.

Республикамыздың байтақ даласында ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі уақыттың куәгері секілді 30 мыңға жуық тарихи, мәдени, діни ескерткіштердің бар екендігі анықталып отыр. Алайда бұл тарихи мұралардың барлығы бірдей үкіметтің қорғауына алынбаған, өкінішке орай халық кейбір киелі жерлерді біле бермейді. Себебі мұндай тарихи байлықтың барлығы толықтай зерттелмеген, әрі әлемге танытуға ізденістеріміз шексіз. Халқымыздың осынау ғажайып мұрасын есепке алу, оларды қорғау және ғылыми білгірлікпен қалпына келтіру аса мәнді мәселелердің бірі. Оған қоса сол тарихи ескерткіштерінің ғылыми мәнін саралау, халқымыздың сан ғасырлық мәдени болмысына айғақ ету бүгінгі кемел уақытымыздың рухани қажеті.

Кең байтақ қазақ жерінің төсінде небір әсем тұлғалы құрылыс - сәулет өнерінің ғажайып үлгілері уақыт сынына сыр бермей, ғасырлар аттап бүгінгі күнге жеткені асылдың өзгеден артық бағасын танытқандай. Мысалы, орта ғасыр сәулет өнерінің озық үлгілері – Қожа Ахмед Ясауи кешені, Арыстан Баб мазары, Айша бибі кесенесі, Қарахан мазары, Жошы хан мен Домбауыл кесенесі және басқа да көптеген кесене-мазарлар уақыт сынынан өтіп, сыры кетсе де сынын жоймай бүгінгі таңға дейін жетті. Бұл ескерткіштер сыры халқымыздың тарихымен тығыз байланысты. Арғы тегі Сақ, Үйсін, Түрік деп аталатын еліміздің мыңдаған жылдар бойғы ізденіс-тәжірибесін, талғам-танымын, сәулеткерлік өнерін тал бойына жинақтаған мұндай ескерткіш жәдігерлер арнайы ден қойып, жан-жақты зерттеуді, қастерлеп ұрпақ игілігіне мәңгілік пайдалануды қажет етеді. Осы тұрғыда, сананы жаңғырту жұмысы мәдени жадқа, символикалық, киелі және мәдени-тарихи заттарға негізделуі тиіс. Киелі жерлер немесе рухани қасиетті орындар – халықтың рухани дәстүрінің тірегі.

«Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау» атты зерттеу жұмысы қазақтың кең даласындағы қасиетті жерлер мен мекендерді жан жақты зерттеп, біздің ұлан-ғайыр жерге ғана емес, тарихи рухани мол мұраға ие екенімізді әлемге таныту және халыққа жеткізуді мақсат етіп отыр. Ғылыми жұмыста киелі орындар, қасиетті жерлер ол тек діни көзқарас, наным-сенім ғана белгісі емес, ол мемлекеттің ұлттық бірегейлігін қалыптастырушы, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптейтін, айқын көрсететін құрал болып табылатындығына ерекше назар аударылған. Қазақстанның территориясы киелі жерлерге, қасиетті орындарға бай. Мұны халықтың ұлттық бірегейлігін құрастырудың бір формасы ретінде және территорияның танымалдылығын қалыптастырушы құрал ретінде қарастыруға болады. Қазіргі кезде тарихшылар, археологтар, этнографтар киелі жерлердің мемлекеттік тізімін жасап, халықаралық, республикалық, жергілікті деңгейдегі мәртебесін анықтау үстінде. Киелі орынға қояр және оны таңдап алуда қандай да бір критерийлер бар ма – деген сауалдың өзі әлі де болса жауапсыз, аз зерттелген мәселе. Осы мәселе төңірегінде зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі болып киелі, қасиетті ұғымдардың мән мағынасы айқындалып, киелі жер түсіндірмесіне анықтама беріліп, еліміздің киелі жерлеріне дінтанулық талдау жасалынатын болады.

**Зерттеу мақсаты мен міндеттері.** Қазақстанның киелі жерлерін зерттеу барысында теориялық-әдіснамалық негіздерін ескере отырып, діни феноменологиялық категориялар бойынша киелі жерлерге дінтанулық талдау жасау, олардың ұлттық бірегейліктің негізін нығайтудағы орны мен ұлттық кодты сақтаудағы рөлін қарастыру мақсат етілді. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттерді шешу қажет:

- қазіргі дінтанулық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылым өрісіндегі киелі, қасиетті ұғымдарының теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;
- киелі жерлерді анықтаудың негізгі принциптері мен классификациясын айқындау;
- Қазақстанның жалпыұлттық діни және ғибадат орындарына дінтанулық және діни-феноменологиялық талдау жасау;
- ұлттық кодты нығайтудағы Қазақстанның киелі жерлерінің рөлін көрсету;
- Қазақстанның жаһандану үрдісінде ұлттық бірегейлікті сақтап қалудағы киелі жерлердің маңыздылығын айқындау.

**Зерттеу нысаны.** Қазақстанның жалпыұлттық діни және ғибадат аталатын киелі орындарын дінтанулық талдау.

**Зерттеу пәні.** Қазіргі Қазақстан қоғамында киелі жерлердің атқаратын қызметі мен маңыздылығы.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін** дінтану мен әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында қолданыс тапқан теориялар мен тәсілдер құрайды. Диссертацияда қазіргі қоғамды рухани жандандыру мен ұлттық сана-сезімнің қалыптастыру мақсатында қолданып жатқан киелі жерлерді жан-жақты зерттеуге, әртүрлі ракурста қарастыруға мүмкіндік берген

тарихилық пен логикалық, жүйелі-құрылымдық және салыстырмалы-герменевтикалық, дінтанулық талдау тәсілдері кеңінен қолданылды. Объективизм тәсілі киелі жерлерді қазіргі қоғамдық өмірде орын алып отырған рухани-әлеуметтік факт ретінде қарастырып, оның мән-мағынасы мен қызмет етуінің себептерін ашуға септігін тигізді. Феноменологиялық талдау киелі жерлердің өзіндік ерекшеліктерін ашып, оған тиісті категориялар мен классификацияларды анықтауға мүмкіндік туғызды.

**Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі.** Киелік ұғымы өткен ғасырдың орта тұсынан бастап батыс ғалымдарының зерттеу нысанына айналды. Киелік ұғымы батыс қоғамының діни және әлеуметтік-мәдени өмірінің өзіндік құбылысы ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеуді алғашқы болып қолға алғандардың бірі – неміс дінтанушысы әрі социологы Р. Отто. Р. Отто дінтанулық тұрғыда ерекше қызығушылық танытқан классикалық дінтану бойынша көптеген еңбектер жазған болатын. Солардың бірі «Священное. Об иррациональном в идее божественного и его соотношении с рациональным» атты еңбегі. Сонымен қатар, Элиаде М. «Сакральное и профанное»; Беккер Г. «Современная теория священного и светского и её развитие»; Буркхард Т. «Сакральное искусство Востока и Запада. Принципы и методы»; Жирар Р. «Насилие и священное»; Кайуа Р. «Миф и человек. Человек и сакральное»; Tarot, С. «Le symbolique et le sacré: Théones de la religion, Édi tions de la Découverte». Берілген зерттеулер бойынша қасиетті ұғымына және оның киелілікке қатысы талдауы беріліп, категориялары мен классификациялары ұсынылған. Шетелдік зерттеулерде дінтануда негіз болып саналатын ұғым концептуалды тәсілмен қатар, киелі орындар, бұл орындардың географиясы дегенге жеткілікті негіздер жасаған және жолсілтемелер құрастырылған: Park, С. «Religion and geography»; Eade, J. and Sallnow, M. «Contesting the sacred»; Gaustad, E. «Historical atlas of religion in America» [1]; Gay, J. «Geography of religion in England» [2]; Kong, L. «Geography and religion: trends and prospects» [3]; Nolan, M. and Nolan, S. «Religious pilgrimage in modern Western Europe» [4]; Park, С. «Sacred Worlds: an introduction to Geography and Religion» [5]; Woodward, S. «Faith and Tourism: Planning Tourism in Relation to Places of Worship» [6].

Алайда алыс және жақын шетелдердегі ғалымдардың зерттеулері қомақтылығы мен ауқымдылығына қарамастан, бұл зерттеу жұмысы үшін тек методологиялық негіз болып табылатынын байқауға болады.

Осы мәселе көбірек ресейлік ғалымдардың еңбектерінде зерттеліп, жүйелендірілген. Жеке алғанда, А.П. Забияконы айта аламыз, оның «Сакральное» және «Категория святости. Сравнительное исследование лингворелигиозных традиций» деген еңбектері; Зенкин С. «Небожественное сакральное: Теория и художественная практика»; Топоров В.Н. «Святость и святые в русской духовной культуре»; Луговский Г. «О природе сакрального»; Пылаев М. «Категория «священное» в феноменологии религии, теологии и философии XX века»; Миролубов Ю. П. «Сакральное Руси» [7]; Горбатовский

В.В. «Сакральные места России» [8]. Ресейлік ғалымдардың зерттеулерінде киелілік ұғымымен бірге, Ресейдің киелі жерлері туралы нақты деректер қарастырылған. Ресейдің киелі жерлері туралы қызықты әрі маңызды анықтамалық әбедиеттер құрастырылған және бұл зерттеулер осы мәселені зерттеудегі методологиялық негіз ретінде қызмет атқара алады.

Ал қазақстандық зерттеулерге келетін болсақ, отандық гуманитарлық ғылымдарда осы күнге дейін де және қазіргі таңда да Қазақстанның киелі жерлеріне ауқымды деңгейде зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Жан-жақты зерттеулер жүргізіп, түрлі қазбалар жұмысын жасауда көптеген тарихи ескерткіштерді, қоныстарды тапқан, еңбегін сіңірген Қабибола Сыдықов, Әбіш Кекілбаев, Андрей Астафьев, Зейнолла Самашев сынды ғалымдарды айтуға болады. Қазақстандық зерттеулерде Қазақстанның киелі жерлері бойынша археологиялық, этнографиялық, тарихи зерттеулер бөлек шығарылған, солардың айрықша маңыздылығы бар – бұлар: Карл Молдахметович Байпақовтың зерттеулері: «Исламская археологическая архитектура и археология Казахстана» [9]; «Средневековые города Казахстана на Великом Шёлковом пути»; «Выдающиеся археологические памятники Казахстана» [10], Байпақов К.М., Терновая Г.А. «Религии и культы средневекового Казахстана (по материалам городища Куйрыктобе)» [11]; Смагулов Е. «Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. Сборник: Памятники истории и культуры Казахстана»; Орынбеков М. «Генезис религиозности в Казахстане»; Мамраимов А. «Священные места на великом шелковом пути» [12]. Сонымен қатар, Михаил Евгеньевич Массонды да айтуға болады, ол Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне архитектуралық тұрғыда алғаш зерттеу жүргізді (1930). Сондай-ақ сол жерде жерленген қазақ хандарының қабірлері жайында зерттеп, нақты мәліметтер қалдырды, солардың бірі, «О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда Яссави в г.Туркестане» [13]; Ал, отандық дінтанушы Досай Кенжетай «Қожа Ахмет Ясауидың моральдық философиясы», «Қожа Ахмет Ясауи және оның ойлау жүйесі», «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы» атты кітаптар мен «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адам мәселесі» атты монография жазған болатын. Маргулан А.Х. «Архитектурные памятники в долине р.Кенгир»; Сейдімбеков А. «Күңгір-күңгір күмбездер» атты еңбектер қарастырылды. Ал зерттеуші Муминов Әшірбек Құрбанұлы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Маңғыстау облысы бойынша «Эпиграфика, петроглифтер, Маңғыстаудың тарихи-мәдени ескерткіштері» (2008-2009 жж.), «Қазақ халқының рухани құндылығы: дәстүрлі мәдениетті сақтаудағы қасиетті орындардың рөлі мен маңызы» (2012-2014 жж.) атты жобаларға жетекшілік атқарып, далалық зерттеулер жасаған болатын. Осы секілді, профессор Бегалинова Қалмаш Капсамаровна бастаған топ 2018-2019 жж. аралығында бүкіл Қазақстан аймақтарын аралап, далалық зерттеулер жасау барысында киелі жерлерді насихаттау мақсатымен көптеген бейнематериалдар түсірген болатын. Сондай-ақ, Т.Х. Ғабитовтың «Қазақстан-2050» стратегиясы мәнмәтінінде Қазақстандағы жаңғыру үдерістеріндегі мәдени ескерткіштердің

орны мен рөлі» атты жоба аясында құрастырылған «Қазақстанның мәдени ескерткіштері» атты энциклопедиялық еңбегінде киелі жерлерге мәдениеттанулық талдау берілген.

Бұл авторлар Қазақстанның киелі жерлерін көбінесе археологиялық, этнографиялық, өлкетанулық, архитектуралық және мәдениеттанулық сипатта зерттеген. Ал, киелі, қасиетті ұғымдарына теориялық-әдіснамалық түсіндірмесі, киелі жер деп тану үшін белгілері мен қағидаларының анықтамасы туралы жан-жақты ғылыми дінтанулық зерттеулер жоқтың қасы. Сондықтан қазіргі уақытта Қазақстанның киелі жерлерін жүйеленген кешенді зерттеуі терең ғылыми дінтанулық, мәдени-тарихи талдауды қажет етеді.

**Зерттеудің әдіснамалық базасы.** Қазіргі кезде Қазақстанның киелі жерлерін зерттеу көпқырлы, күрделі мәселелердің бірі. Киелі жерлердің мәні мен маңызын ашып, дінтанулық концептуальдық деңгейінде талдап, феноменологиялық сипаты мен мазмұнын айқындау философия, мәдениеттану, өлкетану, әлеуметтану, тарих сияқты бірқатар гуманитарлық ғылымдардың әдіснамалық қорына жүгінуді талап етеді. Осы орайда зерттеу барысында гуманитарлық ғылымдар жүйесінде қалыптасқан салыстырмалы компаративисткалық тәсіл, герменевтикалық, құрылымдық-жүйелік талдау, тарихи логикалық реконструкциялау тәрізді зерттеу тәсілдері кең қолданыс тапты.

Диссертациялық зерттеуде шетелдік және отандық ғалымдардың гуманитарлық ғылым саласында қалыптастырған категориальдық-терминологиялық аппараты қолданылды.

**Зерттеудің теориялық-ақпараттық дерек қорын** осы саладағы танымал ғалымдардың зерттеулері, ғылыми мақалалары, бұқаралық ақпарат құралдарындағы әртүрлі мәліметтер, интернет-ресурстар құрады.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Қазақстанның киелі жерлеріне алғаш рет дінтанулық кешенді теориялық-концептуалдық зерттеу жүргізілді. Отандық ғалымдар мен дінтанушы мамандар тарапынан киелі жерлер осы уақытқа дейін дінтанулық зерттеудің толыққанды объектісіне айнала қоймағанын ескере отырып, зерттеу жұмысында қазіргі діни сана мен әлеуметтік руханилықтың мәнді қыры ретінде киелі жерлердің айқын мазмұны мен бағыты, атқаратын қызметі мен типтік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды. Қазақстандағы киелі жерлерді тарихи, діни феноменологиялық, дінтанулық зерттеудің негізінде ғылыми жұмыстың *жаңалықтары* ретінде төмендегілер ұсынылады:

- Киелі, қасиетті ұғымдарына мазмұндық талдау жасалып, оның дәстүрлі қазақтың жалпы дүниетанымы, дін мен діл ерекшеліктеріне байланысты айқындалып, аталған ұғымдардың ең алдымен ежелгі қазақтардың діни сенімі – ата-баба культі, ата-баба рухын құрметтеу, аруақтарға сенумен байланысты негізделді;

- Қазақстандағы киелі жерлерді анықтаудың негізгі принциптері мен классификациясы анықталды;



- Қазақстанның діни және ғибадат орындары аталатын киелі жерлеріне дінтанулық талдау жасалынды, өзара сабақтастығы ашылды;

- Киелі жерлерге дінтанулық талдау жасау барысында зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде жасалған жеке класификация ұсынылды;

- Рухани жаңғыруда киелі жерлердің ұлттық кодты нығайтудағы маңыздылығы айқындалды;

- Қазақстанның жаһандану үрдісіндегі ұлттық бірегейлігін сақтап қалудағы киелі жерлердің орны мен рөлі көрсетілді.

### **Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:**

1. «Киелі», «қасиетті», «сакралды» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, алайда жақын синонимдес сөздер болғанмен әр түрлі мағынаны білдіреді. Қасиетті деп, әдетте діни әдет-ғұрыптарда қолданылатын, Құдайға арналған заттар мен салт-жораларды айтады. Қасиеттілік көбінесе тазару, аластату рәсімі жасалынып жатқан кезде сипат алады. Киелілік – бұл Құдай атрибуты, құдайылық қасиеті бар немесе Құдайға арналған, құдіретті деген мағынада. Сакралды (ағыл. *sacral* және лат. *sacrum* – қасиетті, құдіретті) – белгілі бір объектіге бірегей мағына беретін, ерекше құндылыққа айналдыратын, күнделікті түсініктер мен заттардан өзгеше иррационалды, мистикалық мән беретін дүниетанымдық категория. Сакралдының екі ұғымнан өзгешелігі, ол діни емес, ғылыми лексиконда пайда болған және алғашқы наным-сенімдер, пұтқа табынушылық пен мифологияны қоса алғанда барлық діндерді сипаттағанда қолданылатын ұғым. Дін феноменологиясы киеліліктің, қасиеттіліктің затта, кеңістікте, уақытта, мәтіндерде, іс-қимылдарда, адам мен қоғамның арасындағы байланыста пайда болатынын қарастырады. Бұдан келесідей категориялар ұсынылады: киелі кеңістік, киелі уақыт, киелі мекен, киелі адам, киелі іс-әрекет, киелі нысан, мистиктер мен пайғамбарлар ұғымдары. Киелі, қасиетті категорияларын жалпы әлемде қалыптасқан классикалық діни феноменология тұрғысынан қарастыра отырып оның дәстүрлі қазақтың жалпы дүниетанымы, дін мен діл ерекшеліктеріне байланысты айқындалып, аталған ұғымдардың ең алдымен ежелгі қазақтардың діни наным сенімі – ата-баба культі, ата-баба рухын құрметтеу, аруақтарға сенумен байланыстылығы негізделді.

2. Киелі жерлерді анықтаудың негізгі принциптері мен классификациясын белгілеу үшін, алдымен киелі жер түсіндірмесіне негізделіп, киелі жер деп – ерекше мәнге ие қайталанбас нысандары бар орын екенділігі айқындалды. Киелі жер ұғымын идеологиялық және күнделіктілік тұрғысынан түсіндіруге болады. Идеологиялық деп мемлекеттік маңыздылығы бар қасиетті жерлер, ал күнделікті деген халықтың сұранысына ие болып отырған, жеке ұрпақтың ата-бабасымен байланысты киелі жерлер. Киелі жерлерді анықтаудың негізгі принциптері мен классификациясын негізге ала отырып, Қазақстандағы киелі жерлерді үш принциптерге бөліп қарастыруға болады: біріншісі – әртүрлі дінмен байланысты адамдармен жасалған қасиетті орындар; екіншісі – табиғат факторларымен пайда болған – емдік сулар, емдік балшықтар, дөльмендер және

тағы басқалары. Үшінші принципі екі принциптің араласуынан пайда болған киелі жерлер. Киелі жерлердің классификациясын жасауда еліміздегі қасиетті-киелілер туралы аңыз-әңгімелерді зерттей отырып, олардың негізгі төрт типі анықталады: 1) бейнесі анықталмаған киелілер және олардың өз есімдері мен қарапайым тұрағы болмағандар; 2) інжілдік–кұрандық кейіпкерлер, бұған ерте ислам тарихының тұлғалары да жатады; 3) ортағасыр сопылары – ерте кездегі, жалпы танымал және жергілікті; 4) мазарлары инерциялы түрде табыну объектісіне айналған жергілікті билік өкілдері. Иемденген киелі жерлерге байланысты тағы бір топтамасы ұсынылады: 1) ежелгі батырлар; 2) пайғамбарлар, Құрандағы кейіпкерлер; 3) Мұхаммед пайғамбардың ізбасарлары; 4) сопылар; 5) ру тотемдері; 6) киелілердің «жаңа ұрпақтары». Мазарлар танымалдылығына және әйгілігіне байланысты бірнеше топқа бөлінеді: 1) барлық Орталық Азияға танымал; 2) бір өлкеге немесе толық бір аймаққа танымал; 3) шектеулі жерге ғана танымал.

3. Зерттеу жұмысында Қазақстанның негізгі киелі жерлері, ондағы діни және ғибадат орындары екі топқа бөліп қарастырылды: 1) діни сипатта жасалынған зиярат мекендері; 2) ұлттық сипатта жасалынған зиярат мекендері. Осы екі топ бойынша оларды дінтанулық, діни феноменологиялық тұрғысынан алғанда келесідей категориялар бойынша қарастырылды: Біріншіден, олардың өмір сүрген киелі мекеніне анықтама берілсе, яғни киелі кеңістік, киелі уақыт категориялары тұрғысынан; екіншіден, олардың шығу тегін анықтауда киелі адам категориясы бойынша қарастырылады; үшіншіден, киелі іс-әрекет категориясы бойынша діни-моральдық, философиялық бағыттағы өмірлік ұстаным-принциптеріне негіздеме берілетін болады; төртіншіден, киелі нысан категориясы тұрғысында, мысалы: не себепті халық ол жерлерге мінәжат етіп, зиярат етеді? деген сауалдарға жауаптар қарастырылды. Және осы категория бойынша мазарлардың табиғилығы мен жасандылығы айқындалды.

4. Киелі жерлерге дінтанулық талдау жасау барысында зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде жоғарыдағылардан бөлек классификацияларды келесідей топтастыруға болады: 1) Ислам дініне дейінгі кезеңде тұрғызылған киелі нысандар; 2) Ислам дінінің келуіне байланысты, оның ішіндегі исламның таралуына ықпал еткен тұлғаларға арналған киелі нысандар; 3) Ислам дінінің орнығуына байланысты, оның ішінде сопылық ағымның таралуына байланысты киелі нысандар; 4) Киелі әйел образы. Мұнда шет елдермен салыстырмалы түрде қарағанда, Қазақстанда киелі-әулие аналарға арналған кесене-мазарлар көптеп кездеседі. Себебі қазақ дәстүрінде ұлттық ерекшелігімізге тән әйел затына ерекше құрмет көрсетілген. Киелі аналарымыз ұрпақ тәрбиелеумен қатар, қоғамда рухани-діни жұмыстармен де айналысқан, маңызды рөл атқарған. Сондықтан олардың кесене-мазарларына осы күнге дейін құрмет көрсетіп, зиярат етіп жатады; 5) Дінге қатысы жоқ, қазақ топырағында хандықтардың құрылуына ықпал еткен және ел-ру басқарған тұлғаларға арнап салынған киелі орындар; 6) Ресей империясының отарлау саясаты кезеңінде тұрғызылған киелі нысандар; 7) XX ғасырда бой көтерген сәулет-кешендері.

5. Киелі жерлерді толығырақ танып-білу әлеуметтік сұранысқа ие болғандықтан қоғамдық сана мен ұлттық бірегейліктің қалыптасуына, оның жаңғыруына және халықтың рухани ізденісіне әсерін қазіргі заманға сай, бүгінгі қоғамда болып жатқан өзгерістерге үйлестіре отырып айқындалды. Бұл жерде киелі жерлердің ұлттық кодты жаңғыртудағы рөлі мен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңыздылығы қарастырылды.

6. Зерттеудің ғылыми нәтижелерін ішкі және сыртқы туризм индустриясының дамуына да пайдалануға болады. Бұл туризмнің ерекшелігі – адамдар табиғатты тамашалап, ел-жер көріп, көңіл көтеру емес, тәлімдік-тәрбиелік мәні, әрі туған жер тарихымен танысуына бағытталуымен құнды болмақ. Сонымен қатар, орта мектеп оқушыларына, ЖОО студенттеріне арналған оқулықтар, фильмдер, роликтер және интерактивтік карта жасау арқылы цифрландыру жүйесі жүзеге асыруға болады.

**Зерттеу жұмысының дерекнамалық базасын** шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері, бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтері, зерттеушінің экспедициялық бақылау нәтижелері, интернет ресурстары құрайды.

**Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы** Қазақстанның киелі жерлерін жүйеленген кешенді тұрғыдан зерттеп, оның қазіргі қоғамның діни-рухани, әлеуметтік-мәдени өміріндегі орны мен рөлін концептуалдандыруда көрініс табады. Ұлттық кодқа жататын ұлттық рухани мәдениеттің бірден бір маңызды құрамдас бөлігі Қазақстанның киелі жерлері болып табылғандықтан, бүгінде киелі жерлерге дінтанулық тұрғыда кешенді зерттелуі мен жүйеленуі қажеттілік туғызуда. Диссертациялық зерттеу еліміздегі киелі жерлерді ғылыми-теориялық тұжырымдауға бағытталған алғашқы еңбектердің бірі екендігін ескерсек, зерттеу нәтижелері дінтану, мәдениеттану, философия, өлкетану, әлеуметтану саласындағы ізденістер мен арнайы элективті курстар оқытуда қолданыс таба алады. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыстың белгілі бір деңгейде теориялық және тәжірибелік нәтижесі ретінде дінтанушылар мен исламтанушылар, туризм мамандықтарықтарын дайындау бойынша арнаулы курстарда, киелі жерлерге байланысты әртүрлі бағдарламаларда, патриотизмді дамытуда, ұлттық сананы жаңғыртудағы киелі жерлердің ұлттық код ретінде танылуында, ұлттық бірегейлікті нығайтуда, Қазақстандағы ішкі туризмді дамытуда қолданыс табады.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы:** диссертациялық зерттеу нәтижелері докторанттардың ғылыми-әдістемелік семинарларында және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының отырыстарында талқылаудан өтті.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 16 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында – 2 ғылыми мақала, «Әл-Фараби» журналында – 1

мақала жарияланып, нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 1, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының арнайы жинақтарында – 5 ғылыми мақала (оның ішінде 1 мақала шетелдік баспада) басылып шықты.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы** зерттеудің қисынына және қойылған мақсаттар мен мәселелерді шешуге сәйкес ойластырылған. Диссертациялық зерттеу кіріспеден, әрқайсысы екі тараушаны қамтитын үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертациялық зерттеудің жалпы көлемі 130 бет.

# 1 «КИЕЛІ», «ҚАСИЕТТІ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 «Киелі», «қасиетті» ұғымдарына дінтанулық талдау

Діни феноменологияда қолданылатын негізгі ұғым – «киелі», «қасиетті» ұғымдары. Діни феноменология киелілік, қасиеттіліктің затта, кеңістікте, уақытта, сөздер мен сандарда және адам мен қоғамның тәжірибесінде, іс-әрекеттерінде пайда болатынын қарастырады. «Киелі», «қасиетті» ұғымдарының діни феноменологияда мәні мен алар орны ерекше. Себебі, діни феноменология діндар адамның болжамына ерекше мән беретін дінтану ғылымының әдістемелік ұстанымы. Қазіргі таңда ғылымда «киелі» мен «қасиетті» ұғымдарын зерттеуде біршама көзқарастар қалыптасқан. Осы күнге дейін шетелдік теолог-ғалымдар, дінтанушылар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, психологтар және басқа да көптеген ғалымдар «киелі» және «қасиетті» ұғымдарын зерттеп келген, әлі де зерттеу үстінде. Алайда көптеген шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне қарамастан, қазақстандық зерттеулерде «киелі», «қасиетті» ұғымдарының теориялық-әдістемелік негізін анықтауда осал тұстары байқалуда. Сол себепті бұл ұғымдардың теориялық-әдістемелік негіздерін талдау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналуда. Осы тараудың зерттеу мақсаты – «киелі», «қасиетті» ұғымдарымен бірге «сакралды» ұғымын да жан-жақты зерттеп, олардың әрбіріне жеке-жеке анықтама беріп, бір-бірімен байланысы мен өзгешелігін ажыратып қарастыру. Сонымен қатар бұл ұғымдардың теологиялық, дінтанулық және діндегі ұстанымдарын қарастыру. Алынған нәтижелер бойынша бұл ұғымдардың заманауи дінтанулық дискурстағы орны мен рөлін анықтау.

«Киелі», «қасиетті», «сакралды» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, алайда жақын синонимдес сөздер болғанмен әр түрлі мағынаны білдіреді. Берілген үш ұғымды салыстыра отырып, төмендегідей анықтамаларға тоқталамыз.

*Қасиетті* деп, әдетте діни әдет-ғұрыптарда қолданылатын, Құдайға арналған заттар мен салт-жораларды айтады. Қасиеттілік көбінесе тазару, аластату рәсімі жасалынып жатқан кезде сипат алады, яғни тазарылған зат қасиетті болады немесе болмауы да мүмкін, егер де ол пендешілік мақсатта қолданылса (мысалы, пасхалық жұмыртқа). Қасиетті мен киелі ұғымдары мағынасына қарай бір-біріне жақын және де бір заттың атрибуты болуы да мүмкін: мысалы, Інжілді Қасиетті Жазбадағы Киелі Кітап деп атауға болады. Бұл жердегі *қасиетті* атрибуты Інжілге деген ерекше қарым-қатынас, пендешіліктен алыста тұруы, діни қызметте пайдаланатынын көрсетеді. Ал *киелі* атрибуты оның Құдайға тән екендігі және Құдай нұры жауған сипатта болуын көрсетеді. Қасиетті мен киелі кей кезде құрал немесе мақсат-мүдде ретінде сәйкеседі. Мысалы, христиандарда, Киелі Құпияларды жинақтауда евхаристия құпиялығын пайдалану үшін қасиетті ыдыстарды қолданады. Ал,

мұсылмандар үшін қасиетті соғыс киелі мақсатқа жету үшін жүргізіледі деген секілді.

Қасиетті ұғымы көбінесе христиандық дәстүрмен байланысқан, алайда барлық діндерде қолданылады. Сонымен қатар, қасиетті ұғымын көбінесе діни ұйымдардың басқарушы органдарының атауларына да қолданады (Қасиетті Синод) және де саяси одақтар мен мемлекеттік білім беру салаларының тарихи атауларында да қолданылған, мысалы: Қасиетті Рим Империясы, Қасиетті Одақ.

*Киелілік* – бұл Құдай атрибуты, құдайылық қасиеті бар немесе Құдайға арналған, құдіретті деген мағынада.

*Сакралды* (ағыл. *sacral* және лат. *sacrum* – қасиетті, құдіретті) – белгілі бір объектіге бірегей мағына беретін, ерекше құндылыққа айналдыратын, күнделікті түсініктер мен заттардан өзгеше иррационалды, мистикалық мән беретін дүниетанымдық категория.

Сакралдының екі ұғымнан өзгешелігі, ол діни емес, ғылыми лексиконда пайда болған және алғашқы наным-сенімдер, пұтқа табынушылық пен мифологияны қоса алғанда барлық діндерді сипаттағанда қолданылатын ұғым. Сакралды – адамның басқа әлеммен байланысын белгілейді, орнатады және қайта қалпына келтіреді деген мағынада.

Сакралды басты дүниетанымдық категория ретінде көп деңгейлі ұғым болып табылады. Көп тілдердегі семантикалық мағынасында сакралды – көнееврейлік «*gadosh* бөлектік, дербес құқықтық, қол сұғылмаушылық» ұғымымен байланысты [14].

Сондықтан да пәнаралық ғылымдарда «қасиетті», «киелі», «құдіретті» сөздері тұтас «сакралды» деп қолданылады.

Сонымен қатар, киелінің теологияда, дінтануда және діндегі ұстанымдарын қарастырғанда үш ұғымның бір-бірімен діни, құдайылық мәселесінде өзара сабақтасып жатқанын байқауға болады. Олар Құдай мен адам арасындағы байланысты көрсетеді. Демек, біз жоғарыдағы ұғымдарды талқылағанда, олардың теологиядағы, дінтанудағы және діндегі ұстанымдарының ерекшелігіне назар аударуымыз қажет. Киелі ұғымын теологияда, дінтануда және діни тұрғыда талдағанда төмендегідей нәтижелерге қол жеткізе аламыз.

Киелі ұғымы кең мағынада дәлелдемесін теологиядан алады. Теология ғылымы бір-бірімен тығыз байланысқан үш маңызды сұрақтарды қарастырады: біріншіден, Құдайдың барын растайды, екіншіден, мүмкіндігінше оның табиғатын анықтайды, үшіншіден, Құдай мен әлем, Құдай мен адам арасындағы қарым-қатынасты сипаттайды.

Теологияда киелі ұғымының негізі сенім болып табылады. Теологиядағы киелі ұғымы діндегі сияқты Құдай болмысының бар екенін бекітеді. Әкей Павел Флоренский киелі ұғымын талдай келе, ең алдымен оның «жойылмайтынын» көрсетеді. «...Көне Өсиетте Құдайды киелі дейді, осыдан оның Жоғарғы билеуші екенін, Әлемді жаратушы екені көрсетіледі».

Сонымен, киелілік теологияда Құдайға бағыну дегенді білдіреді, оның символы тазару болып табылады. Тазару барысында күнделікті, пендешілік рәсімдер құдайылық мәнге ие болады.

Тарихи жағынан алып қарасақ, киелі ұғымы мәдени кешендерге қарағанда өзінің айрықша толық көрінісін діндегі руханилықтан тапты. Киелі ұғымы діннен сипат алды. Киелі сөзінің онтологиялық аспектісі дінде ғажайып, тылсым күш деген ұғымдарды береді. Неміс теологы Р.Отто «Киелі» (1917) деп аталатын классикалық жұмысында киеліні абсолютті, шексіз шындық, тұрмыстың түп негізі ретінде қарастырды. Бұл түпкі негіздерге ақылдылық, руханилық, құдіреттілік атрибуттары жатады. Киелі ұғымы діни руханилықтағы нақтыланған қасиетті бейнелерде және қасиетті сөздерде көрсетіледі [15, Б. 35-37].

Сонымен қатар, киелі ұғымының түсіндірмесі дінтану ғылымының тарихынан бастау алады. Бұл феноменді зерттеу үшін дінтанушылар біршама ұстанымдарға сүйенген. Соның ішінде, мәдениеттанулық, философиялық және феноменологиялық. Бұл ұстанымдар киелі ұғымының түсіндірмесінің ерекшелігін анықтайды.

Дінтанушылардың философиялық ұстанымы тұрғысынан зерттегендегі нақты ерекшелігі киелі діннің іштей бағалау әрекеті болып табылады.

Н. Зёдерблом үшін киелілік пен құдайылық ұғымдары синонимдес сөздер болып табылады. Зёдербломның көзқарасы бойынша, діннің негізгі сипаттары «құдайылықты қабылдау, басқаша айтқанда, санаға қасиеттілікті сіндіру» деген. Онымен қоса, Зёдерблом діндарлықты тақуалық ұғымы арқылы түсіндіреді, бұл дегеніміз адам баласы киеліліктің бар екенін ұғынуы: «Кімде-кімнің бойынан киелілік қасиеті табылса, сол адам тақуа», ал киелілік пен профандықтың арасындағы қарама қайшылық институционалды діндердің негізгі белгісі болып табылады. Діни тақуалықта киелілік – бұл Құдайдың айрықша қасиеті болып табылады [16].

Дінтанушылар киеліні мәдениеттанулық ұстаным арқылы қарастырғанда, әдебиеттегі, өнердегі, оның құндылықтар жүйесіндегі, қоғам дамуындағы дәрежесін сипаттай отырып, оны тарихи-әлеуметтік феномен ретінде түсіндіреді. Осылайша, белгілі бір социумда киеліні зерттеу – адамдардың санасын талдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, киелі ұғымын зерттеу арқылы адамның, оның өмірінің барлық жақтарынан мәлімет ала аласын.

Киелі ұғымын мәдениеттанулық ұстаным бойынша қарастырғанда өзінің трансцендентті мәнінен айрылғанын ескеруге болады, осыдан ол әлдебір мәліметтердің әмбебап қайнар көзі ретінде түсіндіріледі. Тіпті, егерде киелілік өзінің сакралды мәртебесінде қарастырылса, онда тек «секулярланған» мәтінде ғана түсіндіріледі. Мұндай киелінің мәні жайлы ұғымдар Дж. Фрэнгер, Б. Малиновскийдің ілімдерінде қарастырылған.

Киелі ұғымын зерттеудегі өзінің ерекше қасиеттеріне ие болған феноменологиялық ұстаным. Бұл ұстанымның жақтаушылары киелі-профанды қарама-қайшылықсыз киеліліктің тіршілік етуі мүмкін еместігін айтады. Мұнда

киелі дін де және діннен тыс кезде де қарастырылады. Мұндай түсіндіруде киеліктің екі аспектісі пайда болады: жағымды және жағымсыз (киеліктің амбиваленттілігі). Мысалы, Р. Марреттің ілімінде, киелі ұғымының амбиваленттілігі «табу» және «мана» ұғымдары арқылы көрсетіледі.

Сонымен, табу арқылы біз киеліктің пайда болуын анықтай аламыз, табу киеліктегі түсініксіз, сұмдық нәрселерді жеке шығарып көрсетеді. Мұнда киелілік қорқыныш ретінде білдіріледі. Табу арқылы киелікті сипаттағанда ерекше ережелерді білу керек. Марреттің «мана» идеясында киелі күдіретті, ғажайып күш ретінде көрініс табады.

Осылайша, киелі жағымды және жағымсыз секілді бірнеше аспектілерді білдіреді. Киелі мен табу бір-бірімен әрекеттескенде жүзеге асырылатын ережелерді білу керек, бұл киеліктің табу ретінде өзін білдіруі болып табылады. Ал «мана» болса, ол киеліктің жағымды жағы болып есептеледі [17].

Сонымен қатар, киелі ұғымын феноменологиялық ұстаным тұрғысынан қарастырғанда Э. Дюркгейм, М. Элиаде, К. Тиле, Р. Оттоның еңбектерін айтуға болады.

Киелі-профанды қарама-қайшылық идеясы, киелі ұғымының амбиваленттік идеясы, киеліктің діннен тыс және дінге дейін болу болжамының идеясы: феноменологиялық тәсілдің жалпы тұстары болып табылады.

Киелі ұғымындағы иерофания мен иеротопия терминдерінің түсіндірмесіне келетін болсақ, діндер тарихын зерттеген румындық антрополог Мирча Элиаденің «Священное и мирское» (1956) еңбегінде киелі ұғымының қалай байқалып, көрініс табатындығын негізге алуға болады. Онда: «Адам кәдімгі өмірден бөлек ғажайып нәрсені байқағанда ғана киеліні сезіне алады» – дейді. Киелінің қалай байқалатындығын түсіндіру үшін иерофания терминін қолданады [18]. Иерофания (латынша *іерос* – иеро – «киелі», *фанос* – фания – «жарық, шырақ») – киеліктің көрініс табуы деген мағынада. Негізгі мәнінде иерофания христиандық ұғымда теофанияның (Құдайдың көрінісі) кеңейтілген мағынасы болып табылады. Діндар адам үшін иерофания кез-келген объект болып табылады, мысалы, тас немесе ағаш, немесе христиандар үшін Құдай Иса пайғамбардың бейнесінде көрінуі сияқты күрделі тұжырымдамалар да жатады.

Ал Рудольф Отто иерофанияға «әлдебір үздік» (*ganz andere*) деген анықтама береді. Отто ағаш ағаш болып табылғандықтан киелі болып есептелмейді, ал тас – табиғи қасиетіне қарай киелі болып тұрған жоқ. Ол иерофания болғандықтан табыну нысаны болып тұр дейді [15, 102 б.].

Сонымен қатар, киелі ұғымын зерттеу барысында иеротопия ұғымы да алға шығады. Иеротопия (грекше *іерос* — киелі және *топос* — орын, кеңістік) – жасампаз қызметтің түрі ретінде қарастырылатын киелі кеңістіктердің нақты жаратылуы, сонымен бірге, тарихи-мәдени зерттеудің арнайы саласы. Иеротопиялық шығармашылықтың нәтижесіне шіркеулер, ғибадатханалар, киелі ландшафтар, архитектурлы кешендер және тіпті қалалар мен елдер жатады.



Иеротопия концепциясы мен терминінің өзі 2002 жылы ұсынған Алексей Лидовыйға тиесілі. Иеротопия гуманитарлы ғылымдардың бір бөлімі болып табылғандықтан өнер тарихы, археология, мәдени антропология, этнология, дінтану секілді дәстүрлі пәндермен түйіскен жерлерде табылады. Бұл жерде Мирча Элиаде, Рудольф Отто, Павел Флоренский және басқалары сияқты киеліні жалпы зерттемейді, бұл жерде адамдардың жоғарғы әлеммен байланысын жаратқан нақты тарихи қызметті айтады. Иеротопия мистикалық компонентті де қоса алады, бірақ архитектуралардың, бейнелердің, рәсімдердің, жарықтың және басқа да медиалардың көмегімен киелі кеңістікті, орынды қалыптастырады. Иеротопиялық зерттеулердің тақырыбы әр түрлі болғандығы соншама оларға заттар, шіркеулік архитектурадағы жарықтың рөлі, діни рәсімдер мен мейрамдар, халықтық дәстүрлер, әр түрлі мәдениеттің иеротопиялық модельдері кіреді.

*Қазіргі дінтанулық дискурста «сакралды» ұғымын түсіну үшін*, алдымен бұл ұғымның анықтамасын қарастырған дұрыс. Философиялық энциклопедиялық сөздікте сакралды анықтамасы жоқ, бірақ сакрализация процесінің анықтамасы бар. Сакрализацияның негізі пендешілік өмірге қарсы тұру деген. Бұл анықтама бізді діни салаға апарды. Сондықтан, сакралды ұғымының анықтамасын қазіргі заманғы «XX ғасырдағы мәдениеттану» энциклопедиясынан алып қарасақ: сакралды (латынның *sacrum* – киелі, қасиетті, Құдайларға арналған, тыйым салынған, қарғалған) – ең маңызды дүниетанымдық санат, сананың күнделікті өмірден түбегейлі айырмашылығы және өте жоғары тұруы деген мағынада.

Сакралды термині ғылыми айналымға тек XX ғасырда ғана енген, осыған дейін ғалымдар «киелі», «қасиетті» терминдерін қолданған. Әрине, сакралды, қасиетті және киелі ұғымдар синонимдер болып табылады, алайда «діни», «шіркеулік» деген қосымша мағыналардан құтылу үшін, ғылыми тілде «сакралды» термині қолданылды.

Сакралдыға қатысты көзқарастарды екі түрге бөлуге болады. Біріншіден, Құдайға сеніп, сакралдының белгісіздігін мойындайтын философ-теологтардың көзқарасы. Мұны «ішкі көрініс» ретінде анықтауға болады. Екіншіден, сакралдыны зерттеу мүмкіндігінен туындайтын көзқарас.

Хронологиялық принципіне сүйене отырып, орта ғасырларда қасиеттіні тек ғибадат нысаны ретінде қарастырғанын аңғаруға болады. Ағартушылық дәуірде ғылым мен дін арасында болған күрестің салдарынан, XVIII ғасырдың ортасында жарық көрген ағылшын философы Дэвид Юмнің «Адам танымы туралы философиялық эксперименттер» кітабындағы «Ғажайып туралы» эсседе сакралдыны, ғажайыптыны адамның саналы түрде алдануы деп көрсетеді [19]. Ғажайыптарға толы теологиялық кітаптарды, ғылыми телеологиялық болжамдарды Юм әңгімелесушінің саналы түрде алдануы деп жариялайды. Юм барлық діндер діннің негіздерін шайқата алатын ақылға емес, сенімнің маңыздылығын мойындайды деп жазады. Осылайша, Юм үшін ғажайып пен киелі – алданудың синонимдері болып табылады.

XIX ғасырдың басында неміс философы, теологиядағы романтизм бағытының өкілі Фридрих Шлейермахер «Білімді адамдарға арналған дін туралы сөз» деген кітабында қасиетті ұғымын абсолютті объективті шындық, әртүрлі формаларда көрінетін сөзсіз киелілік деп түсіндіреді. Ол киелілік сезімін адам жанына туа біткен қасиет деп есептеді [20].

XX ғасырда сакралды ұғымына қызығушылық арта түсті, енді ол ғылыми зерттеу нысанына айналды. Э. Дюркгейм, М. Мосс, Л. Леви-Брюль секілді барлық француз әлеуметтанулық мектептердің өкілдері сакралды мәселесін қарастырды.

Француз әлеуметтанулық мектебінің негізін қалаушы Эмиль Дюркгейм «Діни өмірдің элементарлық түрлері» кітабында сакралдыны қоғам жасайды деп, құдайсыз дін идеясын қорғап жазады.

«Австралиядағы тотемдік жүйе» еңбегінде, ол сакралдыны тылсым негіздемені мұқтаж ететін әлеуметтік құндылықтармен теңдестіреді. Э. Дюркгейм қасиетті нысандар әдеттегі, пендешілік немесе профандықтан ерекшеленеді деп есептейді. Қарапайым жануарларды аулап, олардың ет тамақтарын жеуге болады, алайда олар қасиеттілер қатарына жатпайды. Қасиетті жануарлар басқа мақсаттарда қызмет етеді, олар арнайы салт-жоралғылардың нысанына айналып, оған құрметпен қарайды. Олар топтың символы ретінде, оның басты құндылығы ретінде қасиетті. Тотемнің өмірі сол нақты өмір сүріп жатқан қоғамның өмірімен ұштасқан, оның мүшелері өздерін тотемнен шыққан деп санайды. Тотемнің ұрпағын – қоғамның басты әлеуметтік құндылығының киелісі ретінде құрметтеген. Дюркгейм қасиетті нысандарға бағытталған басқалардан ерекшеленетін дінде айрықша әлеуметтік іс-қимылдың бар екендігін көреді. Дінде ең бастысы қарапайым, профандықтан қасиетті заттарды ажырату деп түсіндіреді.

Қасиетті заттар – әлеуметтік бірлік символы. Австралиялық тұрғындар үшін символ болып тотем есептелсе, ал христиандар үшін Иса Мәсіх болып табылады. Кез келген діннің мәні – негізгі әлеуметтік байланыстардың сакрализациялануы. Діннің ерекше құнды мұралары сакрализациялану жүйесі болған жерден бастау алады. Сакралды – шын мәнінде адамның табиғи тарихи негізі, оның әлеуметтік маңызы. Дюркгейм сакралдыны дербес (өзімшілдік) өмір туралы ұғымға қайшы қойды [21].

Дюркгеймнің ізбасары, француз әлеуметтанушысы және антропологы Марсель Мосс «Киелінің әлеуметтік қызметтері» кітабында: «құрбандықтың әмбебап функциясы – киелі мен адамның байланысын қамтамасыз ету болып табылады және жәбірленуші киелі мен профанды әлемдер арасында делдал ретінде әрекет етеді» - деп жазған екен [22].

Неміс философы, феноменология және философия антропологиясының өкілі Макс Шелер өз еңбектерін әлеуметтанулық көзқарасты аксиологиялықпен толықтырды және кеңейтті. Шелер құндылықтарды зерттеу үшін Эдмунд Гуссерльдің феноменологиялық әдісін қолданады. Шелер «Этикадағы формализм және құндылықтардың материалдық этикасы» атты кітабында

барлық феноменологтар үшін басты міндет – адамгершілік құндылықтардың доктринасы ретінде мораль доктринасын құру керек деп көрсетеді.

Шелердің айтуынша, құндылықтар өз өздерімен өмір сүреді, яғни априорлық болып келеді. Олар бір-біріне қатысты жоғары және төмен болып иерархияны қалыптастырады, оның үстінде ең жоғарғы мәні қасиетті болып табылады [23].

Осылайша, Шелер Шлейермахердің қасиеттіні әлдебір сезім сияқты деп айтқанымен келіседі. Ол объективті құндылықтарға бағытталған және субъектінің санасына жеткізетін қасақана ақыл-ойдың барына сәйкес, оны эмоционалдық түйсік теориясы деп атады.

Сакралдыны ең жоғарғы құндылық ретінде қарастырған неміс философы Рудольф Отто. Ол өзінің әйгілі «Киелі» (*Das Heilige*) (1917) атты шығармасында қасиеттіні түсініп болмайды дейді. Қасиетті рухани, толығымен өзін-өзі қамтамасыз ететін, мәңгілік, трансцендентті және жоғарғы сезім. Қасиетті иррационалдылық, тұжырымдамалар мен анықтамаларда тиімсіз болғандықтан, оны арнайы идеограммалармен белгілейді, бұл тек сенушілердің тәжірибесі туралы жуық ақпараттарды береді. Сакралдының талдауы тек қана жақын және делдал болуы мүмкін.

Егер қасиеттіден рационалды және моральдық құбылыстарды алып тастасақ, онда «артықшылық» қалады, мұны Отто «нуменозды» (латынша *nunc* – құдайылық, құдай қағидасы) терминімен атайды. Нуменозды сенушіге дуалистік сезім тудырады. Біріншіден, шексіз күштен дүрбелең қорқыныш сезіну. Екінші жағынан, керемет құпияны қабылдау, бұл керемет және ғажайып нәрсеге берік қарсыласуымен көрінеді. Демек, нуменоздының эмоционалды диапазоны керемет реакциядан қорқынышты реакцияға дейін таралады.

Осылайша, Отто сакралдыны тек сезіну арқылы ғана қабылданатын құбылыс деп түсіндіреді.

Феноменологиялық тұрғыдан бөлек, Отто қасиеттіні онтологиялық тұрғыдан қарайды. Оның пікірінше, сакралдының болмысы барлық тіршіліктен жоғары. Сакралдыны адам болмысы жасайды. Сакралды жай ғана шындық емес, сондай-ақ абсолютті шындық, мәңгілік және әлемге қатысты алғашқы шындық, сондықтан сакралдыны адам өмірінің мәні ретінде қарастырады [15, 160 б.].

Сакралдыны зерттеу мақсатында Парижде Әлеуметтанушылар Коллежі қоғамы құрылды. 1937 жылдың қарашасынан бастап 1939 жылдың шілде аралығына дейін коллеждің негізін құрушылар – Жорж Батай, Роже Кайуа, Мишель Лейрис болды.

Коллеж мүшелері ресми түрде әлеуметтанушылар Эмиль Дюркгейм, М. Мосс, Л. Леви-Брюльдің ізбасарлары болып табылады. Коллежде сакралдыға қатысты табиғаттың екіжақты нысандары түсіндірілді: «жоғарғы нысандар – патшалар, діни қызметкерлер және төменгі нысандар – қуғынға ұшырағандар, жезөкшелер – жалпы алғанда қоғамнан шектетілген адамдар» – делінген [24, Б. 56-57]. Коллеж өкілдері *sacer* сөзін «киелі» және «қарғыс атқан»

деген ұғымдармен қарастырған. Осылайша, олар Кассирердің сакралды – карапайым өмірден бөлінген деген ойын жалғастырды. Бұл дегеніміз иерархиялық баспалдақтың жоғарғы жағында, сонымен қатар төменгі жағында орналасқандар профандыға қарсы деп есептелді.

Әлеуметтанушы және антрополог Р. Кайуа «Адам және сакралды» кітабында киелі мен профандының арасындағы шекараның өтілмейтіндігі, олардың өзара дұшпандығын атап көрсетеді. Сакралдының қайнар көзі қорқыныш, тіпті жиреніш тудыратын нәрселер де болуы мүмкін дейді [24, 149 б.].

Сонымен, сакралдыны зерттеу барысында жоғарыда баяндағанымыздай үш негізгі ұстанымды ажырата білдік: олар феноменологиялық, онтологиялық және аксиологиялық.

Сакралдыға іштей көзқарас, ол әлі қасиетті болған кезде, феноменнің белгісіздігін көрсетеді. Барлық теологтар қасиетті сезімін қорқыныш пен таңырқауға байланысты деп айтады. Ол адам мен қасиетті арасындағы шекарадан туындаған. Яғни, олар феноменологиялық ұстанымды мойындайды, онда қасиеттіні феномен деп көрсетеді, себебі оны түсіну мүмкін екен, алайда сезінуге болады.

Осыған онтологиялық ұстаным да біріктіріледі, өйткені қасиетті болмыстың басы деп жарияланады. Онтологиялық ұстаным қасиеттінің қалай пайда болғанын, әлемде бар ма, болмыстың қандай бөлігі болып табылатындығын қарастырады.

Бұдан біз онтологиялық ұстанымсыз феноменологиялық ұстанымды қолдану мүмкін еместігін анық көре аламыз. Хайдеггер мұны теориялық түрде дәлелдеген. Ал сакралдыны зерттеудегі аксиологиялық көзқарас бірте-бірте алдыға шығады, бірақ ол теологтарда ең басынан бастап келген және сакралды абсолютті мән деп танылған. Әлеуметтанушылар бұл құбылыстың орнын сакралды/профанды екеуінің арасындағы қарама қарсылығы арқылы мәдени кеңістікте деп нақтылаған.

В.Н. Топоровтың пікірінше, киелі сөзінің негізінде славяндық элементтер жатыр, ақыр аяғында бұл элемент бейне, символ деген түйінді құрайды. Көне орыс/славяндық дәстүрде «киелі» теңеуі тек қана вегетативтік құнарлылық символын айқындаған (киелі ағаш, киелі сиыр, киелі масақ, киелі тоғай), уақыт пен кеңістіктің сакралды белгіленген нүктелерін (киелі тау, киелі жер, киелі тас, киелі өзен; киелі күн, киелі түн, киелі апта) айтады. Көне славяндар бірегей әмбебап мақсатты көздейді, яғни адам үшін киелі патшалық (қасиетті өмір) барлық зұлымдықтан аластатылған қасиетті болу керек, сакрализациялануы керек делінген [25].

*Киелілік категорияларына дінтанулық талдау барысында* адамзаттың тарихи діни тәжірибесі жан-жақты зерттеледі. Оны феноменологиялық тұрғыдан қарастырғанда көптеген діндердегі жалпы затта, культте, діни түсінік пен діни тәжірибеде кездесетін киелінің негізгі формасын байқауға болады. Дәл осыны зерттеуде классикалық феноменология өзінің негізгі міндеттерінің бірі

ретінде қарастырады. Осы тұрғыда Николай Кузанский өзінің «О мире веры» еңбегінде былай деп жазады: «Көптеген әдет-ғұрыптардан тұратын тек бір ғана дін бар, тек бір ғана Жаратушы бар, тек бір ғана культ бар».

Барлық діндерде кездесетін киелі феноменінің өзіне тән категориялары бар. Осы күнге дейін көптеген шетелдік ғалымдар киелі категорияларын зерттеп келген және қазіргі кезде де киелі категориясын анықтау өзекті мәселелердің бірі болуда. Дін феноменологиясы киеліліктің, қасиеттіліктің затта, кеңістікте, уақытта, мәтіндерде, іс-қимылдарда, адам мен қоғамның арасындағы байланыста пайда болатынын қарастырады.

Адам мен қоғам байланысы дегенде дін феноменологиясы киелінің мынандай категорияларына тоқталады. Олар: киелі адам, киелі іс, мистиктер мен пайғамбарлар ұғымдары. Бұл ұғымдардың әрқайсысына жеке-жеке талдау жасалынып, түсіндірме берілетін болады.

Эдмунд Гуссерльдің қолданған феноменологиялық-философиялық әдісі бойынша қазіргі діни феноменология киеліліктің пайда болуын зерттеуде тарихи-діни тәжірибедегі жалпы түсініктерге мән берген. Ол дегеніміз күнделікті өмірге қарама-қарсы болып келетін, әдеттегі нәрселерден алыс тұратын, еліктіретін, әрі бір мезгілде қорқыныш-үрей туғызатын құбылыстар.

Адам мен қоғам арасындағы затқа немесе құбылысқа ерекше бір діни тәсілмен қарым-қатынас көрсетілсе, феноменологияда ол киелі деп айтылады. Киелі ол табиғаттан тыс күшке ие құбылыс. Ол қарапайым халықтың тілінде: меланезиялықтар үшін – «мана», полинезиялықтар үшін – «табу», үндістер үшін – «оренда» деп аталады. Киелікте әдеттегідей, профанды затқа қарама-қарсы болып табылатын – табу ұғымы бар, оның өзгешелігі ерекше назар мен сақтықты талап етеді.

Киелі көбінесе көпмағыналы латын сөзі «нумен» ұғымымен (Құдай еркі, құтқарушы Құдай, құдайылық бейнесі, құдайлық құдіреттің белгісі, аса қымбатты аруақтардың рухтары) алмастырылады. Алайда Р. Отто үшін, нумен киелінің иррациональді тұсы болып есептеледі [15, 189 б.].

Осылайша, нумен – құдайлық, «мүлдем бөлек», ол ешбір адамзатқа да, ғарышқа да ұқсамайтын абсолютті ретінде айқындалады. М. Элиаде дінді рациональді және иррациональді элементтерге бөліп қарастыру дұрыс емес, ондағы киелі өзінің барлық толықтығын көрсете алмайды деп есептеген. Ең дұрысы киеліні пендешілік өмірге қарама-қарсы қою деп түсіндіреді [18, б. 62-63].

Ф. Хайлер байқағандай, нумен – киелі және құдайылық – сезімтал қабылдаудың арғы жағында орналасқан, бірақ ол сыртқы құбылыстар арқылы көрінеді және естіледі, оны қиялмен салған картиналардан, діни тәжірибеден байқауға болады дейді [26, Б. 72-73].

Сонымен, киелілікті бірнеше категорияларға бөліп қарастыруға болады. Олар: қасиетті нысан, қасиетті кеңістік, қасиетті уақыт, киелі адам, қасиетті іс-әрекет және пайғамбарлар мен мистиктер.

*Киелі нысан.* Ф. Хайлердің айтуынша, киелі нысандардың негізі болып табиғаттың объектілері саналады. Себебі табиғаттағы нысандар өзінің күдіреттілігімен, ерекшелігімен адамзатқа қорқыныш пен таңырқау тудырады. Көрінетін ерекше тылсым күшті сезінген қарапайым адам оларға сыйынады [26, 102 б.].

Ал М. Элиаденің айтуы бойынша, қасиетті нысандар я болмаса заттар тек нақты бір символдың бөлшегі, немесе өзін иерофания тұрғысынан білдіреді, немесе мистикалық қатынасқа түсіп, мана ретінде ғана таныта алады дейді [18, 114 б.].

Ертеректе пайда болған культтердің бірі қасиетті тас. Тас үйінділері көне заманда культтік орын болып есептелген. Негізінде тас өзінің беріктілігімен, қаттылығымен сипатталады. Алғашқы қауымдық кезеңде-ақ тасты қасиетті тұтып табынғандығын тарихтан байқауға болады.

Тас шығу тегінің негізінде өзінің қасиетті күшітілігімен бөлінеді: аспаннан түскен тас, вулкандық от, теңіз түбіндегі інжу тас. Аспаннан түскен қасиетті қара тас культі көнеарабтық діннен исламға өткен. Мұнда қара тас сыйыну нысанына айналып, әлемнің қасиетті орталығы Меккедегі мұсылмандық ғибадат орны – Кағбада орналасқан.

Сонымен қатар, барлық жерлерде тауларды да қасиетті тұтады. Оның қасиеттілігі – оларды жердің орталығы деп есептеген. Үнділік, христиандық және мұсылмандық дінбасылары үшін тау – жағымды діни образ болып табылады. Мифологияда әлем – тау секілді бейнеленген, мистикада Құдай – тау бейнесінде сипатталған, ал сыйыну мен құтқарылу жолы – қасиетті тауға шығу болып есептеледі.

Оған қоса, жер де қасиетті болып табылады. Жер – ана. Барлық тірі жанның, өсімдіктердің, жануарлардың, адамның анасы болып есептеледі. Бұлақтар мен өзендерге де табынған, өйткені олар барлық нәрсеге өмір сыйлаған. Су өмір сүрудің қызметімен байланысты болған соң, оған құрмет көрсетіліп, ең маңызды қасиетті нысандардың бірі болып табылған.

От күн қозғалысын реттеуші ғажайып құрал секілді жарық, жын-перілерді қуушы элемент, үйдің ошағы, сонымен бірге, тайпалар мен халықтың өшпес жалын оты болып табылады. От – көнеирандық, көнеүнділік культтерге ортақ символ. Ол ата-баба бейттерінің басында, Құдайды бейнелегенде, пұтқа табынушылардың ғибадатханаттарында, синагогаларда, шіркеулерде жанып тұрады. От екі жақты – ол жылытады, жанған кезде өмірді сыйлап, сақтап тұрушы, ал екінші жағынан ол қауіпті. Себебі, қоршаған ортаны өртеп, қиратушы қасиетке де ие. От жақсылықты (өмірлік жылулықты), сонымен бірге жамандықты (бұзады, өртейді) да қамтиды.

Вулкан – өте күрделі қасиетті нысан. Ол тек бастапқы табиғи күшті білдіріп қана қоймай, онымен қоса ол синтезделеді, яғни от, су, жер, ауа бәрінің қосындысы болып қайта құрылады. Вулкан ауаға атқылағанда отқа айналады, одан соң от ылғал болып, тасқа айналады. Парацельске сәйкес, вулкан «от

әміршісі» болып табылады. Егер алхимия өнер болса, вулкан ондағы суретші болып табылады.

Барлық табиғат атауы діни түсінік бойынша құдайылық бейнені сипаттаушы. Монотеистік діндер үшін табиғат – Құдайдың туындысы, ол Құдайды мадақтауға бағытталған. Ал пантеизмде табиғат – «Құдайдың жанды бейнесі» немесе И. Гетенің айтуы бойынша, «Құдай – табиғатта, табиғат – Құдайда» деген. Егер қасиетті нысан өзінің ерекшелігін, бірегейлігін білдірсе, онда нәтижесінде мұндай қасиеттер барлық әлемге таралады.

*Киелі кеңістік.* Феноменологияда киелі кеңістіктің әлі күнге дейін бір мәнді шешімі жоқ. Киелі кеңістік ұғымының қайдан шыққаны белгісіз, қасиетті нысаннан ба әлде символдар қатарынан ба? Әлде екеуінен бірге ме?

Классикалық феноменология киелі кеңістікті қасиетті нысаннан шығатынын қарастырады. Қасиетті кеңістік – біріншіден, ол қасиетті нысандар қарастырылатын орын. Кезінде табиғаттағы шектелген кеңістіктер ғана қасиетті болған, олар – тастармен көмкерілген шеңбер, таулар, төбелер, бұталар, қабірлер, үңгірлер. Кейінірек, адам қолымен салынған ғимараттар да қасиетті бола бастады, онымен қоса оның ішіндегі заттар мен бөлмелерде – үйдің өзі, табалдырығы, есіктері, ошағы да қасиетті саналды. Жаймендеп фетиштер немесе рухтар тұрған баспаналардың орнына керемет ғибадатханалар, зәулім сарайлар пайда бола бастады. Ғибадатханалық архитектура Космостың құдайылық жетілдірудегі бейнесі болып табылды.

Мирче Элиаде «киелі кеңістік – пендешілік (профанды) кеңістік» қарама-қайшылығын қарастыра отырып, қасиетті орындар ондағы қасиетті заттың немесе нысанның болуынан байланысып тұрған жоқ, керісінше жоғарыдан келген белгісіз нәрсенің, көрінбейтін архетиптің болуынан, дәл соларға деген сенім сол орынның қасиетті болып тұрғаны деген тұжырымға келген болатын [18, 156 б.].

Ал, Хайлер болса, шексіз киелі кеңістік туралы ұсынысты Құдай туралы белгілі бір ұсыныстармен байланыстырады: сыртқы сыйынатын орындар (иудейлік синагога, мұсылмандық мешіт, христиандық шіркеу) киелі нысан тұрғысынан жаңадан сипат алады [26, 173 б.]. Иерусалим мен Мекеге бағытталған намаз орны, я болмаса христиандардағы алтарь – Құдайдың қатысуы ретінде көзге көрінетін шынайылыққа айналды. Реформаторлар шіркеуден киелікті алып тастағанмен, лютерандар алтарьді Құдайдың қатысу символы ретінде есептейді. Мұндай киеліктің сыйыну түрі Рим, Иерусалим, Меккедегі қажылық сияқтыға алып келеді. Құдайдың барына сенгендер белгілі бір кеңістікті құрайды, онда олар аспанда Құдайдың өмір сүретіндігіне сеніп, тек Құдайға ғана қол жайып, сыйынады.

*Киелі уақыт.* Діни феноменологияда қасиетті уақыт теориясын символикалық дәстүр негізінде қарастырады. Бұл теорияға сәйкес, қасиетті уақытты қасиетті кеңістікпен сәйкестендіреді: мысалы, төрт жыл мезгілі – дүниенің төрт жағы. Киелі кеңістік профандықтан қалай ажыратылса, киелі уақытта күнделікті уақыттан солай ажыратылған. Қарапайым халық мереке

күндерін табиғат тіршілігімен байланыстырған, мысалы, мал шаруашылығы – мал төлеген уақыт, егін шаруашылығы – астық егу және жинау уақыты секілді. Аспандағы жұлдыздар мен планеталардың қозғалысына қарай да мерекелер бар, олар: жаз, қыс, айдың толған кезі, айдың жаңадан туған кезі сияқты. Кейбір мерекелер шығыстық-эллинистік мистикалық діндерден келген, ал иудейлік, христиандық, мұсылмандық діни мерекелер қасиетті тарихи оқиғаларға байланысты өтілген. Мысалы, иудаизмдегі Песах, христиандықтағы Пасха, мұсылмандықтағы Мәуліт, Рамазан айы, буддизмдегі Будданың туулуы мен өлімі, Кришнаның туулуы сияқты мейрамдар аталып өтілетін болған. Бұл жерлердегі құдайылық келбет кеңістікте де уақытта да көрініс береді.

Сонымен қатар, киелі уақытқа тән мәңгілік пен уақытша деген ұғымдар бар. Бұл ұғымдар өмір мен өлімді, абсолюттік пен салыстырмалыны, киелік пен пендешілікті сипаттайды. Бұл ұғымдардың нақты мазмұны олардың дүниетанымына сәйкес – тәжірибелеріне, формалары мен түрлеріне қарай мифологиялық, діни немесе философиялық болып келеді. Мәңгілік – басқа-өзге уақыт тәрізді абсолютті құндылық, Құдайдың, батырлар мен ата-бабаларымыздың арнайы оқиғалары мен әрекеттері. Қасиетті уақытта жасалған арнайы әрекет қасиетті тарихи оқиғаға айналады, ал бұған қатысы бар адам мәңгіге айналады. Діни дүниетанымда уақытшалық – ақиқат емес, аяқталмай қалған шындық есебінде сипатталады: брахманизм мен индуизмде – өзіндік құндылығы жоқ елес секілді, буддизмде – қайта туулу шексіздігі, соңында тек қайға-қасірет шегу сияқты, ал христиандарда – күнәнің салдары секілді, осыдан біздің ұғатынымыз – мәңгілік деген уақытша жағдайды жеңу деген ұғым.

*Киелі іс-әрекет* – бұл киелімен байланыс деген. Діндар адам киелінің кеңістікте, уақытта барымен қанағаттанбай, ол оның күшіне ортақ болу үшін өзінің бірлігін сезгісі келеді, онымен жанасқысы келеді. Киелі мен табиғи байланыстың айтарлықтай маңызды формасы – үш ритуалды байланыстыратын ғибадатқа қатысу болып табылады. Олар тазарту, ойлау немесе ағарту, бірегейлену немесе құдіреттік сипатқа ие болу. Бұл киелі іс-әрекеттің классификациясы тақуа адамның мистикалық жолы немесе көтерілу баспалдақтары болып есептеледі. Мистика – бұл осы өмірден, жасанды әлемнен, жалған дүниеден кетіп, құтқарылуды іздейтін жол, осылайша мистиктер жалғыз шынайы болмысқа жақындағысы келеді. Мистиктер қалаған жол өте ауыр, күрделі, ұзақ болып келеді және де көп баспалдақтардан тұрады. Бұл жолмен жүрген діндар адам тазару, ағарту, бірегейлену рәсімдерін жасау арқылы ғана Құдайға жақын бола алады.

Киелі іс-әрекет әлемнің нақты онтологиялық моделін ұсынады. Алғашқы қауымдық, архаикалық адам бұрын соңды адам баласы жасамаған әрекетті білмеген. Содан олар өздерінше сыйынатын, бертін келе жаңадан өзгеше мәндерге ие болды. Олар Құдайлардың, батырлардың немесе ата-бабалардың арнайы іс-әрекеттері.



Киелі іс-әрекеттің классификациясы мен әлемнің онтологиялық моделі ритуалдық мәтіндердің герменевтикасынан бөлек ритуалдардың феноменологиясын түсіндірумен сәйкеседі.

*Киелі адам.* Әрбір адам қарапайым нақты бір жағдайларға байланысты қасиетті күшке ие болады: соғыста, аңшылықта, туылғанда, өлгенде, бала туғанда және т.с.с. Ал кейбір адамдар ғана белгілі бір мән-жайларға байланысты киелі күшке ие болады: әке – отбасының басшысы, сонымен қатар үйінің абызы; көсем мен патша – бәрін басқарушы, көзге көрінетін Құдай секілді немесе оның елшісі, сондықтан ол құдайылық сипат алып, көптеген табумен қоршалған; ал абыздар мен дінбасылар – Аллаға қызмет ететін көзге көрінетін Алла елшілері, осылар арқылы адамдарға Алла тарапынан мейірімділік пен құдайылық көмек беріледі делінген. Абыздардың екінші міндеті ғылыммен (астрология, тарих), сот төрелігімен байланысты. Біршама халықтарда басында абыздардан тұратын тұтастай абыздар кастасы кездеседі. Абыздар немесе дінбасылардың қадір-қасиеті мен билігі олардың шығу тегінде, келешекті болжайтын қасиетінде негізделеді.

Негіздей келгенде, тақуалықтың киелілігі пендешілік өмірден бас тартып, толық еркіндікті таңдаудың нәтижесі болып табылады. Тақуалар некеден, жеке меншіктен бас тартады, үлкенге бағынады, әрдайым аскеттік өмір кешеді, бәріне ортақ еңбек етеді. Сонымен қатар, олар жігерлі уағыздаушы, рухани тәлімгер болады. Иудейлікте, христиандықта, кейінгі буддизмде, исламда киелі адамдар рухани және мәдени жұмыстарды атқарады.

Пайғамбар деп – діни терминологиялық тұрғыдан алғанда, Алланың адамдар арасынан елші етіп таңдап алынған және уахи арқылы Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарын адамзат баласына жеткізу міндеті жүктелген хабаршы әрі елшісі дегенді білдіреді. Жалпы алғанда, адамзат пайғамбарларға қарап бағыт түзеп, бағдар алуы тиіс. Өйткені олар – әрбір істе қайталанбас үлгі, ізгіліктің биік шыңы, адасқанға жол сілтейтін жарық жұлдыз секілді. Пайғамбарлар киелі сипатқа ие. Олар тікелей Құдаймен байланыса алады. Пайғамбарлық ерте христиандық қауымда пайда болған, алайда оған дейін де одан кейін де пайғамбарлық қоғамда тұтастай орын алған. Қасиетті мәтіндер мен заңдарға негізделген біршама монотеистік діндер – иудаизм, христиандық пен исламдағы белгілі Алла елшілері Мұса, Иса мен Мұхаммед болып табылады.

Мистиктердің де пайғамбарлар секілді ерекше қасиеттері жиі танылып тұрады, олар экстаздық күй кешеді. Киелікке апаратын мистикалық жолдың мақсаты – сыртқы дүниеден алыстау, трансқа түсу үшін медитация мен ой-толғамнан өту, қиындықтарды бастан кешу. Алайда біраз мистиктер, ең алдымен, Гаутама Будда осы өмірден бас кешкен жоқ, ол халық арасында белсенді өмір сүріп өзінің халқына рухани және материалдық көмек көрсетті.

Киелі адамдар көбінесе азап шегуші ретінде кездеседі, тіпті олар өз сенімі үшін өлімге дейін барады. Сонымен қатар, киелі адам қоршаған ортасына құдайылық және бауырлық махаббат беруші ретінде де кездеседі. Мысалы,

иудейлерде – хасид пен саддик сынды киелі адам болса, исламда – сопылар, буддизмде – бодхисаттар бар. Кейбір деректерде, киелі деп тек Құдайға қызмет ететін, халыққа көмек көрсетін адамды ғана айтпайды, сонымен бірге көмек-қолдауға мұқтаж адамды да айтады. Мысалы, Зевстің Ксений және Гикесий деген лақап аттары болған, яғни бейтаныс ретіндегі және көмек сұраушы құдай ретінде болған. Ал Будда болса, өзіне қамқорлық жасату үшін ауырып жатқан бауырластарына айналғысы келеді. Иса ақырзаман туралы пайғамбарлық көрегендігінде (қараңыз Мф. 25:35-40) барлық қапалда отырған ашыққандар, шөлдегендер, аурулар, өзгермейтіндердің өзі – Құдай болып табылады деген. Кімде кім оларға сүйіспеншілікпен қызмет етсе, Құдіреттінің өзіне қызмет еткенмен тең болады деген. (Каждый, кто служит любовью им, служит Ему самому). Осы жерден Homo homini Deus (лат. – адам адамға Құдай) сөздерінде гуманизмнің діни құндылыққа айналуын көреміз.

Сонымен бірге, өлілер де құрмет көрсету нысаны болып табылады. Отбасыда – ата-бабалар, халық арасында – билеушілер мен батырлар, дамыған діндерде – киелілер есептеледі. Киелілер культі көне наным-сенімдердің жаңа діндерге қосылуына мүмкіндік бере отырып, буддизмге, христиандыққа, исламға тараған. Бұл культтің негізі – халықтық діндарлығында жатыр, халық өз өздерін рухани жетілдіру үшін, олардың бейітіне барып көмек сұрап, сыйынады.

Қорытындылай келе, киелі – бұл Құдай мен құдайлықтың атрибуты. Киелі деген Құдай қасиеттеріне ие немесе Құдайға арналған деп есептеледі. Ал қасиетті – бұл әдетте Құдайға арнап жасалынған діни ритуалдарда қолданылған нақты заттарды, іс-қимылдарды білдіреді. Оның күнделікті өмірден бөлектігін, оған деген арнайы қарым-қатынастың қажеттіліктеріне назар аударады.

Сакралды – біршама жас ұғым, оның негізгі қасиеттері ең маңызды координаттарымен анықталады: ол өзінің алғашқы принциптерінің тұжырымдамасымен; қорқыныш пен таңдануды тудыратын сезім деңгейімен; жоғары немесе төменде орналасқан құндылықтармен; киелі мен профандының бір-біріне қарсы байланысымен.

Киелі ұғымын теологияда, дінде және дінтануда талқылағанда әр түрлі тәсілдердің шығуына байланысты киеліктің анықтамасында бірнеше айырмашылықтар кездеседі. Теологияда киелі ұғымын түсіндіргенде діни түсінік пен діни ілімнің негізіне сүйене отырып зерттейді, сенім болмысы мен діни құбылыстардың догматикалық ойларына негізделеді. Киелі құбылысы ең алдымен ғажайып, мистикалық, құдайлық түйсіну мағынасында.

Дінтанушылар болса, киелі ұғымын заманауи түрлі тәсілдерді қолдана отырып талдайды. Ол дегеніміз діни құбылыстарды тарих, мәдениеттану, әлеуметтану, психология, феноменология және дін философиясы ұстанымдары тұрғысынан зерттейді. Түрлі әдістерді қолдана отырып, зерттеу нәтижесі келесідей ұсынылады: онтологиялық тұрғыда «киелі» күнделікті болмыстан ажыратылатын шынайылықтың жоғарғы деңгейі; гносеологиялық тұрғыдан ақыл жетпейтін ақиқат білім; феноменологиялық тұрғыда таңқалдыратын ғажайып

дүние; аксиологиялық тұрғыда абсолютті, императивті құбылыс болып табылады.

## **1.2 Киелі жерлерді анықтаудың негізгі принциптері және классификациясы**

Киелі орын – ол нақты географиялық нысаны (ол тау, көшпелілер үшін жайылымды жер, көл, өзен, шатқал, асу т.б. нәрсе болуы мүмкін) болғандықтан белгілі бір тайпаның, ұлыстың немесе бір рулы елдің (рулас ағайын адамдардың) әруақтары мәңгілік жай тапқан орын да болуы мүмкін. Көптеген жағдайларда киелі орындарда түрлі ғұрыптық шара, іс-әрекеттер жасалады. Мысалға: қасиетті тау немесе ондаған жартас бетіне сурет салынған таңбалы тастары бар орындар ру-тайпалық иелік болуы да, тіпті байырғы уақыттан бері дәстүрлі түрде барша қауымның арғы-бергі аталары жерленген қорым немесе ол жыл сайын ас беріп, құрмет білдіретін орын (мұндай географиялық нысандар елдің түсінігінде құт қонған жер ретіндегі мәнге ие) болуы мүмкін [27, 6 б.].

Киелі орындар туралы ұғым – ол, сол маңды қоныстай жайылған елдің таным-түсінігінде сол аталған жердің қасиеті мен киелілігі танылып, көпшілікпен мойындалғаннан кейін ғана қалыптасқан. Киелі ұғымның қалыптасуы кейінгі орта ғасырлар тұсынан бастап халық арасында басым орын алды. Себебі, осы кездің өзінде шағын ғана аумақтағы жерлерде түрлі тарихи кезеңді қамтитын алуан түрлі ескерткіштер шоғыры молынан топталып, тіпті жіктеле де бастады. Киелі жердің айқын көріністерінің бірі сәулет ескерткіштері болып табылады. Сәулет ескерткіштері – оларды құрған қоғам өмірі туралы бай ақпараттар көзі. Олар саяси ахуал, идеология, ғылыми және өндірістік әлеуеттің дамуы, дәуірдің эстетикалық нормалары, халықтардың мәдени байланыстары және мәдени стандарттардың таралуы, құрылыс деңгейі туралы айқын түсінік береді.

Киелі орын, қасиетті жер деген ұғымдар сонау ерте заманнан келе жатыр. Заман өзгерген сайын, адамдардың қажеттіліктері мен сұраныстары өзгерген сайын оларға деген көзқарастар да өзгерді. XIX ғасырдан бастап киелі орындар мен қасиетті жерлерге деген жаңа көзқарастар қалыптаса бастады. Бұған себеп болған ғылымдағы пәнаралық көзқарастар мен әдістемелер. Роджер Штамптың «Дін географиясы: сенім, орын және кеңістік» (Rodjer Stump «The Geography of Religion: Faith, Place, and Space») [28] атты еңбегінде діни практикалар мен сенімнің кеңістік пен орынға байланысты екенін айтады. Роджер Штамп бойынша әртүрлі діни көзқарастардың қалыптасуы, көшіп-қону үрдісі, діни практикалар мен культтердің жүзеге асырылуы қасиетті кеңістіктердің қалыптасуына себепші болды. «Дін географиясы» еңбегінде киелі кеңістіктердің пайда болуын анықтау үшін діни топтардың көшіп-қону үрдісін зерттейді. Сол сияқты қазақстандық дінтанушы ғалым Ә. Муминовты өзінің «Родословное древо Мухтара Ауезова» [29] еңбегінде «қожалардың» көшіп-

кону үрдісінің негізін де Қазақстанның көптеген жерін де киелі орындардың пайда болғандығы туралы дәлелдер келтіріп өткен.

Әлеуметтанушы Э. Дюркгейм және неміс философы Р. Отто киелік жеке адамның қабылдауымен анықталады деп санаса, тәңіршілдік дүниетанымында «жер» ол өсіретін, ұрпақ жалғастыратын тіршіліктің көзі болып табылады. Қасиетті жер, киелі орын ұғымдарын идеологиялық және күнделіктілік тұрғысынан түсіндіруге болады. Идеологиялық деп мемлекеттік маңыздылығы бар қасиетті жерлер, екіншісі күнделікті халықтың сұранысына ие болып отырған, жеке ұрпақтың ата-бабасымен байланысты қасиетті орындар. Әрбір киелі орын немесе жер өзінің әлеуметтік, мәдени, саяси, діни функцияларын атқарады. Күнделікті қарапайым адам мен діни адамның, я болмаса ғалымның қабылдауының нәтижесінде әртүрлі тұжырымдамалар мен түсініктер қалыптаса береді, бірақ сол орын немесе жер ешқашан өзінің жекешелігін, ерекшелігін жоғарылатпайды [30, 24 б.].

Киелі жер ұғымын зерттеуде батыстық ғалымдар Стив Брии, Дженни Даджерс және Давид Торевеллдің тұжырымдамаларын негізге алуға болады. Олар қалалық кеңістіктерді зерттеу барысында адамдардың көп шоғырланатын жерлеріне барған. Ғалымдардың бақылауы бойынша адамдар көбінесе монастырлардың, шіркеулердің қасына белгілі бір мерекелерде немесе басқа бір рәсімдерді орындауға жиі жиналады екен. Әлеуметтанушы Стив Брии бойынша, монастырь ерекше мәдениетті қалыптастыратын орын, сакралды кеңістікті іздеу жемісі. Монастырь христиан халқы үшін қасиетті жер, бұл көрме кеңістігінен әлде қайда өзгеше, кейбір адамдар бұл жерге зиярат ету үшін келіп жатса, екіншілері бұл жерге турист ретінде өзге мәдениеттің құндылығымен танысуға келеді [31, 141 б.]. Ендеше киелі орындар тек құлшылық ету орны ғана емес, ол территорияны айқындайтын және мәдениеттің ерекшелігін көрсететін құндылық болып саналады. Мысалы, жыл сайын алты миллионнан астам адам Жапонияның Шема түбегіндегі самырсынды орманға қарай ағылады. Олар сондағы зәулім Исэ храмына барып, күн құдайы Аматэрасу Омикамиге ғибадат етеді. Синтоистер бұл құдайға екі мыңға жуық жылдан бері құлшылық етіп келеді. Олар алдымен қолдарын жуып, ауыздарын шаяды. Сосын ғибадат ететін залға кіріп, тізе бүгіп, қол шапалақтап, әлгі әйел тәңіріне құлшылық етеді. Синто діні басқа да діндерді ұстануға шек қоймайды. Кейбір буддистер мен христиандардың айтуынша, киелі деп саналатын осы жерге келіп, синто дінінің рәсімдерін жасауда тұрған ештеңе жоқ дейді.

Әлемдік және дәстүрлі діндерде киелі деп саналатын көптеген жерлер бар және миллиондаған адам сол жерлерге барып зиярат етеді. Христиан елдерінде Исаға, Мәриямға және тағы басқа әулиелерге арналған шіркеулер мен киелі жерлер көп. Ал өзге киелі жерлер «Киелі кітаптар» заманындағы оқиғалар мен кереметтер орын алған немесе діни жәдігерлер сақталған жерлерде орналасқан. Көптеген адам осындай жерде тілек айтсақ, өтінішіміз қабыл болады деп сенеді. Басқалар болса қаншалықты тақуа екендерін дәлелдеу үшін ұзақ сапар

шегіп, киелі жерлерге барады. Осылайша Құдайдың алдындағы соңғы парызымызды өтейміз деп есептейді.

Киелі жер деп адамдар қасиетті мұра санайтын жерлерді айтады. Бұған бүгінде діни ғимараттар ғана емес, басқа да киелі саналатын орындар жатады. Киелі жерлерде адамдар тәңірлерге не әулиелерге құлшылық етеді. Олардың ішінде қандай да бір ғажайыппен, аянмен немесе рухани әлеммен байланысы бар деп есептелетін бейнелер, пұттар және тағы басқа жәдігерлер тұрады. Киелі жерлерге храмдар, шіркеулер, кесенелер немесе адамдар барып құлшылық ететін үңгірлер жатады. Кейбіреулер үйлерінің бір бұрышына сиынатын орын жасап қояды. Шығыс пен батыс елдерінің адамдары осындай жерде дұға етеді, медитация жасайды және тартулар ұсынады [32, Б. 397–398].

Киелі жерлердің барлығы бірдей ғибадат етуге арналмаған. Мысалы, жантүршігерлік жол апатынан қайтыс болған адамдардың жақындары оларды ұмытпау үшін жолдың шетіне ескерткіш орнатып қояды. Басқалары болса, соғыста не көпке танымал бір қақтығыста қаза болғандарға арнап қасиетті жер жасап қояды, бірақ оны дінмен еш байланысы жоқ қоғамдық орын деп қарастырады. Адамдар бұл жерлерге қайтыс болғандарды еске алып, ой жүгірту үшін келгенмен, мұндай орындардың діни реңкі бар деп айта алмайсың.

Киелі орындар туралы мифология қай халықта болмасын бар. Орталық Азиядағы түркі халықтарында әулие, қасиетті деген атаулар тұрақты түрде әдет-ғұрыптар орындалатын киелі кеңістік жөнінде хабар береді. Әлбетте, ол өзінің салттық заңымен ежелден адамдармен бірге жасасып келеді. Адам баласы бұл орынды тағзым ететін орын деп таңдап алған соң бірнеше ғасырлар бойы осы араға өздерінің әдет-ғұрыптарын орындауға келіп тұрған.

Киелі жердің қалыптасуы туралы әртүрлі пікірлер бар. Киелі жерлердің қалыптасуы туралы тарих ғылымдарының докторы, қазақстандық шығыстанушы А.Қ.Муминов өзінің «Родословное древо Мухтара Ауезова» атты еңбегінде жақсы түсіндіріп өткен. Кітабында қожа әулетінің мәдени әлемі мен Мұхтар Әуезовтің байланысын сипаттай отырып, қазақ даласындағы киелі жерлер мен орындардың маңыздылығын ерекше атап өткен. Әшірбек Құрбанұлының айтуынша, қожа әулетінің мәдени әлемінің басым бөлігін киелі орындар (мазарлар, кадам-жайлар, зираттар, киелі жер, муккадас джай) алып жатыр. Киелі орындардың көлемі мемлекеттік деңгейде немесе белгілі бір аймақтың негізінде өлшенеді. Кең көлемде танымал киелі орындар «мұсылмандардың рухани басқармасымен» ресми тіркеуге алынған және олар аймаққа, өлкеге қажылыққа келушілердің арқасында үлкен көлем де қаржы әкелетін табыс көзі болып табылады [29, б. 120-121].

Сонымен қатар киелі орындар қарапайым адамдар арасында өзінің емдік қасиетімен, сиқырымен, құпиясымен танымал болып жатады. Барлық мұсылман әлемінде үлкен қажылық – ол Меккеге бару. Бұл барлық мұсылмандардың киелі орны. Сондай-ақ, қазіргі кезде «кіші қажылық» деген ұғым кездеседі. Ол жергілікті, аймақтық, өңірдегі киелі орындарға барып сыйыну, зиярат ету. Көп жағдайда бұл емделу, тазалану үшін жасалады. Бұл

киелі орындар керемет қасиеттерге ие: оларға барып қажылар өз тілектерін орындауға тырысады. Қазіргі кезде қарапайым адамдар арасында киелі орындарға барудың бірнеше себептері айқындалған. Олар: ата-бабасының мазарына барып, аруағына тағзым ету, яғни ата-баба культі; сырқат адамдар дертіне шипа тілеу; сәби сүйе алмай жүрген отбасылар ұрпақ тілеу; жолаушылар жолынын ашықтығын, ақтығын тілеу, т.с.с. Әулиенің қабірі жанында олар шам жағып, Алладан мәселелерді шешуге көмектесуін сұрайды. Киелі жерде адамдар түсінде алдағы маңызды оқиғаның алдын-ала көру үшін түнейді. Киелі жер бұл адам ағзасына және де бүкіл тіршілік атаулыға таңғажайып энергетикалық әсер тудыратын мекен. Осы жерге келген адамдар жер қойнауынан шығатын энергия көздері арқылы дертіне шипа тауып, ауруларынан айығып, рухани тазарып шығады.

Осы тұрғыда, Р. Отто айтып кеткендей нумизондық сезімдердің кешені пайда болады. Сол арқылы мазар немесе зират-кесенелер діни іс-әрекеттің негізінде танымал бола басталады және құдіреттілігі анықтала бастайды. «Киелі орындардың тағы бір құдіреттілігі – олар өздерін қорғай алады» – дейді Ә.Қ. Муминов [29, 124 б.]. Шынымен де, қарапайым адамдардың ішінде ауыздан ауызға тарап жүрген әңгімелерге сенетін болсақ, киелі орындарды ешқашан ешкім қирата алмаған. Адамдардың айтуы бойынша киелі орындардың иелері хауан, аруақ немесе жын түрінде көрініп, өз орнын қорғап тұрады.

Муминовтің кітабында айтылғандай, бірнеше киелі орындар бірігіп бір үлкен территорияны құрайды. Оңтүстік Қазақстан бұл тұрғыда ерекше орын алады. Мұнда жүздеген киелі нысан бар. Осындай қасиетті аумақтардың қатарына Тараз, Созақ, Түркістан, Отырар, Жаңа-қорған, Шиелі және Қызылорда кіреді. Оңтүстік Қазақстанның ұлттық шоғырлану үшін қандай маңызы бар екенін осы аймаққа зияраттың жасалуы, мысалы, Ресей Федерациясының қазақтары үшін кіші қажылыққа тең екенін дәлелдейді.

Ірі сакралды аумақтардың бірі – Сайрам және оның төңірегі. XV ғ. басынан бастап Орталық Азияда қасиетті жерлерді сипаттауға арналған алғашқы шығармалар пайда болды. Онда қасиетті орындарға қажылық жасаудың шарифат тұрғысынан рұқсат етушілігі негізделді, оларға бару ережелері сипатталды, оларда жерленген әулиелер туралы мәлімет берілді, соңында Сайрам мен оның төңірегіндегі белгілі қасиетті орындардың тізімі, ғажайып қасиеттері және олармен байланысты түрлі оқиғалары ұсынылды. Сайрамның киелі жерлері туралы деректер үш трактатта көрсетілген: түркі-шағатай тілінде жазылған «Та’рих-и Сарйам», парсы тілінде жазылған «Тазкира-йи бузурган-и Сарйам», парсы тіліндегі екінші трактатты түркі-шағатай тіліне аударылған «Тазкира-йи бузурган-и Сарйам» (екінші атауы – «Сайрам шахрида отган ‘азиз аулия’лар хусусида») [29, б. 125-126]. Аталған трактаттарда Сайрам қаласының ішінде 30-ға жуық киелі орын бар делінсе, қала төңірегінде 32-ден астам киелі орын болған делінген. Олар

пайғамбарларға, Ясауидің ізбасарларына, әулие-әмбиелерге, діни қайраткерлер мен ғалым адамдарға арналып салынған кесене-мешіттер екен.

Тағы бір қасиетті территория Түркістан қаласы мен оның төңірегінде орналасқандар. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан мекені – кіші қажылық мекеніне айналды. Түркістанның тарихы өте бай. Ол Қазақ хандығының бірінші астанасы. Сонымен қатар Ұлы Жібек жолының мәдени, діни және сауда орталығы болған. Қаланың ескі аты – Яссы. Қазіргі таңда Түркістан қазақ даласының киелі аймағына айналды. Адамдар бұл мекенге рухани азық алу үшін, сауығу үшін, жан азабынан арылу үшін келеді.

Зерттеуші Садық Сапабекұлы Қожа Ахмад Ясауи кешенінің қажыларына арналған «Түркістандағы тарих зияраты» [33] атты нұсқаулық құрастырған болатын. Онда ол Қожа Ахмад Ясауи кесенесінің ішіндегі, айналасындағы және Түркістан қаласының маңындағы барлық киелі нысандардың тізімін жасады. Автор нысандарды атаумен қатар, олар туралы аңыздарды айтады, белгілі бір кейіпкердің қалай қасиеттілік дәрежесін алғанын айтады, сонымен қатар белгілі бір ғибадатханаға бару ережелері туралы айтады. Ол кесененің солтүстік порталын Мұхаммед ибн әл-Ханафияның есімімен аталғанына баса назар аударады.

Қожа Ахмад Ясауи кешенінің маңызы тек киелі кеңістік шегінен шығып, саяси маңызға да ие болды. Бұл жерде билеуші әулеттер үшін ең маңызды саяси оқиғалар болды (ханды ақ киізге көтеру - «қарғу», жергілікті басқарушы әулеттің қабірін құру арқылы мазарға ерекше мәртебе беру, бата жорықтары, зиярат осы аймақтың жаулап алуының заңды формасы ретінде, діни және көктемгі мерекелер өткізу). Бұл саяси іс-шаралар қажылық рәсімімен, халықтың арыз-шағымдарын тындап, сыйлықтар беру, мазардың пайдасына мүлік беру, қайырымдылық ас әзірлеу арқылы өтті.

Жалпы, Түркістанға баратын адамдар тобын екіге бөлуге болады: біріншісі – зиярат етушілер, олар Арыстанбаб, Қожа Ахмет Ясауи, Гаухар ана кесенелеріне табыну үшін; Бесік төбеге зиярат ету (аңыз бойынша Бесік төбе құрсақ көтере алмай жүрген әйелдерге аналық қуаныш сыйлайды екен); Қасиетті Құдықтан су алуға (халықтың айтуы бойынша бұл Құдық ниеті түзу, жүрегі таза адамдарға ғана су береді екен) барса, ал екінші топ адамдар тарихи ескерткіштерді көруге, тарихи мұраларды өз қолымен ұстауға, киелі орындармен, кесенелермен, ескерткіштермен байланысты аңыз-әңгімелерді тыңдауға, ата-баба ескерткіштеріне құрмет көрсетуге және рухани азық алу үшін барады.

Оған қоса, сол Оңтүстік Қазақстанның Сыр өңірінде де мекен еткен бірқатар киелі адамдардың, кемеңгер ойшылдың кесенелерін кездестіруге болады. Мәселен, Сырдарияның төменгі ағысы саналатын Қызылорда облысын – «Сыр елі – Жыр елі», жырдың бір түнеп өткен жері деп атау ел аузында жиі айтылады және оған қоса, барша түрік жұртының Атасы атанған, көреген данышпаны болып танылған Қорқыттың өзі сан-алуан тақырыпқа арқау бола алады. Қорқыт ата мемориалды кешенінен бөлек, бұл аймақта Бегім ана

мұнарасы, Оқшы ата кесенесі, Сунақ ата (Хисамидин әз-Сығанақи) кесенесі, Қорасан ата кесенесі мен Төлегетай-Қылышты ата кешенді-мазарын да кездестіруге болады. Айта кету керек, бұл аймақтың барлық қасиетті орындары жожа руларының ерекше ұрпақтарымен байланысты. Оларға жақын ауылдарда қожалардың айтарлықтай топтары бар, олардың ерекше шоғырлануы Жаңа-Қорған ауылында сезіледі. Бұл қасиетті орындардың ортағасырлық қалалардан қалған қирандыларының жанында орналасқаны таңқалдырады [29, 132 б.]. Мұндай кесене-мазарларға зиярат етушілердің саны күннен күнге ұлғаюда.

Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстанның Тараз өңірінде де зияратшылардың біршама тобын кездестіруге болады. Олар Тектұрмас кешеніне, Қарахан кесенесіне, Айша бибі кесенесі мен Бабажы Хатун мазарына зиярат ету үшін келеді. Түріктердің пікірінше, әлемде махаббат символын білдіретін екі кесене бар деседі, бірі Үндістандағы «Тәж-Махал» кесенесі болса, бірі біздің Тараз өлкеміздегі «Айша бибі» кесенесі.

Қазақстан территориясында тағы бір киелі орындар топтасқан мекен – Маңғыстау өңірі. Маңғыстау – Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі ірі аймақтарының бірі. «Ұйқыдағы ару» атанған бұл өлке еліміздің мұнайы мен газын беріп отырған қазына түбегі. Маңғыстау өңірі туралы көптеген ғалымдар зерттеген. Бірақ соның ішінде ерекше атап кететін, Серікбол Қондыбайұлының «Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» атты еңбегі, ол «Маңғыстау» сөзінің этимологиясынан бастап Маңғыстау өңірінің тарихи-мәдени ландшафттарын зерттеген. Әсіресе осы өлкенің киелі орындарының мәнін мифологиялық көріністер арқылы түсініктемелер берген.

С. Қондыбайұлы бойынша Шығыс түркі (ұйғыр, салор, тува, алтай, шор, т.с.с.) және моңғол мифологиясында «маңғыш» (маңғыс, мангус) айдаһар, керемет құбыжықтар дегенді білдіреді. Түркілерде құбыжықтар жақсы және жаман қасиетке бірдей ие. Серікбол Қондыбайұлы Е.Қойшыбаевтың тұжырымдамасын негізге ала отырып әртүрлі дәлелдер келтіреді. «Біріншіден, Маңғыстауда тұрған халық «дай, алан» жыланды, айдаһарды немесе басқа бір үрейлі мақұлықты қасиетті, киелі (тотем) деп санауы ықтимал. Оның үстіне Маңғыстау облысында кездесетін Отман, Маната, Маңсуалмас, Манашы, Маңғар, Ақман, Қараман жер су аттарының болуы және олардың өз бойында мифтік аңыздық сипатын басқа топонимдерге қарағанда көбірек сақтауы аталған пікірге тоқтам жасауға мүмкіндік береді. Екіншіден, геологиялық уақыт бойына ғана емес, сонымен қатар VII–XV ғасырлар аралығында Маңғыстау климаты қазіргіге қарағанда өзгеше болған. Табиғат климатын ескеретін болсақ, Маңғыстауда алып жыландардың, алып кесірткелердің, тіпті қазір жойылып кеткен аңдар мекендеген деп болжам жасауға болады. Қазақ халқының «адам көрмесе жылан қырық жылда айдаһарға айналады» деген сөзі негізсіз болмас. Үшіншіден, Қаратау жоталары (Таушық, Батыс және Шығыс Қаратаулары) солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай созылып жатыр. Ақтау биігінен көз салып қарасақ сұрқай сары далада қарайып созылып жатқан таулар өте алып жыланға, айдаһарға ұқсайтынын байқау қиын шаруа



емес» –дейді [34, Б. 10-11]. Сонымен, С.Қондыбай бойынша «Маңғыстау – айдаһартау» дегенді білдіреді.

Маңғыстау өзінің 362 әулиелерімен танымал. Аймақ тұрғындары «362» деген санның өзін киелі ретінде қабылдайды: мысалы пәтер таңдаған кезде «362» деген санды таңдауға тырысады, авто көліктеріне «362» деген нөмірді тағады. Мұндай практика киелі орындардың, ата-баба аруақтарының үнемі қолдап жүреді деген сенімінен туындаған. Маңғыстау жеріндегі қорымдар мен жерасты мешіттері: Оғыланды жеріндегі Бекет ата, Шопан ата, Көне Бейнеу және Бекет-ата, Қараман ата, Масат ата, Шақпақ ата, Сұлтан-үпі.

Киелі орындар қатарына Жезқазған өңірін де жатқызуға болады. Ол Ұлытау аймағы, тарихтан белгілі Ұлытау қазақ хандарының басын қосқан мекені болып саналады. Оларға Алаша Хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенелері жатады, бұл кесенелер өздерінің құдіреттілігімен және зәулім архитектуралық құрылысымен танымал.

Әрбір киелі жер мен қасиетті орындар туралы аңыз-әңгімелер, сол аймақтың танымалдылығын қалыптастыруда маңызды орын алады. Муминов айтып кеткендей киелі орындардың танымалдылығы бірінші орында сакралды аңыз-әңгімелерге байланысты дейді. Аймақты тартымды етеді. Қазақстан территориясындағы киелі орындар Республикалық бақылауда. Зиярат ету тәртібі мен ережелері жазылған және зиярат етушілер оны ұстануға тырысады.

Киелі орындар туралы ұғымды бүгінгі елдің таным-түсінігінде сол жердің қасиеті мен киелілігіне қоса, өнері мен қадыр-қасиеті, ақылдылығы мен көрегендігі, елді соңынан ерте білетін асқан қабілет, дарын иесі Әбілқайыр, Абылай хан, Исатай, Махамбет, Сырым батыр сияқты болумен ел сыйлысы болғандықтан ол көпшілікпен мойындалып, елге танылған біртуар атақты адамдардың Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім туып-өскен жерлері де ел аузында қасиет дарыған, киелі жер деп те айтылып жүр.

Киелі орынның киелі болуы – ондағы кешеннің халықтың санасында туған діни–мифологиялық таным-түсінік, ғұрыптық әрекеттердің және оның ертедегі ескерткіштермен қаншалықты байланыстылығында [35]. Оны біз былайша түсіндіріп көрсек, таңбалы тас кешені және өзге де ғұрыптық кешенді тұрғызушы қандай да бір тарихи тұлғаның немесе халықтың (ол кешен мысалға: ғибадатхана, мешіт, некропольдік: пирамида, кесене, мазар, сағана там, күмбезді түрлі құрылыс, қорымдарда болуы мүмкін) өз дүниетанымында пайда болған, өлілерге көрсеткен құрметін, тарихтың қилы кезеңін сипаттайтын петроглифтер немесе қандай да бір билік жүргізушінің өзінің өзгелер алдындағы үстемдігін көрсетуі, оны әлемге паш етудегі бәлкім, өз ойынан жасаған, тудырған дүниесі болуы мүмкін. Осы сөзімізге келтірер дәлеліміз: Жер жәннәті деп аталған Жетісу жеріндегі «Таңбалы тас» кешені, Орталық Азияда Әмір Темірдің Қожа Ахмет Ясауи бабамызға арнап салдырған кесенесі, Маңғыстаудағы қазақтың пірі – Бекет атаның қолмен қашап жасаған жер асты мешіт және ондағы зікір, қылуат бөлмелері, әлемнің жеті кереметіне саналатын Мысыр (Джосер, Хеопс, Хефрен) пирамидаларды, Семирамиданың аспалы

бағы, Александрия бағдаршамы, Ирандық Бехустин жартасындағы жазбалар сияқты т.б. дүниелерді атап айтуға болады. Мойындау керек, киелі мәселесі әлі де болса өзінің ғылыми шешімін тапқан жоқ. Ал, әлемдік классикалық діндерде осы киелі орындарға барабар тіпті, сәйкес келетін «қасиетті орындар» деген түсінік бар. Қазақстандық ғылымда: киелі орынға қояр және оны тандап алуда қандай да бір критерийлер бар ма – деген сауалдың өзі әлі де болса жауапсыз, аз зерттелген мәселе.

Қазақ халқының тылсым ғажайыптарға толы қасиетті жерлері болған. Халқымыздың ертеден таным-түсінігіндегі ерекше сенімдерінің бірі үңгірлермен де байланысты болған. Мұндай үңгірлердің пайда болу тарихы тым ұзақ уақытты, жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Сондықтан алғашқы адамдардың қоныстары болған үңгірлердің қазіргі адам сезіне бермейтін тылсым қасиеттеріне ерекше сезіммен қарайды. Кейбір үңгірлер биік таудың басында орналасса да, ішінде қайнар бұлағы болады. Кейбірінің адам сыймайтын есік дәлізі орналасқан. Кейбірінің іші ұзыннан-ұзын кең бөлмелі болып келеді. Сондықтан осындай үңгірлерді қазақ ертеден әулиелі жерлер санатына қосқан. Қасиетті үңгірге ертеден қазақ халқы келіп түнеп, көне заманнан қалыптасқан ескі дәстүрімен жүрген. Тіпті құдай тағаладан бала тілеген немесе денсаулығына байланысты келген әйел адамдар көп болған жер ретінде саналады. Мұндай үңгірлер қатарына Балқаш көлінің солтүстік іргесінде, Тоқырауын және Жәмші өзендерінің жуан ортасындағы Бектау ата тауындағы үңгірді, Семей облысындағы Шыңғыс тауын жанап ағатын Шаған өзенінің оң қанатындағы «Қоңыр әулие» үңгірін, Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданына қарасты «Арқалық» совхозындағы «Шолақ бұлақ» үңгірін жатқызуға болады [36, 65 б.].

Малмен күнелткен бабаларымыз шаруашылығын табиғатпен үйлестіріп жүргізіп отырған. Осыдан барып туған жерге тағзым ету деген дәстүр қалыптасқан. Сонау бағзы заманнан ата-бабаларымыз киелі жерлерге тағзым етіп келді. Түркі, сақ дәуірлерінен жеткен аңыз-әфсаналар, тіпті тасқа қашап кеткен таңбалар да осы озық дәстүрді айғақтайды.

Тарауды қорытындылай келе, энциклопедиялық түсіндірмеде киелі жер дегеніміз – ерекше мәнге ие болған қайталанбас объектілері бар орын деп есептеледі [37, 447 б.]. Күнделікті өмірде киелі жер аруақтармен немесе адам ақылына сыймайтын сиқырмен сипатталады. Көптеген киелі жерлерде сәулет ғимараттары (кесенелер, ханахалар, медреселер), зиярат етушілерге (қажыларға) қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар (мешіт, тахарат-хан, қари-хан, қонақ үйлер) салынған. Сол сәулет ғимараттары бүгінгі таңда тарихи естелік орындары ретінде көптеген ғалымдардың зерттеу объектілеріне айналып отыр.

Батыстың зерттеуші-ғалымдары киелі орындарға барудың екі қырын көрсетеді: біріншіден, бұл белгілі бір құбылыстар өткізілетін қоғамдық кеңістік ретінде қарастырылса, ал екіншіден, адамдардың шығармашылық елесін, символикалық және архетиптік бейнесін қалыптастыратын кеңістік ретінде

айқындалады деген. Батыстық зерттеулерге сүйенетін болсақ, киелі жерлерді үш принципке бөліп қарастырады: біріншісі – әртүрлі дінмен байланысты адамдармен жасалған қасиетті орындар; екіншісі – табиғат факторларымен пайда болған – емдік сулар, емдік балшықтар, дольмендер және тағы басқалары. Үшінші принцип екі принциптің араласуынан пайда болған киелі жерлер [31, 142 б.].

Ал, отандық зерттеуші А. Муминовтың «Родословное древо Мухтара Ауезова» еңбегі бойынша киелі орындардың типологизациясын жасаумен айналысқан кеңес дәуірінің этнографы Г. Снесарев болған. Снесарев қасиеттілер, киелілер туралы аңыз–әңгімелерді зерттей отырып, киелі жерлердің негізгі төрт типін бөліп көрсетеді: 1) бейнесі анықталмаған киелілер және олардың өз есімдері мен қарапайым тұрағы болмағандар; 2) інжілдік–құрандық кейіпкерлер, бұған ерте ислам тарихының тұлғалары жатады; 3) ортағасыр сопылары – ерте кездегі, жалпы танымал және жергілікті; 4) мазарлары инерциялы түрде табыну объектісіне айналған жергілікті билік өкілдері. Киелі орындар кімге тиісті екеніне байланысты тағы бір классификациясы ұсынылады: 1) ежелгі батырлар; 2) пайғамбарлар, Құрандағы кейіпкерлер; 3) Мұхаммед пайғамбардың ізбасарлары, сахабалар; 4) сопылар; 7) ру тотемдері; 8) киелілердің «жаңа ұрпақтары». Мазарлар танымалдылығына және әйгілігіне байланысты бірнеше топқа жіктеледі: 1) барлық Орталық Азияға танымал; 2) бір өлкеге немесе толық бір аймаққа танымал; 3) шектеулі жерге ғана танымал. Сондай-ақ, ғибадатхананың жанында орналасқан әр түрлі нысандар бойынша киелі орындарды нақтылы төмендегідей классификацияларға негіздеуге болады: 1) бір құрамды (тек бір ғана қасиетті орын – су көзі, ағаш, жартас және т. б.); 2) екі құрамды (жалған немесе нақты қабірі бар); 3) Күрделі (кесенесімен); 4) ханакахпен; 5) кесенемен және қоймалармен; 6) кесенемен және мешітпен; 7) кесенемен, мешітпен және медресемен [29, 121 б.].

Қазақстан жеріндегі ежелгі тарихи киелі орындарымен танысу елдік бейнеміздің кәусар бұлағы екенін, оның пайда болу тарихы арқылы біз өткен тарихымызды, мәдениетімізді білетінімізді халыққа, шетелдік туристерге дәріптеудің де берері мол.

Киелі жерлер – көшпелі дүниенің негізгі тарихы. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, басынан өткен оқиғалары, әдебиеті және аңыз-әңгімелері, жалпы тарихы негізінен осы киелі орындар мен маңызды жерлерге байланысты. Осы қатпар-қатпар тарихи байлығымызды жоғалтпай, қаймағын бұзбай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, әлемге таныту керекпіз.

## **2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БОЛМЫС АЯСЫНДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ**

### **2.1 Қазақстанның киелі жерлерін жүйелеу мен жіктеу**

Қазақстанның киелі жерлері мен қасиетті орындар ол тек діни көзқарас, наным-сенім ғана белгісі емес, ол мемлекеттің ұлттық бірегейлігін қалыптастырушы, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді дәріптейтін құрал болып табылады.

Жергілікті рухани өмір құбылыстары уақыт пен тағдырдың сынағына карамастан, діндарлардың өмірінде үлкен рөл атқаруды жалғастыруда. Уақыт сынына жауап бере отырып, киелі орындар жаңа сипатқа ие болады, өзгерістерге ұшырайды. Бұл ретте деректер базасын құру, оларды жан-жақты зерттеу үшін жаңа әдістемелерді әзірлеу үлкен маңызға ие.

Еліміздің жер-жерінен осы күнге дейін сақталып келе жатқан көптеген мәдени-сәулет ескерткіштерді кездестіруге болады. Оның біршамасы халқымыздың басына төнген қауіптен қиратылып, уақыт өте келе қайта қалпына келтірілген. Егемендік алған соң, мәдени мұраларымыз бен тарихи ескерткіштерімізге көңіл бөлініп, оларды қайта жаңғыртты.

Қазіргі күнде де діни-мәдени ескерткіштерге көп көңіл бөлінуде. Соның бір дәлелі, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында киелі жерлердің ерекше маңыздылығын атап өтті. Онда еліміздегі қасиетті тарихи орындарды жіктеп, ұлттық ұстаным деңгейіне көтеріп, ұлт жадында біртұтас кешенді жүйе қалыптастыру қажеттілігін міндеттеген болатын.

Осыған сәйкес, Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі киелі жерлерді зерттеп, оларды жүйелеу мен жіктеу бүгінде күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі болуда. Осы бағытта ҚР Ұлттық музейі жанынан «Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығы құрылды. Зерттеу орталығының құрамы тарихшылардан, археологтардан, этнографтардан және осы салаға жақын зерттеуші-ғалымдардан тұрады. Орталық қызметінің негізгі мақсаты - өлкетану бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы, өлкетану саласындағы ағартушылық жұмыс, республикадағы өлкетану жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз ету, мемлекеттік және қоғамдық өлкетану ұйымдарымен, жергілікті мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері, Қазақстанның архивтері мен музейлерімен бірге ынтымақтастықта өлкетану тақырыбындағы ғылыми-зерттеу іс-шараларын ұйымдастыру болып табылады. Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен, ел өңірлеріне республикалық «Сакралды Қазақстан» экспедициясы ұйымдастырылды. Экспедиция барысында ғалымдар мен өлкетанушылар бірлесіп, әрбір сакралды нысанды ресми түрде құжаттандырып, олардың құндылықтары туралы баяндалатын аңыздар жазылды. Киелі орындар тізімі бойынша жұмыс істеген сараптамалық кеңес нысандарды жалпыұлттық және аймақтық деп екі деңгейге бөліп қарастырды. Алғашқы тізімге 185 киелі орын енгізілсе, өзгесі аймақтық деңгейде деп

саналып отыр. Алайда бұл тізімдер әлі нақты бекітілмеген. Сол себепті де, бұл бағыттағы жұмыстар осымен шектеліп қалмайды. «Сакралды Қазақстан» жобасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5 жыл бойы жалғасын табады деп күтілуде. Сонымен қатар, алдағы уақытта тарихи нысандарды қорғау заңнамасына өзгерістер енгізілмек. Тарихи-мәдени нысандар туралы заңда киелі жерлердің нақты мәртебесі жазылатын болады. «Қасиетті жерлер» деген арнайы тармақ бойынша жүйеленбек. Ол үшін алдымен мемлекеттік тізілім жасалады. Оны құзыретті орган – Мәдениет және спорт министрлігі жасайды. Осылайша әрбір тарихи нысанның ғылыми-сараптамалық төлқұжаты жасалмақ. Ол үшін нысанның тарихы, аңызы, әфсанасы, уақыты, ғасыры, әлеуметтік сипаты, тағы басқасы жан-жақты зерттеледі. Мамандардың айтуынша, тарихи нысанның төлқұжаты болып, тізілімге енсе, оның нақты мәртебесі болады. «Сакралды Қазақстан» жобасы 2017—2021 жылдарды қамтып отыр. Осы аралықта әр жыл сайын бір-бір томнан барлығы бес томдық үлкен еңбек «Сакралды Қазақстан» деген энциклопедиясы жасалынууда. Энциклопедияның мазмұнына кезінде астанамыз болған қалалар Сауран, Сығанақ, Сарайшық сияқты көне шаһарлардан бастап, Қазақ хандығын көтерген тұлғалар, хандар, батырлар, одан кейін Бекет ата, Қорқыт ата сынды әулиелер, Ахмет Ясауи секілді нар тұлғалар енеді.

Бүгінгі таңда еліміздің киелі жерлеріне енген кейбір нысандардың 3D моделі жасалып, қысша бейнероликтері National Geographic, BBC секілді бүкіләлемге танымал телеарналардан көрсетіліп жатыр. Бұл киелі жерлер ғасырлар бойы жинақталған мәдениет пен өркениеттің, тарих пен тағылымның қайталанбас туындылары. Бұның барлығы біріге келе ұлттың біртұтастығы мен ұлттық жадының жаңғыруына жол ашпақ.

Сондай-ақ, зерттеу орталығының ғылыми-сараптамалық кеңесі киелі нысандарды төмендегідей бес санатқа бөліп топтастырды:

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар.

2. Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар. Бұл топқа қалашықтар, бекіністер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған орта ғасырлық қалалар кіреді.

3. Діни және ғибадат орындары болып табылатын орындар. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне түркі дәуірі және ортағасырлардағы, сонымен бірге, ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды.

4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жүздің батыр–билерін жиып, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары,

ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор орындар алынып отыр.

5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсарлықты насихаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел жадында өшпес із қалдырған қасіретті орындар мен қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нышандары еніп отыр.

Осы тұста, зерттеу жұмысының негізгі нысаны ретінде «діни және ғибадат орындары» санатын алып қарастырамыз. Бұл санатқа жалпыұлттық деңгейдегі Қазақстанның келесідей киелі орындары енгізілген: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі (Рабия Сұлтан Бегім кесенесі XV ғ., Үлкен Қылуат XII ғ., Күлтөбе (Ясы) қалашығы, Гауһар ана кесенесі), Арыстан баб кесенесі (XII ғ.), Ибраһим ата кесенесі (XI-XII ғғ.), Қарашаш ана кесенелері (XI-XII ғғ.), Қарабура кесенесі, Баба Түкті Шашты Әзіз кесенесі, Бәйдібек би кесенесі, Домалақ ана кесенесі, Үкаш ата мазары (IX-X ғғ.), Исмайл-ата сәулет кешені (XI-XIX ғғ.), Маңғыстау жеріндегі қорымдар мен жерасты мешіттері (Оғыланды жеріндегі Бекет ата XVIII ғғ., Шопан ата X-XIX ғғ., Көне Бейнеу және Бекет-ата XI-XIX ғғ., Қараман ата, XIII-XIX ғғ., Масат ата, X-XIX ғғ., Шақпақ ата IX-X ғғ., Сұлтан-епа б.д. X- XIX ғғ.), Сисем ата қорымы (XIII-XIX ғғ.), Абат-Байтақ кесенесі (XIV-XV ғғ.), Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі, «Екідің» (Сарыторғайдағы ерте кезең ескерткіштері), Қозы Көрпеш пен Баян сұлу мазары, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы кесенесі, «Оқшы ата» кесенесі, «Қорасан Ата» кесенесі мен «Төлегетай-Қылышты ата» кешенді-мазары (XI-XII ғғ.), Төктұрмас кешені (XIV ғ.), Қарахан кесенесі (XII ғ.), Айша бибі кесенесі мен Бабажы Хатун мазары (XI-XII ғғ.), Бегім ана мұнарасы (X-XI ғғ.), «Қорқыт ата» мемориалды кешені, Ұшқан ата қорымы, Ақмешіт қорымы, «Бұқар жырау» кесенесі, Ырғызбай Ата кесенесі, Вознесенск кафедралы шіркеуі, «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер кешені, Құнанбай қажы мешіті және Христос Спаситель шіркеуі (XIXғ.) [38].

Бұл зерттеу жұмысының жоғарыдағы аталған киелі нысандарды зерттеудегі басты ерекшелігі мынада: «Сакралды Қазақстан» зерттеу орталығы киелі нысанның тарихы, аңызы, әфсанасы, уақыты, ғасыры, әлеуметтік сипаты, архитектуралық маңызы және тағы басқасы жан-жақты зерттесе, ал осы зерттеу жұмысы оларды діни-феноменологиялық тұрғыда жіктеп, дінтанулық талдау жасайды. Дінтанулық талдау деп – киелі нысандарды дін феноменологияда белгіленген категориялар бойынша қарастыру. Нақтылай айтсақ, өмір сүрген мекені мен кесене-мазары орналасқан жері туралы киелі кеңістік категориясы бойынша анықтама беріледі; киелі адам мен киелі іс-әрекет категориялары бойынша олардың шығу тегі мен діни-моральдық, философиялық бағыттағы өмірлік ұстанымдары айқындалатын болады; діни дүниетанымы мен символикалық дәстүрі туралы киелі уақыт категориясы қарастыратын болады.

Ең алдымен, жоғарыда аталған киелі нысандарды екі топқа бөліп қарастырамыз: 1) діни сипатта жасалынған зиярат, яғни, діни орындар; 2) ұлттық сипатта жасалынған зиярат, яғни, ғибадат орындары.

*Діни сипатта жасалынған зиярат мекендеріне* төмендегідей киелі орындар жатады және оларды феноменологиялық тұрғыдан алғанда келесідей категориялар арқылы қарастыруға болады.

Киелі адам категориясы бойынша *Қожа Ахмет Ясауи* пендешілік өмірден толықтай бас тартып, тақуа болған және тақуаларға тән жігерлі уағыздаушы, рухани тәлімгер болған. Қожа Ахмет Қазақстан территориясындағы сопылықтың негізін салушы, күллі түркі тілдес халықтың, түркі дүниесі мұсылмандарының рухани ұстазы болған діни қайраткер. Өз аты Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне орай берілген атау, ал соңындағы «Ясауи» сопының қай жерден шыққандығын көрсетеді. Бірақ нақтылық үшін айтсақ, Ясы қаласы оның туған жері емес, жастайынан жетім қалып, ағайын туыстарының қолына келіп, бала кезінен өскен жері. Ал туған жері Сайрам ауданы болып табылады. Шежіре бойынша Сайрамда жерленген Ибрагим ата мен Қарашаш ананың ұлы. Әкесі – Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлидің ұрпағы Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Кейбір деректерде Қожа Ахмет Ясауидың Ибраһим атты ұлы мен Гауһар атты қызының болғандығы айтылады. Қожа Ахмет Ясауидің ұрпағы негізінен осы қызынан тарайды. Себебі ұлы жас кезінде қайтыс болып кеткен [39, Б. 60-61]. Ясауи және оның қалыптастырған діни-философиялық мектептері тәңірлік пен исламды ұштастыра білді. Ол сол кезеңдегі, жаңа діни ілімдерді жалпы халықтық тәңірлік санамен байланыстыра білді. Жергілікті халықтың салт-санасы мен сенім-нанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни-мистикалық мектептің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салды. Ясауидің еңбегінің арқасында сопылық – философиялық жүйе ретінде, түркі тілдес халықтардың рухани танымы мен көзқарасында шешуші рөл, фактор бола бастады.

Киелі іс-әрекет категориясы тұрғысынан қарастырсақ, Қожа Ахмет Ясауи жастайынан араб, шағатай, парсы, түркі тілдерінде өлеңдер жаза бастайды. Шығыс поэзиясы мен әдебиетіне ден қояды. Қожа Ахметтің басты ұстазы, тәрбиешісі Арыстанбаб болды. Ол өмірден қайтқаннан кейін Ахмет 17 жасында Ясы қаласына келеді. Кейін Бұхара қаласында Жүсіп Хамаданидің діни медресесінде оқиды. Оны тәмәмдаған соң сопылық жолдың біраз ащы-тұщысын татып, көптеген қалаларды аралап, туған шаһары Түркістанға қайтып оралады да, Арыстанбаб қалап кеткен дәстүрді жалғастырады. Осында ол ислам дүниесі кең таныған кемеңгерге айналады. Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы - «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) қыпшақ диалектілерімен көне түркі тілінде жазылған. Өкінішке орай туындының түпнұсқасы біздің заманымызға жетпеген. Бізге жеткені XV-XVI ғасырлардағы көшірмесі ғана. Ондай нұсқалары өте көп. Олардың біразы Ыстамбұл, Қоқан,

Ташкент, Мәскеу, Алматыда сақталған. Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шықты. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылды [40, Б.145-147]. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармада ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейінгі өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді. Қожа Ахмет Ясауи түркі тілінде жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеді. Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының жаңа исламдық өркениеттегі халықтық ағымының арнасын анықтап берді. «Диуани Хикметтен» қазақ халқының ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады [41].

Сондай-ақ, киелі іс-әрекет категориясы бойынша Қожа Ахмет Ясауидің дүниетаным қарастыруға болады. Бұл тұрғыда отандық дінтанушы Досай Кенжетайдың «Қожа Ахмет Ясауи дүниетаным» атты еңбегін негізге алуға болады. Онда Ясауи дүниетанымның негізінде сопылық жатыр, сопылық – басқа танымдардан ерекше исламдық дүниетаным формасы деп қарастырылған. Ахмет Ясауидің сопылық дүниетанымның ерекшелігі Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болу, нәпсіні тыю. Топырақ сипатты болып, өзін халқына арнау кемелдікті білдіреді. Қожа Ахмет Ясауи кемелдікке жету үшін адамда қуатты махаббат пен дерт болу керек дейді [42, Б. 23-24]. Отандық зерттеуші Қ.К. Бегалинованың пайымдауынша, Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде сопылық жолдың мәртебелері мен хәл-мақамдары жан-жақты қамтылып сипатталады. Бұл ілімнің ұстанымы – «Тәубе». Тәубе күнәдан арылуға бағытталған әрекет атауы. Бұл адам қателескенде немесе күнә жасаған сәттерде орындалады. Бұл жолдағы адам «жаратылған – мен» екендігінің ақиқатына, жаратылыс сырына көзі жеткенде, өзінің адамдық парызы – «Алла мен адамның және адам мен қоғамның» арасында «көпір–жол» болу екендігін ұғынады [43, 194 б.].

Киелі уақыт категориясы бойынша киелі тұлғалар 120-дан 130 жасқа дейін ұзақ өмір сүреді делінеді. Олардың өмірі екі кезеңнен тұрады – қоғамды басқару кезеңі (падишахтық) және дінге қызмет ету кезеңі (ғибадат). Екі жақтың арасындағы бөлу сызығы бар – 63 жас (Пайғамбар жасы), ол сонша жыл өмір сүрген Мұхаммед пайғамбарға деген құрмет белгісі болып табылады. Дәл осы секілді Қожа Ахмет Ясауи де 63 жасқа дейін дін басқарып, сопылықты насихаттап, исламның таралуына ат салысса, 63 жастан кейінгі өмірінің екінші бөлігін жер астында, яғни қылуетте өткізген. Қылуетте аскеттік өмір ұстанған, яғни барлық уақытын Аллаға құлшылық жасаумен, Алланы еске алумен (зікір) айналысқан, әдетте апталап ұйықтамай, аз тамақ-су ішіп, дәстүрлі дәрет



алмаған. Сондай-ақ аумақтық-кеңістікті жақсы меңгерген, яғни медитация арқылы кеңістікте жылдам қозғала алған. Мысалы: таңғы намаздың бір бөлігін (сүннетті) Түркістанда орындаса, басқа бөлігін (парызды) Меккеде орындаған [44, Б. 1-19]. Осылайша Қожа Ахмет Ясауи киелі уақытты тереңнен иемденіп, діни дүниетанымының негізін қалыптастырып, оны символикалық дәстүрге айналдырған.

Киелі кеңістік категориясы Құдайға қол жайып, сыйынатындар жиналатын кеңістікті қарастырса, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі дәл сол кеңістікті құрайды. Себебі, кесенеге зиярат етушілер аруаққа тағзым етіп, дерттеріне шипа іздеп, ұрпақ тілеп, жолаушылар жолынын ашықтығын тілеп, рухани тазару үшін Алладан жәрдем сұрап сыйынып жатады. Ахмад Ясауи кесенесіне зияраттың орындалуы, оның ішінде Түркістанның маңындағы басқа да қасиетті жерлерге бару қазақтардың және Орталық Азияның басқа халықтарының рухани өмірінде маңызды орынға ие болды. Кесене туралы көптеген аңыздар мен дереккөздері бар. Солардың бірінде, Әмір Темір Алтын Орданы жеңгеннен кейін Шыңғысханның иеліктеріне назар аудара бастады. Әмір Темір Хызр Қожа ханға қарсы жорыққа дайындық кезеңінде осы аймақтағы басты рухани көшбасшы ретінде беделге ие болған Қожа Ахмет Ясауидің қабіріне үлкен және көрнекті кесене тұрғызу туралы шешім қабылдады. Бұл қадамды жергілікті қасиетті билікке жүгіну және оның табынушылары танымал болған әлеуметтік топтарға қолдау көрсету арқылы билікті заңдастыру әрекеті деп санауға болады [29, 211 б.]. Тағы бір деректерде, кесененің құрылысы туралы хабарлайтын негізгі жазба көзі Шараф ад-дин ‘Әли Йаздидің «Зафар-нама» («Жеңіс кітабы») болып табылады. Шараф ад-дин: 1397 жылы Әмір Темір Моғолстан билеушісі Хызр Қожа ханның қызы Тәукел-ханым атты қалыңдығына кездесуге баратынын жазған болатын. Әмір Темір Самарқандтан Ташкентке сапары кезінде қасиетті Қожа Ахмет Ясауи зиратына зиярат жасау үшін Ясыға жолай соғады. Зияратты орындап, Әмір Темір кесененің үстіне жаңа құрылыс салу туралы өкім берді. Шараф ад-диннің айтуынша, Әмір Темір сопы қабірінің үстінде орын алған құрылысты қайта жаңғыртып салған дейді. Шамасы, Әмір Темір жалпы Ясауидің мәдени тәжірибесін және шежіресін қайта қарау, нақтылау және жаңадан заңдастыру секілді «канонизация» процесімен қатар жүретін ясауилік шейхтердің идеологиясын мемлекеттік табынушылыққа айналдыру туралы шешім қабылдаған көрінеді [45, 294 б.]. Кесене құрылысының және Әмір Темір саясатының нақты мақсаттары қабір есігінің үстіндегі керамикалық тақтайшада айқын көрсетілген: араб каллиграфиясымен жазылған тақтайшаның екі жолында Әмір Темір Құрақанның шежіресі және оның құрметіне ізгі тілектер жазылған: «Әлемнің ең ұлы әміршісі, Мейірімді Алланың қомқорлығына иеленген билеуші Әмір Темір Құрақан ибн Әмір Торғай / Тарағай ибн Әмір Бұрақыл ибн Әмір Ілінгір ибн Әмір Іжіл ибн Әмір Қаражар, Аллаһ тағала оны күш-қуатты және басқаруын мәңгілік етсін! » [46, Б. 9-10]. Бұдан Шыңғыс әулеті мен Темір әулеті Қожа Ахмет Ясауи култін күштерін нығайту үшін немесе осы аймақты билеуге деген тағы бір династияны

ұсыну үшін белсенді қолданғанын көруге болады. ХҮІІІ ғ. басынан бастап Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің айналасында қазақ хандары мен олардың отбасы мүшелері, билер мен батырлар жерленген. Осы кезеңге Есім ханның (1598-1614), Жәңгір ханның (1644-1652), Оңдан сұлтанның (1715-1717), оның ұлы Қайнар-Көшектің бейіті жатады. ХҮІІІ ғ. Тауке хан (1680-1717), Болат хан (1720-1730), Абылай хан (1771-1781), үлкен жүздің ханы Жолбарыс (1720-1740), Орта жүздің хандары Сәмеке (1720-1734), Әбілмамбет (1734-1771) және оның ұлы Сұлтан Әбілфайыз (1760-1783) жерленді. Жалпы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанында 18 қазақ ханы, сегіз би, 28 батыр жерленген.

Жалпы, Қожа Ахмет Ясауи кеңістігін киелі жер классификациялары бойынша талдағанда ол: ортағасыр сопыларына, барлық Орта Азияға танымал, нақты қабірі бар кесене, мешіті мен медресесі бар кешен деп есептеуге болады.

*Үлкен Қылует* ХІІ ғасырда салынып ХХ ғасырдың бірінші жартысына дейін үздіксіз жұмыс істеп тұрған, жартылай жер астында орналасқан ортағасырлық діни құрылыс болғандықтан, оны дінтанулық тұрғыда тек киелі кеңістік категориясы бойынша талқылаймыз. Қылует Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстігінде 120 м қашықтықта орналасқан. Ғалымдардың айтуынша «қылует» сөзі арабша «халуатун» яғни жекелену, оңашалану деген мағынадан шығып, Жаратушыға дүниеден бөлек, оңаша отырып құлшылық жасайтын орын деген мағынаны береді. Мұнда негізінен ғұрыпты құлшылықтың біріне жататын «зікір» ғибадаты орындалатын болған. Қожа Ахмет Ясауи 63 жасқа толғанда қылуетті арнайы салдырып, қалған өмірін осы жерде өткізгендігі туралы зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Сонымен қатар, мұнда көптеген шәкірттерін тәрбиелеп, Диуани хикмет, Мират-ул-қулуб, Пақырнама және т.б. еңбектерін жазып қалдырады. Жалпы, қылует 18 бөлмеден тұрады. Құрылысты салу барысында діни әдет-ғұрыптарды орындауға қажетті және адам өмір сүруі үшін барлық жағдай қарастырылған. Мұнда жамағатхана, мешіт, шаруашылық қызметіне арналған, ыстық су дайындайтын, жуынатын, дәрет алатын және асхана бөлмелері толық қамтылған. Бұдан бөлек, мұнда Қожа Ахмет бабамыздың 4 метр жер астында орналасқан «Ғар» бөлмесі түп нұсқа ретінде сақталған. Бір адамға арналып салынған бұл бөлменің қабырғалары және күмбезі төрт бұрыштанып, күйдірілген кірпіштен қаланып «балхы» тәсілі бойынша жабылған. Қылуеттің ең үлкен бөлмесі жамағатхана болып саналады және осы бөлмеде ғана терезе орнатылған. Ұлы Отан соғысы жылдары құрылыс бұзылып, кірпіштері май зауытын салуға жұмсалған. 1972-1973 жж. Т.Н.Сенигова, 1979 жылы Е.А.Смағұлов жүргізген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде ХҮ-ХҮІ ғғ. тән «Қылуеттің» орны анықталып, сәулетші ғалым А.Л.Шмидтің 1942 жылы жасаған макеті бойынша қайта қалпына келтірілді [47]. Яғни, қазіргі қылуеттің бізге жасанды нұсқасы ұсынылған.

*Арыстан баб кесенесін* феноменологиялық тұрғыдан зерттегенде киелі адам, киелі уақыт пен киелі іс-әрекет категориялары бір-бірімен сабақтасып жатқандығын байқауға болады. Дәстүр бойынша, Арыстан баб – Мұхаммед

пайғамбардың сахабасы, ол Қожа Ахмет Ясауиге пайғамбардың мұрасын тікелей жеткізген. Ол жөнінде халық аңыздары мен жазба дереккөздері былай дейді: бір күні Мұхаммед пайғамбар өзінің шәкірттеріне құрманы иесіне кім жеткізетінін сұрағанда, Арыстан баб: «Егер Сіз Алла Тағаладан 400 жыл сұрап берсеңіз мен бұл құрманы иесіне жеткіземін» деген екен. Мұнда ислам дәстүрі үшін «ұзақ өмір сүрушілердің» маңыздылығын еске түсіруіміз керек. Өздеріңіз білетіндей, дәстүр ұстанушылар үшін дәстүр таратушылардың (хабар, хадис) рухани тізбегін әзірлеуде ұзақ өмір сүру мәселесі үлкен мәнге ие болған. Осыған сәйкес, Арыстан баб 340 жыл өмір сүрген және пайғамбардың 14 хадисын жеткізген деседі [48, Б. 348-349]. Арыстан баб бейнесінде сопылықтың ерекшеліктері кездеседі: ол Қожа Ахмет Ясауидің аңызға айналған тәлімгері; Арыстан баб кесенесінің жанына сопы Мұхаммед Данышманд Зарнуки сопыларға арнап ғибадатхана тұрғызған [29, 208 б.]. Арыстан баб дүниеден өткен соң оның денесін ақ бураға артып, еркіне жібереді де адамдар соңынан ілесіп жүреді. Ақ бура жүре-жүре бір жерге барып шөккен екен. Сол ақ бура шөккен жерге Арыстан баб жерленген екен. Арыстан баб тарихта киелі іс-әрекеттерімен құралған діни дүниетанымын насихаттау арқылы киелі адам танылып, киелі уақытты игерген ұлы тұлға атанады.

Киелі кеңістік категориясы бойынша кесене Арыстан баб мазарының үстіне салынған. Кесененің бірінші құрылысы XIV-XV ғасырға жатады, оны құрылыста кесілген айван тізбектерінің қалдығы дәлелдейді. Кесенені салуда жергілікті халықта мынандай аңыз бар: XIV ғасырдың аяғында атақты Ақсақ Темір Қожа Ахмет Ясауиге арнап күмбез орнатпақшы болады. Қожа Ахмет Ясауи мазарын тұрғыза бастағанда қара дауыл қабырғаларын ұшырып әкетеді. Осыдан кейін Ақсақ Темірдің түсіне Қызыр еніп, ең алдымен Ахметтің ұстазы Арыстан бабқа мазар тұрғызу жөнінде аян беріпті. Өмір Темір Қызырдың айтқанын екі етпей орындап, содан кейін барып қана өзі ойлаған жұмысына кіріскен екен [49]. Сол себепті де «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген сөз Арыстан баб тұлғасының халық арасында үлкен орын алатындығын көрсетеді. XVIII ғасырда көне мазардың орнында жер сілкінісінен кейін екі кесілген ағаш тізбекке тірелген айванмен салынған екі күмбезді құрылыс орнатылды. XVIII ғасырда құрылыс қиратылып, фриз жазбалары бойынша 1909 жылы қайта салынды. 1971 жылы жоғары деңгейдегі грунт сулары салдарынан мешіт құлатылып, қайта орнатылды. Жергілікті халықтың қаражатымен күйдірілген кірпіштен ауданы 35x12 м, биіктігі 12 м, бұрынғы Меккеге қараған есігі Түркістанға, Өзірет Сұлтанға бағыттталып, Солтүстік жағы кесене, Оңтүстік жағы мешіт есебінде қайта жөнделді. Дәліз-қақпа маңдайшасына мәрмәр тақта қаланып, бетіне нижра бойынша 1327 жыл, яғни соңғы құрылыс жүрген уақыт деп көрсетілген. Қожа Ахмет Ясауиге тәу етушілер алдымен Арыстан бабтың басына барып түнейді. Қазіргі кезде бұл кесене Орталық Азиядағы қажылық міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады. Кесене туристер үшін тарихи-мәдени архитектуралық ескерткіш, мұсылман қауымы үшін зиярат орны, халық үшін рухани азық, еліміз үшін

ұлттық мәдени қазына, рухани дәстүрдің негізі, ұлттық құндылығымыз. Өңіріміздегі туристтік маңызы зор орын [50, 239 б.].

Киелі жер классификациясы бойынша Арыстан баб Мұхаммед пайғамбардың сахабасы, Орта Азия мен кейбір шет мемлекеттерге танымал, нақты қабірі бар, кесене, мешіт және медресесі бар кешен.

*Ибраһим ата кесенесін* дінтанулық тұрғыдан талдағанда, киелі адам категориясы бойынша Ысқақ бабтың ұрпағы саналатын Ибраһим ата – Қожа Ахмет Ясауидің әкесі, діндар және әулие адам болған. Ибраһим атаның әулиелігі мен уағызшылық қабілеті жайлы аңыздармен қатар диханшылығы туралы да әфсаналар тараған. Ерте көктемде егін салар уақытта дихандар атаны жерінің басына апарып, дән салып беруін өтінетін болған. Себебі оның қолы тиген топырақ өнімді жеміс беретін болыпты. Ол мұқтаж адамдарға қол ұшын беріп, өмірін тақуалықпен өткізген. Тектік қасиеттің күштілігін қоғам үшін саналы ғұмырын арнаған әкелі-балалы қос әулие тұлғалары арқылы тануға болады. Ибраһим атаның бойында әулиелік, көріпкелдік, емшілік қасиеттері болған. Ибраһим атаның арғы бабалары Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы Әзіретті Әлидің Мұхаммед Ханафия атты ұлынан тарайтыны айтылады. Бұл аталған шежіре 90-жылдардың бас кезінде Сайрам қаласындағы ескі, бұзылған үйдің қабырға жапсарынан табылған. Оны сайрамдық Саидикрам Саидақбаров деген кісі тапқан. Кейін бұл алты метрлік Қытай қағазына жазылған қолжазба Шымкент қаласында жеке кітапша болып басылды [51, 24 б.].

Киелі кеңістік категориясы бойынша, XI ғасырда Сайрам қаласы ислам дінінің негізгі ошағына айналып, мұнда көптеген діндарлар мен ғалымдар тұрған екен. Солардың бірі Ибрагим ата Сайрам өңіріне танымал уағызшы болған екен. Ибраһим ата кесенесі тарихи деректер бойынша шамамен XI-XII ғасырларда салынған. Кесене Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сайрам ауданының солтүстік-батыс шетіндегі биік төбеде, Ақсу ауылына баратын жолдың бойында орналасқан. Кесене киелі жер ретінде халықтың түпкі мәдениетінің ерекшелігін, уақыт пен кеңістіктегі дәстүрлі қазақ мәдениетінің көрінісін баяндайды. Халық арасында рухани азық беретін, арман-тілектерді қабыл ететін, адасқанға жол көрсететін, қанғырғанға пана болатын, ауруды емдейтін, тынысты кеңейтетін қасиетті, киелі, әулиелі жер болып саналады. Қазіргі таңда Ибраһим атаның кесенесіне зиярат ету үшін ат басын бұратындар аз емес [50, б. 184-185]. Кесененің басындағы құрылысы (XII- XIV ғғ.) көп уақыт шыдамай, құлап қалды. Кесене XIX ғасырда қайта салынды.

Киелі жер классификациялары бойынша Ибрагим ата байырғы сопылардың бірі, толық бір аймаққа танымал, нақты қабірі бар, кесенесі бар киелі орын.

*Қарашаш ананы* діни феноменологияда киелі адам категориясы тұрғысында қарастыратын болсақ, ол ең білімді, сауатты адам болған, қасиетті Құран Кәрімді араб тілінен түркі тіліне алғаш болып аударған әйелдердің бірі болған. Шын есімі Айша. Қарашаш ананың қап-қара толқынды шашы болғаны үшін халық оны Қарашаш деп атап кетіпті. Ол Сайрамдағы текті адам, танымал

Мұса шейхтың қызы болған. Ал Мұса шейх болса Ибраһим атаның ұстазы болған. Ибраһим ұстазының қызына үйленіп, одан үш перзент сүйген дейді. Біріншісі Гаухар деген қызы, екінші баласы Садыр қожа деген атамыз Қытайдың территориясында дін жолында шейіт болған дейді, үшінші баласы Ахмет Яссауи бабамызды Алла тағала ерекше қасиетті бала қылып жаратқан екен. Ол барлық науқастар мен мұқтаж адамдарға қол ұшын беруге тырысты. Алла тағала берген ізгі қасиеттерінің бірі – перзент сүйе алмай жүрген әйелдерді уқалау жолымен емдеп, бала көтеруіне себепші болған деседі. Оған қоса, Қарашаш ана сырқатты емдегенімен бірге түс жори алатын. Осының арқасында ол өңірдегі тұрғындар арасында кең танымалдыққа ие болды. Қарашаш ана бала тәрбиесіне көп көңіл бөлді, адамдар санасында ол аналықтың биік символына айналған.

Киелі кеңістік категориясы тұрғысынан, Қарашаш ана кесенесі Сайрамның орталығында орналасқан. Қарашаш ананың қазіргі кесенесі – түпнұсқа. XIV ғасырда Әмір Темірдің бұйрығымен тек кірпіш және балшықпен көтерілген. Ешқандай іргетасы жоқ. Бірде-бір шеге, темір қолданылмаған. Осы ғимарат жеті ғасырдан бері анамыздың басына пана болып келеді. Арасында кішігірім жөндеулер жүргізіліп тұрған. Қожа Ахмет Ясауидің ата-анасы – Ибраһим ата мен Қарашаш ананың кесенесінде Киелі Құранның «Бақара» сүресінің 255-аяты тасқа қашап жазылған. Бұл аятта «Алланың құзырында Өзінің рұқсатынсыз шапағат жасайтын кім болмақ. Алла олардың алдыңғысын да (дүниедегі), кейінгісін де (қияметте не боларын) біледі. Ал олар Алланың білдіргенінен басқа ештеңені де сезбейді» деген сөздер жазылған. Кесенелер алдында арнайы тасқа қашалып жазылған аяттың мағынасы – «қажетінді адамнан, әруақтан емес, Алладан сұра» дегенді меңзеп тұрғандай [50, 187 б.].

Киелі нысан категориясы бойынша кесене басында құдық бар. Зияратшылар киелі орынның құдығының суынан қалағанынша ниет етіп алып кетіп жатады.

Жалпы адамзат тарихында кез-келген анаға кесене сала бермейді. Қарашаш ана айналасына нұры төлінген киелі адам болғандықтан нақты қабірінің үстіне кесене тұрғызылған.

*Махмутхан-шейх баба кесенесі* 100 киелі нысанның ішінде жоқ. Алайда, Қожа Ахмет Ясауидің өзін, ұстазын, ата-анасын жазғаннан кейін, бұл адамды да жазып кеткім келді. Себебі, Махмутхан-шейх баба Ахмет Ясауидің атасы болып табылады. «Ата көрген оқ жонар» қазақ мақалындағыдай, әрине ұлы сопымыздың тәрбиесінің терең бесігінде осы адамның да қатысы бар, қызметі бар деп ойлаймын. Киелі адам категориясы тұрғысынан алғанда, Махмутхан-шейх баба – Ибраһим атаның әкесі, Қожа Ахмет Ясауидің атасы. Түлкібас жерінде мекендеген Ибітхан атаның баласы. Махмутхан баба Түлкібаста кішігірім медресе салдырып, балаларды дін сабақтарына оқытқан. Ислам діні үшін соғыста шейіт болған.

Киелі кеңістік категориясы бойынша Махмутхан-шейх бабаның мазары Ибраһим ата кесенесінен сәл беріде Түлкібас (ОҚО) ауданында орналасқан.

Кезінде Махмутхан-шейх баба «түрік халқының басына барып жатамын» дегендіктен Түркібас делінген, алайда дыбыстық өзгерістерге ұшырап, ол жерді жергілікті халық Түлкібас деп атап кеткен. Кесене құрылысы Х-ХІ ғасырларға жатады. Кесене шырақшысы Ұлықбек Анарқұл келушілердің дені зияратын бірінші Ибраһим атадан бастайтынын, ал негізі оның әкесі Махмутхан баба басына келіп тәу ету керектігін айтады. «Бұл бабаның аты көп айтыла бермеуінің сыры оның насихаты аздығында. Өткенде Түркиядан бір профессор келіпті. Ол Қожа Ахмет Ясауи туралы кітап жазып жатыр екен. «Мен Яссауидің жерленген жерін білемін, бірақ кіндік қаны тамған жерді білмейтін едім», – деп көзіне жас алды. Аяқ астынан көшенің адамдарынан естіп, осында келген беті екен. Швейцария, Италия сияқты алыс шетелден, әсіресе Түркия, көрші Ресей, Өзбекстаннан туристер көп келеді», – дейді шырақшы [52]. Кесене құрылысының бұрынғы ғасырларда неше рет өзгергенін ешкім дөп басып айта алмайды. Жер қимылдағанда немесе басқа да ірі табиғи апаттардан қалай аман жеткені де бізге беймәлім. Жергілікті халық бұл кісінің әулие екенін біліп, құлап қалған уақытында қайтадан тұрғызып отырған. 2007 жылы көптеген белді қызметтер атқарған Майра Сағымбекова деген сол өңірдің тумасы осы кесенені өз қаржысына тұрғызып, зияратшыларға кішігірім қонақүй, қазан-ошақ жасап берді. Жеке меншіктен сатып алып мемлекетке өткізді. Кесененің шатыры жоқ, яғни бабамыз ашық аспан астында жатыр. «Өлі адамның басына да күн, жаңбыр тиюі керек» деген мақсатта солай салынған, – дейді зияратшырақшысы Ұлықбек Анарқұл [52]. Дін ілімдерін таратушы ретінде аты шыққан баба басына мешіт имамдары, молдалар, дін жолына біржола бет бұрғандар жиі барады. Діндар боламын, намазға жығыламын деп ниет еткендер де зиярат жасайды. Жалпы, күллі игілерге бата беруші әулие баба.

Махмутхан-шейх баба жергілікті аймаққа танымал, нақты қабірі бар кесене деуге болады.

*Гаухар ана кесенесін* дінтанулық тұрғыдан алғанда, келесідей категориялар бойынша қарастырылады. Киелі адам категориясы бойынша, Гаухар ана – ұлы ойшыл, сопы Қожа Ахмет Ясауидің қызы. Деректерде, анамыздың ақылы көркіне сай ерекше жан болғандығы айтылады. Гаухар ана да өзінің әжесі сияқты емшілік қасиеттері арқасында көптеген адамдарға көмек көрсеткен екен. Аңыз-әңгімелерде Гаухар ананың баласы болмағанын айтады. Әкесі «Еміңнен жазылған адамдардың бәрі – сенің балаларың» деп қызын жұбатқан деседі.

Киелі кеңістік категориясы тұрғысынан, Гаухар ана кесенесіне құрсақ көтере алмай жүрген келіншектер, әйелдер зиярат етеді, кесенеге қонып дұға қылады. Гаухар ана кесенесі Түркістан қаласының оңтүстік-шығыс бөлігінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен алыс емес жерде орналасқан. Гаухар ана кесенесі – өте көне ескерткіштердің бірі. Тіпті, патшалық Ресей кезінде ескерткіш мүжіліп, жартысы құлап қалған екен. Кейін ел тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қайта кесене тұрғызылды. Бүгінде Гаухар ана кесенесіне келушілер өте көп. Олардың көбі дертіне шипа іздеп

келеді. Талай жанды емдеп, ауруынан айықтырған қасиетті ананың шарапаты тисе деп тілейді.

Киелі нысан категориясы бойынша, Гаухар ана кесенесінің маңында емдік қасиеттері бар артезиан суы шығатын құдықтар көптеп кездеседі. Сонымен қатар кесененің ауласында жуынатын орындар бар. Емдік қасиеті бар суға әрбір әйел-келіншектер міндетті түрде душ қабылдайды екен [50, 188 б.].

Киелі жер классификациясы бойынша Гаухар ана Орта Азияға танымал, емдік суы бар, нақты қабірі сақталған кесене болып есептеледі.

*Қарабура әулие кесенесіне* дінтанулық талдау келесідей категориялар бойынша жасалады. Киелі адам категориясы бойынша, Қарабура әулиенің шын есімі – Бурахан, тама руынан шыққан. Ол XI-XII ғасырларда өмір сүрген оғыз-қыпшақ заманының әйгілі тұлғасы, көріпкел, ықпалды қайраткері болған. Тарихи деректерге сүйенсек, Қарабура Орта Азияда ислам дінінің орнығуына ықпал еткен әулие болған. Кейбір аңыздарда, Қарабура әулие Қожа Ахмет Ясауидің жаназасын шығарған деседі. «Бір күні шәкірттері Қожа Ахмет Ясауиден жаназаңызды кім шығарады?» деп сұрақ қойғанда, Ахмет Ясауи қарт Қаратаудан Қарабура деген әулиенің келетінін айтқан екен. Ахмет Ясауи қайтыс болғанда ол түйесімен барып, жуындырып, жаназасын шығарады да, ешкімге есімін де айтпай еліне қайтқан екен» [39, 52 б.]. Қарабура әулиенің екі қызы болған. Бірінші қызы Бегім сұлуды Оғыз қыпшақтарының ханы Санжар сұлтанға ұзатқан. Екінші қызы Әмбар бибіні ислам дінінің ірі өкілі, ғұлама ғалым Сүлеймен Бақырғаниға ұзатып, одан туған немере қызы Айша Бибі Сүлеймен Бақырғани өлген соң, екінші әкесі Зәңгі бабаның тәрбиесінде болған. Қарабураның қыздары Ташкенттен 12 шақырым жерде Әмбар Бибінің, Қызылорда облысында Бегім сұлудың кесенелері орналасқан.

Қарабура әуленің киелі кеңістігін оның туып-өскен жері, ғұмыр кешкен мекені Шу, Талас, Сырдария, Еділ, Жайық өзендерінің бойы, сахара жұртының сол алыптарындағы көшпелілік пен отырықшылықты тоғыстырған ортасы құрайды. Қаратаудың етегі мен Созақ елді мекенінде ғұмыр кешкен [39, 53 б.]. Созақ топырағында жерленген Қарабура әулиенің зираты күллі түркі дүниесі үшін киелі орынға айналған. Киелі орын ауласына кірген бойда сол жақта алып түйенің ескерткіші қойылған. Ол кезінде түйемен жүрген Қарабураның құрметіне, яғни, кесене күзетшісі ретінде қойылған екен.

Киелі іс-әрекет категориясын қарастырғанда киелі шежірені негізге алуға болады. Оның, яғни насабнаманың (киелі шежіре) басты бағыты – киелі адамдар қарапайым адам жасай алмайтын кереметтер жасайды. Бұрынғы догматикалық және агиографиялық әдебиеттерде керемет ұғымы деп Алланың кең пейілділігі мен жомарттығының арқасында Пайғамбардан мұра ретінде алынған ерекше қабілеттер түсіндірілген. Жалпы, керемет ұғымы табиғаттан тыс қабілеттердің бар екендігіне көз жеткізеді: лезде үлкен қашықтыққа саяхаттау, әртүрлі оқиғаларда көрінбеу, болашақты алдын ала білу (табиғи құбылыстар мен катаклизмдерді қоса алғанда) және т.б. [29, 108 б.]. Бұл кереметтер көбінесе әулиелерде кездеседі. Қарабура бабаның киелі іс-әрекетін

мынадан байқауға болады, ол казак даласында Қарахан мемлекетінің шаңырақ көтеріп, ірге бекітіп, нығаюына белсенділікпен атсалысқан. Өзінің батырлығымен де, адамгершілік қасиеттерімен де бүкіл Орталық Азияның батыр-билерінің жоғары қолдауына ие болған. Ұлы Жібек жолымен келетін жаңалықтарды, ғұлама ғалымдарды, дін таратушыларды айрықша қолдап отырған. Қарабура ел басқаруда өзіне де, өзгеге де, барлық билік өкілдеріне де төрт түрлі ұстамды талап қойған. Бірінші – әділеттілік; екінші – адалдық, тазалық; үшінші – білімділік, батылдық; төртінші – адамгершілік, имандылық. Қарабура мұсылман дінін таратушыларды қолдай отырып, мыңдаған сауатты жастарды ел арасына жіберіп мұсылман дінінің маңыздылығын түсіндірген. Діни сауаты бар азаматтарға молда, қажы, ғалым деп құрмет көрсеткен. Осылайша, Орталық Азияда мұсылман діні қалыптасуына Қарабура ата ұлан-асыр үлес қосқан. Атақты Жүсіп Баласағұн Қарахан мемлекетіндегі Қарабураның саяси ұстанымдарын, жұрт ынтымағын, Ислам дінінің тазалығын «Құтты-Білік» деген дастанында жазған. «Құтты-Білікпен» танысқан соң Қарабура Жүсіп Баласағұнға «Хас-Хажип» деген атақ береді. Ол хан сарайының бас ақылшысы, бас уәзірі деген мағынаны білдіреді екен [53]. Қарабура ата «Пайғамбардан артық қызмет етуге құқым жоқ» деп, жер астындағы мешітке түсіп, бірнеше жыл өмір сүрген екен. Қарабураның діни-рухани өнегесі кейінгі уақытта да жалғасын тауып жатыр.

*Укаша атаны* киелі адам категориясы тұрғысынан талдағанда, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың сенімді сахабасы болған. Біздің даламызға Ислам дінін алғаш алып келген тарихи тұлғалардың бірі. Укаша ата шамамен 6-7 ғасырларда өмір сүрген. Укаша ата ел арасында аңыз тұлға ретінде танымал. Ол жөнінде арнайы жазылған тарихи зерттеу еңбегі жоқ. Қазақ тарихының көптеген мәселелеріне зерттеу жұмыстарын жүргізген Ш. Уәлихановтың еңбектерінде Укаша сахаба жайлы мынадай мәлімет ала аламыз. «Родоначальникам Средней орды был товарищ, сахаба Мухаммада избранного. Пророк по откровению архангела Гавриила, узнав о скором своем оставлении правления сего тленного мира, чтобы там, в эдеме, на лоне гурии, отдыхать вечно и вечно, призвал своих друзей и товарищей и сказал им об этом, прося прощения, если он сделал кому-нибудь из-них обиду. Все плакалаи и говорили:// «Ты друг аллаха, мог ли ты сделать обиду!». Только один сахаба, по имени Оксе, объявил претензию, что пророк при осаде какого-то города безвинно ударил его в спину. Мухаммед действительно вспомнил свою ошибку и в возмездие предложил ему спину. Абубекр, Омар, Осман, Али и другие вельможи тщетно отговаривали Оксу оставить безрассудное свое намерение. Оксе ничего не хотел слушать и, при общем проклятии народа, подошел с плетью к священной спине любимца Аллаха и просил его обнажить тело. Пророк снял свое верхнее платье. Оксе того и нужно было: он знал, что на спине избранного есть божия печать, приложившись к которой смертный делается недоступным адскому огню. Оксе вместо ожидаемого удара только наклонил голову, поцеловал и отошел прочь. Но за неудовольствие,



причиненное им пророку, и по общественного проклятия бог обрек его и его потомков бродняжничеству, благословие, впрочем, вместе с тем на довольство и безбедность. От него (Оксе) происходит... родоначальник уйсуней и всего народа» [54, Б. 273-274]. Айтылып отырған Оксе есіміне Ш. Уәлиханов мынадай түсініктеме беріледі: «Оксе (искаженное от арабского имени Уккаша) – исторически неверная легенда о происхождении казахов от Аккаше и Анеса, приведена у Г.Н.Потанина» – дейді зерттеуші Уәлиханов Ш. [37, 396 б.]. Яғни Оксе бұл Укаша сахабаның бұрмаланған есімі дейді. Бізге аңыз болып жеткен Укаша ата жайында ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында өмір сүрген Шәді төре Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жүсіпбек Шайқысламұлы біраз деректер қалдырды. Бұл кісілердің шығармаларында Укаша атаның есімі Ғакаша деп беріледі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бір жазбасында Ғакаша, Имамбайыр, Құттықожа, Ерқоян бастаған түркілерден құралған 90 адамнан тұратын атты әскер пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) жасағына келіп қосылды деген мәлімет береді. Ғакаша пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сенімді сахабаларының біріне айналып, жанында жүреді. Бұл дерек мәліметі Укаша атаның шығу тегінің түркі екендігін көрсетеді дейді [55, 66 б.]. Шығармада Ғакаша сахабаның есімі негізгі кейіпкерлердің бірі ретінде баяндалған. Бұл шығармалар бізге ең алдымен, Ғакаша сахабаның ешқандай да аңыз емес тарихи тұлға, пайғамбардың жақын серігі, қасында бірге жүрген аяулы сахаба болғандығын анық көрсетіп отыр. Кеңес үкіметі орнап, қазақ әліпбиі кириллицаға көшкенге дейін ел бұл тұлғаны Ғакаша дейтін болған.

Киелі кеңістік бойынша, Укаша ата мазары Түркістан қаласынан 60 шақырым жерде, Серт ауылының солтүстік жағындағы Қаратау етегінде жатыр. Аңыз бойынша оны жау жеңе алмаған, ешбір пенденің оғы өтпейді және қылышы кеспейді екен. Жаулары айла жасап оның әйелін алдап сахабаның осал жерін біліп алыпты. Укаша ата тек таң намазын оқыған кезде ғана қорғансыз болады екен. Оны білген жаулары Укаша ата таң намазын оқып отырған кезде келіп басын қылышпен шауыпты. Жансыз басты періштелер домалатып қырдың етегіне жеткізіпті. Сол жер қақ айырылып құдық болып, атаның басы сол жерге түсіп, жер асты өзен арқылы Мұхаммед пайғамбарға жетіпті. Сахабаның қаны тамған жердің бетіне саздан ұзындығы 21 м белгі соғылған. Зияратқа барғандарға әулиенің шырақшылары Укаша атаның басы домалап түскен құдықты, атаның түйесінің ізі қалған тасты көрсетеді. Зияратшылар осы құдыққа кезекпен шелек салып су алуға әрекет етеді. Су біреулерге беріледі, біреулерге қанша мәрте шелек салғанымен бір тамшы су ілінбейтіні бар. Мұны шелек тастап отырған адамның күнәсіне балап түсіндіреді» - дейді. [56, 48 б.]. Қазіргі уақытта Укаша ата қабірі басына тұрғызылған кесене тарихи-мәдени ескерткіш ретінде мемлекет қарауына алынған.

Сонымен жоғарыда келтірген деректерді талдай келе, мынадай қорытынды алуға болады: Укаша ата Мұхаммед пайғамбардың сахабасы, Орта Азия мен Түркияға танымал, нақты қабірі сақталған, жанында құдығы бар кесене.

*Баба Түкті Шашты Әзіз бабаны* киелі адам мен киелі уақыт категорияларын сабақтастыра отырып қарастырсақ, деректерге сәйкес, ортағасырларда қазіргі Оңтүстік Қазақстан аймақтарында діни қақтығыстар қызу жүріп жатады. Сол аймақты мекендеген ру-тайпалар мұсылман жауынгерлеріне қатты соқтығыс береді. 767 жылы Бағдаттың падишахы Абд ар-Рахим Бабтың ұлы Ысқақ баб қолбасшы болып, жағдайды қолына алады. Сөйтіп Сырдария мен Түркістанға Араб елінен келген ілімді тарату үшін тактикасын өзгертеді. Ысқақ баб бекінісіне жауынгерлерін шақыртып, соғысты тоқтатады да, жергілікті халық өздері шешсін, исламды қабылдай ма әлде жоқ па деп жариялайды. Ысқақ баб өзінің оң қолы ретінде жергілікті халықтың ішінен қолбасшысы етіп Баба Түкті Шашты Әзізді тағайындайды. Сөйтіп оның беделдігін пайдалана отырып, Баба Түкті Шашты Әзіз қантөгіссіз қаратаулық қазақтарға исламды қабылдатады. Тіпті, бір күннің ішінде 200 мың адамға уағыз айта отырып исламға бой ұсындырады деген аңыздар бар. Ысқақ бабтың оң қолы етіп Баба Түкті Шашты Әзізді таңдап алуындағы себебі, ол халық жадында ел қорғаған батырлардың демеушісі, қиналған-қысылған шақта сүйеніші, баласы жоқтарға бала сұрап әперуші, жарылқаушы, ақ тілеулі аналардың жалбарынғанда медет қылар пірі, жауға шапқанда ұрандататын киелі әулие болған екен. Баба Түкті Шашты Әзіз қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін фольклорлық әрі мифологиялық бейне, асқан батыр атанған, кейіннен мұсылмандар арасында әулие саналған [50, 177 б.]. Энциклопедияда берілген мәліметтерге бойынша Баба түкті Шашты Әзіздің есімі «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Шора батыр» жырларында жиі кездеседі.

Киелі кеңістік категориясы бойынша, Баба Түкті Шашты Әзіздің зираты Қаратаудың солтүстік-шығыс жағында, бүгінгі Оңтүстік Қазақстан облысының Шолаққорған ауданындағы Қызылкөл жағасында бұрынғы Құмкент қаласының оңтүстігіне қарай 1 км жерде орналасқан. Кесенеге еліміздің түкпір-түкпірінен зиярат етушілердің қарасы еш үзілмеген. Әулиенің басына барушылар сырқатына ем іздесе, енді біреулер үлкен намысты додаларға аттанарда дұға етуге, перзент сүйе алмай жүрген қыз-келіншектер баба рухына дұға жасап, Алладан бала сұрауға барады. Мазардың жанында бұлақтан мөлдіреп су ағып тұр. Жанында шағын көлшік бар. Ниеттеніп келушілер бұлақтың су ішіп, көлшікке жуынып, дертіне ем сұрайды.

Киелі жер классификацияларына сәйкес, Баба Түкті Шашты Әзіз ортағасыр дін таратушы-әулие, ежелгі батыр, толықтай бір аймаққа танымал, нақты қабірі сақталған, жанында емдік суы бар кесене.

*Исмайыл ата* киелі адам категориясы тұрғысынан алып қарағанда, шығу тегі Әбдіжәліл бабтан басталады. Оның Ысқақ қожа ибн Исмайыл атты ұлы болған. Ол шежіре жазумен айналысқан екен. Ысқақ қожа «Хадикат ал-‘арифин» атты еңбегінде әкесі Исмайылдың рухани сабақтастығының тізбегін жасайды, онда: Исмайыл атаның әкесі Ибрагим ата Суксук атаның бұрынғы шәкірті, Суксук ата өз кезегінде сопы Мухаммед Данышманд Зарнукидің шәкірті, ал Мухаммед Данышманд Зарнуки Ахмад Ясауидің ізбасары болған

делінген. Профессор ДиУистің пікірінше, бұл көне тізбек XV–XVI ғғ. жатады дейді [46, 35 б.]. XV ғасырда тәжік халқының ұлы классик-ақыны Әбдірахман Жами мен өзбек халқының классик-ақыны Әлішер Науаи өз еңбектерінде Ысмайыл ата мен оның ұрпақтары туралы жазған. Сонымен қатар, Исмайыл ата және оның ұрпақтары туралы дерек сол заманның басқа да атақты ғұламалары (Фахриддин Әли Кашифи, Мұхамед Әлім Әл Алаууий т.б.) жазған қолжазба арқылы бізге жетті. «Орталық Азиядағы исламдандыру және киелі насабнамалар: Ысқақ баб мұрасы риуаяттар мен шежірелер дәстүрінде» атты екі томдық кітап дүниеге келді. Аталған еңбекте Исмайыл ата ұлы Ысқақ қожаның «Хақикат Әл Арифин» атты еңбегінің Қабул нұсқасы мен Өзбекстандағы шығыстану институтындағы тоғыз нұсқасының қолжазбалары егжей-тегжейлі зерттеліп, бұрын ғылым әлемінде айтылып жүрген Исмайыл ата тарихына байланысты дерекке түзету енгізілді. Олар: 1) Осы күнге дейін ғылымда Исмайыл атаны Қожа Ахмет Ясауидың Ыбрайым ата деген інісінің ұлы деп келінген еді. Қожа Ысқақ еңбегі Қожа Ахмет Ясауидың он бірінші атадағы бабасы Ысқақ бабпен Исмайыл атаның он үшінші атадағы бабасы Әбдіжәліл баб арқылы табысатын алыс туыс екенін көрсетіп, анықтық енгізді; 2) Исмайыл атаның Қожа Ахмет Ясауиға байланысатын рухани тізбегі ғылымда Исмайыл ата– Сейіт ата – Зеңгі ата– Хәкім ата– Қожа Ахмет Ясауи түрінде қабылданып келді. Қожа Ысқақ еңбегінің қолжазбаларында бұл жөнінде деректер бар. Жобаға қатысушылар Ысқақ баб туралы әңгіме айтылатын көп еңбектің ішінен ең ескі қолжазба деп XIV ғасырдың орта тұсында құрастырылған Ысқақ қожаның «Хақикат Әл Арифин» еңбегінің қолжазбасының Қабул нұсқасы екенін анықтап, жобаның басты нысаны ретінде таңдап алыпты [57, 28 б.]. Исмайыл ата халықты ізгілікке, дінге, иманға бағыттап, соңынан ерткен киелі адамдардың бірі. Ата ілімін жалғастырған оның ұрпақтары діни ілімнің атадан балаға өтетін ерекше тізбегін құрып, өте ықпалды топқа айналдырды. Дүниеге ислам дінін таратуда аса белсенділік танытып, бірнеше ғасыр бойы Мәуренахр мен Түркістанда, Қорасан мен Үндістанда халықты соңынан ерте алды.

Киелі кеңістік категориясы бойынша, Исмайыл ата кесенесі Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Тұрбат ауылында орналасқан. Мұнда кешен құрамында Қошқар Ата ежелгі мазары, Жабраил Ата мен Ысқақ Ата кесенелері бар. XV ғасырда жарты әлемді жаулаған Әмір Темір Тұрбаттағы даңқты бабалары Исмайыл ата мен Ысқақ атаға кесене тұрғызады. Бүгінде кесенелерге бірнеше жөндеу жұмыстары жасалған және де Қазақстанның 100 киелі объектілерінің тізіміне енгізілген.

*Тектұрмас кешенін* дінтанулық тұрғыдан қарастырғанда, Тектұрмас атаны киелі деп – оның ісі ақ, жүрегі таза, әділ сөзді, әрдайым халықтың қамын ойлап, жетім мен жесірді жебеп жүретін, мұқтаждарға қол созып, жәрдем еткен әулиелік қасиеттері болғанын айтамыз. Бұл атаның «Тектұрмас» деп аталуына байланысты бірнеше деректер кездеседі. Солардың бірі, филолог ғалым Ж.Дәдебаевтың айтуынша, Тектұрмас атаның азан шақырып қойған аты Сұлтан

Махмұт екен. Бір аңызда, оны өз дәуірінде хан сарайындағы бек қызметіне ұсынғанда, бас тартқан. Бектіктен бас тартқан соң, халық оны Тектұрмас деп атап кетеді. Сұлтан Махмұт көп ұзамай дін жолына түсіп, әулие атанады [58]. Халықты адамгершіліктің асыл мұратына үгіттеп, имандылық пен қайырымдылыққа шақырып, әділдік пен ар жолын уағыздаған Тектұрмас әулие заман шындығын айтушы ретінде де сипатталады. Әрдайым ақиқатты іздеген Тектұрмас әулие зерттеушілердің болжамы бойынша XI ғасырда ғұмыр кешкен көрінеді. Ғалымдар оны үлкен ғұлама дін адамы ретінде көрсетеді. Басқа бір аңызда Тектұрмас Қарахан дәуірінде әскербасы болып, қызмет етіпті. Ол қызмет бабымен халық жиналған көп орындарға барып, жолаушыларды түгелімен тексереді екен. Күдікті жайтқа куә болса, арнайы шара қолданып, адамдарды жазалап отырған. Жалпақ жұртқа мезі болған оны, халық ашумен Тектұрмас деп атап, өз наласын білдірген екен [59].

Ал кесенесін киелі деп – X-XIV ғасырларда Тараз қаласының оңтүстік-шығысына қарай, Талас өзенінің жағасында бой көтерген. Оның әулиелігіне көзі жеткен халық мазарының басына келіп, шырақ жағып, құрбандық шалып, тілек тілеген. Тіпті, балаға зар әйелдер келіп, түнейтін орын болыпты. Биікте тұрған Тектұрмас әулиенің бейітіне қарап, оның өмірде жасаған жақсылығына қарай алған бағасы дейтіндер де көп. Бұл жердің киелі екеніне халықтың ағылуынан көруге болады, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келіп зиярат етушілер саны көбейе түсуде. Аталған қасиетті орынды тарихи кесене деп те дұға етушілердің жиі келетін орны деп санауға болады. Ал жас жұбайлар салтанатты тойлары алдында заңды некеге тұрып, Тектұрмас ата кесенесін аралауды дәстүрге айналдырған. Қазіргі таңда кешеннің басына қызмет көрсету орындары ашылып, туристік нысанға айналған.

Түйіндей келе, Тектұрмас ата жалпыға танымал киелі адам, кесенесі толық бір аймаққа танымал, нақты қабірі сақталған сәулет кешені.

*Қорасан ата кесенесіне* феноменологиялық тұрғысынан алғанда, киелі категориясы бойынша деректерге сүйенсек, Қорасан атаның шын есімі Әбдіжәліл баб насабнама шежіресінде Али ибн Абу Талибтің (Әзіретті Әлінің) ұлы Мұхаммед ал-Ханафияның бесінші ұрпағы болып табылады. IX ғасырда Иран мен Тұран бағытында қазіргі Орта Азия мен Қазақстанға ислам дінін тарату мақсатында Әбдірахим баб, Ысқақ баб және Әбдіжалил баб бастаған топ келеді. Бұл уақытта Ысқақ баб пен Әбдіжалил бабтың әкесі Әбдірахман баб Шам шаһарының патшасы болған. Ол қайтыс болған соң орнына үлкен ұлы Ысқақ баб таққа отырып, патшалық құрды. Ал Әбдірахманның інісі Әбдірахим баб Бағдаттың (қазіргі Ирак), Әбдіжалил баб Йеменнің патшасы болды. Әбдіжалил баб ондаған мың әскерімен Исфахан, Тебрих, Мазандеран, Балх шаһарларын басып алып, Иранның Хорасан қамалын қоршайды. Үш күн, үш түн шабуылмен бұрын ешкім ала алмай жүрген 32 қақпалы Хорасан қамалын Әбдіжалил баб басып алады. Әбдіжалил баб иемденген жеріндегі халықты ислам дініне кіргізіп, мешіт-медреселер салдырып, арабша сауатын ашып, мәдениетінің өсуіне ықпал еткен. Хорасан өлкесінде де осындай игілікті тірлік

жасаған. Осылайша Хорасан ата (дыбыстық өзгерістерге ұшырап, қазір Қорасан ата деп аталып кеткен) атанады. Ол ірі қолбасшы әрі жолбарыс жүректі батыр болған. Қорасаннан қалың әскерімен аттанған Әбдіжалил баб Сырдарияның сол жағалауындағы Қызылқұм өңіріндегі «Тотықұс» аралына (қазіргі Жанақорған ауданының аумағында) келіп табан тірейді. Осы жерді тұрақты мекен етеді. Мешіт-медресе салдырып, бала оқытып, емшілік істермен де айналысқан. Ислам діні мен мәдениетін Орта Азия мен Сыр бойында уағыздаудың көш басында тұрған Қорасан атаның қадір-қасиеті уақыт өткен сайын биіктеп келеді. Оның ұлылығына бас иген Қорасан атаның (Әбдіжалил бабтың) туған ағасы Ысқақ бабтың жетінші ұрпағы Қожа Ахмет Ясауи 63 жасқа келіп, қылуатке (жер асты мекені) түскенге дейін әр жылы Ораза, Құрбан айт намаздарында осы Қорасан ата басына келіп Құран бағыштап, Меккедегі Қағбаның осындағы көшірмесіне жүзін беріп намаз оқып қайтады екен [60]. Қорасан ата жолды нұсқаушы болып, түркі халықтарының сандаған ғасырлар бойы исламды қапысыз ұстануына ықпал етті. Ислам дінін түркілердің дала мәдениетімен ұштастыра таратып, түсіндіруді өзінің парасатты парызы деп білген. Оның өте данышпан, емші, ақылгөй кісі болғаны тарихтан белгілі. Аңыз-әңгімелерге сүйенсек, бамдат намазын оқып тұрғанда Қорасан атаның тұла бойы қорғасындай еріп тұратын болған екен. Ислам дінін уағыздаумен қатар жүйке, қояншық, шешек ауруларын емдеп жазатын болыпты.

Киелі кеңістік категориясы бойынша бұл киелі жердің өзгелерден ерекшелігі – мұнда Меккедегі Қағбаның көшірмесі бар. Ертеде Қорасан атаның баласы ғұлама имам болған екен. Әкесі Қорасан ата әр жұмада «Тотықұс» аралынан Ақмаямен желдей ұшып, Меккеге барып бамдат намазын өтеп қайтады екен. Осыны сезген Хусаин әкесіне «Рұқсат етсеңіз, Меккедегі Қағбаны осында көшіріп әкелейін» депті. Сонда Әбдіжәлел баласын сынау үшін рұқсат етіпті. Баласы айтқанындай, кілемге салып Қағбаны әкеледі. Қорасан ата баласының құдіреттілігіне сеніп, қағбаны жерге қойғызбай көлеңкесін сызып алады, кейін сол сызылған орынға құм үйіндісі жиналып Қағба салынады. Бүгінгі күні бұл орын кіші қажылыққа барғанмен тең болды. Қағбаны жеті рет айналып, дұғаларды оқып, қасындағы құдықтың қасиетті суын ішіп адамдар рухани жаңарып, тазару үшін келеді. Яғни, бұл жерде киелі нысанның да белгілері бар. Қорасан ата өзі өлсе де рухы өлмей мазар басына түнеп, перзент сұраған ерлі-зайыптыларға ұл сұраса ұл, қыз сұраса қыз берген. Бұл жөнінде қазақ халқының эпостық жырларының бірі – Қобыланды батыр жырында Қорасан атаның киесі туралы айтылады [61]. Қорасан ата (Әбдіжалил баб) мен оның ұлы Хұсайын баба (Хұсайын Ғази) зираттары қазіргі Жанақорған ауданының жерінде орналасқан. Зират басына үлкен кесене тұрғызылған, алайда бұл оның табиғи қалпын жоққа шығармайды, себебі кесене ішінде нақты қабірі сақталған. Қорасан атаның қасиетіне тәнті болған халық кесенесіне зиярат жасап, құран бағыштап, Алладан тілек тілейді.

*Оқишы ата* киелі адам категориясы бойынша Сыр өңірінің халқы әулие санайтын адам болған. Шын аты – Ибраһим шайхы, лақап аты – Көгентүп, ал

Оқшы ата – кейіннен елдің берген есімі. Бұл есім оны Ысқақ бабтың баласы деп танығандықтан аталуы мүмкін. Оқшы ата түркі тайпаларының арасына ислам дінін таратқан әулие. Тағы бір деректерде, түрколог Әуелбек Қоңыратбаевтың пайымдауынша, Оқшы ата – қару, оқ жасайтын оғыз батыры деген. Елден қыз қоймай қалмақ батыры оның қарындасына да қол салмақ болады, сонда Оқшы ата арпаның қылтығымен атып, қалмақ батырын өлтіріпті. Содан Оқшы батыр атаныпты [60, б. 46-47].

Киелі кеңістік тұрғысынан алғанда, қазір батырдың көне қорымы бар өңір кезінде шаһар болған деседі. Ел ішінде IX–X ғасырлардан бастау алып, XV–XVI ғасырларда белгі қойылған қорымның күмбезіне қатысты аңыз-әңгімелер аз емес. XIY ғасырда Қожа Ахмет Ясауидің даңқты кесенесін Ақсақ Темір салғанға дейін осы Оқшы ата жері ежелгі Тұран, оғыздар мен қыпшақтардың игі көсемдерін, әулие көрегендерін, батырлары мен шешендерін жерлеген қорымы болған екен. Бұл қорымда Оқшы ата, Есабыз ата, Асан ата, Ғайып ата, Қыш ата, Досбол би және Бала би сияқты ұлылар жерленген. Бұл жеті әулие қоғамда сөзге шешен датқалар мен батырлар атанған екен. Жеті әулиенің зираты бүгінгі күнге дейін қаз-қалпында, табиғилығын сақтап келген. Оқшы атаны ғалымдардың зерттеуінше, XI ғасырда өмір сүріп, осы өңірді жаудан қорғаған батыр болған деседі. Халық қамы, халық болашағы үшін арпалысып өткен ұлы тарихи тұлға болған дейді. Ә. Қоңыратбаев: «Оқшы – оғыз-қыпшақтың ұлы ханы Қазан Салардың батыры, әрі қару-жарақ соғатын ұстасы, шебері еді» - деп жазған екен еңбегінде [60, 48 б.]. Оқшы бабамызды киелі, әруақты адам екендігі ондаған ғасыр бойы қасиетті мекеннің «Оқшы ата» аталып, халық әруағына бас иіп, табынып, осынау құрмет ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, киелі орынға айналып келуі тегін емес. Бүгінде осы құнды мұра ЮНЕСКО-ның ескерткіштер тізіміне ұсынылған. Жәдігерлер мемлекет қорғауына алынған.

XIX ғасырдағы *Христос Спаситель* шіркеуін діни феноменологияда тек киелі кеңістік категориясы тұрғысынан қарастыратын боламыз. Тарихта Ақмешіт бекінісі патшалық Ресей әскерінің келуімен Перовск бекінісі болып өзгертілді. Қоқандықтарды ығыстырған соң, Перовск бекінісінде христиан дінін уағыздаушылар көбейіп, елеулі рөл атқарады. Бекініске шіркеу қажеттігі туындап, 1855 жылы жылжымалы шіркеу ашылады. Оның негізін салушы поп Л.Гороховский болды. Ал қала христиандары үшін алғашқы тұрақты шіркеу 1863 жылы ашылды. Бұл шіркеу үйі 1868 жылы болған қатты жауыннан құлап қалады. Сол жылы күйдірілген кірпіштен салынып, төбесі жабылған шіркеудің жаңа үйін пайдалануға береді. 1890 жылы шіркеудің жаңа ғимараты салына бастайды. Бұл құрылыс 1896 жылы пайдалануға беріледі. Шіркеу кең тараған жобаның баламасы. Осыған ұқсас шіркеулер Астраханьда және Ташкентте кездеседі. Шіркеу 250-300 адамға арналған. Бүгінгі танда шіркеу христиандардың бас қосып, мінәжат етер негізгі орны. Шіркеу ғимараты екі бөліктен тұрады: мінәжат етуге арналған зал және кіреберістен тұрады. Көлемі 17x28 м, биіктігі 18 м. [62, Б. 213-214]. Егер соңғы құрылысын 1896 жылы деп

есептесек, одан бері 100 жылдан астам тарихы болғандықтан, бұл шіркеуді табиғи сипатқа ие деп есептеуге болады. Негізгі көлемі крестті – куполды, кресттің соңдары тең («гректік»), кресттің кіруші бұрыштарында қосымша бөлмелер бар. Бұл крест тәрізді кеңістік биік (екі шырақты), орта кресті екі бөліктік сегіз қырлы барабанда тұрған жарты циркульді аркалы сегіз тар терезе ойықтарымен кесілген. Крест жеңдері қасбеттерге сәйкес пішінді жасайтын жарты циркульді көрініске ие күмбезшелермен жабылған. Осы бөлшектердің үстінгі жағында жартылай дөңгелек доғалармен жабылған жоғары пропорциялы үш бөліктік терезелер жасалған. Төменгі деңгейдегі қапталдық қасбеттерге қосымша кіреберіс ойықтары жасалған. Мінәжат ету залының есігі батыс жақтан жасалған. Бұл екі шырақтық, сегіз қырлы күмбез асты барабанындағы күмбезбен тәжделген. Күмбез негізгі күмбезге ұқсас, бірақ көлемі кішірек. Бірінші деңгейде кіреберіс бөлігі, екіншіде күмбез асты барабанында орналасқан үш тереземен жарықталатын-хорлар жасалған. Қасбет қабырғалары жасалуының негізгі сарыны болып қасбет қабырғаларының рустовкасы, сонымен қатар профильденген сырт-ернеулермен жиіктік бөлшектеу болып келеді. Ішкі кеңістік жиіктік жолақпен екі деңгейге бөлінеді.

*Сисем ата* киелі адам бойынша орта ғасырларда оғыз-қыпшақ кезеңінде өмір сүрген ислам дінін алғашқы уағыздаушылардың бірі болған. Ал киелі кеңістік тұрғысынан алғанда, М. Меңдіқұловтың зерттеулері бойынша, қорымның пайда болу уақыты шамамен XI-XII ғасырлар кезеңдеріне жатқызылады, ежелгі бөлігінің айналасында, солтүстік-оңтүстік бағытта дамыған қабырғасты ескерткіштерінде түрлі таңба-бейнелер мен дәстүрлі ою-өрнектер түсірілген. Сызба суреттердің тарихы қыпшақ-ноғай дәуірлеріндегі саяси оқиғаларды меңзейді [50, 237 б. ]. Маңғыстау облысындағы Сисем ата қорымы ең ірі және ең ежелгі қорым болып табылады. Қорым Маңғыстау ауданындағы Өтес ауылынан 35 шақырым солтүстік бағытта, батыс Үстірт шыңдары аймағындағы қыстау-құдықтар мен ежелгі керуен жолдарының бойында орналасқан. Сондай-ақ, қорым батырлар пантеоны болып саналады, мұнда Адай тайпасының небір асыл, ардақты азаматтары Қонай батыр Кенжеұлы, Есенұлы Сейіт би, Ырысалыұлы Жанұзақ батыр, Төлеп батыр Әнетұлы, Жары Сүйінқара би-батыр Үргешбайұлы, Төлепұлы Мамбетнияз би-болыс, Байбоз Бокқараұлы, ру басылары Жанбозұлдары Өтеулі, Жаманқара, Матай, Өтеғұл Зорбайұлы, Адайдың 3 назарының бірі Ескелді Саназар Құдайназарұлы, бай-сақи болған Бегей Дәуілдір Қозыбақұлы, Сенгір Дәуілдірұлы, Жарылғап Сенгірұлы, Назар Жарыұлының атақты 4 баласы (Шотан батыр, Тастемір бай, Майлан, Құдайберген), Қаржау Төлекеұлы, Қожаназар бай Жаңайұлы, Әнет би Текейұлы, т.б. жерленген. Сондықтан бұл қорым тарихи-мәдени ескерткіш ретінде еліміздің еркін, тәуелсіз ел болып сақталу жолында жан берген батырлардың рухы арқылы қазіргі жастарды патриоттық тәрбиелеуде маңызды орын алады. Сисем-ата қорымы – өлкені мекендеген көшпелілердің сәулет өнері мен салт-дәстүрлері, діни дүниетанымдары мен әлеуметтік-саяси даму үрдістерінен деректі мағлұмат

беретін құнды ескерткіш. Осы орайда, қазіргі кезде халық ескерткішті тамашалауға және аруақ басы құран бағыштауға келушілердің қатары көбеюде.

*Ұшқан ата* қорымын дінтанулық тұрғыдан алатын болсақ, бұл кесене XIV-XV ғасырларда тұрғызылған. Киелі кеңістік болып табылатын қорым Жылыой ауданы, Құлсары қаласының оңтүстік шығысына қарай 50 шақырым жердегі Мұнайлы кентінде орналасқан. Мұнда 200-ден астам қабір орналасқан. Қорымдағы кесене-ескерткіштердің дені жинақылығымен ерекшеленіп, Жем және Сағыз өзендері бойында жатыр. Ал, қорымның пайда болу тарихы туралы бірнеше аңыздар қалыптасқан. Біреуінде мұнда Ұшқан Ата деген әулиенің жерленгендігі айтылады. Киелі адам тұрғысынан, ол көріпкел, ғалым болған. Бұл адам өз ағайындарының бітіспес қас дұшпандарының қолына түсіп қалғандығын және оларға ажал қаупі төніп тұрғандығын біліп, бауырларын құтқаруға сонау Мысырдан асығып жетеді, бірақ, жауларының қолынан қапыда қазаға ұшырайды. Әулиені ерекше құрметтейтін жергілікті халық оны осы жерге жерлепті. Содан бастап Ұшқан атаға басқа да адамдардың да мүрдeleri көптеп қойылған, сөйтіп ол шағын пантеонға айналған деседі. Екінші аңызға қарағанда, бұл қасиетті мекенде дүниеден озған белгісіз үш хан мәңгілік орындарын тауыпты. Қорымның осылай «Үш хан» атанған атауы бертін келе дыбыстық өзгеріске ұшырап, халық аузында «Ұшқан» болып кетіпті. Үшінші дерек, қорым атауының ондағы шипалы қасиеті бар бұлаққа орай қалыптасқан «үш аққан» сөзінен туындағанын баяндайды. 1853 жылы топограф Алексеевтің жазғанында, XVIII ғасырда торғауыт қалмақтары мен қазақтар арасында өткен қырғын шайқасқа байланыстырылады, сонда төгілген қанға сәйкес «үш қан» атаныпты [50, б. 253-254]. Халық бұл мекеннің қасиетті орын болғандығы жайында аңыздарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келген. Ұшқан ата қорымында бірнеше ғасырлар бойы алуан түрлі бірнеше пішіндес діни жерлеу салттарымен тұрғызылған кесенелер тобы қалыптасқан. Қорымның оңтүстік-батыс жағындағы Ұшқан ата зираты ертедегі дәстүр бойынша үстіңгі жақ беті топырақпен үйіліп, басына ағаш белгі қойылған. Өткен заманда шағын мешіт бой көтергенімен, ол кейін бұзылып қалған.

Киелі нысан категориясы бойынша Ұшқан ата мекені ағып жатқан бұлақ суымен ерекшеленеді, әсіресе көктем мен күз айларында ертедегі көшпелі қазақтардың өмір сүруіне, ортағасырлық сауда-саттық жасаумен айналысқан керуен-жүкшілердің тыныс алуына аса қолайлы орын болған. Сондай-ақ, ежелгі түркілерде көсемдер мен батырлар жерленген тұсқа балбал тастар қою дәстүрі сақталған. Қазақ даласының барлық жерінде балбал тастар көптеп кездессе, бұл – ислам дініне дейін тәңіршілдік сенімді ұстанған көне мәдениеттің көрінісі болып табылады. Бұл балбал тастары бар кесене бүгінде түпнұсқасын сақтап қалған.

Діни феноменологиядағы киелі адам категориясы тұрғысында, *Бекет ата* тек көріпкел, әулие ғана емес, адам емдейтін қасиетке ие, физика мен математиканы, одан қала берді астрономияның заңдарын жетік білген адам болған. Оның туған жері ретінде қазірге Атыраудағы Құлсары жері көрсетіледі.



Ол бірінші мүшелге толғанда Шопан атаға келіп, одан дәріс алып, ары қарай білімін Хиуадан толықтырады. Ғылым-білім жинап, ортажасқа келгенде Бекет ата артынан еретін шәкірт дайындай бастайды. Ол өз өмірінде көп жерлерді аралып, ел көрген соң, ақыры Маңғыстауға оралады. Бекет ата, ұстазы Шопан ата екеуі Қожа Ахмет Ясауидің діни ұстанымын жалғастырушылардан болған. Қиындығы қат-қабат ғылым-білім жолын қуып, Маңғыстау, Атырау, Үстірт аймағында шәкірттерге ұстаздық еткен. Ол діндарлығымен қатар, қалмақтарға шапқыншылық кезінде көзге түскен батыр болған. Сондай-ақ, ежелгі дәстүрмен медресе, мешітке қолайлы жер асты ғимараттарын қашап жасаған сәулетші-шебер атанған. Бекет атаның осы қасиеттері өзі өмір сүрген заманда ерекше танылған. Сондықтан оны халқы қадірлеп, әулие тұтқан. Адай елі өзінің ұранына айналдырған. Перзентіне деген ықылас-сүйіспеншілігін ел-жұрты аңыз етіп айтқан. Әрине, ол аңыздарды нақты тарихи дерек деуге болмайды. Бірақ оларға Бекет ата өмірінің шындығы арқау болғандығы сөзсіз. Буын-буын ұрпақтың санасына ұялап, ұғымына орныққан Бекет ата есімін халықтың медет тұтуы – бабалар рухын қастерлеудің жарқын кепілі. Оның әулиелігі жайлы, басқа әулиелердің оны мойындауы туралы ел арасында бірнеше аңыздар сақталған. Атамыздың Аллаға құлшылық жасап, оқыған дұғасы қабыл болып, оның сопылық дәуірінде Алланың жәрдемімен ел ішінде алауыздық келеңсіздіктер, еларалық жаугершіліктер, табиғат апаттары, жер қуаңшылығы, малда індет, адамдарда елді күйзеліске ұшырататын тырыспа, шешек сияқты аурулар болмаған. Халық мұндай асыл азаматқа деген сүйіспеншілігі мен құрметін ұрпақтан-ұрпаққа аңыз арқылы жеткізген.

Киелі кеңістік тұрғысынан алатын болсақ, Бекет ата дүние салғаннан соң *Оғыланды жеріндегі мешітке* жерленген. Жалпы ол өз өмірінде бес мешіт салдырған екен. Төртеуі тау-төбелерді үңгіп, қашап жасалған. Алғашқысының атауы Ақмешіт, ал келесісі Бейнеудегі жер асты мешіті, үшіншісі – Үстірттегі Байшағыр аталатын жерде, соңғылары Бозащы түбегіндегі Тиген аулынан қырық шақырымдай жерде орналасқан мешіт және өзінің мәңгі мекені болған Оғыланды жартасындағы киелі орын. Осылардың ішіндегі ең үлкен Оғыланды жеріндегі мешіт. Ол биік таулы жартастың орта тұсына таман салынған, төменнен көтерілген саты мешіт алдындағы алаңға әкеп тірейді. Онда бірнеше жайлар орналасқан, оның біріншісінде күмбездің жоғары тұсынан күн сәулесі түсуге ыңғайланған ойығы бар. Одан кейін михрабы бар намазхана орын тепсе, тағы бір жайда Пір Бекеттің өзі жерленген, ол мешіттің оңтүстік-шығысында тұр. Мешіттің жалпы пішіні дөңгелек болып келеді. Ішкі көрінісі қазақтың киіз үйінен аумайды. Михрабы бар намаз залының артқы тұсынан қойма немесе сол секілді кішігірім, жартылай салынған тағы бір жай бар. Негізі мешіттің барлық қабырғаларына тегіс тақтайшалар жапсырылған, сондай-ақ, жарық түсіретін шамдар қойылуға тиіс текшелер бар, бұдан артық безендірілмеген. Кіреп аузында шағын есік. Содан ішке енгенде үш қанат киіз үй көлеміндей дөңгелек бөлме. Одан үш жаққа үш есік тарайды. Құбыла беттегісі таспен бекітілген. Бұрын ол есік екінші қабаттағы Бекет атаның қызы жерленген бөлмеге

апаратын деседі. Ол құжыраның терезесі ғимарат сыртынан қарағанда биігіректен көрінеді. Екінші есік тағы бір бөлмеге апарды. Ай жүзіндей дөңгеленген шағын құжыра. Онда Бекет ата мүрдесі жатқан, бергі жағынан сансыз шымылдық ұсталған деседі. Мінажат етушілер келген сайын шымылдықты жаңадан құра берсе керек, арғы жағын ашып қарауға батылдары жетпеген көрінеді. Кейінгі жылдары Бекет атаның ұрпақтары сол көнерген шымылдықтарды жинап, тазартып, осы бөлменің ірге түсін ойып, лақат жасап, Бекет ата мүрдесін соған орналастырып, таспен бекітіп, тақтатас қойған. Тақтатаста: «Мырзағұлұлы Бекет (1650–1713). Бәйтелі – Құлмамбет – Самалық – Қойбағар – Көкен – Аяпберген – Мұңал – Адай. 1986 ж. тас қойылды» деген жазу бар [34, б. 77-78]. Оған таяу «Құлмамбетұлы Мұрын» деген Бекет атаның шөбере баласы жерленген. Осы бөлме арқылы кіретін түпкі бөлмеде бір әйел адамның қабірі қойылған. Ол да Бекет атаның туысы дейді. Маңғыстаудағы, нақты айтқанда Оғлынды жеріндегі Бекет атаның жер асты мешіті еліміздегі ерекше киелі орындардың бірі болып есептеледі. Оның негізі шамамен XVIII ғасырда қаланған. Мұндағы киелі орынның басты ерекшелігі деп акустикасын айтуға болады. Себебі, онда оқылған намаздардың даусы кәдімгідей анық естіледі. Мешітті салушылар ғылымнан ерекше хабар болған жандар болуы мүмкін. Кей ғалымдардың айтуынша, Бекет ата сол орыннан аспан әлемін бақылаған. Аспан денелерінің анық көрінуі, алда келе жатқан нәсерді, қар мен боранды немесе аптап ыстықты білуге мүмкіндік берген секілді. Бекет ата сопылық ілімді уағыздаушы ұлы тұлғалардың бірі болып, сопы шәкірттер дайындайтын мектеп салдырады. Оғыландыдағы жерасты мешітінің маңында 1780–1810 жылдар арасында жерленген адамдарға қойылған құлпытастарда «Бекет сопының шәкірті», «Бекет сопының баласы», немесе «жиені» деген жазулар бар. Бұл – қарапайым халықтың тасқа жазып қалдырған айғақтары. Осы айғақтарды алға тарта отырып, Бекет атаның бес мешіті де өзінің табиғи түпнұсқасын сақтап, бүгінгі күнде бізге асыл мұра болып жеткен [63, 428 б.]. Бекет ата мешіттері – сәулет өнерінің ерекше туындысы, сондай-ақ, тарихи және рухани орындар. Зиярат етушілер міндетті түрде өз ауруларынан айығады деген сенім бар. Сондай-ақ, Бекет ата мешітіне арнайы ниетпен келгендерді ғана қабылдайды дейді. Бұл орын салынғаннан бері екі жүз жылға жуық уақыт өтсе де, тек отандастарымыз ғана емес, шетелдіктер де тәу етуге келетін кие тұнған мекенге айналды.

Бекет атаның *Ақмешіт қорымы* киелі кеңістік тұрғысынан қарастырғанда, Атырау облысының Жылыой ауданында Ақкиізтоғай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 25 шақырым жерде орналасқан тарихи нысан болып саналады. Мұнда Бекет атаның әкесі Мырзағұл, анасы Жәния және бауыры жерленген. Ақмешіт қорымы рухани, тарихи және сәулетті ескерткіш болып табылады. Қорымның негізгі нысаны – Жем өзені бойында орналасқан жер асты мешіті. Мешіттен басқа Ақмешіт қорымына 32 құлпытастан, екі қойтастан, екі күмбезді кесенелерден тұратын орындар кіреді [34, 79 б.].

*Шопан ата қорымын* феноменологиялық тұрғыдан алғанда, мынандай категориялар арқылы қарастыруға болады: киелі адам категориясы бойынша, Шопан ата Қожа Ахмет Ясауидің шәкіртті болған. Аңыз бойынша, бір күні ұстаз Ясауи барлық шәкірттерін шақырып алып, садақ тартқызады. «Садақ оғы қайда түссе, сол маңға мешіт салындар» деп тапсырады шәкірттеріне. Содан Шопан ата оғын таудың етегінде орналасқан малға бай ауылдың маңынан табады да, сол ауылға бақташы болып жалданады. Ақыры осы жерден ұстазының айтуы бойынша жер асты мешітін салдырады. Мешіттің жанында қыстаулар мен құдықтар, сол секілді Ұлы Жібек жолының бірі Маңғыстау мен Хорезмге дейінгі керуен өтеді. Бұл қасиетті нысан тек қазақтардың емес, қарақалпақ пен түрікмен халықтарының аса құрметтеген жері болған.

Киелі кеңістік категориясы тұрғысынан, қорым Батыс Қазақстан жеріндегі көне (XII–XX ғасырларға) сәулет өнеріне жататындардың ең үлкені. Ол Қазіргі Маңғыстау облысынағы Сенек деп аталатын ауылдың солтүстік-шығысынан әрі 25 шақырымдай жерде жатыр. Шопан ата қорымы осында тұратын халықтардың салт-дәстүрін көрсететін діни сәулетті құрылыс ретінде тұрғызылған. Қорым Орал-Каспий аймағындағы жер көлемі жағынан ең ірісі, сондай-ақ мұнда екі мыңнан астам ескерткіштер бар. Олар қазақ және түрікмен қорымдары деп екіге бөлінеді. Оның орталығында әк тастан қашалып тұрғызылған бірнеше бөлмелі мешіт тұр. Ал мешіттің ауласында киелі саналатын тұт ағашы мен жуынатын тас суат орналасқан. Шопан ата қорымының солтүстік-шығысына қарай михраб, құжыралар мен намаз оқуға арналған жайлар, шығысында күмбезді кесене, қойтастар мен сандықтастар, сол сияқты алыстан көзге ұрылатын сағанатамдар бар. Бұл ескерткіштер әктас пен құмтастардан қашалып, әр түрлі өрнектермен сәнделген. Мешіт осы өңірдегі Шақпақ ата, Бекет ата мешіттері секілді жер асты деп атауға лайық. Себебі, үстіңгі бөлігі осында орналасқан ескерткіштердің табанына барып тіреледі. Мешіттің солтүстік-батысына қарай барлық аумақты негізінен түрікмендердің қойтас түріндегі өңделген тас тақталар, көне қабырғалар, стелалар алып жатыр. Бұлардың арасынан құмтастардан тұрғызылған қабырғалалар мен саркофактар көне сәулетімен дараланып тұр. Ал батыс бөлігінде қазақ руларының таңбалары салынған стелалар мен бекіре пішіндес құлпытастарды жиі ұшыратасыз. Мұндағы жерлеу құрылыстары сәулеттік пішіні жағынан сан түрлі болып келеді. Олар көлемі, тегістігі жағынан, ою-өрнегімен ерекшеленіп тұрады. Бұлардың арасынан оңтүстікке қаратып кесенелер секілді салынған сағанатамдар басымырақ және олар басқалардан ерекше салынған [64, 159 б.]. Шопан ата қорымын 1952 жылы Малбағар Мендіқұловтың басқаруымен сәулет экспедициясы кезінде зерттеле бастады. Ал 1977–78 жылдары бұл нысанды Қазақ КСР мәдениет министрлігі, 1982 жылы тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғайтын республикалық қоғам арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізді [65, Б. 403–404]. Сол жылы қорым мемлекеттік қорғауға алынып, бүгінде Қазақстанның 100 киелі нысандарының

қатарынан табылып отыр. Қорымға ауру-сырқауына ем сұраған, жолының ашылуын тілеп, сыйынып келетіндермен қатар, саяхатшылар да жетерлік.

Маңғыстау өлкесінде орналасқан тағы бір киелі кеңістік *Қараман атаның жер асты мешітін* ерекше айтып кетуге болады. Себебі, бұл қасиетті орын таудың төменгі бөлігіндегі үңгірлерді пайдалана отырып, ойып жасалынған. Қазіргі орналасқан орны Маңғыстау өңіріндегі, Шетпе аталатын кенттің оңтүстік-батысына қарай 35 шақырымдық жер. Қараман ата қорымы XIII ғасырда тұрғызылған ескі зират орны болып саналады. Қорымның оңтүстік-батыс аумағында VIII-IX ғасырларда белгі қойылған қабір үстіндегі қырықтан аса ескерткіштер бар. Сол секілді мұнда адай руынан шыққан елге аты мәшһүр болған бірнеше адамдар жерленген. Ол ескерткіштермен қосқандағы жер көлемі шамамен жеті гектар. Қорымның негізгі бөлігі қоршалып, 1982 жылдан бері мемлекеттік қорғауға алынған. Қараман ата ескерткіші қазіргі кезде тарихи жәдігер, мәдени құндылық ретінде заңмен қорғалып, Қазақстанның киелі нысанының қатарына жатқызылып отыр. Маңғыстау өңірінде орналасқан киелі мекенге зиярат етушілер жан-жақтан келіп жатады.

Киелі адам тұрғысынан алып қарағанда, Қараман ата Шопан атаның інісі ретінде айтылса, кей ғалымдардың дерегінде Балқан түбегінен түрікмендерді Маңғыстауға бастап келгендердің бірі болған делінеді. Ал кейбір деректерде, халық Қараман атаны Шопан атаның баласы деп есептейді. Жалпы, Қараман ата ислам дінінің сопылық бағытын таратушысы ретінде танылған діндар адам [66]. Түрікмен аңыздарынан да Қараман есімді адамды жолықтырасыз. Ел ішінде абыройы асқақ, сый-құрметке ие Ақман және Қараман атты екі ағайынды ғұмыр кешкен екен. Олар ұстазы болған Қожа Ахмет Яссауимен келісе алмай, батысқа қарай бет түзепті. Содан бір күндері екі бауырдың бірі дүниеден озып, оның құрметіне қорым тұрғызылып, мешіт салынған. Сол секілді қазақтардың арасында да, соның ішінде адайлықтарда Қараман ата қасиеті жайында бірнеше нақты дәйектер айтылады. Оның Есет атты баласы, Шопан атаның немересі екені, атасы жанынан жер асты мешітін салдырғаны туралы әңгіме бар. Дүниеден өткенде Қараман атаны сол мешіттің маңына жерлейді. Ол жерленген орын дау-дамайды шешетін киелі жер болған. Мысалы, бір аңызда осы маңда мекен ететін екі ру өкілдері бір іске келісе алмай, Қараман ата басына келіп, ант су ішуге уағдаласады. Қос тарап ант берген кезде, бір рудың адамдарын түгелімен ажал құшқан екен. Себебі, олар жалған уәде беріп, әлгі руды алдамақ болыпты. Сондай-ақ Пір Бекетке дауларын шеше алмай көмек сұрап келген руларға Бекет ата тұрып, «Қараман ата басына барып бұл кикілжіңге нүкте қойындар» деп жібереді екен. Осыдан Қараман ата қасиеті біраз елге таралған, беделді, ақ пен қараны тез ажырататын киесі бар адам болғанын аңғаруға болады. Қараман ата тірі кезінде де жастарды дұрыс жолға жөн сілтеп, ақыл-кеңесін айтып отырған [67, Б.123-125].

Маңғыстау өлкесінде тағы бір еліміздің киелі нысанының қатарынан табылып отырған жер асты мешіті бар. Ол – *Масат ата мешіті*. Бұл киелі кеңістік Үштаған атты ауылдың оңтүстік-шығысынан 15 шақырымдай жерде

орналасқан. Мұндағы қорымда бес жүзден аса ескерткіштер бар. Олар орта ғасырдағы түрікмендердің қойтастары, тастан жасалған қоршаулары және тастан қашалған белгілері, олар шамамен XIV-XVIII ғасырларға жатқызылады. Ал қорымның солтүстік күншығысынан сәл берірек XVIII-XIX ғасырларға жататын қазақ руларының ескерткіштері қойылған. Бұл қорымдағы ерекше орын оңтүстік-батыс бағытындағы жартастан ойылып салынған жер астындағы мешіт. Киелі орынның іші қазақтың киіз үйі тәріздес, төбесі шаңырақ секілді ойылған. Кіреберістің оң жағында михраб, сөрелер жасалынған, ал осындағы дәліздің бағыты қасиетті Меккеге қаратылып тұр. Мешіттің батысында үш метрдей қазылған орын жатыр, ғалымдар мұны мешіттің екінші бөлігі ретінде қазылған болуы мүмкін дейді. Масат ата жер асты мешіті 1982 жылы мемлекет қорғауына алынған. Кей деректерде, Масат ата Маңғыстау өлкесіне сонау Хорасандағы Мешхед атты қаладан келген дейді [68, Б. 87-89].

Дінтанулық тұрғыдан қарастыратын болсақ, Масат ата жайындағы аңыз-әңгімелердің кейбірі тұстарында мистицизм көрініс табады. Дін феноменологиясында мистицизммен шұғылданған тақуаларды киелі адам категориясы қарастырады. Осыған сәйкес, Масат ата елін жаудан қорғаған, батырлығы рудан-руға таралған, өте білімді, діндар адам болған. Оның ерекше қасиеті – атқан оқ денесіне өтпейтіндігі, шапса қылыш кеспейтіндігі. Басын алмаққа келген барлық дұшпандарының сағы сынып, діттегендері болмай, тістерін қайрап кері қайтады екен. Әбден әбігер болған жаудың бір жансызы Масат батырдың осал тұсын табу үшін жас әйелін алдап, қолға түсіріп, барлық сырын сұрап алады. Батыр тек таң намазы кезінде адами қалыпқа түсіп, барлық тамыры иіп, бусап кетеді екен. Тіпті жайнамаздың астындағы тас та жібіп, былқылдап тұратын көрінеді. Жау жансызы осы бір сәтті тағатсыздана тосып отырып, намаз үстінде басын шауып алады. Шабылған басын етегіне салған күйі Масат орнынан тұрып, ары қарай жүгіре жөнеледі. Бір жамандықты сезген биесі де кісінеп, құлынын ерте иесінің артынан шабады. Сонда құдіретті күштің арқасында жер өздігінен екіге жарылып, оның ортасына кесілген басын қысып ұстап алған Масат ата мен биесі түсіп, көзден ғайып болыпты. Бұл аңыз бүгін болғандай тас бетінде Масат ата мен биесінің ізі әлі де көрінеді. Тіпті шашыраған қан іздері де қазір төгілгендей жауын-шашынға жуылмай тұр деген аңыздар да бар. Ел осы оқиғадан кейін бұл жерді Масат ата деп атап кетіпті. Батырлығы мен даналығы ауыздан-ауызға аңыз боп жеткен Масат атаның жер асты мешітіне осы күнге дейін зиярат етушілердің саны азайған емес.

Борлы тау жартастарында салынған мешіттердің бірі *Шақпақ атаға* тиесілі. Киелі адам категориясы бойынша Шақпақ ата Маңғыстауда белгілі әулие Шопан атаның немересі болған екен. Осы тұста, рухани тізбектің құрылымын байқауға болады. Негізінде атаның шын есімі Шақпақ емес, аңыз бойынша, шайқастарда оның қаруынан шақпақ-шақпақ от шықандықтан Шақпақ деген лақап есім берілген екен. Кейбір ғалымдардың айтуынша, аңыздарда Шақпақ ата жыландардың әміршісі болып, өлген адамдардың сүйеушісі болған, ал тарихи тұлға ретінде – Шопан атаның немересі болып

табылған. Шақпақ атаның шын есіміне келсек, көптеген ғалымдардың пікірінше, бұл – Шахмардан. Іс жүзінде Шопан атаның екі ұлы болған: Шахрух ата (Шағырық ата) және Исан ата. Шахрухтың да екі ұлы болған: Қапаш ата (Қапан ата) және тастан отты оңай шығару, жауды отпен күлге айналдыру қабілетіне ие болғаны үшін Шақпақ ата деп аталған Шахмардан. Ал сопының өмір жылдары бойынша зерттеушілердің пікірлері әр қилы: академик Медоевтың айтуынша, Шақпақ ата IX ғасырда өмір сүрген дейді. Бартольдтың пікірінше, сопы 1312-1342 жылдар (XIV ғ.) билік еткен Өзбек ханның тұсында өмір сүрген дейді [69, 44 б.]. Шақпақ атаның Қожа Ахмет Яссауидың ізбасары болып, Маңғыстауда қастерлейтін 360 әулиенің ішінде сөзсіз болған.

Киелі кеңістік категориясы тұрғысынан, бұл мешіт Түб Қараған түбегінде, Форт-Шевченко қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 20 шақырымнан астам жерде орналасқан және Батыс Қазақстандағы ең көне сәулет ескерткіші болып саналады. Археологтардың айтуынша, мешіт IX-X ғғ. салынған екен. Осы үңгірде жасырынған сопылар емдеу құпияларын қолданған. Олар осында келген адамдарға аурудан құтылу үшін көмектесіп жүрген. Сол үшін олар ауырған адамды үңгірде бір түнге қалдырған. Бір түннің ішінде ауырған адамның басына берекелі рух келіп, ақырында міндетті түрде науқас адам аурудан аман сауығып кетеді [69, б. 45-46]. Қазіргі кезде де адамдар осы жерге сырқаттан жазылу үшін үміт артып келеді. Шақпақ ата мешіті – біздің уақытымызға дейін жақсы деңгейде, табиғи қалпын сақтап жеткен діни сәулет өнерінің бірегей ескерткіші болып саналады. Қазіргі кезде Шақпақ ата мешітін ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұраның тізіміне қосу жайындағы мүмкіндіктер қарастырылуда.

Батыс өлкесіндегі көптеген тарихи орындар қазақ даласының ойшылы, сопылық ілімнің насихатшысы Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты. Солардың бірі *Сұлтан-үпі атаны* дінтанулық тұрғыдан қарастырсақ, ел аузында сақталған аңыз бойынша Сұлтан үпі кезінде Маңғыстауға келген Қожа Ахмет Яссауидің шәкірттерінің бірі Сүлеймен Бақырғанидың (Хәкім атаның) баласы делінеді. Оның есімі ел ішінде «Баһырғани» жазбасының иесі және су апатынан сақтаушы ретінде белгілі болған. 1873 жылы Тбилиси (Грузия) қаласында басылып шыққан «Предания адаевцев о святых секты ханафие, живших и умерших на Мангышлаке//Сборник сведений о кавказских горцах» 7-ші шығарылымында жазылған аңыз-деректерде Хәкім атаның Мұхаммед-қожа, Әскер-қожа, Құбби-қожа (қазақтар оны Сұлтан-үпі деп атаған) дейтін үш ұлы болған делінген. Алғашқы екеуі Бақырған қаласынан 15 күн жолдық қашықтықтағы мектепте оқиды, ал соңғысы үй тәрбиесінде болады делінеді. Құбби-қожа ержете келе киік аулаумен шұғылданып, әкесін қатты құрметтеген, оны киік етімен сыйлап, дәмді тағамдар дайындатқан. Құббидің кереметтері жайлы ел арасында аңыздар кеңінен тараған. Автор мұнда Сұлтан-үпінің теңізде (Арал немесе Каспий) апатқа ұшыраған кемедегі адамдарды құтқаруы, әкесіне міндетті намазын оқуы үшін Меккеге ұшып барып жүрмеуі үшін Қағбаны әкеліп беруі, тері мен сүйектен жануарды қайта тірілтуі тәрізді

керемет қасиеттері жайында жазады. Енді бір деректерде Хәкім ата баласы Сұлтан-үпінің кереметтілігі өзінен асып түсетінін байқағаннан кейін «Балам, екі қошқардың басы бір қазанға сыймас» деген. Бірде Құрбан айт мерекесінде Хәкім атаның сенушілері жиналып он өгіз сойып, келесі күні келген Сұлтан-үпіге ештеңе қалдырмастан жеп қойғаны, жалпы әкесінің баласына әр кез сенбестік білдіріп, сын көзбен қарағаны үшін ренжіп, әке-шешесімен қоштаспастан, көрінбей кеткені жайында жазылады [70, Б. 199-201]. Хәкім ата жоқ болып кеткен ұлын ұзақ іздейді, бірақ таба алмайды. Мұны естіген Қожа Ахмет Ясауи баласына дөрекі қараған Хәкім атаға ренжіп, сенің молаңның үстінен қырық жыл бойы су ақсын деп бата береді. Көп ұзамай Үргеніш (Әмудария) өзені өз бағытын өзгертіп, Бақырған қаласын қиратып, оның үстімен ағады. Қырық жыл өткеннен кейін ғана қалпына келеді. Сөйтіп, Хәкім атаның қабірі ашылып қалады. Хәкім атаның үлкен балалары Мұхаммед-қожа мен Әскер-қожа інілерін іздеп Маңғыстауға келеді. Олар да белгілі, қасиетті адамдар болған. Мерет сайы маңында жерленген. Сұлтан-үпі жоқ болып кеткеннен кейін жүз жыл өткесін Маңғыстауда ноғайлар көшіп жүрген болатын. Осы күні Сұлтан-үпі сайының маңында көп үйлер орналасып, соның бірінде бала оқытатын бір молда болыпты. Оның шәкірттері ішінде Хайролла есімді өзі ақсақ, аурушаң бала бар еді. Оны мектепте молда, үйінде тумаластары сабап қорлық беретін болған. Бірге оқыған жолдастары да күн көрсетпейтін. Бір сөзбен айтқанда, өмірдегі бар қиындықты көріп жүрген бір мүсәпір еді. Мұндай қайғыға шыдамай ол бір күні дала кезіп кетіп, «бұл өмірде енді менің көрер рахатым жоқ қой» деп ойлап, өзін-өзі өлтіргісі келді. Ұзақ жүрістен шаршаған ол бір тастың үстіне келіп отырады. Кеудесін ұрып жылап отырып, ұйықтап кетеді. Ұйықтап жатқанда оған бір бейтаныс адам түсіне еніп «жылама ұлым, аузыңды аш» дейді. Хайролла оның айтқанын істейді. Бейтаныс адам оның аузына түкіреді. Сол бойда оған мол ақыл мен білім енеді. Бейтаныс оған: – Ұйқыңнан тұр, шырағым. Осы даламен жүре бер. Жолыңда тас үстінде отырған бүркітті көрерсің. Сол жерден мешіт сал, – дейді. Сонда бала: – Мен әлсізбін, орнымнан тұра алмаймын. Бір тасты да көтеру қолымнан келмейді ғой, – деген Хайроллаға әлгі бейтаныс: – Мен Сұлтан-үпімін. Тасты көтереріңде: «О, Сұлтан-үпі» десең болды, жеңіл көтеріледі, содан кейін керек жеріңе қоя берерсің, – дейді де көзден ғайып болады. Ұйқысынан оянған Хайролла оның айтқанымен дала кезіп жүре береді. Көп ұзамай бүркітті де көреді. Бүркіт жақындағанда бала «О, Сұлтан-үпі» дейді де бүркіт ұшып кетеді. Жерді жақсылап белгілеп алған Хайролла өзінің ұстазына қайтып келеді. Оның сабақты қойып, көптен көрінбей кеткеніне ренжіген ұстазы қолына кітап беріп «Оқы» дейді. Хайролла ешқандай қиындықсыз оқиды. Оған таң қалған молда тағы да бұрын оқылмаған жаңа сабақтың жеті бетіндегі сұрақты қояды. Бір рет көз жүгіртіп өткен шәкірті әлгі сұрақтарға ғалымның жауап бергеніндей қылып қайтарады. Осылай Хайролла халық арасында кереметтілігімен танылады. Осыдан кейін көп ұзамай баяғы бүркіт көрген жерінен мешіт салады, сүпі атағын алады. Осындай таңқаларлық аңыздар мистицизмді дәлелдейді, яғни

киелі адам категориясы тұрғысынан Сұлтан-үпі тақуа (мистик), әулие, киелі тұлға екендігін көрсетеді [71, 156 б.].

Киелі кеңістік категориясы бойынша, Сұлтан-үпі жерасты мешіті жердің тастақ қабатынан ойып жасалған және бірнеше камералық бөліктерден тұрады. Оған сайдың саты тәрізді жер бетінің рельефі жағынан көп сатылы жолдар жасалған. Мешіттің төбесінің мықтылығы үшін тас бағандармен бекітілген, бөлмелердің төбесінен жарық түсіру үшін ойықтар қалдырылған. Ескерткіштің рухани-діни бағыттағы сипаты Сұлтан-үпі жерасты мешітін 13-15 ғасырда салынған қандай да бір сопылық қауымның ғибадатханасы болған деген алғашқы болжамды қарастыруға мүмкіндік береді. Мешіт Түпқараған ауданы, Таушық ауылынан 30 шақырым солтүстік-батыс бағытта, Сарытас шығанағына таяу, сай жиегінде орналасқан. Жанында орналасқан шағын қорымшылықта сағанатамдар, жәшік тәріздес сандықтастар, құлпытастар мен орнатылған қойтастар, тас плиталар көлденеңінен немесе тігінен тұрғызыла қаланған қоршаулар, әр түрлі пішіндегі қабір үсті құрылыстары сақталған. Бүгінгі күнге табиғи қалпында жеткен. Сұлтан-үпі жерасты мешітіне 2003 жылы археолог А. Астафьевтің жетекшілігімен археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді, ал келесі 2004 жылы «Маңғыстауреставрация» ӘҒЖШ ескерткішке ғылыми-реставрациялық жұмыстар өткізді. «Сұлтан-үпі кешені» туристік саяхатшылардың болашақ бағыттары жобасына енгізілген, өлкедегі туризмді дамытуда маңызды элементтердің бірі болып табылады. 2010 жылы «Хазар Мұнай» ЖШС (директоры Жұмағұлов Нұржан) бұл көрнекті ескерткішке келуші саяхатшылар мен зияратшыларға арналған демалатын орын салып берді [72].

Дін феноменологиясында киелі адам категориясы тұрғысынан алғанда, *Ырғызбай ата* – XVIII ғасырда өмір сүрген абыз әрі әулие болған. Тарбағатай тауларының қойнауларында өсетін шөптермен адам емдеп, дем салып, тәуіптік еткен. Алтайдың күнгейіндегі қытай емшілерімен де байланыс ұстап, тәжірибе алмасып отырған. Деректер бойынша, жас кезінде қатты сырқаттанған Құнанбайды анасы Зерені түйеге салып алып Ырғызбай әулиеге әкелген екен. Емші ем домынан соң Құнанбай құлан таза айығып кеткен. Әулие кім, қашан, қандай сырқатпен келе жатқанын алдын ала біліп, дәрісін дайындап отырады деседі. Бір қызығы Ырғызбай ата жасаған емі үшін бір тиын ақы алмаған көрінеді. Дерттерінен сауыққандарына риза болып, мал мен дүние ұсынған жандарға «Бұл маған Алланың жіберген сыйы, ақы алсам аманатқа қиянат қылғандай боламын. Одан мұны мұқтаждарға беріндер, сауабы мол болады» деп қайтарып жібереді екен. Өмір бойы халықтың алғысын арқалап өткен абыз Ырғызбай ата 63 жасында дүниеден өтеді. Көз жұмарының алдында көрер күнінің тақағанын өзі сезіп, алдын ала дайындалған. Балаларына «мені осы Барқытбелге жерлендер, зират көтермендер, ұрпақтарым көтереді» деп өсиет айтып кетіпті. Күмісті жайлауындағы әулиенің зираты кейіннен ұмытыла бастайды. Кейіннен Шыныбай есімді шаруа өз естелігінде «Үйдің қасында бір төмпешік бар еді. Не екенін ешкім білмейді, әйтеуір өріске ұзай алмаған қозы-



лақ сол жерде ойнақтап жүретін. Бір күні түсіме ақ сақалды қария кіріп «Әй, Шыныбай, мен сенің Ырғызбай деген атаң боламын. Менің басымда мал ойнақтап бітті, зиратымды көтер, саған Алла тағала береді» деп аян берді» деп еске алады. Шаруасы шағын болса да мазар көтеруді қолға алған Шыныбай күзге дейін салып бітеді. Қолындағы қара сиырымен тас сүйретіп, әулиенің басына сандықшасын да қойыпты. Содан кейін жағдайы оңалып, тұрмысы түзелген Шыныбайдың ұрпақтары кеңінен таралып, бақуатты болып кетіпті деседі.

Әулиенің киелі кеңістігін оның мазары орналасқан жер Ақсуаттың іргесіндегі Кіндікті ауылы құрайды. Атаның ұрпақтары 1956 жылы оған мазар тұрғызады. Кейіннен басына түнеп, тілек тілейтіндер саны артқан кезде қасына келушілерге арнап ас үй салыныпты. Жергілікті тұрғындардың айтуынша сырқатына дауа, аурына ем іздеп келгендер ғана емес, жолын ашып, тіпті мал басының көбеюін де тілейтіндер бар көрінеді. Тіпті баяғыда мал ішінен індет шығып, шетінен қырыла бастаған кезде атаның басына иіріп түнеткен екен, артынан ұсақ малдың барлығы сау болып шығыпты-мыс. Кейіннен, 2014 жылы Ырғызбай ата кесенесі кешен ретінде толығымен қайта жөндеуден өтті. Сонау кеңес кезінен толастамаған адам саны қазір тіптен көбейе түскен. Сондықтан барлығына жағдай жасау, коммуникация құралдарын тарту қажеттілігі туындады. Күрделі жөндеу нәтижесінде қазір жай ғана мазар емес басында кітапхана мен мұражайы бар, асханасы мен қонақ үйі салынған үлкен руханият орталығына айналған. Сондай-ақ мазардың қасынан үлкен мешіт бой көтерген. Барқытбелдің етегіндегі мешіттің төрт мұнарасы алыстан көз тартады. Бұл маңайға жыл сайын қарлығаштардың ұшып келіп, ұя салуы да әулиенің ерекше қасиетін білдіреді дейді тұрғындар. Мешіттің қасында «Дала даналары кітапханасы» атты ғимаратта сирек кездесетін 3 мыңға жуық әдебиет жинақталған. Оның ішінде соңғы екі ғасырда шыққан әдебиет пен тіл, ғылыми медицина жайлы барлық кітаптар бар. Ал «Аманат» мұражайында дала халқының тұрмыс тіршілігін сипаттаумен қатар Ырғызбай әулиенің көзі тірісінде ұстаған жәдігерлері сақталған. Еліміздегі бірегей тарихи ескерткіш саналатын Ырғызбай ата кешені жыл санап дамып келеді, келушілердің саны жылдан жылға артып келеді. Ырғызбай Досханаұлының емшілік, көріпкелдік қасиеті туралы аңыздар көп. Баба рухына тәу етушілер мешітке кіріп, дұға етеді, «Дала даналары» кітапханасынан көне сирек кездесетін кітаптарды оқып, «Аманат» музейіндегі 700-ге жуық жәдігерден нәр ала алады [73].

*Жаркент мешітін* дінтанулық тұрғыдан қарастырғанда киелі кеңістік категориясы арқылы ғана зерттеуге болады. Себебі, мұнда ешқандай әулие-киелі адамның қабірі жоқ. Халыққа қызмет көрсетіп тұрған осынау ғажайып ғимараттың осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын салынуына Жаркенттің 1882 жылы уезд орталығына айналуы себепші болды. Өйткені, мешіт құрылысы уезге бағынышты Нарынқол, Кеген, Қырғыз елінің бірқатар аймақтары мен Шонжы, Қоғалы, Жаркент өңірі тұрғындарынан жиналған қаражатпен салынғаны соны аңғартады. Жергілікті халық сайлаған

құрылыстың бас мердігері екінші гилді көпес Уәли ахун Юлдашов, бас сәулетшісі жергілікті халық Мұқан деп атаған Қытай шебері Хон Пик (Хон Фи) болды. Жаркент қаласынан 200 шақырымнан астам Кетпен тауынан емен, қарағай бөренелері өгіз арбалармен тасып әкелінгеннен кейін Хон Пик бастаған Бұқара, Самарқаннан шақырылған жетпіс бес шебер жұмысқа кірісті. Шеберлер тек құрылыс материалдарын сүргілеп, бедерлеп шауып, жуан бөрене тіреулерді көлеңкеде арнайы шыт, жібек матаға орап кептіріп, тақтайлаға айшықты бедерлер түсіруге бірнеше жыл арнайды. Сөйтіп, алдын-ала дайындалған құрылыс материалдары құрастырылып, 1892 жылдың жазында жұма мешіті бой көтереді. Жалпы кешен бас қақпадан, күнделікті бес уақыт намаз оқылатын кіші мешіттен, медреседен, үлкен жұма мешітінен, күйдірілген көк кірпіштен қаланған сәнді дуал қоршаулары бар, оңтүстік және солтүстік жағындағы қосымша шағын қақпалардан тұрды. Шығыс елдерінде ертеде құрылыс өнеріне жастарды үйрету тікелей іс барысында жүзеге асырылған. Құрылыстағы өзіндік ерекше үлгіні шеберлердің ұрпақтары мұрагерлікпен жалғастырған. Сәулеткер Хон Пик те сондай өзіндік ерекше атамұра үлгісі бар шығыс шеберлерінің бірі еді. Сондықтан, ол Жаркент мешітінің құрылысына бірде-бір шеге қолданбай, өрнектелген ағашты қиюластыру арқылы жасады. Бас мешіттің көне қытай үлгісінде қайқы бел шатыры 122 бөрене бағаналарға міндіріліп бекітілген. Әсіресе шатыр құрылысы айырықша күрделілігімен ерекшеленеді. Мешіт шатырының жиектерін иіп, қайық тәріздес етіп көтеруге «дау», «гун» деп аталатын имек сырықтар пайдаланылған. Ғажайып сырлы ғимараттың қабырғаларында, шатыр қапталдарында 1500-ден астам алуан түрлі сурет, арап-парсы тілдеріндегі көне жазу үлгілері бар. Бұл ою өрнектерді зертеушілер тақырыптық мазмұнына қарай бірнеше топқа бөледі. Олар – жергілікті халықтың ою-өрнек нақыштары, геометриялық кескіндер, қоршаған табиғат, өсімдіктер мен жан-жануарлар дүниесі, дінге қатысты белгі шарттар, өзіндік ерекшелігі бар суреттерден тұрады. Бас мешіттің төріндегі дінбасы отыратын мінбер сәкінің босаға тұсындағы қабырғаға үнді халықтарының үлгісімен аңыздарға арқау болған зәйтүн – «өмір ағашы» кескінделген. Шеберлердің әшекейге, сәнді пішіндерге, түске көп мән бергендігін тек ғимарат тұлғасынан ғана емес, қолданбалы өнер бұйымдарынан – әдемі шырағандардан, ағаштан ойып істелген сәнді мінберден де байқау қиын емес. Сондай-ақ Шығыс сәулет өнерінің бұл ерекшелігінің өзіндік себептері де бар, соның ең бастысы – ағаштан жасалған ғимараттардың зілзалаға төзімділігі. Осының бәрі қызметке арналған ғимараттар сәулетінің жергілікті халық тіршілігімен және қолөнерімен тығыз байланыста екендігін дәлелдейді. Мешіт құрылысының жұмысына әртүрлі ұлт өкілдерінің қатысуы да ғимаратқа өзіндік ерекше түр беріп, әр ұлттың сәулетшілік, сәндеу үлгілері кең қолданылғаны байқалады. Түпкі мақсат оның бар болмысының халықтарды, бірлікке, ынтымаққа үндеуінде жатқандай. Құрылысы 1887 жылы басталып 1892 жылы толық біткен Жаркент мешіті дін жолында аса көп қызмет ете алмады. Оның бірден-бір себебі – Кеңес өкіметінің дінге қысым жасауы. Дегенмен, қызыл империя мешіт

қақпасын жапқанымен, оны халық өнер туындысы, көненің асыл жәдігері ретінде сақтап, бүгінгі күнге табиғи қалпында жеткізді. Тиісті орындарға хат жазып, шағым айта жүріп, тағдыр тәлкегімен тасада қалған асыл мұраға мемлекет назарын аудартты. Сөйтіп, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі ХІХ ғасыр сәулет өнерінің ескерткіші Жаркент мешітін жан-жақты жаңартып, жөндеу жұмыстарын 1962 жылдан бастап қолға алды. Елдің Мәдениет министрлігі жанындағы Жөндеу бірлестігі мешіт ауласын қоршаған дуалдарды, дарбазаларды, медресе бөлмелерін, портал мен үлкен жұма мешітінің ішкі-сыртқы безендіру өрнектерін жөндеп, қайта қалпына келтірді. Мұнаралардың, жоғарғы қабатқа шығатын ағаш баспалдақтардың көнеріп, кенеуі кеткен тұстарын тиянақты жөндеуден өткізді. Ғимараттың аса сәнді аспалы шыны шырағандары, мұнара терезелерінің көмкерген гүлді айшықты суреттері қайтадан жаңартылды. Жаркент мешіті осындай күрделі жөндеу жұмыстарынан өткен соң 1978 жылы 24-наурызда Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімов қол қойған шешімімен «Сәулет-көркем өнер мұражайына» айналды. Содан бері Жетісу аймағының ғажайып ғимараты халыққа қызмет көрсетіп келеді [74].

*Вознесенск кафедралы шіркеуді* дінтанулық тұрғыдан алғанда, киелі кеңістік категориясы бойынша қарастырылады. 1904 жылы Верныйда (қазіргі Алматы қаласында) Вознесенск кафедралы шіркеуі құрылып, бұл жер киелі кеңістікке айналады. Ол қазіргі Алматы қаласының Алмалы ауданындағы Екінші дүниежүзілік соғысының батырларына арналған 28 гвардиялы-панфиловшылар саябағы ішінде орналасқан. Жобаның авторлары талантты архитектор К.А.Борисоглебский және С.К.Тропаревский, ал құрылысын салуды Верный қаласының 1877-1888 жылдары алғашқы басшысы болған П.М.Зенковтың ұлы, инженер-құрылысшы А.П.Зенков пен әскери инженер Н.И.Степанов басқарған. Құрылысы 1907 жылы 30 шілде айында аяқталғаннан соң, православиелік діндарлар өз қызметтерін бастап, 1927 жылға дейін діни мекеме ретінде пайдаланылады. 1929–1995 жылдары шіркеу мұражай ретінде қолданылады. 1995 жылы орыс православие шіркеуіне қайтадан қайтарылғаннан кейін православие қызметтері қайтадан жаңғыртылады. 1997 жылы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Шіркеу Қазақстан Республикасының сәулет және тарих ескерткіші ретінде республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғаудың мемлекеттік тізіміне енгізілген. Құрылысы бір-бірімен тек темір бекіткіштермен қыстырылып (шегесіз) ағаштардан ғана 56 м. биіктікке тұрғызылған дүние жүзіндегі екінші биік ғимарат. 1911 жылы Верный қаласында болған жойқын жер сілікінісінде барлық жер үйлер қираған кезде шіркеудің тек бір кресті ғана майысқан. Сондықтан да, шіркеу табиғи түпнұсқасы бізге жеткен. Шіркеудің темір крестермен аяқталатын алты бағанасы бар, ішкі құрылымдары Ресей мен Украинаның көркемөнер шеберханаларында жасалған, әулиелердің көркем бейнелерін суретші Николай Хлудов өрнектеген [75]. Бұл – Алматы тарихындағы биік құрылыс нысандарының алғашқыларының бірі және әлемдегі

ағаштан тұрғызылған ең биік ғимараттардың бірі. Құрылыс материалдары империяның түкпір-түкпірінен жеткізілді: цемент Ташкенттен, метлах тақталар «Кось и Доррь» зауытынан, қағаздан жасалған көркем бұйымдар Санкт-Петербургтегі З.Ковалевский фабрикасынан, никельденген темір бұйымдар Туладағы атақты В.Земцов зауытынан, бояулар Мәскеуден, ал иконалар Киевтегі А.Мурашконның көркем сурет шеберханасынан әкелінді. Сәулетшілердің талантының арқасында шіркеу жер сілкінісіне шыдамды құрылыс нысанының үлгісі болды. Уақыт пен табиғаттың талай дүлейіне мызғымай келеді. Осылайша республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енген, ағаштан жасалған әлемдегі биік православ храмын екі жүзден астам жарық көздері нұрландырып тұр.

*Ұлттық сипатта жасалынған зиярат мекендері, жибадат орындары да* Қазақстан территориясында кездеседі. Оларды феноменологиялық тұрғыдан алғанда төмендегідей категориялар арқылы қарастыруға болады.

Мысалы, *Алаша хан кесенесін* дін феноменологиясындағы киелі адам категориясы арқылы қарастырған қызықты болар, себебі осы күнге дейін ол кесенеді кім жерлергені өзекті мәселелердің бірі болуда. Қазақ даласының дәл ортасында, қасиетті Ұлытау баурайында Алаша хан кесенесі тұр. Кесененің иесі болған Алаша хан кім? Қазақ ұлт-азаттық күресінің жетекшісі Ә.Н. Бөкейхан «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №12 санында қазақ зиялыларының ішінде алғаш рет «Алаш не сөз? Мұны біздің «қазаққа» жазатын аға-іні табылар ма?» деп қазақ баласына сұрау салған екен. Бұл мәселе әлі күнге дейін «Атамыз – Алаш, керегіміз – ағаш» деп өскен қазақ баласының көкейінде жүрген сұрақ. Әлихан ағамыз сол сұрақты Шәкәрім Кұдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» кітабына жазған пікірінде көтерген, яғни сұрақ алдымен тарихшылар қауымына арналған. Біз осы тақырыпта бірнеше ғылыми еңбектер жасадық. Қарап отырсақ Алаша ханның ата-тегі нақты белгісіз. Бір шежірелерде оның әкесі Бұхараның ханы Қызыл Арыстан хан, екінші шежіреде – Абдолла хан, үшіншілерінде – Абдул-Азис хан және т.б. делінген. Бізге белгілі шежірелердің көбі Алаша хан оңтүстікте, Бұхара өлкесінде туылды деп көрсетеді. Мәшһүр Жүсіп шежіресінде: «Қырық ханның бірі болған Қызыл Арыстан деген Бұхарада тұрыпты. Осы күнгі бір өзінде он бес азаншы азан айтатұғын мұнараны сол Қызыл Арыстан жасатқан екен деседі. Бәйбішесінен бала болмаған. «Қызыл аяқ» деген елді шауып, ат үстіне салып әкелген бір қызға аяқ салып, онан бір бала сауысқанның аласындай туады. Бәйбіше өзінен тумай, тоқалдан туғандықтан, іші тарлық қылып, күндеп, «бұл баланы балам деп сақтама, көзін жоғалт, қарашығын батыр. Мынау өскенде жұртыңды ала қылып ұстайды, елінді ала тайдай бүлдіреді» деген соң, хан қырық жігітке бұйрық беріпті: «Мына баланы, тапқан шешесін, Сырдариядан әрі өткізіп қоя беріңдер. Өлсе өлсін, өлмесе өз бетімен қаңғып күн көрсін» деп жер аударады. Зинхар қайтып бұл жұртты мына қатын мен бала да көрмесін, сендер де көрмендер, – депті. Бұлар Сыр суынан өтіп, Алатау мен Қаратаудың алқабына келіп жан сақтап күн көріпті» деп басталатын осы аңыздың ең толық нұсқасы

бар [76, Б. 206-212]. Күні бүгінге дейін қазақ арасында Алаша хан, Алаш есіміне қатысты айтылатын аңыз-әңгіме сан алуан. Ал жазба еңбектерде жарық көрген болжам түрлері тіптен көп. Бірақ осы жөн деп, табан тіреген байламды пікір жоқ. Әсіресе, осынау Кеңгір бойындағы Алаша хан мазарының аталу, салыну себебі болжамнан, топшалаудан әрі аспай жүр. Осы орайда, белгілі шежірелер, А.Диваевтың, К.М.Федоровтың, Г.Н.Потаниннің, Ш.Уәлихановтың, А.Янушкевичтің ел арасынан жинаған аңыз-әңгімелері, күнделікті жазбалары, ғылыми мақалалары көңіл аударады. Мейлі, сан тарау болып жазылып, алынған аңыз-әңгімелердің бірінде – алапес болып туылған баланы, екіншісінде – алашаға отырғызып көтерген ханды, үшіншісінде – Ұлытаудан асырып тастаған баланың әскербасы болғаны, төртіншісінде – қалмақты қорқыту үшін «Алаш» сөзін ұран еткені немесе Алаша ханның дінге мойын ұсынбайтындығы сияқты әр түрлі аңызбен астарлана берсін. Соның қайсысыда Алашаның хан болғанын, қара халықты соңынан ертіп, айбарының асқандығын айтады [36, б. 195-196].

Ал киелі кеңістік категориясы бойынша Алаша хан күмбезі Ұлытаудың Қаракеңгір өзен жағасында биік жотаның үстінде тұр. Ғалымдар күмбезді Қарахан әулетіне, оғыз-қыпшақ заманындағы (10-13 ғ.ғ.) сәулет өнерінің қатарына қосады. Зерттеушілер әлі де жаңа болжамдар (15-16 ғ. деушілер де бар) айтқанымен, күмбездің уақыт зардабынан мүжіліп тозған түрі мен басқа ешбір ескерткішке ұқсамайтын көркемдеу тәсілі арғы замандарға сілтейді. Негізі Алаша хан күмбезінің баяғы қалпын Қарахан әулеті заманында болған сәулет үлгілерінің Салжұқ деп аталатын өнер түрімен байланыстыруға әбден болады. Мұндай күмбездер Түркіменстан елінде көптеп кездеседі. Сол секілді, еліміздегі Айша бибі, Жошы хан мен Қожа Ахмет Яссауидің ескерткіштерімен де салыстыруға келеді. Ғалымдар Сығанақ қаласының маңыға тұрғызылған Көк кесенемен Алаша хан кесенесі арасында үндестік көп екенін айтады. Қазақ хандығының іргесінің қалануымен тұспа-тұс келетін кесене бәріміз ойлағандай ханды жерлеу үшін салынбаған. Кейбір зерттеушілердің сөзінше, ол жаңа хандықтың символы ретінде тұрғызылуы мүмкін. Сондай-ақ, осы кесененің астында ұлы адамдар жерленген үлкен әрі, көне қорым болған дейді. Ол шамамен VIII-IX ғасырларда пайда болған. Ол тұста Батыс Түрік қағанатының дәурені жүріп тұрған. Бұл кесене сол адамдардың жерленген тұсы жойылып кетпес үшін, бір белгі ретінде салынған екен, кейінірек кесене ішіне қазақ хандарының бірі Ақназар хан жерленген делінеді. Қазіргі таңда Алаша хан кесенесі сәулетті, тарихи маңызды ескерткіштердің бірі болып есептеледі. Бұл орын республикалық маңызы бар мәдени нысандардың санатына жатады.

Түйіндей келе, киелі жер классификацияларына сәйкес, кесене бейнесі анықталмаған, алайда ол инерциялы түрде табыну объектісіне айналған жергілікті билік өкілі, толық бір өлкеге танымал мазар деп санауға болады.

*Жошы хан* киелі адам категориясы бойынша, моңғол шапқыншылығынан кейін Қыпшақ даласында құрылған жаңа мемлекет – Жошы ұлысының негізін қалаушы, атақты Шыңғыс ханның қоңырат қызы Бөрте бәйбішесінен туған төрт ұлдың үлкені болып табылады. Ол ересен күшті, ер жүрек, алған бетінен

қайтпайтын қайсар адам болған. Жошы алдымен, моңғолдардың басқыншылық әскери жорықтарының бәріне қатысқан аса ірі әскери басшы ретінде танылады. Жошы Шыңғыс ханның батысқа қарай бағытталған бірқатар шапқыншылық жорықтарын басқарып, Оңтүстік Сібірді, Алтайды, Жоңғар даласы мен Шығыс Түркістанды мекендеген көптеген тайпаларды бағындырып, Жетісу өңіріне жетеді. 1211–1215 жылдары Қытайды жаулау жорығына қатысады. Содан үш жыл өткен соң, Жошы Қыпшақ даласына басып кіріп, Ырғыз даласына жеткенде Хорезм шахтың 60 мың әскерімен шайқасқа түседі. Күш арасалмағының кемдігіне қарамастан, Жошы қолбасшылық дарынымен ерекше көзге түседі. Хорезм шах әскері ашық шайқаста жеңіліп, қала қорғандарына барып тығылады. Бұдан кейін Жошы Сырдария бойындағы Отырар, Сығанақ, Үзкент, Баршынкент, Аспас, Жаңакент қалаларын алып, арада жыл өткенде Хорезмді бағындырып, Түркістанды иеленді. Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін бөліске салған кезде Жошының еншісіне Ертістен бастап, Орал тауының аралығы және одан арғы батысқа қарайғы жерлер тиеді. Ордасы Ертіс өзенінің бойына орналасады [77, 215 б.]. Ол осында 1227 жылы қайтыс болады. Жошының өлімі жөнінде әр түрлі әңгіме бар. Оның бірі — Жошы аң аулап жүргенде, жараланған құланның айғыры шайнап өлтірді десе, екіншісі аттан құлап, мойны үзіліп өлді дейді. Ал енді бір дерек жеке билікке ұмтылып, әке ырқына көнбей, асаулық танытқан ұлын Шыңғыс өзі арнайы адам жіберіп, өлтіртті дегенді айтады. Қалай болғанда да, Жошы ханның қазақ жерінде, Ұлытауда өлгені анық. Негізі Жошы хан өмірінің соңғы кезеңдерінде ислам дініне беп бұрып, моралдық құндылықтарын бойына сіңірген болатын. Сонымен қатар, ол екінші ұлы Батуға ислами тәлім-тәрбие берген. Сондықтан да, Жошы өлгеннен кейін Бату әкесіне арнап мазар соғуды жөн көріп, жерленген басына кесене тұрғызады. Бізге жеткен кесенеді нақты қабірі сақталған.

Жошы ханның киелі кеңістігі орталық Қазақстанның Сарысу бойында Теріс Кендірлі өзенінің батысындағы Сарайлы бұлақ маңында болып табылады. Себебі, қазақ тарихында Жошы осы жерде жерленген деп жазған. Қазақ халқы «Жошы мазары» деп қастерлеп келген мазар қазір осында тұр. Қысқасы Ертіс бойынан бастап, сонау Орал тауына дейінгі жердің билігін бір өзі жүргізген Жошы ханның Ұлытау топырағын жамылу себепсіз емес деуімізге толық негіз бар. Оған себеп, алдымен Жошының мінез-бітіміне, тірлікке деген түсінік талғамына қатысты еді. Ол өмірді қарапайым болмыс көрінісінде сүйе білген. Әсіресе мәжбүрлік-міндеттен алыс, даланың ойын-сауығына, аңшылық-саятшылығына, асыл өнеріне ғашық болған. бұған қоса сахараның еркін өмірі, думанды көш-қоны, саяқ батырлары да көңілінен шығып отырған. Мұның өзі Сарыарқадағы арғын, найман, қыпшақ, керей, уақ сияқты рулармен, былайша айтқанда, көз көрген сыралғы жұрағатымен өмірінің денін бірге өткізуге себепші болған [78, 275 б.]. Жошының құлай беріліп, қатты қызықтайтыны қызу сәттері көп аңшылық-саятшылық; әнші-күйші, ақын-жыраулар айтысы; мерген-палуандардың белдесуі; ат ойыны мен бәйге-бәсекелер екен. Академик

Әлкей Марғұланның айтуынша, Жошы қазақ даласындағы серілік дәстүрдің негізін салған [79]. Әрине, Жошы мазары ескерткіші бүгінгі ұрпаққа Жошы ханның мазары болғаны үшін құнды шығар. Сонымен бірге, Жошы хан заманынан жеткені үшін, сол замандығы қара халықтың ақыл-ойын, шеберлігін, мандай терін бойына сіңіргені үшін және табиғилығын сақтап қалғаны үшін құнды. Сондықтан да осындай архитектуралық ғажайып мұра деректерді жинақтап, оның тарихи мәнін саралап, сол ескерткішті келер ұрпаққа күнгірлеген көркімен жеткізе білу бүгінгілердің міндеті [36, б. 218-219].

*Домбауыл кесенесін* феноменологиялық тұрғыдан алғанда, оны киелі адам категориясы тұрғысынан қарастырған жөн болар. Өйткені, Домбауыл есімі тарихи жазбаларда да, аңыз-әңгімелерде де мол ұшырасады. В.В. Радлов жазып алған аңыздағы Тоқтағұл мерген, Г.Н. Потанин жазып алған Шыңғыс хан туралы аңыз, А. Янушкевичтің Құнанбайдан еститін аңызы – бәрінің негізі бір. Бәрінде де сандық ішіне салып, суға ағызылған қыз, ол қыздың нұр сәуледен жүкті болуы, оған Домбауыл мергеннің үйленуі сөз болады. Ал, «Монғолдың құпия шежіресінде» Шыңғыс ханның Домбауыл мергеннен тараған ұрпақ екені шежірелік жүйемен таратылып айтылады [80, Б. 23-25]. Домбауыл есімі қазақ ру шежіресінде де, жыр-толғауларында да жиі кездеседі. Ел ішінде Жошы, Шыңғыс хан туралы айтылып жүрген әңгімелердің қай-қайсысы болса да Домбауыл батырға бір тірелмей өтпейді. Домбауыл батыр, Домбауыл би, Домбауыл қолбашы, Домбауыл мерген ретінде әңгімеге өзек болып келеді. Бұл туралы белгілі қаламгерлер Мұхтар Мағауин, Ақселеу Сейдімбеков, Қойшығара Салғарин, Тұрсын Жұртбаев жазған ғылыми-тарихи негіздегі шығармаларда да Домбауыл батыр ел ішіндегі әңгімелерге орайластыра айтылады. Академиктер Әлкей Марғұланның, Ахмет Жұбановтың, шежіреші ғалым Мұхамеджан Тынышбайұлының, шежіреші Нығмет Мыңжанұлының жазған жазбаларында да, Қазақстанның Құрметті журналисі Серік Ғабдуллиннің жазғандарында да Домбауыл батырдың шығу тегі жан-жақты ашылған. Олардың бәрінде де Домбауыл батыр Шыңғысханның оң жақ тізесінен орын алған ықпалды адам ретінде айтылады. Домбауылдың қадіріне жетіп, оның қасиетін ұққан Шыңғысхан оны үлкен ұлы Жошының қасына ақылшы етіп қосады. Бұл қалай дегенде де тарихи шындыққа келеді. Себеп – Жошының мазары жанында Домбауыл кесенесінің тұруы, тіріде қорғаны болуы көп жайттан хабар бергендей. Шындығына келгенде де, Жошыдай баһадүрдің қасына белгісіз адамның мазары салынбасы әбден түсінікті.

Киелі кеңістік категориясы бойынша Домбауыл кесенесі Орта Азияға Ислам діні тарағанға дейін VI-IX ғасырлар аралығында тұрғызылған ескерткіш. Әлкей Марғұлан пікірінше, Ұлытау ауданы Жезқазған қаласынан солтүстік-батысқа қарай 58 шақырым қашықтықта, Кеңгір өзенінің оң жағасында орналасқан Домбауыл кесенесі Орталық Қазақстандағы ең көне құрылыстардың бірі болып саналады дейді [79, 5 б.].

Киелі жер классификациясы негізінде Домбауыл ежелгі батыр, бір өлкеге танымал, нақты қабірі сақталған кесене.

*Бұқар жырау Қалқаманұлы* киелі адам категориясы тұрғысынан алғанда, қазақ әдебиетінің XVIII ғасырдағы ең көрнекті өкілдерінің бірі болған. Қазіргі деректерде 1668 өмірге келіп, 1781 дүниеден өтті деп жазылып жүр. Бұқардың әкесі Қалқаман жаугершілік заманда ерлігімен аты шыққан батыр болған.

Киелі іс-әрекет категориясы тұрғысынан қарастырғанда, жыраудың өмірі мен шығармашылығы Арқа өңірімен тығыз байланысты. Бұқар жырау ерте кезден көзге түсіп, Тәуке ханның тұсында-ақ қабырғалы би болған деседі. Ал, Абылай ханның тұсында хан ордасында болып, мемлекеттік істерге тікелей араласады. Жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған алмағайып заманда Абылай ханға кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салады. Сөйтіп, ақыл-ойға кемел әулие Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды. Жырау азаттық жолында ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталады. Бұқар жыраудың толғаулары – Абылай дәуірінің шежіресі. Көкірегі қазына, ойы телегей-теңіз, тілі уытты, дуалы ауыз кемеңгерді хан Абылай қасынан бір елі қалдырмаған деседі. «Өз заманындағы жандар бұл кісіні «көмекей әулие» дескен. Қара сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен» деп жазады белгілі фольклоршы Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Оның поэзиясының халық арасына кеңінен тарап, афоризмдерге айналуы, мақал-мәтел болып жетуі де көркемдеу тәсілінің кереметтігінде. Бұқар жырау шығармаларын жинақтап, хатқа түсірген, сонымен бірге оның зиратын тауып, басына ең алғашқы белгі қойып кеткен де - ғұлама Мәшһүр Жүсіп.

Бұқар жыраудың киелі кеңістігі Қарағанды облысындағы өзі аттас ауданның, қазіргі Бұқар жырау ауылы маңында, Далба тауы болып табылады. Ол сол таудың бір сілемінде жерленген. Тәуелсіздіктен бергі кезеңде Жыраудың мұрасын түгендей бастаған ұрпақтары оған кесене тұрғызып (архитекторы А.Сәуменов), ол 1993 жылы жыраудың 325 жылдық мерейтойы аясында салтанатты түрде ашылды. Табаны үш таған болып келетін, биіктігі 12 метрге жететін бұл ғимарат қазақтың ұлттық бас киіміне ұқсас келеді де, кезінде ұлы бабамыз аңсап кеткен үш жүздің, бар қазақтың бірлігін бейнелейді. Сондай-ақ, Жыраудың есімін ұлықтап, ұрпақ жадына сіңіру ісі де қатар атқарылды. 1997 жылы Қарағанды облысының Ульянов және Тельман аудандары біріктірілгенде, аудан ұлы абыздың атымен аталды. Бұған қоса оның есімі Қарағандыдағы ең сәулетті көшелердің біріне берілді. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жыраудың шығармаларын жарыққа шығарды.



Оған Ш.Уәлиханов, Г.Потанин, М.Ж.Көпеев жазып алған нұсқалар, аңыз-әңгімелер, Пекиннен белгілі тарихшы Мұхтархан Оразбайұлы тауып, әдебиетші А.Сейдімбеков алғаш 1990 жылы «Ана тілі» газетіне жарияланған толғаулары енді. Тарихшы Ж.Артықбаев «Бұқар жырау он екі тарих» ғылыми-көркем еңбегін арнады [81]. Бүгінде Бұқар жырау кесенесі тұрған мемориалды кешен Қарағанды облысының жергілікті мәдени және тарихи ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. Сондай-ақ, киелі жер классификациясы бойынша кесене толық бір аймаққа танымал, нақты қабірі сақталған.

*Құнанбай қажы мешіті* Қарағанды облысында орналасқан Қарқаралы қаласында орналасқан. Құрылысы 1850 жылы басталып, 1853 жылы барша мұсылман қауымға арналған бұл діни орын еліміздегі ең көне мешіттердің қатарында. Бұл ескерткіштің архитектуралық маңыздылығымен қатар, қазақ мәдениеті үшін рухани құндылығы да тым жоғары. Себебі, бұл мешітті әлемдік тұлғаға айналған қазақтың ұлы ақыны – Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы салдырған. Дінтанулық тұрғыдан алғанда, киелі адам категориясы бойынша Құнанбайдың ел билеген тұстағы қызметі қарама-қайшылықтарға толы болғандықтан, біз үшін ол әлі де көп зерттеуді қажет ететін аса күрделі тұлға болып табылады. Жалпы Құнанбай дегенде, көз алдымызға қатігез әкенің, тасжүрек адамның бейнесі елестейді. Себебі, Мұхтар Әуезов өзінің «Абай жолы» эпопеясында Абайдың әкесін дәл осылай суреттеген. Жылдар бойы біз Құнанбайды озбыр ретінде танып, оның мәрт тұлғасының астына үңілмей келдік. Поляк революционері Адольф Янушкевич Құнанбай жайлы: «Соңғы кездері бір көзім жеткені – Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында бейнеленген Құнанбайдың жағымсыз бейнесі тек сол кездегі цензурадан туындаған кейіпкер образы ғана. Ал Әуезовтың сол заманның қыспағына бағынбасқа амалы болмады. Құнанбайдың қарапайым халықты езгіге салмасына Тұрағұл Құнанбаевтың, Архам Ысқақов пен Ахат Құдайбердіұлының естеліктері дәлел бола алады», - деп жазады. Айдауда жүрген революционер өмірінің отыз жылын қазақ өлкесінде өткізеді. Сондықтан да талай мәрте Құнанбайды өз көзімен көріп, дәмдес болған. Өзінің «Қазақ даласына жасаған сапардан естеліктер» деген кітабында Адольф Құнанбайды былай суреттейді: «Ол маған қазақ даласының әулиесі сияқты көрінді. Құнанбайдың дінге беріктігі мен қара қылды қақ жарар әділдігі баршаға аян еді. Сондықтан да оған алыс-жақын ауылдардан ақыл-кеңес сұрап келетін жарлының да, жастың да, бай мен кедейдің де санында есеп болмайтын» [50, б. 284-285]. Жалпы, өткен күннің деректерін парақтасак, Құнанбайдың дара тұлғасын айқындай түсетін мәліметтер көп. 160 жылдан астам қасқайып тұрған мешіт те алып тұлғаның елі үшін еңбек еткен жан екендігін көрсетеді. Сондай-ақ, Меккеге қажылыққа барған тұсында Құнанбай сол жақта өз отандастарына арнап қонақ үй салдырған екен. Ғимараттың қасбетінде Құнанбай есімінің қасында бұл қонақжайға қазақтардың емін-еркін жайғасуларына болатыны жайлы жазылған

Киелі кеңістік категориясы тұрғысынан, Құнанбай қажы мешіті – ағаш бөренелерді қиюластыра орналастырып бір де бір шеге қолданбай жасалған екі қабатты ғимарат. Архитектуралық жоспар бойынша бұл ғимараттың ені 15 метр, ұзындығы 11, ал биіктігі 6 метрді құрайды. Мұнда бір уақытта 300 адам намаз оқи алады. Жалпы, мешіттің жобасын құрған сәулетшінің есімі белгісіз. Бір өкініштісі Құнанбай Өскенбайұлының бұл мешіті бізге сол алғашқы салынған күйінде жетпеді. Кеңес үкіметінің сұрқия саясатының кесірінен 1920 жылы мешіттің мұнарасын қиратып, ғимаратты мектепке, кейінірек қоймаға айналдырды. Сол жылдары мұнараны құлатуға байланысты мынадай оқиға болған екен: Шолақ белсенділер мешітті қиратып орнына кеңсе құрамыз дейді. Осы тұста жағымсуды ойлаған пайдақұмар Имаш деген кісі: «мұнараны мен-ақ құлатып беремін!» деп, ағаш мешіттің биігіне шығып алып, аяғы тайып құлап, тапжылмастан мерт болып кеткен екен. Сондай-ақ, атеистердің мешіттің айшығын атып түсіріндер деген бұйырығы болыпты. Бұл бұйрықты орындаймын деп қаншама кісі оқталғанымен нәтиже шықпаған екен. Бір күндері бір мерген ақыры айшықты атып құлатыпты. Айшық жерге құлаған сәтте әлгі атқан адам да жан тапсырған екен. Ақыры дйттеген мақсатына жеткен кеңес өкіметі өткен ғасырдың сексенінші жылдары Алланың бұл үйін атқора ретінде пайдаланғаны тіптен жанға батады. Дегенмен де, тағдырдың сан қыспағына көнген Құнанбай мешіті тәуелсіздік алған жылдары қайта жөндеу жұмыстарынан өтіп, қалыпқа келтірілді. Бүгінде ол өзінің әуелгі мақсаты бойынша мұсылмандар қауымына қызмет атқаруда. Қарқаралының әрбір тұрғыны Құнанбайдай, Абайдай тұлғалардың осы өлкеде тұрып, аталмыш мешітке жиі бас сұғып тұратындығын мақтан етіп айтады. Сондықтан да 160 жылдан астам тарихы бар Құнанбай қажы мешіті - тек өткен ғасырдан көрініс беретін діни орын ғана емес, сондай-ақ ұлы тұлғалардың өмірінен сыр шертетін бірегей құрылыс нысаны болып табылады. Мешіт жаңартылып қайта тұрғызылса да, сол бастапқы тұрған жерінен ауытқымай соғылған.

*Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы кесенесі* феноменологиялық тұрғыда киелі кеңістікке айналып, зиярат ету орны болып табылады. Онда тіршілікте жолы болмағандар, қиянат шеңгеліне ілінгендер, болашағынан үміт ететіндер, жақсылық, адамшылық, имандылық жолын ұстаушылар, Алланың жолын мұрат тұтқандар Мәшһүр Жүсіптің рухына тағзым етіп, құран бағыштап, құрмет көрсету үшін зиярат етіп жатады. Кесене 2006 жылы қайта жаңартылып, бой көтерді. Құрылысы көне түркі стилінде жасалған кесененің жобасын дайындауға С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің мамандары мұрындық болған. Сол кездері Ерлан Арын басқарған білім мекемесінің ғалымдары қолға алған жоба ежелгі түркі тайпаларының сәулет ерекшелігі, ислам дінінің өзіндік өрнектерімен ерекшеленеді. Кесене зияратхана және көрхана атты екі бөліктен тұрады. Көрханада әулие бабамыз жатыр, сондай-ақ сандықтасы, құлпытасы қойылып, шамшырағы орнатылған. Мәшһүр Жүсіп атамның кесенесінің асты – кең көр, ғұламаның мәңгілік мекені.

Екінші қабатында, едені тақтайланған эп-әдемі бөлмеде жалған дүниеге лайық жиһаз-мүліктер бар. Кітапханасы да сонда орналасқан.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзіне келсек, ол 1858-1931 жылдар аралығында өмір сүрген көрнекті ақын, публицист, этнограф, ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы тұлға. Павлодар облысының Баянауыл ауданында туылған. Мәшһүр Жүсіптің азан шақырып қойған аты – Адам [82].

Ал, киелі іс-әрекет категориясы бойынша Мәшһүр Жүсіп «Бес жаста «бісмілла» деп жаздым хатты, бұл тағдыр жастай маған тиді қатты» деп өзі айтқандай, бес жасынан бастап-ақ молдадан хат таныған. 1870 жылы Хамеретдин хазіреттің медресесінде дәріс алады. Молда бір ғана дін сабағын емес араб, парсы, шағатай тіліндегі кітаптарды да қатты қадағалап оқытады. Кітаптың тек қарасын танытып қоймай, ішкі мазмұн, мән-мағынасына дейін тәптіштеп түсіндіреді. Арабтың, парсының тілін үйретеді. Мәшһүр бір жыл ішінде хат танып, өнер-білімге, әдебиетке құмар болып өседі. Жеті-тоғыз жасында «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» сияқты халық жырларын, шығыс қиссаларын жатқа айтады. Сол себепті де Мәшһүр деген атқа ие болады. Мәшһүр – арабша «белгілі» деген мағынаны білдіреді. Медреседе оқып жүрген кезінде ол балалардың алды болып, 15 жасынан өлең жаза бастаған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1875 жылдан бастап біраз уақыт оқытушы болды. «Дала уәлаяты» газетіне өлеңдері мен мақалаларын жіберіп тұрды. 1887-1890 жылдары Самарқанд, Ташкент, Түркістан, Бұхара, т.б. қалаларды аралап, Шығыстың классикалық әдебиетімен жете танысты. Осы жылдары түркітанушы ғалым, академик В.Радловпен танысып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісімен айналысты. Мәшһүр Жүсіп тіршілігінде қайнама қазағының қамын, дін жайын, елдің хәлін қағазға өлеңмен жазып мұра қалдырған адам. Оның шығармалары «Тәржіман» газетінде жарық көріп тұрды. Бұл басылымды мұсылман қауымды оқу-білімнің нұрына шақыру, пайдалы мағлұматтарды елге тарату, жаңашыл көзқарастарды уағыздау, сіңіру мақсатында жанданған жәдитшіл қозғалыстың бастаушы өкілі, Қырым татары Исмаил бек Гаспринский шығарды [50, 279 б.].

Ойшыл, ғұлама Мәшһүр Жүсіп атамыздың басына тәу етіп, дұға жасауға баратын қарашаның қарасы қашан да көп. Кейінгі жылдары жаңа жол төселіп, зиярат етем деушілерге жағдай жасалды. Киелі жер классификация бойынша Мәшһүр Жүсіп киелілердің «жана ұрпақтары», барлық өлкеге танымал, нақты қабірі сақталған кесене.

*Қозы Көрпеш пен Баян сұлу мазарын* дінтанулық тұрғыдан алатын болсаң, бұл кесене қос ғашықтың қайғылы махаббатына арнап тұрғызылған киелі кеңістік болып табылады. Ол Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Таңсық теміржол бекетінен 10 шақырымдай жердегі Аягөз өзенінің бойында орналасқан. Мазар туралы алғаш жазған академик И.П. Фальк (1771). 19 ғасырдың 30-жылдары В.Федоров, 40-жылдары А.И. Шренк, Ш. Уәлиханов (1856), Н.А. Абрамов (1858), М.Путинцев (1863), Орталық

Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекші Ә. Марғұлан) зерттеген (1952). Қазақ халқының ғасырлар бойы жырлап келе жатқан Қозы Көрпеш-Баян Сұлу хикаясын Шоқан Уәлиханов, Григорий Потанин, Василий Радлов, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан сияқты зерттеуші-ғалымдар, тарихшы, әдебиетшілер бірнеше ғасыр бойы зерттеп, қазіргі ұрпаққа асыл мұра етіп, жеткізіп отыр. Кесенені 1856 жылы зерттеген Шоқан Уәлиханов мазардың жанында төрт балбал тастың болғанын жазған екен. Халық аңызы оларда Қозы Көрпеш, Баян сұлу және олардың апалары Айтаңсық пен Айғыздың суреттері бейнеленген дегенді айтады. Алайда қазірде ол тастар жоғалған. Қозы Көрпеш пен Баян сұлу аңызының ел аузында бірнеше нұсқасы жүр. Соның бірі әйгілі аңызды былайша өрбітеді: Кішкентайынан бірге өсіп, дос болған Сарыбай мен Қарабай әлі дүниеге келмеген балаларын атастырып қояды. Ұлы дүниеге келмей жатып Сарыбай аңшылықта қайтыс болады. Атастырылған Қозы мен Баян ер жете бір-біріне ғашық болады. Бірақ Қарабай сөзінде тұрмай, қызын бір кездері малын жұттан сақтап қалған палуан Қодарға беруді жөн көреді. Сөйтіп Қодар екі ғашықтың ортасына түседі. Екеуара шайқаста бірінші болып Қозының басы кетеді. Сүйіктісінен айрылған Баян кек алуды ұйымдастырады. Ол Қодарды алдап, егер ол құдық қазып берсе, оған тұрмысқа шығамын дейді. Қодар Баянның шашынан ұстап алып, құдықты терең етіп қаза бастайды. Құдық тереңдей бергенде, Баян шашын кесіп жіберіп, Қодарды құдыққа батырып, өлтіреді. Ал өзі өз-өзін қылыштап, бақилыққа аттанады. Қозы Көрпеш жігіт пен сұлу Баянның бейнесі қазақ халқымен он бес ғасыр бойы ажырамай келеді [83]. Олардың биік сезімі әлі күнге дейін бөлінбей, адамзаттың мәңгі жырлар тақырыбы махаббаттың символына айналды. Қос ғашықтың жалындаған, қайғылы махаббаты ақындарды, драматургтерді, этнографтарды нәсіліне, тегіне карамай, сан ғасырлар бойы шабытқа жетелеп келеді.

Мазардың қалай тұрғызылғаны жөнінде қысқаша мәлімет бере кетсек, XV-XVI ғасырларда қазақ хандары өз белгілерін тұрғыза бастайды. Соның бірі 1500-1600 жылдары салынған Қозы Көрпеш — Баян сұлу мазары. Бұл мазар көне сауда жолы — Жібек жолының бір тармағы оңтүстіктен солтүстікке баратын жол жағалауына салынған. Алғашқы жоба бойынша мазарды қазіргі тұрысынан басқаша, әлдеқайда үлкен етіп салмақшы болады. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, мазарға тасты Арғанаты тауынан төртбұрышты қылып дайындайды. Мазарды алғашында Аягөз өзенінің сол жағалауына салмақшы болып, тасты жинай береді. Қанша уақыт тасып жинағаны белгісіз. Ал Арғанаты мен мазардың арасы 70-80 шақырым. Дегенмен мазар салмай тұрып мынандай оқиға болады. Мазарды келесі жылы бастаймыз деген қыста қар қалың жауады. Көктемде Аягөз өзені бастау алатын Тарбағатай тауының қары ерте бұзылып, тасқын болады. Оның үстіне тақауда тұрған көгілдір тауларының еріген сулары қосылады. Ал тас ойпаң жерге жиналған. Келесі жылы және тасқын болып, жиналған тас су астында екі рет қалып, қалың лай басып, топырақ құм жауып тастапты. Содан мазар салу кейінге қалады. Арада жылдар өткен соң мазарды өзеннің оң жағалауына бір дөңгелек жоталы жерге

сала бастайды. Тасты топырақ, құм арасынан аршып арғы жағалауға тасиды. Екі ара жақын. Осы кезде халық жиналып қолдан-қолға беріп тұрыпты. Мазар дөңгеленіп, төбесі күмбезденіп, бұрынғы ойлағаннан кішірек болып салынады. Мазарды сақтау мақсатымен 1950 жылдары «Таңсық» совхозының басшылары мазарды сыртынан таспен қоршаған. Ал мазар бұрынғы бейнесін өзгертіп, басы үшкілденіп кетеді. Биіктігі бұрын 12 метр болса, қазір 14 метр. Қазір ол жер теп-тегіс жазық. Бетін 15-20 см қазса, астынан алғашқы жинаған төрт бұрышты, құрылысқа дайын тастар шығады. Жіктеліп жиналған тастардың тереңдігі 3 метрге дейін барады және қатарындағы жиналған тастардың жігі көрініп тұрады. Бұл жерді жергілікті халық қазір «тас қала» дейді.

Бүгінгі таңда мазар мемлекеттік қорғауға алынған ғибадат орны, әрі оны киелі жер классификациясы бойынша келесідей талдуға болады: көне заманғы, бір өлкеге танымал кесене болып саналады.

*Қарахан кесенесін* феноменологиялық тұрғыда киелі адам категориясы бойынша қарастырғанымызда, кесене қараханидтер әулетінің көрнекті тұлғасының бірі – Шах-Махмуд Қараханға арналып салынған. Шах-Махмуд Харун Бұғра Қарахан – Қарахан әулетінен Әулие ата атанған екінші ханы. (Бірінші атанған әулие ата – Сатұқ Бұғра Қарахан, оның мазары Қашқария жерінде орналасқан). Шах-Махмуд Харун Бұғра Қарахан 946 жылы дүниеге келіп, 992 жылы қайтыс болады. Сонымен қатар, Бағдат әміршісі Әбд әр-Рахим бабтың ұрпағы.

Киелі іс-әрекет категориясы бойынша Қарахан Сатұқ Бұғра Қараханның ұстанған жолын жалғастырады. Талас өзенінің шығысы мен батысындағы елді түгелдей өзіне қаратып, Шах-Махмуд Харун Бұғра мемлекеттің жарық күні, мұсылман дінінің алтын дінгегі атанды. Самани әулеті билеушілерінен Испиджабты (Сайрамды 990), көп ұзамай Самарқанд пен Шашты, 992 жылы Бұқараны алады. Ол сол жылы Түркістан маңындағы Қошқарбасы деген жерде дүниеден өтті. Қарахан жайлы аңыздардың дені Айша Бибі тағдырымен байланысты. Сүйген сұлуы Айшадан қапыда айырылып қалған Қарахан оның басына кесене орнатады. Өзі де өмірден өтер шағында Айша Бибінің кесенесі көрініп тұратындай етіп жерлеуді тапсырады. Тарихқа жүгінсек, қарахандар әулеті қарлұқтардан шыққан. Қарлұқтарға қыпшақтан басқаның бәрі кірген. Қарлұқтар сахараға ислам дінін әкелді. Қарахан мемлекеті тұсында сопылық ілім қазақ сахарасында айрықша дами түсті, тақуалық жолға түсіп, жарық дүниеден бас кешкен сопы дәруіштер көбейген. Құлшылық етер жері тау болған. Қарахан – көзі тірісінде әулие атанған сопылық ағымның өкілі. Қарахан мемлекетінің астанасы Баласағұн шаһарында мешіттер саны өте көп болған. Сопылық әдебиет те молынан дами бастаған осы кезең. Қарахан мемлекетін қарақытайлар (кидандар) құлатты [84].

Киелі кеңістік болып, қазіргі Тараз қаласында орналасқан кесенесі саналады. Ел билеген Қараханды халқы мәртебелі қайраткер ретінде бағалап, әулие тұтып, XI ғасырда оның құрметіне кесене салған. Ол ортағасырлық рабад аумағындағы діни-мемориалдық кешенге кіреді. Кейін арада жүздеген жылдар

өтіп, Тараз қаласы қирап, тіршіліксіз қалған кездің өзінде қала қирандыларының арасынан бой көрсетіп тұрған кесене жергілікті халықтың жадында қасиетті нысан ретінде қалған [59, 38 б.]. Қараханидтер дәуірінде, XI ғасырда бой көтерген құрылыс Айша бибі мен Бабажы Хатун кесенесімен тікелей байланысты. Көне архитектуралық ескерткіш XX ғасырдың басына дейін сақталған. 1906 жылы күмбездің орнына жаңа кесене тұрғызылды, алайда алғашқы орнына тұрғызылғандықтан, жартылай жасанды деуге болады. Ұшар басына оюлы, ағаш дінгек қойылып, бөлменің ішіне бесік тәрізді сағана орнатылды. Ал, 1979 жылы кесенеге күрделі реконструкциялық жөндеу жұмыстары жүргізілді. Міне содан бері мың жыл уақыт өтсе де Қараханның ардақты есімі елінің абыройы, оның басына қойылған кесенесі ұрпақтан ұрпаққа тарихи сәулет ескерткіш болып жетіп отыр.

Түйіндей келе, қазіргі таңда кейбір қазақстандық деректерде Қараханды – Сатұқ Бұхра Қарахан деп жазып жүр, ол дұрыс емес. Қарахан жоғарыда айқындап көрсеткендей Шах-Махмуд Бұхра Қарахан болып табылады. Оған дәлел ретінде түрік зерттеушісі М. Сезар-дің 1977 жылы Ыстамбұлда шыққан «Anadolu Öncesi Türklerde Şehir ve Mimarlık» [85] атты еңбегін негізге алуға болады.

Сонымен, киелі жер санатына енгізілу себебі Қарахан халық арасында әулие ата атанып, көптеген киелі қасиеттерге ие болған. Ал, киелі жер классификациясы бойынша Қарахан ерте кездегі әулиелер қатарынан, толық бір өлкеге танымал, қабірі сақталған кесенесі бар киелі орын.

*Айша бибі* – Қараханидтер әулиетінің негізін қалаушылардың бірі Шах-Махмуд Бұхра Қарахан қалыңдығы. Айша бибінің кім екені жөнінде атадан балаға қалған аңыз болмаса, тарихи деректер жоқ. Ел жадында сақталған аңыздардың бірінде Айша XI ғасырдағы танымал ғалым, әрі ақын Хәкім Сүлеймен Бақырғани мен Қарабура әулиенің қызы Әмбар бибінің қызы дейді. Келесі бір аңызда Сүлеймен Бақырғани қайтыс болғаннан соң, шығыс әулиелерінің бірі, сахабалар әулетінен шыққан киелі Зеңгі баба екінші әкесі делінеді [86, 212 б.]. Бұл екі әкесі де киелі тұлғалар, әулие адамдар болып табылғандықтан, солардың рухани тізбектерінің жалғасы болғандықтан киелілер қатарына жатқызуға болады. Аңыз желісі бойынша Айша сұлу сол кездегі әлеуетті Қарахан империясы Батыс қағанатының билеушісі Шах Махмуд Қараханмен кездесу үшін іңкәрлік сапарына шығып Таразға келе жатады. Қос қорғанды, құдіретті қалаға таяу қалғанда Айша ару аяқ суытып, жуынып – шайыну үшін қала іргесіндегі Аса өзеніне таяу жатқан Әулие бұлақ атты су көзінің жағасында аялдайды. Сол жерде қапыдан жеткен қауіптің тырнағына ілініп, сәукеленің ішіне кіріп алған улы жылан шағып, бақиға аттанады.

Киелі кеңістік категориясы тұрғысынан қарағанда, Айша бибі кесенесі Қарахан кесенесіне жақын жерде орналасқан қазақ қол өнеріне енген ою-өрнек, әшекей түрлерінің бәрін қамтитын күрделі архитектуралық әсем ескерткіш болып табылады. Азапты сәттің ауыр салмағынан жан-дүниесі жаралы болған

жас Қарахан Айшаны Тараз қаласында жерлеп, жас қабірдің басына адалдық белгісі ретінде махаббат күмбезі ретінде әсем кесенені тұрғызған деседі [87, Б. 40-41]. Айша бибі кесенесі — сәулет өнері ескерткіші 12 ғасырда салынған. Кесене құрылысын 1897 жылы В.А. Каллаур, 1938-1939 жылдары А.Н. Бернштам бастаған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы, 1953 жылы Қазақстан ҒА-ның экспедициясы зерттеген. Қалпына келтіру үшін, «Қазақ жобалау-қалпына келтіру» РМК институты Айша бибі кесенесін қалпына келтіру жұмысының жобасын жасап, көптеген жұмыстар жасалды. Қайта қалпына келтіру жұмыстары 2001–2004 жылдар аралығында жүргізілді. Кесене кейіпін келтіру үшін Түркістан филиалының қайта жасаушы шеберлері үш жыл бойы ескі технологиялы пештерді қолдану арқылы 72 түрлі белгі салынған плиткалар дайындады. Сондай-ақ кесене фундаментін қатайту қабырғаларын көтеріп алғашқы кейпіне келтіру күмбездің ішкі және сыртқы желкендерін жөндеу секілді қиын жұмыстар атқарылды. Сондай-ақ электр жарығын тартып кесене аймағы қоршалды, яғни осылайша кесене қайта қалпына келтірілді. Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған. Бүгінде Айша бибі кесенесі жергілікті халық ұғымында адалдық пен тектіліктің белгісіне айналған қасиетті мекен. Ескерткіш туристтерді тек қана ерекше сәулетімен ғана емес, сонымен қатар сұлу Айша бибі мен батыр Қарахан арасындағы шексіз махаббаты туралы, аңыз да қызықтырады. Отандық және шетелдік туристер мен махаббаттың символы ретінде отбасылық өмірге жаңа қадам басқан жас отау иелері келіп тәу ететін көпшілік орынға айналған.

Киелі жер классификациясы бойынша кесене ортағасыр кезеңіне, өлкеге танымал, нақты қабірі сақталғандар қатарына жатады.

*Бабажы Хатун мазарын* дінтанулық тұрғыдан алатын болсақ, бұл кесене сәулеттік-құрылымдық сараптамалардың нәтижесіне қарағанда құрылыс Қарахандар дәуірінің ерте кезеңіне жатады және XI-XII ғғ. мерзімделеді. Кесененің тарихы Айша Бибі кесенесінің салынуы туралы аңызбен тікелей байланысты. Аңыз бойынша Айша бибі Шах-Махмут ханға баратын сапарында жанында күтушісі Бабажы Хатун болған екен. Қайғылы оқиғадан соң күтушісі Айша Бибінің мазарының басында өмір бойы шырақшысы болып қалады. Қайтыс болғанынан кейін Айша Бибіден 20 қадам жерге жерленіп, басына кесене тұрғызылады [84, 16 б.]. Ұзақ жылдар бойына қасиетті орын ретінде халық санасында сақталып, осы өңірге жолы түскен жолаушының соқпай өтпейтін, жергілікті халықтың жиі келіп тәу ететін киелі мекеніне айналған. Осы күнге дейін кесенеге бірнеше рет қайта қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілген. Кесене республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған. Бүгінгі кезде бізге жасанды түрі жеткен.

*Бәйдібек атаны* киелі адам категориясынан алып қарағанда, ол Жетісу өлкесіндегі көшпелі тайпалар көсемі, әрі ақыл-парасатымен, ерлік істерімен

елге ұйтқы болған тарихи тұлға болған екен. Ел ішіндегі қария сөздер, далалық ауызша тарихнама бойынша ұлы жүздің үйсін бірлестігінің құрамындағы албан, суан, дулат, сарыүйсін, шапырашты, ысты, ошақты тайпалары Бәйдібекті өздерінің түп атасы деп біледі. Бәйдібектің әкесі Қараша туралы, Бәйдібектің ұрпағы Майқы би туралы Қытай жылнамаларында, Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінде деректер кездеседі. Бәйдібек Жетісуды, Арыс өзенінің алқаптарын, Қаратау мен Ташкент алабын қоныс етіп, ондағы ру-тайпалардың бас біріктіруіне, ел болып ұйысуына ықпал еткен [39, 31 б.]. Бәйдібек Қарашаұлының өмірі мен ерлігі, өскен ортасы, замандастары туралы нақты тарихи деректер Қазақстанның шежіресінде айтылады. Ал бабаның аңыз-әңгімелері, нақыл сөздері жайында ғалым-этнограф Н.Аристов пен қазақтан шыққан саяхатшы-географ Ш.Уәлиханов жазбаларында баяндалған.

Киелі іс-әрекет категориясы бойынша, Бәйдібек ата үш некелі болыпты. Бірінші әйелі – Сары бәйбішеден Байтоқты есімді бала туылып, одан Түргеш (Сарыүйсін) өрбіген. Екінші әйелі – Зеріптен Жалмамбетті туылады. Одан – Шапырашты, Ошақты, Ысты өрбіген. Үшінші әйелі – есімі әйгілі Домалақ ана. Домалақ анадан Тілеуберді туылады. Тілеубердіден – Албан, Суан, Дулат өрбиді [39, 32 б.]. Бұл аталардың бәрі де іргелі ру-тайпаларға ұласып, қазақ халқының ел болып ұйысуына тікелей араласқан. Міне, осылайша қазақ ұлтының негізін қалаушы бірнеше рулар шыққан.

Бәйдібек атаның киелі кеңістігі болып, оның мүрдесі жерленген жер Балабөген өзені болып табылады. Басына көрнекті кесене тұрғызылып, ол қазіргі ОҚО, Бәйдібек ауданы, Бәйдібек ата ауылының аумағында орналасқан. Бүгінде Бәйдібек атаға арналған бірнеше ескерткіш бой көтеріп, баба әруағына құрмет көрсетілуде. Киелі жер классификациясы бойынша Бәйдібек ата ру тотемі, ежелгі батыр саналса, кесенесі толық бір аймаққа танымал, нақты қабірі сақталған болып есептеледі.

*Домалақ ана* киелі адам категориясы тұрғысында абыз аналардың бірі болып саналады. Шын есімі Нұрила. Ол Бәйдібек бидің үшінші әйелі болған екен. Түркістандық Мақтым Ағзам қожаның немересі. Әкесінің есімі – Әли Сылан, анасының есімі – Нұрбике. Нағашы ағасы Уәйс хан – Моғолстанның ханы болған. Домалақ ананың әкесі Әмір Темірдің әскерінде қызмет етіп түзде жүреді, анасы ерте қайтыс болып, жетім қалады. Сөйтіп Нұрила атасы Мақтым Ағзам қожаның қолында тәрбиеленеді. Кейінірек Бәйдібек бидің шақыруымен Мақтым Ағзамның отбасы Қаратау маңына көшіп барып қоныстанады. Мақтым Ағзам жаңа қонысында мектеп-медресе ашып, мешіт салдырады. Осында жүріп бой жеткен Нұрила атасы Мақтам Ағзамның өсиетімен 19 жасында Бәйдібек биге тұрмысқа шығады. Домалақ ананың елге ақылдылығымен, даналығымен, тазалығымен аты шыға бастағаны осы кез еді. Оның даналығы, әулиелігі, тапқырлығы жайындағы әңгімелер ел арасында кең тараған. Соның бірі- «Домалақ ана» атауы жөніндегі ел аузында айтылатын аңыз. Ел ішіндегі деректерге қарағанда Домалақ анаға «Диннат мама» деген атауды түп тегі түрікпен Қара хайдар деген кісі оның даналығына тәнті болып қойған екен.



«Диннат мама» - парсы сөзі. Қазақ тілінде «Әулие ана» деген мағана береді. «Диннат мама» сөзі уақыт өте келе тілдің даму заңдылығына орай дыбыстық өзгерістерге ұшырап, «Домалақ анаға» айналған. Домалақ ана ел арасындағы даулы мәселелерге араласып, бітімгершілікпен шешімін табуға өз үлесін қосқан. Домалақ анадан ұрпақтарының бәрі де білімімен, ақылдылығымен ерекшеленіп, ел билеген. Жарықшақ деген ұлы әуелі Ташкент әмірлігінде кеңесші, кейін бүкіл Жетісу өлкесінің ұлысбегі болған. Оны Домалақ ананың нағашы атасы Моғолстанның ханы Уәйіс хан қолдап отырған. 1429 ж. Уәйіс хан қайтыс болып, әке тағына ұлы Есен Бұға отырады. Сол күннен бастап Жарықшақ Есенбұға ханның бас уәзірі болады. Домалақ ана өмірінің соңғы жылдары Ташкент қаласында өтеді. Алайда ері Бәйдібектің түсінде берген аяны бойынша, өздерінің ескі қонысы Қаратауға барып тұруға қамданып, жол шегеді. Көш Балабөген өзенінің жағасына келген кезде Домалақ ана сол жерде намаз оқып отырған кезінде көз жұмады. Өзінің тілегі бойынша Домалақ ана сол жазыққа жерленеді. Домалақ ананың немересі ұлысбегі Дулат Бұхарадан Абдулла Шери ұстаны алдырып, Домалақ ананың басына төрт қанатты, төбесі күмбезбен көмкерілген кесене тұрғызылады. Домалақ ананың бұл күмбез-зираты қастерленіп, елдің арнайы келіп зиярат ететін орнына айналған. Аңыз бойынша, Домалақ ана кесенесінде екі киелі тас бар, оның арасынан тек тақуа адам ғана өте алады екен [50, 194 б.]. Қазіргі таңда кесене нақты қабірі сақталған, толық бір аймаққа танымал болып табылады.

*Рабия Сұлтан Бегім кесенесіне* дінтанулық талдау жасай отырып, оны киелі адам категориясы тұрғысынан қарастырғанда, Рабия Сұлтан Бегім (кей деректерде Рабиға деп те аталады) Дешті Қыпшақтың ханы болған үлкен Әбілқайыр ханның жары. Кейбір мәліметтерде Рабияны Ұлықбек хакімнің қызы, Әмір Темірдің ұрпағы делінген. Ілияс Есенберлин өзінің әйгілі «Көшпенділер» трилогиясында Рабия Сұлтан бегімнің сұлулығын былай деп суреттейді: «Бір өзінің түр-келбеті бүкіл әлемге сән бергендей осынау салтанатты әйелді көрген адам «бұл жалғанда мұндай жан жаратылмас» деп ойларлық. Бұл – Әбілқайыр ханның төртінші әйелі, атақты ғалым – Самарқант ханы Ұлықбек мырзаның қызы Рабиу Сұлтан бегім сұлу еді». Рабия сұлу Әбілқайырмен 16 жыл отасып, екі баланы өмірге әкелді. Сүйініш пен Кішкене (кейбір деректерде Көкенші деп жазылып жүр) анасы қайтыс болған соң, үлкен күмбез салдырады. Күмбез Қожа Ахмет Ясауи ғимаратының оңтүстік шығысында соғылған. Бегімнің табытында: «Бұл Құдіретті Әмір Темірдің ұлы, азапты ажалдан қаза тапқан, құдіретті ұлы сұлтан Ұлықбек Гураганның қызы, ақсүйек, құдай кешіріп рақымшылық жасаған, ізгі жасанды Рабиға Сұлтан бегімнің тыныштық тауып жатқан жері» деген жолдар бар көрінеді. Рабия Сұлтан Бегім туралы деректерде оның білімді, білікті, ақылды әйел болғандығын жазады. Шайбанилер мен Әмір Темір ұрпақтары арасында да сыйлы, ерекше беделге ие болған. Әбілқайырдың төртінші әйелі бола тұра, саяси қадамдарда ханға ақыл қосқан, маңызды рөл атқарған айрықша жан болса керек [47, 36 б.]. Белгілі тарихшы Берекет Кәрібаев Рабия Сұлтан бегімнің өте

парасатты адам болғанын, тарихта ол туралы деректердің тым аз екендігін алға тартты. Рабия Сұлтан бегім туралы ресми деректер жоқтың қасы. XV ғасырдың көзіндей боп тұрған қасиетті кесенеде анамыздың қабірі бар, яғни табиғи қалпы сақталған. Қожа Ахмет Ясауи мавзолейіне барған адамдардың дені Рабия Сұлтан Бегімге де құран бағыштамай өте алмайды.

*Күлтөбе (Ясы) қалашығы* б.з.д. II–XIX ғасырлар арасында өмір сүрген киелі кеңістік болып табылады. Бұл өңірде Сармат заманына тиесілі дүниелер өте көп, мысалы, қазба жұмыстарын жүргізген кезде, сармат тайпалары заманында қолданылған заттар мен белгілер табылған. Күлтөбе ортағасырлық Түркістан қаласының шығыс жағында, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 480 м жерде орналасқан. Сопақша келген, биіктігі 9 м, аумағы 150x120 м ауқымды төбешік болып келеді. Күлтөбеде алғашқы болып археологиялық қазба жұмыстары 1972-1974 ж.ж. Т.Н.Сенигова басқарған Түркістан отряды тарапынан жүргізілді. Белгілі археолог Е.А. Смағұловтың пікірінше қала б.з.д. II ғ. Жібек жолымен қатар қалыптасқан. Қазіргі кезде көне қаланың шағын макеті жасалып қойған. Ясы – Қазақ хандығы тарихында саяси маңызы зор қала. XVI ғ. 70-80-ші жылдарының соңында Сыр бойы қалалары үшін күрес қазақ хандары мен шәйбанидік Ташкент, Бұхара билеушілері арасында қақтығыс шиеленісе түсті. Бұл күресті қазақ хандары Тахир, Хақназар, Шығай, Тәуекел және Есім хандар басқарды, ақыры 1598 ж. Тәуекелхан Ташкент, Ферғана, Самарқанды басып алды. Тәуекелдің ісін әрі қарай жалғастырған Есім хан XVI ғ. соңында Ясыны Қазақ хандығының астанасы ретінде бекітті. Осыдан бастап Сыр бойының 32 қаласы 200 жыл бойы (1598-1798 жж.) Қазақ хандығының қол астында болды, ал Ясы қаласы қазақтың қарашаңырағына айналды [47, 206 б.]. XVI-XIX ғғ. аралығында қазақтың 19 ханы Ясыны астана етті. Осы уақыт аралығында Ясы елдің саяси, экономикалық, рухани орталығы болды Дінтанулық тұрғыдан қарастырғанда, бұл жерде 21 ханның кесенесі, мұнан басқа 8 сұлтан, 14 би мен 50 аса батыр мәңгі мекені бар киелі кеңістік болып табылады. Қазіргі таңда бұл қала «Түркістан – киелі мекен» деп аталады. Бұл мекенге зиярат етушілер, тіпті шетелдік туристер де көптеп келіп жатады.

*Төлегетай-Қылышты ата мазарын* феноменологиялық тұрғыдан алғанда, ол қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы алғашқы ғасырлармен байланысты найман тайпаларының негізін қалаушылардың бірі болған. Киелі адам категориясы тұрғысынан Төлегетай баба туралы ең алғаш зерттеген Орта Азия халықтарына танымал, Қазан төңкерісінің алғашқы жылдарында Түркістан автономиясының бас министрі болған Мұхаметжан Тынышбаев. Төлегетай Сүйінішұлы (шамамен XV ғасырда өмір сүрген) – тарихи тұлға, айманның шөбересі (Найманнан – Белгібай, одан – Сүйініш, одан – Төлегетай) болып табылады. Төлегетай баба өз заманында қол бастаған батыр, елдің қамын жеп, бірлігін ойлаған қайраткер болған. Қазақ даласында жеке ұлыс болып қалыптасқан наймандарды Төлегетай батыр билеген. Оған қоса, ол жер жадысына жүйрік болған, жері құмдауыт, суы тапшы келетін сол өңірде

бабамыздың «мына жерден су шығады» деп таяғымен нұсқаған жерінен су шығады екен. «Төңірегіңе абай бол», «төрт құбылаңнан жазба», «төрт көзің түгел болсын», «көштерің қатар, түтіндерің қосылып тұрсын», «бір-біріңнен от сұрай жүріңдер» деген өсиеті халықтың бірлігі мен тұтастығын, қабырғаның теңдігін меңзейді. Қылышты ата ерекше қасиетке ие әулие адам болған деседі. Халық арасында тараған аңызға сүйенсек, көлікті адам көлігінен түсіп зиярат етпесе, өзі немесе аты майып болады екен. Басына түнеп, перзент тілегендер мен кеселденгендерге Алланың күшімен шипа беріп отырады. Аңыздар бойынша, Қылышты атаның әкесі Камаладдин Меккеден келіп, Қызылөзгент шаһарының патшасы Әбубәкір әз-Сыдық ұрпағы Ілгімағзұмның қызына үйленеді. Содан көп кешікпей Меккеге қайтып кетеді. Қылышты ата шеше ішінде қалып, өскенде аспаннан қылыш пен ақбоз ат түсіп, 1001 бәлеге қарсы тұрған. Уәзірлері мен билері алдына келгенде қылышы күн сәулесіне шағылысып, қылыштың жүзіне қонған шыбын екіге бөлініп түсе беретін болыпты. Онысы «Кімде-кім адал болмаса осындай жаза алады» дегені екен. Міне, осыдан бастап Қылышты ата атаныпты [50, 204 б.].

Қылышты атаның киелі кеңістігі оның жерленген жері кесенесі болып табылады. Қазіргі кесене ХХ ғасырдың 70-шы жылдары түсірілген фотосуреті арқылы жоспарланып, сызбасы салынып, күмбезі мен қасбетінің қандай болғандығы анықталған. Жөндеу жұмыстары 2005 жылы басталып, 2008 жылдың 30 тамызында аяқталды. Сәулетші Бек Ыбыраев кесенені озық үлгіде, замануи сәулет негізінде қайта жасап шықты. Төлегетай-Қылышты ата кесенесінің екі күмбезі бар, мұнарасы төртеу және сегіз сынтасты болып келеді. Құрылыстың көлемі 9х9 метрлі, биіктігі он метрге жетеді. Бұл кесене бүгінде Қазақстанның киелі нысандарының тізімінде және Төлегетай-Қылышты ата кешенді-мазар зираты қастерленіп, елдің арнайы келіп зиярат ететін орнына айналған.

Киелі жер классификацияларына сәйкес, Қылышты ата ру тотемі, ежелгі батыр, әулие адам, бір аймаққа танымал, нақты қабірі сақталған, кесенесі бар кешен.

*Қорқыт ата мемориалды кешенін* дінтанулық тұрғыдан алатын болсақ, бұл кешен оғыз тайпасының Баят руынан шыққан Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адамға арнап тұрғызылған. Киелі адам категориясы бойынша Тәңірі зердесіне салған Қорқыт ата қатесіз болжамдар айтатын болған екен. Оғыз тайпаларында Қорқыт ата ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай ғана қиын іс болмасын, Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысты бастамаған. Ел оның барлық өсиетін бұлжытпай орындаған [88, Б. 355-456]. Қорқыт ата VIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген ұлы ойшыл, ақын, сазгер болған. Тарихта үлкен із қалдырған қайраткер.

Киелі іс-әрекет категориясы тұрғысынан, Қорқыт ата философиялық ой толғамдарында өмір мен өлім туралы мәңгілік мәселелерді көтерген. Философиялық тұрғыда өлместік проблемасын қиялмен іздестіреді. Аңыз бойынша ол желмаяға мініп, өлімнен қашпақ болып, әлемнің төрт бұрышын

кезеді. Бірақ қайда барса да алдынан қазылып жатқан «көр» (қабір) кездеседі. «Кімге қазып жатсындар?» деген сауалға «Бұл Қорқыттың көрі» деген жауап алады. Содан, ол танданып, ойға қалып, мәселенің жауабын табиғаттан сұрамақ болады. Оған жануарлар, құстар, сылдырлаған шөптер, сарқырап аққан сулар, гуілдеген жел «дүниеде өлмейтін ешнәрсе жоқ. Бәрімізде мәңгі емеспіз» деп жауап қайтарады [89, Б. 29-34]. Бұл жауаптардан ойға қалған Қорқыт ата, өзіне «енді не істеймін» деп сұрақ қойып, оған жауапты былай табады: «Дүниеде мәңгі өмір сүру үшін, өлместік із қалдыру» деп [89, б. 35-36]. Содан ол қобызбен күйлер шығарып, сонымен қатар, батырлық, аңшылық, адамгершілік туралы дастандар тудырып, оны өзі орындап, қоғамдық рухани қозғалыс ендіреді, есімін мәңгілікке қалдырады. Сөйтіп, Қорқыт ата өмір мен өлім мәселесін көтеріп, ХХ ғасыр басында Еуропада дүниеге келген экзистенциализм философиясына одан мыңнан артық жыл бұрын бастау жасаған деуге болады. Сол мәселені алғаш көтерген тұлға болып табылады. Ал, Қорқыт атаның аңызын айтатын болсақ, ол философиялық мазмұны терең, өмірсүйгіштік рухы өшпес аңыз. Мұны бүкіл әлем ғұламалары мойындайды. Тек мойындап қана қоймай, түркі жұртының өмір мен өлім туралы түсінігінің әдемілігіне, өмірге құштар рухының асқақтығына тамсана таң қалады. Мәңгілік нәрсе – өнер, шығармашылық, адамның артында қалатын өшпес ізгі ісі. Қорқыт ата діни феноменологияда киелі уақытты игере білген, мәңгілікке қол жеткізген киелі адам болып табылады. Халық өзінің ұлы да дана, қастерлі де қымбатты адамдарын мәңгі жадында жүрегінде сақтайды. Оның мұраларын қастерлеп, сақтап, ғасырдан-ғасырға жеткізеді. Барлық түркі тектес халықтардың жадында тағдырымен, тарихымен, аңыз-шежірелерімен, қоңыр қобызының зарлы үнімен әйгілі болған Қорқыт баба мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа тарап келе жатыр. Қорқыттың кім болғанын түркі тектес халықтардың ішінде білмейтін кісі жоқ. Қорқыт ата туралы қолына қалам алған ғалымдар, ғұламалар, тарихшылар, әдебиетшілер зерттеуді, Қорқыт ата – аңыз тұлға ма немесе тарихи тұлға ма деген сұрақтарға жауап беруден бастайды. Сонымен, Қорқыт ата – сан ғасырдан бері халық аузында киелі адам, көреген дана, атақты ақын, күйші, халық аңызының кейіпкері деп танылып, өз заманында озық ойлы болған, артынан көп өшпейтін мұра қалдырған тарихи тұлға.

Киелі кеңістік категориясы тұрғысынан, Қорқыт ата туралы көп зерттеулер жасаған түрколог ғалым Мырзатай Жолдасбеков «Қорқыт Атаға байланысты тарихи оқиғалардың, аңыз-әпсаналардың Отаны – Сыр бойы. Сондықтан Қорқыт бабаның мазары тұрған жерге жаңа ескерткіштің орнатылуы – байырғы түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігін көз алдымызға әкелетіні сөзсіз» - дейді [90, Б. 11-14]. Сөйтіп, Қорқыт ата мазары да, ескерткіші де қазіргі Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Қорқыт станциясынан 3 км жерде орналасқан. Қорқыт ата мазары исламға дейінгі түркі сәулет құрылысы үлгісімен салынған. Алайда Қорқыт атаның қабірі Сырдария жағалауында болғандықтан, дарияның тасуымен суға ағып кеткен болатын. Оны алғаш рет байқап, суретке түсірген ресейлік этнограф-ғалым А.И. Диваев болатын. Қазіргі таңдағы мемориалдық

кешен Қорқыт Ата ескерткішіне арнап орнатылған. Кешен жанынан мұражай ашылған. Оның қорында 700-ге жуық экспонат сақталуда. Мұражай экспозициясында Қорқыт өмір сүрген дәуірдің тарихы мен мәдениеті жайлы мәліметтер беретін материалдар қамтылған. Бұл ескерткіш-кешен күллі түркі халықтарына ортақ қасиетті зиярат орындарының бірі болып саналады. Бүгінгі күнге дейін өзінің асқан беделін жоғалтпаған, халық арасында сый-құрметке иеленген Қорқыт ата есімі, мазары, ескерткіші – қазіргі таңда еліміздің руханилығын асқақтатып, ұлттық бірегейлікті нығайтып отырған, ұлттық кодты сақтап келе жатқан бірден бір киелі жеріміз [91, 143 б.].

*Бегім ананы* киелі адам категориясы тұрғысынан қарастырғанда, ол Қарабура әулиенің қызы, Селжұқ мемлекетінің ханы Санжар сұлтанның әйелі болып табылады. XI ғасыр тұсында оғыздар тайпасының билеушісі Мәлік шахтың патшалық құрған тұсында Селжұқтар елі әбден кемеліне келген екен. Мәлік шах өлгеннен соң таққа оның баласы Санжар отырады. Санжар астанасын Хорасан қаласынан Сыр бойындағы Жанкент қаласына көшіріп орналастырады да, бұл шаһарды мықты бекініске айналдырады. Ол аң аулап, сейіл құрғанды ұнатады екен. Сөйтіп жүріп Созақ маңайында өмір сүрген Қарабура әулиенің қызы Бегім сұлуға үйленеді. Бегім сұлу көркіне ақылы сай, парасаты мол қыз болыпты. Санжарды да табындырған осындай сан қырлы қасиеттері болса керек. Ел аузында Бегім ана туралы аңыз кең тарап, көптеген шығармалар мен дастандарға арқау болғаны белгілі. Бегім ана туралы аңыз былайша өріледі: Санжар хан аңға шығып бара жатып үйінде қалып қойған қанжарын әкелуге құлын жұмсайды. Құл ханның жұмсағанын айтып Бегім сұлудан қанжарды беруін өтінеді. Қанжарды қолына алғанда Бегім сұлудың аппақ қолын көріп құл есінен айырылып құлап қалады. Кешігу себебін түсіндірген құл «Ханым білегімнен ұстап жібермей қалды» депті. Санжар ақ-қарасын тексермей Бегім сұлудың оң қолын, оң бұрымын кесіп, оң танауын тіледі де, зынданға тастайды. Сол түні Қарабура әулие қиналып жатқан қызының түсіне кіріп: «Балам, бұлтартпай шыныңды айт. Ақпысың, әлде қарамысың? Ақ болсаң Аллаһ жәрдем беріп жаранды жазар, қара болсаң қарғар, тек турасын айт!» депті. Сонда Бегім жылап тұрып: «Әкежан, құдай атымен сіздің алдыңызда ант етемін! Егер, Санжарға қиянат жасасам, тәңірі атсын, өмірімді қысқартсын. Ақпын, әке!» - деп зар еңіреді. Осыдан соң Қарабура Санжардың да түсіне кіріп: «Сен де бір балам едің. Егер менің қызым арам болып, саған қиянат істесе, келесі күні сол қолы, сол бұрымы кесіліп, сол танауы тілінген күйде мүгедек болып қалсын! Егер, керісінше болса, қызымның ақ пен қарасын тексермей жаза қолданғанда бір ауыз әділ сөзін айтпаған сенің шаһарыңды тірі адам қалдырмай жылан жұтсын!» деп қарғап батасын береді. Келесі күні таң ата хан зынданға адам жібереді. Жіберген адамы барса, Бегім баяғы сау қалпында отыр екен дейді. Содан бастап ханды үрей билейді. Кеш болады. Хан кеңесшілерімен отырғанда іңір уақытысында аспаннан бір мес шаһардың ортасына түсіп жарылады. Местің іші толған жылан екен. Жылан қала сыртына тірі жанды шығармай, шағып өлтіреді. Сонымен жайнап тұрған

Жанкент шаһары Санжар сияқты қатыгез ханның кесірінен қас пен көздің арасында опат болады дейді аңыз желісінде [50, б. 170-171]. Ал, Бегім сұлу болса өз әкесі Қарабура әулиенің көмегімен Бегім ана мұнарасын салдырып: «Мұнан былай еркекті көрмеймін» деп, қалған жұмбақ ғұмырын сол мұнараның ішінде өткізіпті деседі. Ата-бабасының қасиеті дарып, кейін Бегім ана әулие атанады.

Қазіргі таңда Бегім ананың киелі кеңістігі, оның мұнарасы орналасқан жер Қызылорда облысы Арал ауданының территориясы болып табылады. Жергілікті халық Бегім сұлуды тазалықтың белгісі санайды. Елі ардақ тұтқан Бегім сұлу махаббатқа адалдығымен ел аузында әлі сақталған. Аңыз түрінде тілге тиек етілетін әңгімені ұйып тыңдайсың, Бегім сұлудың ерекше қадір-қасиетіне таңғаласың. Бұл аңыздың айтылып келе жатқанына он ғасырға жуық уақыт өткен. Әлі де елдің жадынан өшпей келеді. Ұрпақтан ұрпаққа ұлағат болып тараған. Қанша уақыт өтсе де халық Бегім ана мұнарасына тәу етіп, ол жерді қасиетті мекен санайды. Бегім ана мұнарасы ескерткіш ретінде қазақ жеріндегі алғашқы мұнаралы ескерткіштердің тізіміне кіреді. Мұнаралы ескерткіштер Орта Азияның жазық даласында көшпенді ортада қалыптасқан қайтыс болған адамның басына антропоморфты стелла орнату немесе кей – кезде ағаш отырғызумен аяқталатын (өмірдің әлемдік ағашы идеясын жүзеге асыру сияқты) қорған салу көне дәстүрі Х-ХІ ғғ. Қазақстан жерінде «мұнаралы» деп аталатын кесенелердің пайда болуына тікелей әсерін тигізді. Кесене осы күнге дейін бірнеше қайта жөндеу жұмыстары жүргізілді, алайда табиғи қалпын сақтаған. Мұнара қазір республикалық қорғауда тұр.

*Абат-Байтақ кесенесін* дінтанулық тұрғыдан алатын болсақ, бұл кесене Алтын Орда империясының орнына құрылған Ноғай мемлекетінің осы жақтағы жалғыз ескерткіші болып саналады.

Абат батырдың өзін киелі адам категориясы тұрғысынан алсақ, ол Асан қайғының жалғыз ұлы. Қадір-қасиетімен бұқара халыққа жаққан, сегіз қырлы, бір сырлы Абат «Шіркін, Асанның ұлындай» дегізіп, елді тамсандырған, жасы отыздарға шыққан жігіт болған екен. Дүниеде бекер ашуланбайтын, өкпелемейтін, әйел затын қызғанбайтын, қорықпайтын, жомарт, мырза адам деп сипатталады. Абат батырға арналған «Қырымның қырық батыры» топтамасына енетін эпостық жыр да бар. Ел аузында аңыз-әңгіме түрінде сақталған жырда Асан қайғының ұлы Абат батырдың елінің бостандығы, тәуелсіздігі үшін соғысы, жекпе-жек шайқаста қарсыласы Қайбар батырды өлтіруі жайында әңгімеленеді. Аңыз бойынша, әкесінің тапсыруымен шөбі шүйгін құнарлы мал өрісін іздеуге шыққан Абат батыр осы Бесқопада желмаядан құлап қаза табады. Екінші атауы – «байтақ» кең, шексіз деген ұғымды білдіреді. Аңыз желісі бойынша Байтақ кедейлерге көп көмектескен, қолы ашық жомарт адам болыпты. Соған байланысты қосалқы есімін халық берген деп айтылады.

Абат-Байтақ батырдың киелі кеңістігі, оның кесенесі болып саналады. Кесене халықтың бірлігі мен достастығының, ұлттық татулығы мен бірегейлігінің символы болып табылады, себебі, кесенені халық өзі салған

болатын [50, б. 175-176]. Абат-Байтақ кешенінің маңыздылығы бұл жерде 18-20 ғасырдың басында қазақтың аса зор қорымының бой көтеруімен байланысты. Оның құрамына шикі кірпіштен салынған мазар мен 200-ден астам құлпытастар кіреді. Олар қабір үйіндісі мен шикі кірпішті қоршаулардың батыс жағында орнатылған. Абат-Байтақ құлпытастары әртүрлі үлгілермен, композициялық және әшекейлік-сәндік, бірегейлігімен, оймыштардың тартымдылығымен ерекшеленеді. Осылардың ішінде, ежелгі үлгідегі қорымның батыс жағында орнатылған, тасқа айналған ағаш түріндегі құлпытас өзінің керемет қарапайымдылығымен көзге түседі. Көптеген ескерткіштерде араб әріпімен қазақ тілінде жазылған мәтіндер мен таңбалар ойылып түсірілген. Олардың тарихи-этнографиялық маңызы өте зор. Қорымда Кіші жүздің табын, кете, шекті, ожарай, байпақты және басқа да рулардың өкілдері жерленген. Қазіргі кезде батырдың нақты қабірі сақталғандықтан, кесене табиғи қалпын дәлелдейді. Абат-Байтақ сәулет құрылысы Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Талдысай кентінен оңтүстікке қарай 12 шақырым жерде Қобда өзенінің аңғарындағы Абат-Байтақ қорымында орналасқан. Зират XIV ғасырдың соңы - XV ғасырдың бас кезінде салынған. Бұл кесене жер-жерден адамдар тағзым ететін киелі орынға айналды. Ат ізін салған жолаушылар мен тағзым етушілерге арналып шырақшы үйі де салынған болатын. Тағзым етіп келгендер Абат-Байтақ туралы осы жерден көп мәлімет алып қайтады.

Тарауды қорытындылай келе, киелі жерлерге зиярат ету халықтың ұлттық бірегейлігін құрастырудың бір формасы ретінде және территорияның танымалдылығын қалыптастырушы құрал ретінде талдау жасалды. Соңғы кездері Қазақстанда киелі орындарға, қасиетті жерлерге ғибадат, зиярат етуге барушылар саны күннен күнге артуда, киелі жерлер халық арасында кеңінен танымал болды. Жоғарыда бөліп қарастырғандай, ұлттық сипаттағы мен діни сипаттағы зиярат ету ерекшеліктерін төмендегідей талдауға болады.

Діни сипаттағы зиярат ету нысандарында жерленген адамдар өмірлерінде діндар, тақуа болған; әулиелік-емшілік, көріпкелдік қасиеті болған; әсіресе, ислам дінінің және сопылық негіздерінің қазақ жеріне таралуы мен орнығуына үлкен үлес қосқан тұлғалар болып есептеледі. Сондықтан да, олардың рухын ардақтап, Құран бағыштап, әркім өзінің дәстүрлі діни дүниетанымын кеңейту мақсатында, киелі жердің тылсым күштерін түсіну үшін, сол жерлерге бару арқылы өзін басқа әлеммен байланыстыру және өзінің бірегейлігін қалыптастыру үшін зиярат жасайды.

Ал, ұлттық сипаттағы зиярат ету нысандарында жерленген адамдар қазақ территориясының қалыптасуына, қазақ хандығының қалыптасуына, біздің осы күнге дейін тіліміз бен дінімізді, ұлттымыз мен салт-дәстүрімізді сақтап қалуға зор үлес қосқан, қоғамымыздың саяси-әлеуметтік қалыптасуына ат салысқан тұлғалар болып есептеледі. Олардың кесенелеріне біз ұлттық мақтаныш ретінде, патриоттық сезімді арттыру үшін аруақтарды құрметтеп, ардақтап, құран бағыштау мақсатында зиярат жасау үшін барамыз.

Жалпы бұл құбылыстардың барлығы ата-баба культінің негізінде жатыр. Бұрынғы Қазақстан территориясын мекендеген ру-тайпалар болсын, кейінгі қазақ халқы болсын, олар әрқашан ата-баба аруақтарына құрмет көрсетіп, тағзым жасап келген. Халық киелі жерлерге барып зиярат етіп отырып ата-баба рухын ардақтаған.

Бүгінде осындай сипаттағы зиярат ету түрлері қоғамда жалғасын тауып жатыр. Халық көбінесе кесенелер басына емдік-емшілік мақсатында, имандылық негізін күшейту, діни сауаттылығын арттыру мақсатында ата-баба аруақтарына құрмет тұтып, Құран бағыштау үшін барып жатады. Себебі, бұл жерлер киелі кеңістік болып табылғандықтан, Алланың шапағат-мерейі төгілген орын болып саналады. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Әулие феномені түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне түркі дәуірі және ортағасырлардағы, сонымен бірге, ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды. Олар Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, батырлары мен қолбасшылар, ғылым мен білімге, дінге, мәдениетке зор үлес қосқан қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар, діндар-тақуаларға арналған мәні зор орындар әрқашанда халықтың жүрегінде орны ерекше болып қала береді.

Жоғарыдағы жасалған дінтанулық талдауларды түйіндей келе, зерттеудің нәтижесі ретінде төмендегідей классификацияларды топтастыруға болады:

1. Ислам діні келгенге дейінгі тұрғызылған киелі нысандар, оларға: Ұшқан ата, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу мазары.

2. Ислам дінінің келуіне байланысты, оның ішіндегі исламның таралуына ықпал еткен тұлғаларға арналған киелі нысандар. Оларға: Укаш ата мазары, Баба Түкті Шашты Әзіз кесенесі, Қорасан ата, Оқшы ата, Исмайл ата кесенесі, Ибраһим ата кесенесі, Махмутхан-шейх баба кесенесі, Қарабура кесенесі, Тектұрмас кешені, Сисем ата қорымы.

3. Ислам дінінің орнығуына байланысты, оның ішінде сопылық ағымның таралуына байланысты киелі нысандар. Оларға: Қожа Ахмет Ясауи кесене-кешені, Арыстан баб кесенесі, Күлтөбе (Ясы) қалашығы (сопылардың сол кездегі мекені), Бекет атаның Оғландыдағы, Ақмешіттегі және Көне Бейнеудегі мешіттері, Шопан ата қорымы, Қараман ата қорымы, Масат ата қорымы, Шақпақ ата мен Сұлтан-үпі жерасты мешіттері, Ырғызбай ата кесенесі.

4. Киелі әйел образы. Мұнда шет елдермен салыстырмалы түрде қарағанда, Қазақстанда киелі-әулие аналарға арналған кесене-мазарлар көптеп кездеседі. Себебі қазақ дәстүрінде ұлттық ерекшелігімізге тән әйел затына ерекше құрмет көрсетілген. Киелі аналарымыз ұрпақ тәрбиелеумен қатар, қоғамда рухани-діни жұмыстармен де айналысқан, маңызды рөл атқарған. Сондықтан олардың кесене-мазарларына осы күнге дейін құрмет көрсетіп, зиярат етіп жатады. Бұл классификацияға келесідей әйел тұлғаларға арналған киелі нысандарды жатқызуға болады: Қарашаш ана кесенесі, Гауһар ана кесенесі, Домалақ ана,



Айша бибі мен Бабажы Хатун кесенелері, Рабия Сұлтан Бегім кесенесі, Бегім ана мұнарасы.

5. Дінге қатысы жоқ, қазақ топырағында хандықтардың құрылуына ықпал еткен және ел-ру басқарған тұлғаларға арнап салынған киелі орындар. Олар: Алаша хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі, Бұқар жырау кесенесі, Құнанбай қажы мешіті, Бәйдібек би кесенесі, Төлегетай-Қылышты ата кесенесі, Абат-Байтақ кесенесі, Қарахан кесенесі.

6. Ресей империясының отарлау саясаты кезеңінде тұрғызылған киелі нысандар. Оларға: Христос Спаситель шіркеуі, Вознесенск шіркеуі, Жаркент мешіті.

7. XX ғасырда бой көтерген сәулет-кешендері. Оларға: Қорқыт ата мемориалдық сәулет кешені, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кесенесі, Үлкен Қылуат.

## **2.2 Қазақстандағы киелі жерлердің өзара сабақтастығы**

Бұл тарауда Қазақстан территориясының киелі жерлерін дінтанулық талдау барысында өзара сабақтастығын айқындап, олардың негізгі түп-тамырының бірегей екендігі қарастырылады. Осы тұрғыда Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыру қажеттілігі туындайды. Себебі, қазақ жері өзінің бай тарихымен ерекшеленеді. Оның ұлттық тарихы аса ерте замандардан бастау алады. Ел мен жерді қорғау, ең алдымен, сол ел мен жердің тарихын білуден басталады. Ел мен жердің тарихын білу тарихта өткен қасиетті ата-бабалар әруағына тағзым етіп, олардың игілікті істерін еске алудан бастау алады. Ұлт тарихынан білімді болудың басты мақсаты – өткеннен тағылым алу [92, 25 б.]. Осыған орай еліміздегі киелі жерлерді білу – біздің тарих алдындағы міндетіміз.

Әлемдегі әр ұлттың өз тарихында кие тұтатын мекендері бар. Ол жерлердің киелілігі сол халықтардың шығу ошағы немесе ұлттық мәдениетінің ошағы, елдіктің ошағы болуына байланысты болса керек [93, Б. 496-498]. Қазақ халқының тарихында осындай жерлер өте көп. Алтай мен Жетісу, Ұлытау мен Қаратау, Еділ мен Жайық, Ертіс пен Сыр, Маңғыстау, Түркістан мен Отырар – міне, қазақтың төл бесігі болған киелі мекендер. Бұл аймақтардың өз ішінде киелі орындары бар. Мысалы, айтар болсақ, оларға түркі әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстанбаб кесенесі, Қарашаш ана кесенесі, Гауһар ана зираты, Әли Қожа бейіті, шығыстағы Алтай ескерткіштері мен Жидебайдағы Абай мұражайы, Қарағандыдағы Беғазы кешені, Жамбыл облысындағы – Айша бибі кесенесі мен Қарахан кесенесі, Маңғыстау өңіріндегі Бекет ата мен Шопан ата жер асты мешіті және тағы басқа да тарихи-мәдени ескерткіштердің өзара сабақтасып жатқандығын байқауға болады. Тіпті, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудағы киелі мекендерді де сабақтастырған жөн. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Сондай-ақ, әрбір аймақта сұранысқа ие киелі жерлер бар. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысында Ахмет Ясауи мавзолейі секілді, Арыстан баб, Укаша ата, Жылаған ата, Баба Түкті Шашты Өзіз сынды басқа да жұртшылық көп баратын киелі орындары кездестіреміз. Оларды талдай келе, бір бірімен үйлесіп, сабақтасып жатқанын көруге болады. Мысалы, Түркістан өлкесін алып қарасақ, ондағы Ахмет Ясауидің ұстазы болған Арыстан баб, анасы Қарашаш ана, әкесі Ибрагим ата, атасы Махмутхан-шейх баба және қызы Гаухар ана барлығы бір кезеңде өмір сүрген, бір-бірімен туысқандық қарым-қатынастағы тарихи-діни тұлғалар. Ал Қарабура баба болса, Қожа Ахмет Ясауидің жаназасын шығарған адам және замандасы. Қарабураның қыздары – Сыр өлкесіндегі Бегім ана мен Тараздағы Айша бибінің анасы Әмбар бибі болып табылады. Әмбар бибінің күйеуі болып Ахмет Ясауидің ізбасары Сүлеймен Бақырғани (Хәкім ата) саналады, ал бибінің кесенесі қазіргі Ташкент қаласының маңында орналасқан. Ал Күлтөбе (Ясы) қалашығы Ахмет Ясауидің туған жері болса, Қылует өзінің жеке салдырған жер асты мешіті болып табылады.

Баба Түкті Шашты Өзіз баба Ысқақ бабтың замандасы болып келсе, Жаңақорған өлкесіндегі Қорасан ата Ысқақ бабтың туған бауыры болып табылады. Қорасан атаның шын есімі Әбдіжәліл баб насабнама шежіресінде Али ибн Абу Талибтің (Әзіретті Әлінің) ұлы Мұхаммед ал-Ханафияның бесінші ұрпағы болып табылады. Ысқақ баб пен Әбдіжалил бабтың әкесі Әбдірахман баб Шам шаһарының патшасы болған. Ол қайтыс болған соң орнына үлкен ұлы Ысқақ баб таққа отырып, патшалық құрды. Ал Әбдірахманның інісі Әбдірахим баб Бағдаттың (қазіргі Ирак), Әбдіжалил баб Иеменнің патшасы болды. Содан олар Орта Азияға, оның ішінде қазақ топырағынан алғаш исламды таратушылар болған [94, 6 б.].

Ал Исмайыл атаның Қожа Ахмет Ясауимен туықтық қарым-қатынасы бар делінеді. Оған дәлел, Исмайыл атаның ұлы Қожа Ысқақтың еңбегінде, Қожа Ахмет Ясауидың он бірінші атадағы бабасы Ысқақ бабпен, Исмайыл атаның он үшінші атадағы бабасы Әбдіжәліл баб арқылы табысатын алыс туыс екенін көрсетіп, анықтық енгізді. Исмайыл атаның Қожа Ахмет Ясауиға байланысатын рухани тізбегі ғылымда былай көрсетеді: Исмайыл ата – Сейіт ата – Зеңгі ата – Хәкім ата – Қожа Ахмет Ясауи.

Бәйдібек атаға келетін болсақ, ол қазақ руларының түпкі атасы болып есептеледі. Одан қазақстың негізгі рулары тараған. Оның жұбайы Домалақ ана текті жерден шыққан, қоғамға беделді, әулиелі тұлға болған.

Тарихи ескерткіштерге келгенде Сыр елінің де алып-қосары көп. Қазіргі Қызылорда облысы Шиелі аймағындағы Оқшы ата қорымында Асан ата, Оқшы ата, Қыш ата, Ғайып ата, Кітап ата, Есабыз ата, Бала би сынды көне мазарларды елдің гүлденуіне атсалысқан ғұламалар жерленген. Бұл маңда жерленген Асан атаны қазақ жұртының бірлігін көксеген, желмаясына мініп Жерұйықты іздеген Асан қайғы болып табылады [95, 2 б.]. Сондай-ақ, Ақтөбедегі Абат-Байтақ

кесенесінде жерленген Абат батыр осы Асан Қайғы жыраудың ұлы болып табылады.

Асылында, Сыр өлкесіндегі Оқшы ата қорымы Ахмет Ясауи кесенесі пайда болмай тұрғандағы сол уақыттағы ірі пантеондардың бірі болған. Кейінірек Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылған Ахмет Ясауидің кесенесінің жанына атақты тұлғалар, хандар мен батырларды жерленіп, пантеонға айналған екен. Мысалы, Ахмет Ясауи кесенесінің дәл жанында жерленген Рабия Сұлтан Бегім Дешті Қыпшақтың ханы болған Әбілқайыр ханның жары, әрі Ұлықбек хакімнің қызы, Әмір Темірдің ұрпағы болып табылады. Рабия Бегім балаларына имандылық пен парасаттылыққа толы жақсы тәлім-тәрбие бергендіктен болар, анасы дүниеден кеткен соң, балалары қабірінің басына кесене тұрғызған.

Жоғарыдағы айтылған есімдердің барлығы Қазақстанның макросакралды нысандар қатарына кіреді, тек кіріп ғана қоймай, өзара бір-бірімен сабақтасып жатқандығында байқауға болады.

Осы ретте, әр өңірді талдай келгенде онда бетке тұтар, атақты киелі тұлғалары мен олардың кесене-мазарлары бар. Оларды қарапайым тілмен айтқанда, әр өңірдің визиттік картасы деуге болады. Мысалы, Сыр өңірін сипаттағанда, міндетті түрде Қорқыт ата ойымызға келеді. Ал Түркістан өңірінің маңыздылығын пайымдауда, міндетті түрде Қожа Ахмет Ясауиді сөз қыламыз. Егер де дінтанулық тұрғыдан осы киелі тұлғаларды сабақтастырсақ, екеуінің де киелі уақытты түсініп, меңгере алғандығын байқауға болады. Мысалы, Қорқыт ата VIII ғ. Сыр бойында өмір сүрген ұлы ойшыл, ақын, сазгер, тарихта үлкен із қалдырған қайраткер. Өзінің философиялық ой толғамдарында өмір мен өлім туралы мәңгілік мәселелерді көтерген. Философиялық тұрғыда Қорқыт ата аңыз бойынша, өлместік проблемасын қиялмен іздестіріп, желмаяға мініп, өлімнен қашпақ болып, әлемнің төрт бұрышын кезеді екен. Содан ол қобызбен күйлер шығарып, батырлық, аңшылық, адамгершілік туралы дастандар тудырып, қоғамдық рухани қозғалыс ендіреді, есімін мәңгілікке қалдырады. Сөйтіп, Қорқыт ата өмір мен өлім мәселесін алғаш көтергендердің бірі болып табылады [96, 181 б.]. Сонымен қатар, Қорқыт атаны мәңгілік ететін оның аңыздарын да айтуға болады. Аңыздары философиялық терең мазмұнында, өмірсүйгіштік рухқа тәрбиелейді. Оны бүкіл әлем ғұламалары мойындайды, тек мойындап қана қоймай, түркі жұртының өмір мен өлім туралы түсінігінің әдемілігіне, өмірге құштар рухының асқақтығына тамсана таң қалады. Қорқыт ата бойынша мәңгілік нәрсе – ол өнер, шығармашылық, адамның артында қалатын өшпес ізгі ісі делінген [97, Б. 95-96]. Ал, Қожа Ахмет Ясауиге келсек, ол қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ойшыл, Қазақстан территориясындағы сопылықтың негізін салушы, күллі түркі тілдес халықтың, түркі дүниесі мұсылмандарының рухани ұстазы болған діни қайраткер. Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының жаңа исламдық өркениеттегі халықтық ағымының арнасын анықтап берді. Ол жаңа діни идеологияны тәңірлік шамандықпен, зорастризммен біріктіре отырып, қоғамдық-әлеуметтік санаға сіңіруде көп еңбек етті. Қожа Ахмет Ясауи

канымызға сіңірген ислам философиясындағы сопылық ағымның біздің түркілік дүниетаныммызбен етене бауырласып кетуіне де Қорқыт атаның толғандырған өмір мен өлім ұғымның жақындығы, түсінік ұқсастығы себеп болған. Өмір мен өлім туралы жер бетіндегі тіршіліктің мәні жайындағы Қорқыт ата философиясының мәйегін ұғынып, ғұмыр бойы осы сауалдардың ақиқатын іздеп, көзі тірісінде Хақтың өзімен диалогтасуды мұрат етіп, сөйтіп алпыс үш жасында өз еркімен жер астына түскен, сол жер астында тағы да көптеген жыл ғұмыр кешкен Қожа Ахмет Ясауи тағылымы дәлел бола алады [98, Б. 20-26].

Қорқыт ата мен Қожа Ахмет Ясауиді сабақтастырғанда, расында бірі күдіретті күйімен жүз жыл бойы ажалды маңына жолатпаған болса, екіншісі көзі тірісінде сол ажалға өз еркімен бой ұсынып, көптеген жыл бойы жер астында тіршілік еткен түркі даласының қос ғұлама ойшылдарының мұраты да, арманы да түркілік дүниетанымның екі кезеңін, өмір мен өлім туралы ұғымның айқын дәлелі екені даусыз. Діни феноменологиядағы киелі уақыттың айрықша мәні де осы, мәңгілікке қол жеткізу, осыны екі тұлға негізге ала отырып өмір сүрген болатын. Осылайша, қазақ топырағында өмір сүрген екі бірдей ғұламаның өмірлік ұстанымдарының бір-бірімен сабақтасып жатқанын байқауға болады.

Бүгінгі күнге дейін өзінің асқан беделін жоғалтпаған, халық арасында сый-құрметке иеленген Қорқыт ата мен Қожа Ахмет Ясауи есімдері, мазарлары мен ескерткіштері қазіргі таңда еліміздің руханилығын асқақтатып, ұлттық бірегейлікті нығайтып отырған, ұлттық кодты сақтап келе жатқан бірден бір киелі жерлеріміз болып саналады. Діни феноменологияда Қорқыт ата мен Қожа Ахмет Ясауиді киелі адам деп танитын болсақ, ал кесене-ескерткіші орналасқан киелі жерді – киелі кеңістік деп атаймыз. Осылар секілді киелі феномендер қазақ топырағында жетерлік. Барлығының қызметі бір – халыққа жәрдем ету, емдеу, саяси-діни басшылық жасаған. Бәрінің ортақ сабақтастығы да осы болып табылады.

Ұлы дала түрік жұртының Ата жұрты Сыр бойынан оғыздар ауа көшкенде қаптауының түркімен, түрік жұрты, әзербайжандар болып, Қорқыт атаны піріміз деп таныды [99, Б. 11-12]. Ұлы Түрік қағанаты ыдырағанда жаңа сападағы тайпалар мен ұлыстар болашақ тұтас жаңа ұлттың негізі қалыптаса бастаған. Тұрмысы, тілі, салт-дәстүрімен ыңғайласып, сол даланың төл перзентері тарихи уақыттың өтуіне қарамастан біртіндеп қазақ ұлтына айналды. Жерұйықтай болған керемет кең дала көршілердің көзіне түсіп, қызықтырмай қоймаған кезең. Туып-өскен жерді қорғау керек болды. Бұл тұста Тоныкөкпен Білге қағанның тасқа қашап жазған өсиет сөздері бүгінгі күнге дейін біздің халқымыздың тарихы болып саналады. Әруақ қолдаған, сыйынған, содан бізге мирас болып қалды. Сыйыну дегенің үлгі тұту, соған қарап өсу деген сөз. Бұл жайында Ахмет Байтұрсынов «Бұрынғылар жауынгершілікке тән болса, кейінгі заманда батырлар жан есебінде, елді қорғаушы есебінде қалыптасқан» деген. Жалпы халықтың жаны, рухы туралы әңгіме қандай да болмасын сонау көне

дәуірде қалыптасқан. Ұлы даланың киесі болып табылады. Соған мысал ретінде ұмыт қалған, бірақ ел аузынан түспеген, Баба Түкті Шашты Әзіз әулиенің рухы әрдайым елес беріп, қорғап жүрген. Бұл ұлы даланың болмысымен біте қайнасқан айнымас атрибуттары. Осы кезеңде В.В.Бартольд Қорқыт баба мен Баба Түкті Шашты Әзіз әулиені даланың ұлы патриархтары деген болатын. Осы кезеңнен бастап «Ұлт рухы» деген қасиетті ұғымы алға шықты [100, 59 б.].

Осы тұста, Қорқыт атаны Баба Түкті Шашты Әзізбен сабақтастырғанда, келесідей пайымдауларды анықтауға болады. Қорқыт ата мәңгі өмірді аңсап, дүниені шарласа, өлім өмірдің астары екеніне көзі жеткен. Қорқыт ата өнер арқылы, күй арқылы өмірді ұзарта алатынына көзін жеткізеді. Ал екіншісі – Шашты Әзіз әулие ел жұрттың қамқоршысы мен сақшысы, қиянатқа қарсы тұрар әділеттіктің жаршысы. VIII ғасырда Ислам діні Мауренахрдан асып Ұлы далаға жеткен кезі. Мұны біз Исламның таралуы деп айтамыз. Баба Түкті Шашты Әзіз сол дәуірдің тарихи тұлғасының бірегейі. Түкті Шашты Әзіз туралы академик Қ.Сәтбаев 1927 жылы «Едіге» жырын бастыртса, М.Әуезов пен С.Мұқанов жазып шыққан қазақ әдебиетінде, әдеби оқулықтарында Шашты Әзіз әулие туралы аңыздарға ерекше орын берілген. Бұлардың бәрінде де Шоқан Уәлиханов жыршыдан жазып алған, одан В.М.Жирмунский мен А.А.Диваевтар жинаған материалдарда Шашты Әзіз әулиенің перінің қызынан туылған жайында және өзі де перінің қызына үйленгендігі туралы айтылады. Энциклопедияда «Баба Туклас» болып жазылған. Бұлай жазудың себебі сырт адамдардың қазақ тілін бұрмалауынан, болмаса дәл солай айта алмауынан болар. Жалпы, Шашты Әзіз туралы аңыздар мен жырлар көп. Бұл әлі толық зерттелмеген дүние. Қаратаудың теріскей беткейінде Құмкент шаһарында халық орнатқан Мавзолейі бар. Қазақ тарихын танып білуде аса құнды дерек болып табылатын барлық батырлық жырлар мен эпостарда Шашты Әзіз әулиенің есімі өзге әулиелерден шоқтығы биік болып тұрады. Ысқақ баб дін таратушылар ішінде дала түріктерінің көсемі Шашты Әзіздің ықпалында болғаны байқалады [39, 64 б.].

*Әулиелер сабақтастығын* дінтанулық тұрғыда тарихи фактілер арқылы төмендегідей талдауға болады. Тарих бойынша, ислам діні бізге оғыздар өмір сүрген дәуірден бастап ене бастаған. Ал Өзбек хан тұсында 1321 жылы ислам дінін ресми дін етіп жариялап, оған Сұлтан Мұхаммед Өзбек хан деген жаңа ат берген. Ал 1360 жылы Алтын Орданы билеген Әзіз ханды мұсылмандыққа Ахмет Ясауидің тура тұқымы Махмуд Ясауи қабылдатыпты. Бұдан біз Алтын Ордаға мұсылмандықты таратуда да Түркістанның ықпалы мен Ясауидің жолын қушылардың аса зор маңызды рөл атқарғанын көреміз. Бірақ Алтын Орда билеушілері бұл мәселелерді, бір жағынан, Дешті Қыпшақ пен Ақ Орданы қолдан шығарып алмау үшін, екінші жағынан, Шағатай ұлысын да өз қол астына қарату мақсатымен қатар қарастырғанға ұқсайды. Сондықтан да жергілікті сепаратизмге қарсы күрес кезінде көшпелілердің нанымдық дәстүріне шабуыл жасау да орын алмай қалмаған. Мәселен, Өзбек хан тұсында бақсылар, соның ішінде Қорқыт жолын ұстанушылар да қудалануға ұшыраған

[101, Б. 2-3]. Тарихи қисын нақ осындай даму жолын көрсетеді. Осындай жағдайда ресми ислам Сарай, Сарайшық, Қазан сияқты орталықтағы қалаларда үстемдікке шықса, бақсылық та, басқа да, исламның оппозициялық-дәруіштік ағымдары Алтын Орда империясының шеткері аймақтарында, ең алдымен Маңғыстау мен Үстіртте, қоғамдық шеттетілгендер санатындағы есен-қазақтар арасында кеңінен таралуы да қисынды болмақ.

Әулиелердің алғашқы ұрпақтары негізінен Қожа Ахмет Ясауи образымен байланыстырылғандығын және Арал-Хасарлы аймағындағы екінші әулиелік ареалдың болғандығына «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» деген Серікбол Қондыбайдың [34, б. 33-37] кітабы дәлел бола алады.

Аталмыш аймаққа Батыс Қазақстанның төрт облысы, Қарақалпақстан, Түрікменнің Оқ-Балқаны сияқты аймақтарды қамтитын үлкен кеңістігі кіреді. Бұлар, ең алдымен, Маңғыстаудың 360 әулиесі, сондай-ақ Үстірттің, Жылой мен Шағырой-Борсыққұмның, Сағыздың әулиелері. Осы жақтың руларын да, әулиелерін де Қожа Ахмет Ясауимен байланыстыру тарихи-уақыттық тұрғыдан шартты түрде болып саналады, яғни осы өлкедегі Шопан аталар мен Есен аталар Қожа Ахмет Ясауидің ілімдік шәкірті, жолын қуушы болғанымен, оның замандасы, тікелей өзінен дәріс алған шәкірті бола қоюы күмәнді. Тарихи қисын оларды 14-15-ғасырлардың адамдары екендігін көрсетеді. Олар 14-ші ғасырдағы қазақ даласындағы қыпшақ тілді дүниенің жаппай ислам дінін қабылдай бастауымен байланысты дін уағыздаушылар болып шығады [102, Б. 4-7].

Осы әулиелі ареалды қалыптастырушылар туралы аңыздардың ыңғайына қарап біз 14 ғасырда Түркістан аймағынан ясауилік діни уағызшылардың легі Өзбек хан билеген, исламның ресми түрде мемлекеттік дін деп жарияланған тұсында Арал-Хасарлы аймағына қаптап келе бастағандығын байқаймыз. Яғни егер 14-ші ғасырдың басында ясауилік-сопылық, ханафилік діннің басты ордасы Қаратау-Нұратау аймағы ғана болса, 14-ші ғасырдың ортасында осы орталықтың ықпалымен тағы бір ясауилік ареал Батыс Қазақстанда пайда болды [103, Б. 160-161].

Түркістан-Қаратау аймағындағы Баба Түкті Шашты Әзіз, Қошқар ата, Шопан ата сияқты әулиелердің екіншілері немесе «көшірмелерінің» Маңғыстауда, Жем-Сағызда, Борсыққұмда пайда болуы, яғни осы өңірлерде де Баба Түкті Шашты Әзіз, Шопан ата, Қошқар аталардың пайда болуы осындай «әулиелер экспорты» болғандығын көрсетеді. Яғни 1300 жылы Түркістан-Нұратау аймағында шоғырланған сопылық топтардың (діни ордендердің) бір бөлігі Өзбек ханның Алтын Ордадағы жаппай исламдандыру саясатына сай еркіндікті пайдаланып Батыс Қазақстанға ағылған. Олар өздерінің келген жеріндегі діни-ұйымдық атауларын да ала келген. Мәселен, Созақ ауданындағы Баба Түкті Шашты Әзіз әулиенің жай ғана моласынан басқа, 14 ғасырда осында сопылық-дәруіштік ұйым болды деп есептер болсақ, онда нақ осы ұйымның сопылары Маңғыстаудың Сазды-Үштаған жеріне келіп, тағы бір Баба Түкті

Шашты Әзіз ұйымын (мазһаб, мектеп, т. б) ашуы әбден мүмкін және істің қисыны осыған келеді [104, 10 б.].

Сондай-ақ, Түркістан аймағындағы Қошқар ата мен маңғыстаулық Қошқар ата, Байғанин ауданындағы Қошқар аталар арасында, түркістандық Шопан ата мен маңғыстаулық Шопан ата, түркістандық Шақпақ ата мен маңғыстаулық Шақпақ ата, түркістандық Баба Түкті, Шашты ана, Түкті аталар мен ақтөбелік Алып ана, Түкті аталар арасында да осындай «әулиелік экспорт» болған сыңайлы. Маңғыстау түбегіндегі 360 әулиенің көпшілігі де осы түркістан-нұраталық сопылық дәруіштерге қатысты деуге негіз бар, ал осы түбектегі көне керуен жолдың бойында жатқан Сенек ауылы мен Оңтүстік Қазақстандағы тарихи Сығанақ қаласы аттарының арасында да осындай байланыс бар деп шамалауға болады. Сенек топонимінің бір кездері Сығанақ деп аталу ықтималдығы бар (Сенек > Санақ > Саанақ > Сағанақ > Сығанақ), ал түркістандық зерттеуші Әбіласан Әбілханның сығун сөзінің «әулие» деген мәнге ие болу мүмкіндігін жазғанына қарап осы атауды (Сығанақты) 14 ғасырда сопы дәруіштерінің әлдебір тобы пайдалануы әбден мүмкін дей аламыз. Яғни 1320-1350 жылдар аралығында Түркістан аймағынан, Сығанақтан шыққан дін таратушылар тобы Маңғыстаудағы бір жерге келіп, кейін сол жер «Сығанақ» (Сенек) деп аталып кеткен де шығар, кім болжап көріпті оны [104, 11 б.].

Осындай әулиелік сабақтастық қазақ даласындағы ислам дінінің іс жүзінде бір орталықтан тарап, бір рухани қайнардан бастау алатындығын көрсетеді. Осыны толықтыра түсуге мүмкіндік бар, тек ол үшін бес облыс жеріндегі барлық киелі орын туралы мәлімет жүйелі түрде жинақталынуы тиіс. Тек сонда ғана грек-рим, қытай, араб-парсы, орыс жазба құжаттарымен қатар 14-15 ғасырлардағы қазақ даласының көмескі тарихының жүрек соғысын байқатар қосымша ғылыми эмпирикалық дереккөз ашылған болар еді. Ең бастысы, осындай әулиелік сабақтастықты барынша дәлелді көрсету арқылы нақ 14-15 ғасырларда басталған «қазақ» деген ат астында жиыла, қауымдаса бастау, яғни этногенез процесінің басты компоненті болған сопылық, ханафилік исламның таралу маршрутын айқын көргендей боламыз.

Терістігінде Қобда-Елек, күнгеінде Үстірттің оңтүстік ернегіне дейінгі аралықта, бүгінгі Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Ұлытау мен Жетісу, Шығыс пен Солтүстік, Оңтүстік Қазақстан облыстарының сирек қоныстанған өңірлерінде орта ғасырлар тұңғышына кететін әулиелі немесе киелі орындар назар аударуға тұрарлық тарихи жәдігерліктер қатарына жатады. Әдетте, олардың мәдени-тарихи құндылығы біздің ғалымдар арасында негізінен тек сәулеттік-бейнелеу сипатымен ғана есептелінеді. Ал егер әулиелі орын бір төмпешіктің үстіндегі жай ғана тас үйіндісі мен оған қыстырылған қарағаш дінгегі болса ше? Бұл жағдайда археолог та, сәулетші де оны тарихи ескерткіш қатарына қоспасы анық. Осындай қарапайым әулиелі орындар қазақ даласының түпкір-түпкірінде жүздеп, мыңдап кездесетіндігі анық, тек оларды түгендеп, насихаттап жатқанымыз шамалы.

Әулиелер мен олардың молаларының нақты жер бетінде кездесуі, яғни бүгінгі ел аз қоныстанған аймақтардың бір тұсында аз болып, енді бір тұстарында шоғырланып көрсетілуі — бір кездері сол жерлерде халықтың едәуір тығыз қоныстанғандығын, осы жерде қызу өмір қайнап жатқандығын көрсететін айғақ болып табылады. Осындай нысандарды картадан көретін болсақ, осындай шоғырланудың Орталық Маңғыстаудан басқа Жем бойында, Ақтөбе-Ырғыз аралығында, Шағырой-Борсыққұм өңірінде, Сыр өңірін қоса алғандағы барлық Оңтүстік өңірінде екендігін көре аламыз. Осы аталған аймақтарда, әсіресе бүгіндегі адам өмір сүруге ең қолайсыз аймақтар қатарына жататын Бейнеу, Байғанин аудандарының, Арал маңдары аудандарының өзенсіз, көлсіз, ессіз далаларының бір кездері елді (және молалы) жұрт болғандығын байқауға болады. Ал бұл қай кез деген сауалға жауап іздер болсақ, негізі тарихи-географиялық көрсеткіштер (даладағы ислам дінінің ең күшті әрі тез тараған уақыты, даладағы ылғалдық жеткілікті болған кезеңі, аңыздар мен жырдың жанама мәліметіндегі уақыт ауқымы, нақты тарихи деректер) бізге 14-ші ғасырды, Алтын Ордада Өзбек хан мен оның ұлы Жәнібектің билік құрған (1312—1357 жж.) заманын көрсетіп бере алады. Аталған көрсеткіштердің бір-біріне сәйкес келетін уақыты да осы тұс.

Осы тарауды қорыта келгенде, жоғарыда жасалған зерттеулер бойынша қазақ топырағында қалалар мен қорғандардың салынуы, сәулет ескерткіштерінің тұрғызылуы, жалпы мәдениет пен руханилықтың жаңғыруы исламның келуімен байланысты деуге негіз бар. Жалпы, өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар қазақ топырағындағы мавзолейлер, мешіттер мен мұнаралар Орта Азия және Қазақстан архитектурасында ғылыми қызығушылық туғызып қана қоймай, Қазақстанның киелі жерлерінің географиясын байыта түсері сөзсіз. Ежелгі дәуірлерден өркениет ізі өшпеген қазақ топырағының әр төбесі киелі жер болып табылады. Киелі жерлерді зерттеу, білу халықты, жас буындарды отансүйгіштікке тәрбиелейді және өлкеміздің тарихын мақтан етуге, мұраларымызды қастерлеуге игі әсерін тигізеді сөзсіз. Сонымен бірге, киелі жерлер халықтың ұзақ және оқиғаларға толы өмірін, халықтың тұрмысын, тәуелсіздікке деген күресін көрсетеді.

Қазіргі кезде зиярат етушілер қасиетті әулие-әмбилердің басына барып түнеп жатады, бұл да зиярат етудің бір формасы ретінде танылып, бүгінгі таңда үрдіс алууда. Негізінде қасиетті жерде түнеу – мұсылмандық кезеңнен бұрын келе жатқан ескі қазақ ғұрпы. Қазақтың исламы – бұл тәңіршілдік пен ислам қоспасы. Бұл Орталық пен Оңтүстік Қазақстан, Жетісу мен Ұлытау, Маңғыстау, Сыр өңірі ескерткіштерінде, олардың сәулетінде және құлыптастар мен қойтастарда жақсы байқалады. Олар ортодоксалдық исламда мүмкін емес ескі пішімдер мен мазмұнды сақтап қалған. Қалай болғанда да бұл мақтаныш етуге тұратын ұлттық мәдениетінің бірегей феномендерінің бірі болып табылады.



### 3 РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

#### 3.1 Ұлттық кодты нығайтудағы Қазақстанның киелі жерлерінің рөлі

Қазақстанның киелі жерлерінің ұлттық кодқа байланысын қарастырмас бұрын, әуелі ұлттық код ұғымының мән-мағынасына, атқаратын қызметіне тоқталып өткенді жөн көрдік.

Ұлттық код ұғымы көпшілік қоғамдық сана үшін арнайы түсіндіруді қажет ететін кәсіби философиялық термин санатына жатады. Біздіңше, бұл ұғым философиялық дискурс аясында терең де мағыналы түсініктемесін ала алады. *Ұлттық код*, біздің пайымдауымызша, әлдебір халықтың генезисін, тілі мен ділін, діні мен тарихи жадын, демек, тұтас болмысын қамтитын биосоциогенетикалық ұғым. Ұлттық кодтың негізгі атрибуттарының қыр-сырын аша отырып, оның мынадай сипаттарын атап өтуге болады: Біріншіден, тылсымдықты, құпиялылықты қамтитын сакралды феномен, екіншіден, ол – енжар, «өлі» немесе бейтарап емес, өзінен-өзі оралымдылық пен белсенділікті қажет етеді. Үшіншіден, әрбір халықтың, ұлттың, этностың өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын, тек өзіне ғана тән қайталанбайтын даралық, монадо. Төртіншіден, ұлттық рухтың субстанциясы, ұлттық идеяның субстраты, ұлттық сананың базисі, ұлттың рухани болмысының ядросы. Мәселен, уақыт пен кеңістік аясындағы халықтың бірегейленуінің негізі – ұлттық код. Егер де өзінің болмысынан алшақтап бара жатқан халық қайтадан бірегейленуге бет түзеген жағдайда, «Енді қай жаққа бет алу керек?» деген сауалға, «Ұлттық кодқа қарай» деп нақты жауап бере алады, басқаша болуы мүмкін емес [105].

Сондай-ақ, ұлттық код – ол ұлттық болмыс. Яғни, бір халықты басқа халықтан ажыратып, танытатын және сол халықтың әлем қауымдастығы алдында басқаға ұқсамайтын таным-түсінігі мен бітім-болмысын айқындап тұратын сипаты. Бұл сипаттың ерекшелігі – дара халықтың жаратылысындағы айырықша антропологиялық генезисінен бастап, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан дәстүр-салты, мінез-құлқы, арман-мұраты, тілі мен ділі, тұрмыстық-шаруашылық негіздеріне дейін толық қамти алуында. Бір сөзбен айтқанда, этностың тұтастығын сақтап тұрған кілтінің бүтін болуы.

Осы тұрғыда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға, бағалай отырып, жаңғырта дамытуға үндейтін, іргелі бағдарламалық бағыттағы құжатты негізге алуға болады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» - ең алдымен, еліміздің біртұтас ұлт болуын мақсат етіп, соған барар жолдағы ұлттың рухани болмысының мәні қалай болуы керек, нені негізге алып, қандай базалық құндылықтарды сақтауымыз қажет, ертеңгі ұрпаққа табыстар мұрамыздың сипаты қандай болуы керек, бүгінгі жастар мұраты қандай, батысқа еліктеу еліміздің болашақ

межесіне үлгі бола ала ма деген бүгінде қазақ қоғамын іштей толғандырып жүрген басты мәселелердің шешімі мен оның бағдары осы бағдарламада кеңінен қозғалып, тиянақталған. «XX ғасырдағы батыстық жаңғырудың үлгісі бүгінгі егемен қазақ еліне үлгі бола алмайды» - дейді Елбасы, өйткені «жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу» [106]. Ұлттық код қайда? Ұлттық код – ең алдымен, тілімізде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетімізде. Қазақ баласының тағылымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шындалып, парасатпен шырайланған. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған. Ұлттық кодта парыз бен әділдік қатар сомдалып, Ж. Баласағұни, М. Қашқари, А. Ясауи, Абай мен Шәкәрім, А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейхан, М. Жұмабаев пен М. Дулатов шығармашылығы арқылы халыққа дәріптелген, астары мен арқауы мықты оралымды сөз өрнегімен, ұғынықты тілмен өрілген [107, Б. 99-100].

Осы ретте, Абай дүниетанымындағы ұлттық код мәселесін келесідей қарастыруға болады. Абайдың шығармашылығында ұлттық құндылыққа, ұлттық жаңаруға, ұлттық кодқа қатысты ой өзегі баршылық. Абайдың шығармашылық өнеріндегі рухани мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын құнды қазынасы, ұлттық құндылығы. Жылдар жылжып, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі көп уақыт айқын көз жеткізді. Қазақ ұлтының келешегін ойлаған Абай өзінің өмірлік мақсатын халықтың болашағымен байланыстырып:

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ.

Наданның көзін қойып, көңін ашпақ.

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,

Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ», - дейді [108].

«Қазағым» деген сөзді «ұлтым» деген мағынада түсінген Абай туған халқының өмір шындығының араламаған түкпірін қоймайды және көрген-білгендерінің барлық бейнесін шығармаларына түсіріп отырады. Ол өмір шындығының тіркеушісі емес, көрген-білгендерінің сыншысы және кем-кетікті сынау арқылы түзетуге тырысушы.

Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!, - деуі [109] арқылы адамгершілік биік мұраттарды үлгі ете келе, дүниеге бой алдырған пенденің соңы жақсылыққа апармайтындығын түсіндіріп, бұл пікірін ол «Харакет қыл, пайдасы көпке тисін» деп әрбір адамның қоғамға және өзіне пайдалы істер

атқаруын ұсынады. Абайдың ойынша, адал еңбек атаулының бәрі қоғамға да, жеке адамға да пайдалы, сондықтан қазақтың бір дінгегін берік орнатуға әркімнің мүмкіндігі мен шамасы бар екендігі шындық. Хакім Абай – қазақ әдебиетіндегі, жалпы қазақ руханиятындағы болмысы бөлек дара тұлға. Ол – көп қаламгерлер секілді өмірдің бар болмысы мен шындығын көркем бейнелеп қоюмен шектелмеген, өз шығармашылығы арқылы өзіндік танымын, адамгершілік ілімін жасаған ойшыл ақын. Ол өлеңдері мен қарасөздерінде оқырманына «адам бол» деп қана қоймай, сол адам болудың, адамгершіліктің қалыбын, ілімін жасаған ойшыл ақын. Ол өзіне дейінгі танымы мен тәркіні терең адамгершілік ілімімен таныс болған. Өйткені оның ұзақ ізденіспен, тереңінен толғатып тапқан толық адам танымы сонау Сократ, Платон, Аристотель заманынан іргесі қалана бастаған іргелі іліммен сабақтасады. Халқының мінез-құлқының бұзылып бара жатқанын көріп, «Толық адам» ілімін жасаған Абайды әрбір қазақ білуі керек. Абайда 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөз бар. Ал, оқысаң таусылмайды. Хакім бұл шығармаларында өз жан дүниесін жазды. Ол өзі өмір сүріп отырған заманның шындығын, зарын жазды. Оның ішкі әлемі қайырлы. Сондықтан да оның мұралары өте терең, мәнді. Қазақтар үшін одан өтер дүние жоқ», - дейді көрнекті абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор М. Мырзахметұлы [110].

Туған жерді қия алмай,  
Тентекті жеңіп, тыя алмай,  
Әлі отырмыз ұялмай,

Таба алмадық өңге елді, - деген [109] дана Абай қандай да болмасын, туған елінің тентегін тыя алмаса да, қазақтан өзге артық елді таба алмайтындығын өлең тілімен суреттейді. Бұл ақын жанының қазақтың сайын сахарасы мен дархан даласын, әрбір тасы мен сайын, тентегі мен игі жақсысын жақсы көріп, туған жерін қия алмағандығын паш етеді. Абай қазақ қауымы ішіндегі жағымсыз құлықтар мен берекесіздіктің және басқа кемшіліктердің түп тамыры надандығында, оқымағандығында деп түсінеді де, халқының көкірек көзін ашып, ұлттық сана-сезімін жетілдіріп, еліне қалтқысыз қызмет ету үшін қазақ жастарын оқуға, білім алуға шақырады. Ол:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды ертегіні термек үшін,  
Көкірегі сезімді, ойы орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, - деп [109] бар үмітін парасатты, талапты қазақ жастарға артады. Абайдың дүниеге көзқарасындағы ұстаған негізгі принципі – «Адам бол». Ойшыл ақынның аңғаруынша көптеген адамдарда «адам» деген ат бар, бірақ, «Адам» деген қасиет жоқ. Сондықтан да Абай:

... Адам бол мал тап,  
Қуансаң қуан сол кезде,  
Бес нәрседен (өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, текке мал шашпақтық) қашық бол,

Бес нәрсеге (талап, еңбек, ойшылдық, қанағат, рахым) асық бол,

Адам болам десеңіз, - деп [109], өз елін, келешек ұрпағын жалпы гуманистік рухқа, бірлікке шақырып, «Бірінді, қазақ, бірінді дос, көрмесен, істің бәрі бос», - дейді [109].

Абайдың шығармаларын қорытындылай келе, ұлттық санамыздың тірегі болған Абайдың философиялық лирикасы, ойлары – біздің ұлттық кодымыз. Ақиқатында, хакім Абайдың әрбір өлең жолдарындағы даналық ойлар ұлтты сүйуге, ізгілікке үйретін, адамдық сипатта бой түзеуге насихаттайтын, парасаттылық пен өркениетке үйретіп, ұлттық тұрғыдан рухани жаңаруымызға бағдаршам болатын темірқазық екендігі даусыз. Осы орайда Елбасының «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» [106] деуінде салиқалы, парасатты ой жатыр. Демек, Абай шығармашылығын, дүниетанымын жаңа қырынан тереңнен зерделеу нәтижесінде біз жаңа тұрпатты жаңғырудың басты құралы – ұлттық кодымызды «Мәңгілік ел» ретінде сақтап қалатындығымыз анық деп түйіндейміз [110].

Ұлттық кодымызды насихаттауда Абаймен қатар, Шәкәрім Құдайбердіұлының да үлесі зор. Шәкәрім Құдайбердіұлы өмір сүріп, еңбек еткен тарихи кезеңде қазақ әдебиетінде Абай іргетасын қалаған реалистік дәстүр қалыптасып келе жатқан болатын. Шәкәрім осынау өнегелі үрдісті алғашқы жалғастырушылардың бірі болды. Абай мен Шәкәрім арасында тамырластық аса терең. Өз заманының келелі мәселелерін, қоғамдық шындықты қозғауда екі ақын да ерекше қуат танытқан. Абай тәрізді Шәкәрімнің де ақын ретінде ұсақ-түйек міндерді сынаудан бастап, өз кезінің күрделі әлеуметтік мәселелерін көтеруге дейінгі аралықтағы терең ойлары, парасатты тұжырымдары сайрап жатты. Шәкәрім айналасындағы құбылыстарды сырттай ғана жырлаушы болған жоқ, ол бар нәрсенің қай-қайсысына да мән бере қарады, жақсылығына қуанды, кемшілігіне күйзелді. Ақындық болмысын да осы ыңғайда қалыптастырды. Ақын әрдайым халықтан қол үзбеген. Оның әшкерелейтіні де халық басындағы кемшілік, мақтан тұтары да халықтың қазынасы. Әр кезеңде жазылған «Бай мен қонақ», «Партия адамы», «Ей, көп халық, көп халық», «Өкінішті өмір», «Қазақ», «Насихат», «Тағы сорлы қазақ», «Қош!», «Қош, жұртым» тәрізді өлеңдерінде ұлтының басындағы халді шыншылдықпен бейнелеп береді. Оларда сол кезеңнің тарихи дамуына тән ерекшеліктер белгі береді.

Сондай-ақ, ұлттық кодымызды осыдан бір ғасыр бұрын жаңғыртқан «бес арыс» пен «үш бәйтеректі» айтуға болады. Олар: А.Байтұрсынов Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин. Бұл тұлғалар қазақ жерінде Алаш Орданың негізін қалап, қазақ халқының ұлттық әдебиетінің қалыптасуы мен елдің қоғамдық өмірінің дамуына үлкен үлес қосқан, алғашқы қазақ әліпбиін құрастырған, өздерінің жазған түрлі тақырыптағы шығармаларымен адамдардың жаңа заманға сай, сауатты болуына, ой-өрісінің өсуіне ықпал еткен, елді оқуға, білім

алуға шақырған, туған елі үшін үлкен еңбек еткен, халқының болашағына жол сілтеген асыл перзенттері.

Қазақтың ұлттық кодында әділдік тұжырымдамасы ежелгі дәуірден бастап жинақталып, туыстығы жоқ үлкенге деген сыйластық болып танылған. Сыйластық пен ізгілік, ізеттілік пен имандылық қазір енді этикетке айналған тұста, осы ұлттық кодты дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуымыз қажет. Ұлттық кодымызда ұят категориясы бар. Бесіктен белі шықпаған баладан бастап, ұят боладыны айтып өсірген ата-ана баласын жақсылық пен жауыздықтың бөлінетінін айтып, мінезін қалыптастырады. Жауыздықпен күрес пен жақсылықты дәріптеу коды қазіргі мораль мен өнегелік категориясын дамыта түседі. Ұлттық кодқа негізделген ұлттық сананың кемелдене дамуын Елбасымыз үлкен мәселе етіп көтеріп, екі қырын атап көрсетеді: ұлттық сананың көкжиегін кеңейту және ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қатерінің де бар екенін ескертеді. Ол қандай қатер деңіз? Қатер мынада: өзгенің ұлттық даму үлгісі жұрттың бәріне ортақ әмбебап үлгі бола алмайтындығы. Сондықтан да, іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда.

Қазіргі кезде елімізде болып жатқан рухани жаңғыру саясаты өткенімізге үңіліп, тамырлы тарихымызға, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізге зер салуға мүмкіндік беруден бұрын, жаһанданудың қауіп-қатерін ескере отырып, қазақстандықтардың рухани бай мұрасын қайта түлетуге ұйытқы болған іспетті. Яғни, қоғамызды рухани жаңғырту бір күнде, бір мезезетте жүзеге аса қояды деп түсінбеуіміз керек. Бодандық бұғауынан босаған ел үшін ұлттық код, ұлттық идея – қымбат қазына.

Тәуелсіздігімізді алғалы бері елімізде жүргізіліп жатқан қайта жаңғырудың (реэтноизация деп атауға болатын үдеріс) бет түзер нысаны – ұлттық код. Бұл жердегі ұлттық кодтың субстанционалдылығы, оның өзіне-өзі себеп екендігі, өзін-өзі танитындығы, ешнәрсеге тәуелсіз өзімен өзі болып табылатындығы, үнемі өзіне-өзі оралып отыратындығы, өзін-өзі үздіксіз қайталайтындығы т.б. арқылы ашылады. Әрбір ұлттың өзіне ғана тән ерекшеліктері мен сапалары бар. Біз өз халқымыздың тұтас болмысын, тек өзіміз өмір сүріп отырған заманымыз тұрғысынан ғана бағалай аламыз, басқаша болмайды да. Біз ұлттық болмысымызды қаншама рет ой елегінен өткізсек те, мұзтаудың теңіз бетіндегідей бөлігін ғана аңғарамыз. Ал теңіз астындағы үштен екі бөлігі – бұл трансценденция, аса күрделі феномен. Міне, бұл ұлт кодының сакральдылығы. Бұл – имманентті тұрғыдан алғанда, яғни өзіміздің болмысымызда өзіміз таныған жағдайдағы көрініс, ал өзге ұлт өкілдерінің ғалымдары қазақ халқының дүниетанымын зерттеген жағдайда, осы кодқа кезігеді. Кодтың шифрын жартылай болса да ашу оған оңайға түспейді. Демек, ұлттық кодты ашу тәсілдерінің бірі – тарихи жады мен ұлттық жадыны жаңғырту.

Тарихи жадыны жаңғырту деп, өткен тарихты білмей, қазіргі заман тарихын түсіну мүмкін емес екендігін ескере отырып, қазіргі заман тарихын

терең түсінудің алғышарты ретінде осы заманға дейінгі халқымыздың өткен өмір жолын ой елегінен қайта өткізу. Тарих – ұлттық құбылыс. Оның ақиқатын, тылсым сырын ашу үшін бірінші кезекте халықтың, биліктің, тұлғаның, яғни тарихты түзушілердің барша өмірі мен hareketі неден күш алатынын, қайда табан тіреп тұрғанын анықтау қажет. Империялық биікке көтерілген испан, ағылшын, орыс, француз қауымы үшін материалдық өндіріс, табыс, соғыс маңызды болса, отар немесе аграрлық қауымға тарих дөңгелегін айналдырудың басқа өлшемі бар. Ұлы дала елінің тарихын көктей шола отырып, оның мазмұны мен ерекшеліктерін анықтаған, тарихи оқиғаға, үдеріске, тіпті тұлғаға тұғыр болған нағыз түпжаратушыдай үш байлықтан ажырамау керек екеніне иландық. Бірінші тұғырлы байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет. Осылардың қайсын алсақ та, ономастикамен ажырағысыз байланысы бар. Ұлы даладағылардың антропологиясы, шаруашылығы, өмір салты, алыс–жақын елдермен қарым–қатынасы, ономастикасы жерге байлаулы табиғи–географиялық факторлармен анықталды. Арғы қазақтарды біріктірген, тұтастырған, ел болуға жетелеген құдірет – тіл. Бізді қыпшақ, моңғол, ноғай атандырмаған, Қазақ елі, қазақ атандырған, Сарыарқаны – Сарыарқа, Түркістанды – Түркістан атандырған өндіріс тәсілі емес, билеушінің жарлығы да емес, ол – тіл. Тарихқа тұғыр болған жер мен тіл тарихты түзбейді. Олар – тарихтың куәгерлері. Осы куәгерлерді археология, терминология, ономастика, түркология, салыстырмалы саясаттану, этнология, антропология ғылымдары тұрғысынан зерттеумен, сөйлетумен, түсінуден, сәйкестік пен бірегейлігімізді танумен бұрынғы мен бүгінгінің сабақтастығын ұғынамыз. Тарихқа тағзым дегеніміз – ол ең алдымен жерге және тілге тағзым деген сөз [111].

Ал ұлттық жадыны жаңғырту дегеніміз – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Ұлттық мұрамыз деп, ұлт зиялыларымыздың, ақын-жазушыларымыздың, еліміздегі беделді тұлғалардың бізге мұра ретінде қалдырған жазба еңбектерін айтуға болады. Мысалы, Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет», Қорқыт атаның аңыз-күйлері мен нақыл сөздері, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары, Абай мен Шәкәрімнің шығармалары мен өлеңдері және т.с.с.

Сондай-ақ, ұлттық мұрамыз ретінде киелі жерлерді айтуға болады. Киелі жерлерді зерттеп, жүйелеу арқылы біздің тарихымыз, мәдени-рухани құндылығымыз, салт-дәстүріміз, дініміз бен діліміз қандай болғандығына көз жеткізе аламыз. Демек, киелі жерлер де ұлттық кодымыз болып саналады. Осы ұлттық кодты сақтаудағы еліміздегі киелі жерлердің атқаратын рөлін қарастыра кеткенді жөн көрудеміз.

Дүниежүзі бойынша жер көлемі жағынан тоғызыншы орын алатын елімізде киелі жерлер жетерлік. Әйтсе де, олардың жеткілікті дәрежеде зерттеліп, дәріптелмеуі салдарынан халқымыз олардың көбісінің барынан хабарсыз. Ұлы Даланың тарихынан талай сырды шертетін киелі жерлер, құпиясы бар қасиетті мекендер көп-ақ. Осы орайда елімізде қолға алынып жатқан «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» мемлекеттік жобасы

қазақтың кең даласындағы қасиетті жерлер мен мекендерді жете зерттеп, халыққа жеткізуді мақсат етіп отыр. Жоба нәтижесі ұлан-ғайыр жерге ғана емес, тарихи рухани мол мұраға да ие екенімізді көрсетеді. Жалпы барлық елдерде мұндай қасиетті, киелі жерлер баршылық. Ол жерлерді мемлекет тарапынан қорғалып, даңқын асырып дәріптеліп отырғандықтан, өз елдері түгілі әлем елдерінен туристер ағылып іздеп барады. Мәселен, ағылшындар Кентерберий ғибадатханасын мақтан етсе, немістер Кельндегі рим–католик готикалық соборын ұлықтайды. Сол секілді қазақ елінде де халықтың қызығушылығын тудыратын қасиетті жерлер жетеді. Тек оларды дәріптеп, халқымызға кеңінен таныстырып, өзге елдердің де қызығушылығын тудыра білуіміз керек.

Маңызы жоғары, халық тарапынан ерекше құрметке ие табиғи немесе мәдени мұра және сәулеті айрықша діни мәнге ие ескерткіштер мен кесенелер, сондай-ақ, Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындардың барлығы елімізде осы киелі орындар санатына жатады. Осы аталған мақсатты іске асырып, мәселені жан жақты зерттеу үшін ең алдымен оның методологиялық негізі болып табылатын негізгі ұғымдарды, соның ішінде қасиетті, киелі ұғымдардың мән мағынасын айқындап алу қажеттігі туындайды. Қасиетті, киелі, киелілік ұғымдары батыста неғұрлым зерттелді деп айтуға болады, бұл мәселені неғұрлым терең зерттеген батыс ғалымдары қатарына Э. Дюркгейм, М.Элиаде, Р. Отто сияқты белгілі зерттеушілерді ерекше атап өту қажет. Отандық зерттеулерде, ең алдымен қазақ ойшылдарының еңбектерінде аталған ұғымдар кеңінен қолданыс тапқанымен, жеке ұғым, методологиялық негіз ретінде зерттеулер жеткіліксіз [112, 45 б.].

«Киелі» сөзінің мән–мағынасы өте күрделі. Халқымыз осы ұғыммен зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке қарсылығын, адамның, табиғаттың, қоғамның арасындағы жарасымдылық пен үйлесімділікті сақтауға күштарлығын білдірген. Жүгірген аңның, ұшқан құстың, жер мен судың, ерекше қасиетке ие адамның киесі ұрады деп, қоғамдық-саяси, рухани, экологиялық, әлеуметтік тұрақтылықты, ынтымақ пен ықпалдастықты бәрінен жоғары қойған. Сол арқылы Батыс тарихнамасында әлі күнге дейін өмір сүріп келе жатқан қате тұжырымды – көшпелілер өркениеттен тыс қалған, олар соғысқұмар, отырықшыларға тыныштық бермеген тәрізді пайымдарды жоққа шығара алғанын да білуіміз керек.

Қазақ халқының ұлттық санасының ерекшелігі – туып-өскен жері, өнген ортасын кие тұтып, оның қадір-қасиетін бағалауымен құнды. Аталарымыз «туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың» деп бекер айтпаған. Туған жер мен елдің халық санасына сіңген рухани құндылығының ұлттың қалыптасуында, дамуында айрықша рөлі бар [113, 12 б.].

Өткен ғасырдағы көшпелі халқымыздың мәдениеті бай десек болады. Өртүрлі діни нысандар мен киелі жерлер Қазақстанда сонау ғасырлардан бері сақталып келе жатыр. Қазақстанды қай жағынан алсақ та, табиғи немесе мәдени-тарихи, діни болсын өзіндік ерекшеліктер мен құпияларға толы. Әсіресе

өткен тарихымыздан белгілі біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген киелі де танымал адамдардың ескерткіштері әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай сақталған. Қазақстанның әр өңірі өзінің киелі орындарымен ерекшеленеді және әр өңірдің өзіне тән сыры болады. Қазақстанда негізінен діни нысандар өте көп. Танымал діни нысандар арасында үлкен қызығушылық Қазақстанның барлық өңірлерінде бар. Қазақстанның территориясында орналасқан көптеген дәстүрлі «әулиелі орындар» мұсылмандардың рухани өмірінде елеулі орын алып күні бүгінге дейін ғибадат орны болып табылады [67, 425 б.].

Қазақ халқы сакралды сөзін естімей тұрып-ақ дінді ғана емес, жарық дүниенің тылсым таңға жайыптарын, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастыра алды. Адамдардың күнделікті өміріне қатысты тыйымдарымыздың өз мән-мағынасы жағынан қоғамдық санадағы, дүние танымдағы сакралдылық жайлы тұжырымдарымыздың биік деңгейін бейнелейді. Мәселен, табалдырықта тұруға, босағаны керуге, малды ұруға, молаға қарай жүгіруге тыйымдары шаңырақты, мал-жанды, аруақтарды – екі дүниені де ерекше құрметтегеніміздің дәлелі. Сакралды географияның пайда болуы себебі мен философиясының түп көздегені де – осы. Ол төл тарихымыздың қай дәуіріне болсын тән ізгілік, биік рух, болашаққа сенім тәрізді қасиеттермен үндесіп жатыр [114, 214 б.].

Қазақтың сакралды әлемге сәйкес тілдік қоры да қалыптасқан. Солардың ішінде үш сөздің этимологиясы мен танымдық әлеуеті айрықша көзге түседі. Ол сөздер – әулиелі, киелі, қасиетті. «Әулие» – қазақ тіліне арабтан енген сөз. Түп жаратушының сүйген құлы, адамды тура жолдан адастырмаушы дегенге саяды. Ұлы даламызда Құдай жолынан қылаудай ауытқымаған, ақылымен де, қолымен де қалтқысыз қызмет еткені үшін әулие санатына көтерілгендер жетерлік. Ендеше, киелі жер нысандарының ең маңызды, ең мәртебелі бөлігін «әулиелі» терминімен айшықтаған жөн болар [115, 325 б.].

Киелі жер тұңғышы Қазығұрт тауы десек, еш қателеспейміз. Өйткені таудың басында Нұқ пайғамбардың кемесі қалғаны туралы аңызды білмейтін қазақ жоқ, оған тәу етушілер күні бүгінге дейін үзілген емес. Киелі нысандардың осынау тобы исламға дейінгі дүниетанымды айшықтайды, көбінесе нақты киemen қосарлана аталады. Айталық, Абылай ханның киесі қызыл түлкі, Райымбек батырдың киесі ақ түйе, Жамбылдың киесі қызыл шұбар жолбарыс, Кемпірбайдың киесі көкала үйрек екен. Наурыз мейрамымен бірге айтылатын Қыдыр ата да халқымыздың кие құдіретіне бас игені [116, 228 б.]. Қысқасы, киелі жерлеріміздің сакралды географиясы хронологиясы бойынша да, мазмұны жағынан да ауқымды әрі бай.

Қазақ жеріндегі киелі орындарды зерттеуші ғалым, қазақстандық мәдени антрополог Ұлан Биғожин өзінің зерттеу жұмыстарында Ван дер Вираның «Діни ұлтшылдық» еңбегін негізге ала отырып, ұлтты құрудың негізгі элементі ретінде дінді қарастырады. Биғожиннің айтуы бойынша мемлекет сопылық мазарларды дәстүрлі исламның органикалық бөлігі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, ұлттық бірегейлікті құрастырушы құрал ретінде де



қарастырады. «Қазақтардың діни наным сенімі ата-баба культіне негізделеді. Қазақтардың діни көзқарасының маңызды бөлігі – киелі орындар» – деп санайды зерттеуші Ұлан Биғожин [117].

Осы ретте, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасымыздың жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын халық санасына сіңірудің ерекше маңыздылығын нықтап айтуы заңды құбылыс. Ел мен Жер – рухани құндылықтардың арқауы. Қазақстан жеріндегі ежелгі тарихи киелі орындарымен танысу елдік бейнеміздің кәусар бұлағы екенін, оның пайда болу тарихы арқылы біз өткен тарихымызды, мәдениетімізді білетінімізді отандастарымызбен қатар, шетелдік туристерге дәріптеудің де берері мол. Бұл орайда арнайы саяхат ұйымдастырудың ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ұрпымызды құрметтеуге, тәрбиелеуде алар орны ерекше. Осы тарапта атқарылып жатқан «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы елімізді танытуға тың серпіліс берері даусыз.

Біз үшін Отанымыздың әр сүйем жері қасиетті болып саналады. Халқымыз қашанда «Ел іші – алтын бесік» деп сүйініш білдірген. Ол үшін ұлттық мұратқа сай биік іс қылу керек. Арғы ата-бабаларының аруағын сыйлап, шежірелік деректерді шын қастер тұтатын біздің халқымыз әрбір тау-тасын, жазық даласын, үңгірін, өзен-көлін қасиетті, киелі деп санайды. Көшпелі өркениет топырақ пен судың қадірін біліп, жер түгін тоздырмау үшін көшіп-қонып отырған. Олардың туған жерге, жаратылыс құбылыстарына, табиғатқа деген дүниетанымдық көзқарасы, ықыласы таңғажайып көркем. Айнала қоршаған табиғатты тірі деп қабылдау, өз ұрпағын оған қиянат жасамауға тәрбиелеу қазақ халқының ырым мен тыйымдары туралы ұлттық түсінігінде тұнып тұр.

Қорытындылай келе, ұлттық кодтың негізі – отансүйгіштік. Қазақ ұлтының коды – қазақылығы. Бүгінде қазақтығымызды сақтап, ұлт ретінде жойылып кетпес үшін ұлттық кодты жаңғыртып, бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыру қажет. Қазіргі жаһандану кезеңінде жойылып кетуден аман қалуын ойлаған әрбір халық алдымен өзінің байырғы рухани-тектік қасиеттерін мейілінше жаңғыртып, осы арқылы заманауи ғаламдық бәсекелестікке төтеп бере алу жағын ескерген жөн. Біздің мақсат ата-баба мұрасын қастерлеп, мирасына сызат түсірмеу. Міне, бүгінде тамыры тереңге жайылған рухани кодтың, ұлттық жаңғыру ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейтіп, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, жанашылдыққа қадам басудың маңыздылығы айрықша.

Қазақтың ұлттық коды деп қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтамыз, яғни, тарихи тамыры тереңде жатқан, ұлтымыздың күні бүгінге дейін бәрінен жоғары бағаланатын қасиеттері, қазақтың ұлттық болмысының сыры, қастерлеп сақтайтын құпия кілті болып табылады. Ол құпия кілттің негізі киелі жерлерде де жатыр. Ұлттық кодымыз болып табылатын киелі жерлер ерекше қастерленетін табиғи-мәдени мұра, зайырлы және діни сәулет ескерткіштері,

кесенелер, сондай-ақ қазақ халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар болып табылады. Олар Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алатын, ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны ретінде көрінетін нысандар болып есептеледі.

Танымдық тұрғыдан алғанда, ұлттық кодты жаңғыртушы қазақ жеріндегі киелі жерлерге нені жатқызуға болады? Оларды төрт топқа бөліп қарастыруға болады: біріншісі – ислам діні келгенге дейінгі байырғы қазақтардың салт-дәстүрі мен ритуалдары орындалатын жерлер. Мәселен, Наурыз мейрамы қарсаңында Маңғыстаудағы Оқпантауда алау жағу дәстүрі. Екіншісі – ислам дініне байланысты қасиетті саналатын нысандар. Бұл орайда ежелден белгілі жерлер мен кейбір аяқ астынан пайда болған нысандарды шатастырмау керек. Үшіншісі – ұлы тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты киелі жерлер. Айталық, Астанада, Алматыда ашаршылық құрбандарына ескерткіш ашылды. Қазірдің өзінде олар жас пен кәрінің тәу ететін құндылығына айналуда. Төртіншісі – тылсым сырлары ғылыми талданбаған, бірақ адамға, оның денсаулығына пайдалы немесе зиянды әсері күдік-күмән тудырмайтын жерлер. Бұлардың киелі аталатын себебі – адамдарды руына, тайпасына қарай алаламай, өзіне тартып тұратыны, оларға жақсылық сыйлайтыны, алдағы күнге сенімін арттыратыны.

Қазақ жерінде ескі дәуірлерде қоныстанған ру-тайпалар жасаған мәдениет, түрлі ескерткіштер – ойға зор әсер ететін, зерттеуді керек қылатын мәселе. Олардың бүгінге дейін сақталып келген көркем ескерткіштер ерекше көзге түсіп, еріксіз өзіне тартып, еліміздің ескі дәуірдегі мәдениет үлгісін жарқын түрде сипаттайтын, бүгінгі рухани қазынамыздың арнаулы бір саласы болып отыр.

Территориялық жағынан әлемдегі ондыққа енген жас мемлекет болған соң бағзы бабалардан мұраға қалған ел мен жерді көздің қарашығындай мұқият сақтау – ұрпақтық асыл парызымыз. Бүгінгі жаңа заман ұрпағы, туған жер, елін сүйер жас буынды ұлтжандылыққа, елжандылыққа тәрбиелеу, туған өлке тарихын, табиғатын танытуды мұнаралы мұратымыз деп санаймыз. Халқымыздың сан жылдық тарих қойнауынан атадан балаға, ғасырдан ғасырға мұра болып жеткен өшпес асыл қазынасы: әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, мәдени-рухани құндылығымыз, киелі жерлеріміз, жалпы алғанда ұлттық кодымыз баға жетпес асыл қазынамыз болып табылады.

### **3.2 Қазақстанның жаһандану үрдісіндегі ұлттық бірегейлігін сақтап қалудағы киелі жерлердің маңыздылығы**

Қазақстанның ұлттық бірегейлігін сақтап қалудағы киелі жерлердің маңыздылығына тоқталмас бұрын бірегейлік ұғымының мағынасын ашып көрсетіп, өзге ғылымдардағы пайымдамаларға тоқталып кеткеніміз жөн болар.

Әлеуметтану ғылымында «бірегейлік» ең алдымен индивидтің субъектімен немесе белгілі бір әлеуметтік топпен теңестірілуі, бірегейленуі деп қарастырылады. Әлеуметтік ғылымында идентификация және бірегейлік

терминдерін алғаш рет енгізілуі Э.Эриксонның атымен байланыстырады. Мысалы А.Туреннің анықтауы бойынша, «бірегейлік – социалды субъектінің саналы түрде өзін-өзі анықтауы» [118, Б. 98-99]. Бұл контекстте біз бірегейлендіруді «эмоционалды процеспен өзін-өзі басқа индивидпен теңдесіру, әлеуметтік топтардың өзге адаммен, топтық немесе үлгі бойынша, әлеуметтік статусы бар интернационализация мен маңызды әлеуметтік рөлдерді меңгеру» тұрғысынан анықтаймыз [119, 24 б.].

Орыс тілді мәтіндерде «бірегейлік» (идентичность) пен «ұқсастық» (тождество) мағына жағынан сәйкес бір болып келеді. Әлеуметтік ғылымдарда болса бұл сөздің мағынасы түрлі қолданысқа енгізілмеген, ал ағылшын немесе неміс әдебиетінде бұл ұғымдар түрлі танымдық мәні бар сипаттамаларға ие болған. Сөздіктердегі анықтамаларда «бірегейлік» (идентичность) латындық түп тамыр *idem* (сол өзі) дегенді білдіріп, барлық трансформацияларда өзінің «мәнін» сақтап қалу, нәрселердің қасиеттерін сол күйі өзгермей қалуы деп түсіндіреді. Сонымен бірге бұл термин жеке тұлғаның болмысына қатысты да қолдана береді. П. Рикердің пайымдауынша «бірегейлік» (идентичность) ұғымының қазіргі заманғы қолдануында латындық «*idem*» және «*ipse*» сөздеріне сәйкес екі түрлі мағынасы бар. «*Idem*» сөзі «жоғарғы деңгейдегі ұқсастық», «ұқсас» (аналогичный), «соның өзі» дегенді білдіреді, яғни уақыт кеңістігінде өзгермейтіндікті, тұрақтылықты білдіреді. Ал «*ipse*» сөзі «өзі» (*ipseite*), «өзі»: әлдекімнің өз өзіне ұқсастығы. Мұнда уақыт кеңістігінде тұрақтылығына қарамастан субъектінің өзімен толыққанды сәйкестенуін анықтау деген мағынаны білдіреді. Бірінші жағдайда «өзінің» тұрақтылығы, ал екінші жағдайда өзіне ұқсастығы туралы айтылады [120, 119 б.]. П. Рикердің пайымдамасын қарастыра отырып бірегейлік түсінігіндегі бір-бірімен тығыз байланысты екі түрлі ұғымдардың субъект кез келген ортада, уақыттық кеңістікте, мәдениет пен қоғамда ажырамас бір бөлігіне айнала отырып, өзінің түпкі түбірін өзгертпей, сақтап қалатындығын көруге болады.

Бірегейліктің бірнеше түрлері бар, олар: ұлттық бірегейлік, этникалық бірегейлік, менталді бірегейлік, саяси бірегейлік, діни бірегейлік және т.с.с. Олардың әр қайсысына жеке түсіндірме бере кетейік. *Ұлттық бірегейлік* – дегеніміз жалпы азаматтық болмыстың белгілерін алып тастағандағы ұлттың болмысы. Осыған байланысты зерттеу барысында жалпы адами және этникалық болмысты бөлу қажеттілігі туындайды.

*Этникалық бірегейлікті* айтатын болсақ, 1975 жылы «Этникалық бірегейлік» атты Дж. Де-Востың ұжымдық еңбегі жарық көреді. Біріншіден Дж. Де-Вос этникалық бірегейліктегі эмоционалды-субъективті, тіпті иррационалды астарды зерттеуге ұсынысын айтатын болсақ, екіншіден ол бұл феноменнің рационалды маңыздылығын да жоққа шығармайды. Этникалық бірегейліктің негізгі белгісі ретінде сабақтастық сезімі, өткенмен тығыз байланысты көрсетеді. Де-Вос бұл сұрақты тұлғаның бүгінінен айырмай, оның әлеуметтік-экономикалық мәртебесімен болашақтағы талпыныстарымен қатар зерттейді. «Шығу тегінің, дінінің, құндылықтарының, тіршілік ету тәсілдерінің бір

екендігі туралы сезім – «ортақнегіз» тектес – ішкі өзін өзі анықтауымен сипатталатын топқа адамдардың бірігу үдерісінде үлкен маңызға ие. Бір әлеуметтік топтың ішінде есею, байланыс құралдарының ұқсастығы адамдар арасындағы барлығына түсінікті бейімделу механизмдерін қалыптастырады, бұл келіспеушіліктердің мүмкіндігін азайтады»-деп жазады Дж. Де-Вос [121, 215 б.]. Жалпы осы мәселе төңірегінде ұлттық мінез-құлық, ұлттық менталитет, этникалық бірегейлік, этникалық ментальдық бір-біріне қатысты ұқсас және бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Бұл ұғымдардағы негізгі екпін ұлттық және этникалық деген сөздерде. Дж.Де-Востың пікіріне толық сүйенетін болсақ, ұлттық деген ұғым этникалық деген ұғымнан өзгеше емес. Ұлт деген ұғыммен көбіне саяси белгілері бар топтарды жатқызады. Көптеген зерттеушілер үшін ұлттық бірегейлік және субъективті мәдени бірегейлік бір біріне сәйкес келетін ұғымдар екені дәлелденген болып табылады, әсіресе этникалық және ұлттық бірегейлік тарихы жағынан сәйкес болса, басқа жағдайда этникалық бірегейлік ұлттық бірегейлікке қарағанда кең ұғым болып саналуы мүмкін. Бірегейлік жергілікті ерекшелік ретінде болса, айталық адам италияндық болғаннан гөрі римдік болуы мүмкін. Алайда «немістік бірегейлік» герман жерінде тұратындармен бірге австриялықтарды да өзіне біріктіреді [122, Б. 56-57]. Жергілікті өзін өзі анықтаулар өткенмен тығыз байланыс сезімін қалыптастыруы да, қалыптастырмауы да ықтимал.

*Саяси бірегейлік* дегеніміз – саяси сана жемістерінің бірі және сонымен бірге ол саяси санаға әсер ете алады. Саяси бірегейліктің көмегімен жеке адам немесе топ нақты саяси ұстаныммен саяси қарым-қатынастардың субъектісі бола алады [123, 34 б.].

*Діни бірегейлік* деп – өзінің белгілі бір дінге қатыстылығын мойындайтын және өзі мен дүниені сәйкес діни догмалар арқылы көзқарастың қалыптастыруының негізінде құрылған коллективті және жеке өзіндіктаным формасы болып табылады. Ол субъектінің белгілі бір діни қауымдастыққа өзін бірегейленуін мойындау, түсіну барысында дін арқылы өзіндік экзистенциалды тәжірибе алуын теңдестірілуін, бірегейленуін белгілеп отыруын білдіреді. Отандық дінтанушы А.Г. Косиченко бүгінде адамдардың, қоғам мен мемлекеттердің діни өзін-өзі тану үдерісіне әлемнің келешегі тәуелді екенін айтады. Оның пікірінше діни бірегейліктің (идентичность) үдерісі ретінде, сондай-ақ оның заманауилыққа арналған салдары үшін бірнеше аспектілерді атап айтуға болады. Бірегейлендіру субъектісінің өзі қабылдаған діни міндеттерді, сәйкесінше, өзінікі деп мойындаған дінді, сол тұрғыдағы жеке танымы өзін-өзі танудың діни қатынасын анықтайды. А.Г. Косиченко діни идентификацияны индивидтің өзі қабылдап, мойындап отырған дін туралы өзіндік танымның әрекетімен түсіндіреді. Дінді мойындау деген не? Діни бірегейлік үдерісі қандай формада жүзеге асады және оның заманауи қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-саяси өмірінде қандай көрініс табады? - деген сұрақтарға жауап берумен түсіндіреді. Ғалымның пайымдауынша дін дегеніміз адамның Құдіретті күшке сенуі, байланысы. Құдіретті күшпен байланыс –өз

еркімен ғажайып қасиеттерді насихаттайтын, Құдіретті күшпен бірігуге және оған қол жеткізуі ұмтылатын адамның болмысын жүзеге асырады [124, Б. 52-53].

*Менталді бірегейлік* дегеніміз – ерекше философиялық категория, оның өзіндік сипаты мен даму логикасы бар. Менталді бірегейліктің маңыздылығын келесі белгілермен анықтауға болады:

- қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді;
- ұлтаралық мәмілелікті қалыптастырады;
- қазақстандық менталитеттің маңыздылығын ашады;
- саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалардың нәтижелілігіне жағдай жасайды;
- саяси элита мен азаматтық қоғам арасындағы байланысты дамытады;
- саяси үрдістердің менталді астарының маңыздылығын ашады;
- қоғамдағы жалпыұлттық құндылықтар мен принциптерді қалыптастыруға көмектеседі [123, б. 32-33].

Менталді бірегейліктің ерекшелігін түсінуде маңызды рөлді ұлттық идея атқарады. Ұлттық идея қоғамдағы адами мәселелерді айқындап, қоғамдағы тұлғаның рөлін көтеруге бағытталады. Қазақстандық менталитеттің бірегейлік идеясының бөліктері ретінде келесі принциптерді атап өтуге болады:

- шынайы халықтық патриотизм;
- ұлттар арасындағы мәмілелік;
- жалпы адами құндылықтар. Осы құндылықтарды негізге ала отырып қазір қоғамымызда ұлттық идеямыз болып табылатын бірнеше факторлар жүзеге асып жатыр. Олар: ұлттық сана мен кодтың жаңғыруы, ұлттық бірегейлену, біртұтас ұлт негізін құру идеялары. Бұл факторлар Қазақстан секілді көп ұлтты мемлекетте бейбіт өмір сүре алуды қамтиды. Олардың негізінде келесі құндылықтар жатыр: гуманизм, адамгершілік және азаматтық патриотизм. Осы аталған құндылықтар Қазақстанның жаһандану үдерісіндегі ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы факторлар болып есептеледі.

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, өз даму жолын табу қай қоғамға да болмасын өзекті мәселе. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [106] бағдарламалық мақаласында өткен тарихқа шолу жасап, қазақстандық даму бағдарын қалыптастыру мәселесін қозғайды. Мұнда ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, әлемдік тәжірибеге негізделу керектігі көрсетілген және өз кезегінде әр қазақстандықтың, сәйкесінше, тұтас қоғам санасының жаңғыруы қажеттілігі ескеріледі.

Осыған орай елімізде жаһандық ауқымдағы құндылықтарымызды сақтап қалу мақсатында рухани жаңғыру саясаты жүзеге асырылып жатыр. «Рухани жаңғыру» деп – барлық заманауи тәуекелдер мен жаһандық жан айқайды қоса алғандағы қазақстандық рухани құндылықтың жандануына бағытталған мемлекеттік бағдарлама. Бұл бағдарлама ұлттық бірегейлікті сақтау, азаматтар санасының ашықтығы мен білімге баулуын дәріптеу, прагматизм, бәсекеге

қабілеттілікті арттыру, қоғамдық сананың жаңғыртудың маңыздылығын алға тартады. Бұл қасиеттер заманауи қазақстандықтардың негізгі бағыты болуы қажет.

Алайда, бүгінде жаһандану үрдісіндегі қоғамның ұлттық бірегейлігіне нұқсан келтіретін кейбір діни факторларың кері әсерін байқауға болады. Оған мынандай мәселелерді жатқызуға болады: қазіргі таңда жастардың көбісі дінге бет бұруда, дегенмен, кейбір жастардың адасып, ағымдар жетегінде кетіп жатқандары алаңдатпай қоймайды. Қазіргі кезде әртүрлі ағымдар көбейіп, оның ішінде неопротестанттық және исламистік арнайы топтар да құрылып жатыр. Осы топтың басындағы жетекшілері жастардың сана-сезімін улап, халыққа қарсы итермелеп, шет елдердегі терактарға аттандырып әр отбасын бір азаматы мен азаматшасынан айырып отыр. Осыған орай біз қорытынды айта аламыз, ол қазіргі жастардың діни сауатсыздығы және ұлттық құндылықтардан жұрдай екендігін көрсетеді. Мұның бәрі ұлттық бірегейлікке нұқсан келтіріп жатыр. Сол үшін қоғамды рухани жаңғырту арқылы, тарихымыз бен ұлттық дәстүрімізді жаңғырту арқылы жастарымызды патриоттық сезімге тәрбиелеуге негіз бар.

Осы ретте, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында еліміз бен жерімізді, тарихи мол мұраларымызды сақтап қана қоймай, келешек ұрпақ кәдесіне жарату мақсатында «Туған жер» бағдарламасының іске қосылғандығын айта кеткен жөн болар. Бұл жобаны қоғамға патриоттық-отансүйгіштік көзқарасты қалыптастыратын дүние деп санауға болады. Себебі, қазақ тарихындағы хандар мен билердің, діндарлар мен әулиелердің қоғамда атқарған қызметі мен рөлін насихаттау – бүгінгі жастарды отансүйгіштікке, адамгершілікке, ақыл-парасатқа тәрбиелейтін әрекет болып табылады. Шынында, қазіргі таңда қазақ қоғамына біздің дәстүрімізді жоққа шығаратын түсініктер еніп кетіп жатыр. Әсіресе ислам атын жамылып халық арасын іріту үрдісі белең алуда. Екіншіден, қазіргі жастар өзінің тарихын тек әлеуметтік желіде таратылған жеңіл-желпі ақпар арқылы танып-білуде. Бұдан нені аңғарамыз? Күн өткен сайын жастардың тарихи санасына тұсау салатын қауіп күшейіп келеді. Осыған қалқан болатын дүние – мемлекеттік жобалар болуы тиіс. Осыған сәйкес, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаладағы «Жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз» делінген [106]. Расында, жастайынан дін мен дәстүрімізді, тағылымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпейді. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болмақ. Неғұрлым тұтастыққа жету үшін елді айшықтап тұрған ұлттың танымдық, тәрбиелік маңызға бай әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері қажет [125, Б. 4-5]. Кез келген халықты өзінің төлтума рухани құндылықтары мен ізгі қасиеттері ғана біріктіре алады. Әр халық ел болып ғұмыр кешуі үшін

жастардың санасына ұлттық құндылықтарын сіңіріп, рухани болмысымен өмір сүруге баулиды. Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Расында, өзінің туған жерінің, туған өлкесінің көркеюіне үлес қоса білген азамат бүкіл елдің игілігі үшін қызмет ете алады. Міне, патриотизм дегеніміз туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады.

Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептейміз. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн екендігіне баса назар аударды. Президентіміз мақаласында Абайды «ұлттық болмыстың үлгісі» ретінде көрді [126]. Себебі ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған. Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп [126] тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет. Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-

тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі. Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоқтығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымызды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз.

Осыған байланысты, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев биыл Абайдың 175 жылдық мерейтойына сәйкес қоғамдық сананы жаңғыртатын, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін беретін әлемдік деңгейдегі көптеген іс-шаралар ұйымдастыруды тапсырған болатын. Жыл басынан бері Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық екенін насихаттайтын біршама іс-шаралар орындалды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға», деген болатын [127]. Шынында да, дана ақын шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан-жақты байыта алады. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы.

Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуы тиіс. Дүние жүзінде ғылым мен білімнің түрлі салаларын дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық. Мысалы, Қытай дегенде Лао-цзы мен Конфуций, Ресей дегенде Достоевский мен Толстой, Франция дегенде Вольтер мен Руссо бірден ойға келеді. Сол сияқты шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деп бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық.

Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы.

Ең алдымен Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің



дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы.

Сонымен, Абайды ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы, біртұтас ұлттық сананы қалыптастырушы ретінде қарастыра отырып, Абай атамыз арқылы бүгінгі жастарымызға ұлттық үлгі-өнеге бере аламыз деген сенімдеміз.

Сондай-ақ, жастарымызға киелі жерлерімізді дәріптеу арқылы да ұлттық үлгі-өнеге мен туған жерге деген сүйіспеншілікті насихаттауға болады. Себебі әрбір халық, әрбір жас буын өзінің киелі жерін танып-біліп, насихаттау арқылы руханилығын дамыта түседі. Олай болса, Қазақстанның қазіргі жаһандану үрдісіндегі ұлттық бірегейлігін сақтап қалудағы киелі жерлердің маңыздылығын төмендегідей қарастыруға болады.

Тарихта мәдениеттің өнерге негіз болған түрі кесене-мазарлар. Олар Қазақстанның барлық жерінде, атап айтсақ, Ұлытау, Көкшетау, Қарқаралы, Баян-Ауыл, Жетісу, Шу, Талас өзені бойында, Сырдария, Арал теңізі өлкесінде, Жайық, Жем өзені бойында, Маңғыстауда жиі-жиі кездеседі. Олар көбінесе әулие-әмбиелерге, киелігі мен қасиеті бар адамдарға, дін таратушыларға, атақты ерлерге, ақылды билерге, ақын-жырауларға арналып соғылған мазарлар.

Қазақтың кең даласында киелі жерлер өте көп болған: Арыстан баб, Ахмет Ясауи, Қарабура, Қорасан ата, Бекет ата, Шопан ата, Оқшы ата және т.б. 100-ге тарта орындары бар күні бүгінге дейін сақталған, сол арқылы елдің тарихын, ұлттың мәдени тұрмысын, өткен өмірде әруақтарға сыйыну, ұмытпау тек біздің елде ғана емес, басқа мемлекеттерде де баршылық. Көне тарихтың куәсі ретінде мұндай әулие жерлер өте көп. Олардың барлығы халықтың өткен өмірдегі тарихының куәсі.

Бұл киелі орындар – көшпелі дүниенің негізгі тарихы. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, басынан өткен оқиғалары, әдебиеті және аңыз-әнгімелері, жалпы тарихы негізінен осы киелі орындар мен маңызды жерлерге байланысты.

Бүгінгі күнге дейін өздерінің асқан беделін жоғалтпаған, халық арасында сый-құрметке иеленген кесене-мазарлар мен ескерткіштер – қазіргі таңда еліміздің руханилығын асқақтатып, ұлттық бірегейлікті нығайтып отырған, ұлттық кодты сақтап келе жатқан бірден бірі киелі жеріміз болып табылады. Осындай орындарды жас ұрпақтың білуі, оларға көптеген нәрсені үйретіп, қажетті өмірлік қуат алуға мүмкіндік береді.

Кеңес одағы кезінде киелі мекен деген ұғымды жете зерттеу мүмкін болмады. Қайта қолдан тұншықтырып, талай киелі мекендерге қатысты аңыздар ұмытылды, жазылмады, цензура арқылы шектеу қойды. Одан кейінгі жылдары жоғымызды түгендеп, іздеуге шамамыз жетпеді. Мемлекеттің аяқтан тұрып кетуі үшін, экономикалық тұрғыдан дамуға ден қойдық. Сондықтан, енді ғана жан-жағымызға қарап, жоғымызды түгендеп, құндылығымызды бағалауға ден қойып жатырмыз. Бүгінгідей жаһандану дәуірінде жұтылып кетпеу үшін, рухани-мәдени мол мұрамызға мән беріп, ұлттық құндылықтарымызды

саралау, рухани географиялық, тарихи-мәдени белдеудегі қасиетті жерлерімізді жаңғыртудың маңызы зор.

Сондай-ақ, киелі жерлерді насихаттауда туындаған бірқатар мәселелер бар. Мысалы, бір ғана Түркістан облысы бойынша қасиетті, киелі жерлердің тізімі анықталып, олардың өңірлік картасы дайындалуының нәтижесінде тарихи-мәдени маңызы бар 1300-ге жуық ескерткіш есепке алынған. 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұра тізіміне енген Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сәулеттік ескерткішін іздеп келушілер көп болса да, өңірдегі басқа қасиетті жерлерді сырттан келушілер біле бермейді. Арыстан баб, Ибрагим ата, Қарашаш ана кесенелеріне де жеткілікті деңгейде көңіл бөлінсе, өңірге келуші туристердің саны еселеп арта түсер еді. Мәселен, Қарашаш ана кесенесі көне ғасырда салынған тарихи ескерткіш. Сәулетті кесене Қожа Ахмет Ясауидің анасына арнап салынғандықтан, Ясауи бабамызға тәу етіп келушілер, оның анасына салынған кесенеге де қызығушылық танытары сөзсіз. Тарихи деректерге жүгінсек, Ясауидің анасы Қарашаштың шын аты-жөні — Айша. Ол сол кезеңдегі өте білімді әйел болғандықтан медресе ашып, қыз-келіншектерді жинап, оларға ілім-білім берген. Құранды сол кездің өзінде-ақ араб тілінен түркі тіліне тікелей аударуына қарап-ақ қаншалықты білімді жан болғанын байқаймыз. Ал, осындай тұлғаның жеткілікті дәрежеде дәріптелмей жатқаны, киелі орын ретінде танылмай жатқаны жанға батпай қоймайды. Сол секілді Түркістан қаласына таяу жерде орналасқан Сайрамдағы Ибраһим ата кесенесі Қожа Ахмет Ясауидің әкесіне арналып тұрғызылған [128, Б. 28-30]. Ибраһим ата өз заманда діни тұрғыда үлкен тұлға саналған, осы өңірлерге танымал уағызшы болған жанның да көпшіліктің құрметіне лайық екені даусыз. Сондықтан, еліміздегі киелі мекендердің бірі ретінде әлемге танытсақ, құрмет көрсетсек, еліміздегі киелі өңірлерді көргісі келгендерге лайық мекен болар еді. Өз дәрежесінде таныта білсек, Қожа Ахмет Ясауи бабамызға қоса оның әке-шешесінің кесенесі тұрған өңірлерді де дәріптеу арқылы елімізге келетін туристер санын арттырып, маршрутты экскурсия құруға болады. Жалпы республика көлемінде Түркістан қаласына арнайы ат басын тіреп келушілер жетерлік. Алайда, сонша жерден келіп тұрып, көбісі іргеде жатқан Ибраһим ата кесенесі мен Қарашаш ана кесенесін біле бермейді. Бұдан басқа оңтүстіктегі Қобыланды батыр кесенесі, Есет батыр кесенесі, Әйтеке би ауданындағы Әбілқайыр хан атындағы мемориалдық кешен, басқа да тарихи-мәдени ескерткіштер мен табиғат ескерткіштері бар.

Негізі тізе берсек елімізде тереңірек таныстырар киелі орындар көп. Сондықтан жергілікті өлкетанушылар еліміздегі барша қасиетті өңірлерді, археологиялық, кешенді тарихи ескерткіштерді түгелдеуде қазіргі таңда көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Рас, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында тарихи-мәдени ескерткіштеріміз біршама жаңғыртылып, қорғалғаны мәлім. Алайда, аталмыш бағдарлама барлық мәдени-тарихи сәулетті ескерткіштерімізді, киелі

мекендерімізді қамти алмады. Ал қазіргі таңдағы еліміздегі бірқатар мемлекеттік жобалар, атап айтсақ, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Туған жер», «Сакралды Қазақстан» жобалары еліміздегі барша географтардың, тарихшылар мен ғалымдардың, өлкетанушылардың басын қосып, барлық қасиетті жерлеріміз бен тарихи мекендерімізді елге таныту үстінде, қажетті деңгейде насихаттау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы зерттеу жұмысының нәтижесі де практикалық қолданыста жалғасын таба алуға негіз бар. Себебі, елімізде атқарылған жұмыстармен қатар, осы зерттеу жұмысының нәтижелері ішкі туризмді дамытуға үлкен серпін береді.

Тарауды қорытындылай келе, жоғарыда атап көрсеткендей ұлттық бірегейлік, діни бірегейлік, менталді бірегейлік, этникалық бірегейлік, саяси бірегейлік, қай қайсысын алып қарасақта түбінде «біртұтас ұлт» концепциясын қарастырады. Осы тұста, киелі жерлердің айтарлықтай маңыздылығы зор. Өйткені, еліміздің киелі жерлері ұлттық бірегейлікті нығайтуға, патриоттық сезімді дамытуға үлкен әсерін тигізер бірден бір фактор болып табылады. Себебі, ұлттық кодтың негізі киелі жерлерде жатыр. Ал ұлттық код деп – халықты біріктіретін ұлттық идеяны айтамыз. Ұлттық идеяның бағыт-бағдарларының бірі киелі жерлерді насихаттау. Яғни болашақ ұрпақ жалпыұлттық киелі нысандарды тану арқылы ұлттық бірегейлікті ұғынып, қазақ халқының сонау тас дәуірінен бері бір ел, біртұтас халық ретінде қалыптасқан ел екенін санасына сіңіре алады. Осы арқылы тұтас тарихи сана қалыптасады.

Соңғы кездері жаһандану үрдісі бойынша Қазақстанда, сонымен қатар, басқа елдерде де киелі орындарға, қасиетті жерлерге ғибадат, зиярат етуге барушылар саны күннен күнге артуда, киелі жерлер халық арасында кеңінен танымал болды. Халық киелі жерлерге барып зиярат етіп отырып ата-баба рухын ардақтаған. Бірі бұны қажылық деп атаса, бірі діни туризм деп атайды. *Діни туризм* дегеніміз қасиетті, киелі жерлерге, діни орталықтарға саяхат жасау. Діни туризм бірнеше түрге бөлінеді: қажылық туризм, эзотерикалық туризм, сакралды туризм. *Қажылық туризм* дегеніміз – әртүрлі конфессия өкілдерінің арнайы қасиетті жерге ғибадат ету үшін, құлшылық ету үшін саяхат жасауы. *Эзотерикалық туризм* дегеніміз – өзінің дәстүрлі діни дүниетанымын кеңейту мақсатында қасиетті жердің тылсым күштерін түсіну үшін жасалатын саяхат. *Сакралды туризм* дегеніміз – белгілі бір киелі орынға бару арқылы өзін басқа әлеммен байланыстыру және өзінің бірегейлігін қалыптастыру [129, Б. 221-222].

Қасиетті жерлерге, киелі орындарға ғибадат ету кең өріс алуы Бүкіләлемдік туристік ұйым UNWTO-ның діни туризмді XXI ғасырдағы туризмнің ең перспективті бағыты ретінде қабылдауына себепші болды. Осы орайда мысал келтірсек, Өзбекстанда тарихи ескі қалаларының сәулетін сақтау арқылы, киелі жерлерін заманға сай зерттеп, көпшілік назарына туристік орталық ретінде ұсынуда. Нәтижесінде жыл сайын Бұқара, Самарқанд, Хиуа секілді ескі қалаларына, қасиетті орындарына қызығушылар саны артып келеді.

Тіпті, тек қана туризмді оқытатын университет ашып, туризмнен жылына 15 млрд табыс табуды көздеп отыр. Еуропаның бір еліне барған турист жақын жатқан басқа елдерді де аралап шығады ғой. Сол секілді Өзбекстанға келген шетелдік турист Оңтүстік Қазақстан шекарасы арқылы елімізге өтуі мүмкін. Жай келмей, көрші елмен салыстыра кетеді. Сондықтан, өз басым еліміздің киелі жерлерін түгендеу арқылы ішкі туризмді ғана емес, сыртқы туризмді дамытуға, өркениетті елдер секілді туризммен ақша табуға бет бұратын кез жетті.

Қазіргі жаһандану заманында біртекті қоғам орнату процесі басып кету қаупінен жекелеген ұлттар өзіндік бет-бедерін, елдік асыл қасиетін, рухани тектілігін сақтау арқылы ғана аман қаларына ешбір күмән болмауы тиіс. Жаһандану үрдісінде көштен қалмай, өркениетті, мейлінше нығайып алған бөгделерге жұтылмай, жер бетінде бәсекеге қабілетті, білім-ғылымы дамыған, экономикасы тұрақты дербес халық болып өмір сүру үшін оң жағына өзгере білу қажет.

Жаһандану үрдісінде қазақ тек өз рухын жаңғырту, асқақтату арқылы ғана ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлан-ғайыр жерін, тәуелсіздігін сақтай алады. Олай болса, бүгінгі қазақты руханилыққа, адамгершілікке бейімдеу ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі мәселе болуы тиіс. Бүгінгі қоғамда осы негізде дамуы керек.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысы қазіргі қоғамымыздағы рухани жаңғыру саясатын жүзеге асырушы бағыттарының бірі болып есептелетін киелі жерлерді дінтанулық талдауға арналады. Қазақстанның киелі жерлері – еліміздің біртұтас ұлт болу үшін, ұлттық сананы жаңғырту үшін қызмет ететін феномен.

Жалпы рухани жаңғыру идеологиясы елімізде біраз жыл бұрын да орын алған мәселе болатын. Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды жұмыстар атқарылған. Мысалы, 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртылды; 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттар жүйелі түрде жинақталып, зерттелінді. Осыларға сәйкес, қазіргі кезде «Қазақстанның сакралды географиясы», «Туған жер», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» т.с.с. ауқымды және іргелі мемлекеттік жобалар қолға алынып, көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Осы тұста, «Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау» зерттеу жұмысы осы жобаларды жүзеге асырудағы ғылыми алғышарттарының бірі болып есептеледі. Қазіргі таңда киелі жерлер туралы әр түрлі салалар зерттеуде, ал бұл ғылыми жұмыстың ерекшелігі дінтанулық тұрғыдан, діни-феноменологиялық тұрғыдан негізделіп зерттелуі.

Киелі феномені мен киелі жер түсінігі зерттеліп, дінтанулық талдау жасалды, киелі ұғымы мен киелі жер түсінігінің пайда болуы мен адамзат тарихында қалыптасу ерекшеліктері жан-жақты зерттелінді. Зерттеу барысында отандық, шетелдік, әлемдік деңгейдегі деректермен, әдебиеттермен жұмыс жасалды. Нәтижесінде киелі ұғымын анықтауда келесідей тұжырымды ұсынуға болады. Киелі деп, Құдай мен құдайлықтың атрибуты. Киелі деген Құдай қасиеттеріне ие немесе Құдайға арналған деп есептеледі. Ал қасиетті – бұл әдетте Құдайға арнап жасалынған діни ритуалдарда қолданылған нақты заттарды, іс-қимылдарды білдіреді. Оның күнделікті өмірден бөлектігін, оған деген арнайы қарым-қатынастың қажеттіліктеріне назар аударады. Сондай-ақ, осы ұғымдарға синонимдес сакралды ұғымы да бар. Ол біршама жас ұғым, көбінесе терминологияда қолданылады, оның негізгі қасиеттері ең маңызды координаттарымен анықталады, олар: өзінің алғашқы принциптерінің тұжырымдамасымен; қорқыныш пен таңдануды тудыратын сезім деңгейімен; жоғары немесе төменде орналасқан құндылықтармен; киелі мен профандының бір-біріне қарсы байланысымен.

Киелі ұғымын дінтануда талқылағанда әр түрлі тәсілдердің шығуына байланысты киеліліктің анықтамасында бірнеше айырмашылықтар кездеседі. Теологияда киелі ұғымын түсіндіргенде діни түсінік пен діни ілімнің негізіне сүйене отырып зерттейді, сенім болмысы мен діни құбылыстардың догматикалық ойларына негізделеді. Киелі құбылысы ең алдымен ғажайып, мистикалық, құдайлық түйсіну мағынасында. Дінтанушылар болса, киелі

ұғымын заманауи түрлі тәсілдерді қолдана отырып талдайды. Ол дегеніміз діни құбылыстарды тарих, мәдениеттану, әлеуметтану, психология, феноменология және дін философиясы ұстанымдары тұрғысынан зерттейді. Зерттеу барысында келесідей нәтижелер ұсынылады: онтологиялық тұрғыда «киелі» күнделікті болмыстан ажыратылатын шынайылықтың жоғарғы деңгейі; гносеологиялық тұрғыдан ақыл жетпейтін ақиқат білім; феноменологиялық тұрғыда таңқалдыратын ғажап дүние; аксиологиялық тұрғыда абсолютті, императивті құбылыс болып табылады.

Ал, киелі жер дегеніміз – ерекше мәнге ие болған қайталанбас объектілері бар орын деп есептеледі. Батыс зерттеушілері киелі орындарға барудың екі қырын көрсетеді: біріншіден, бұл белгілі бір құбылыстар өткізілетін қоғамдық кеңістік ретінде қарастырылса, екіншіден, адамдардың шығармашылық елесін, символикалық және архетиптік бейнесін қалыптастыратын кеңістік ретінде айқындалады деген. Батыстық зерттеулерге сүйенетін болсақ, киелі жерлерді үш принципке бөліп қарастырады: біріншісі – әртүрлі дінмен байланысты адамдармен жасалған қасиетті орындар; екіншісі – табиғат факторларымен пайда болған – емдік сулар, емдік балшықтар, дөльмендер және тағы басқалары. Үшінші принцип екі принциптің араласуынан пайда болған киелі жерлер. Ал, отандық зерттеулерде қасиеттілер, киелілер туралы аңыз-әңгімелерді зерттей отырып, киелі жерлердің негізгі төрт типін бөліп көрсетеді: 1) бейнесі анықталмаған киелілер және олардың өз есімдері мен қарапайым тұрағы болмағандар; 2) інжілдік–құрандық кейіпкерлер, бұған ерте ислам тарихының тұлғалары жатады; 3) ортағасыр сопылары – ерте кездегі, жалпы танымал және жергілікті; 4) мазарлары инерциялы түрде табыну объектісіне айналған жергілікті билік өкілдері. Киелі орындар кімге тиісті екеніне байланысты тағы бір классификациясы ұсынылады: 1) ежелгі батырлар; 2) пайғамбарлар, Құрандағы кейіпкерлер; 3) Мұхаммед пайғамбардың ізбасарлары, сахабалар; 4) сопылар; 7) ру тотемдері; 8) киелілердің «жаңа ұрпақтары». Мазарлар танымалдылығына және әйгілігіне байланысты бірнеше топқа жіктеледі: 1) барлық Орталық Азияға танымал; 2) бір өлкеге немесе толық бір аймаққа танымал; 3) шектеулі жерге ғана танымал. Сондай-ақ, ғибадатхананың жанында орналасқан әр түрлі нысандар бойынша киелі орындарды нақтылы төмендегідей классификацияларға негіздеуге болады: 1) бір құрамды (тек бір ғана қасиетті орын – су көзі, ағаш, жартас және т. б.); 2) екі құрамды (жалған немесе нақты қабірі бар); 3) Күрделі (кесенесімен); 4) ханакахпен; 5) кесенемен және қоймалармен; 6) кесенемен және мешітпен; 7) кесенемен, мешітпен және медресемен.

Қазақстанның жалпыұлттық діни және ғибадат орындарына дінтанулық талдау жасау барысында киелі орындар екі санатқа бөліп қарастырылды. 1) Діни сипаттағы зиярат ету нысандары. Бұл санатқа өмірлерінде діндар, тақуа болған киелі адамдар; емшілік, көріпкелдік қасиеті болған әулие-әмбиелер; әсіресе, ислам дінінің және сопылық негіздерінің қазақ жеріне таралуы мен орнығуына үлкен үлес қосқан тұлғалар жатады. 2) Ұлттық сипаттағы зиярат ету

нысандары. Оған қазақ территориясының қалыптасуына, қазақ хандығының қалыптасуына, біздің осы күнге дейін тіліміз бен дінімізді, ұлттымыз мен салт-дәстүрімізді сақтап қалуға зор үлес қосқан, қоғамымыздың саяси-әлеуметтік қалыптасуына ат салысқан тұлғалар жатады.

Осылайша олардың кесене-мазарларына барған зияратшылар олардың рухын ардақтап, Құран бағыштап, бірі өзінің дәстүрлі діни дүниетанымын кеңейту мақсатында, киелі жердің тылсым күштерін түсіну үшін, сол жерлерге бару арқылы өзін басқа әлеммен байланыстыру және өзінің бірегейлігін қалыптастыру үшін зиярат жасаса, бірі ұлттық мақтанышы мен патриоттық сезімін арттыру үшін аруақтарды құрметтеп зиярат етіп жатады. Жалпы бұл құбылыстардың барлығы ата-баба культінің негізінде жатыр. Бұрынғы Қазақстан территориясын мекендеген ру-тайпалар болсын, кейінгі қазақ халқы болсын, олар әрқашан ата-баба аруақтарына құрмет көрсетіп, тағзым жасап келген. Халық киелі жерлерге барып зиярат етіп отырып ата-баба рухын ардақтаған.

Зерттеу нәтижесінде келесідей классификацияларды топтастыруға болады: 1) Ислам діні келгенге дейінгі тұрғызылған киелі нысандар; 2) Ислам дінінің келуіне байланысты, оның ішіндегі исламның таралуына ықпал еткен тұлғаларға арналған киелі нысандар; 3) Ислам дінінің орнығуына байланысты, оның ішінде сопылық ағымның таралуына байланысты киелі нысандар; 4) Киелі әйел образы. Мұнда шет елдермен салыстырмалы түрде қарағанда, Қазақстанда киелі-әулие аналарға арналған кесене-мазарлар көптеп кездеседі. Себебі қазақ дәстүрінде ұлттық ерекшелігімізге тән әйел затына ерекше құрмет көрсетілген. Киелі аналарымыз ұрпақ тәрбиелеумен қатар, қоғамда рухани-діни жұмыстармен де айналысқан, маңызды рөл атқарған. Сондықтан олардың кесене-мазарларына осы күнге дейін құрмет көрсетіп, зиярат етіп жатады; 5) Дінге қатысы жоқ, қазақ топырағында хандықтардың құрылуына ықпал еткен және ел-ру басқарған тұлғаларға арнап салынған киелі орындар; 6) Ресей империясының отарлау саясаты кезеңінде тұрғызылған киелі нысандар; 7) XX ғасырда бой көтерген сәулет-кешендері.

Осы классификациялар бойынша зерттеп келгенде киелі жерлердің бір-бірімен сабақтастығы айқындалды. Ең алдымен айтар болсақ, қазақ топырағында қалалар мен қорғандардың салынуы, сәулет ескерткіштерінің тұрғызылуы, жалпы мәдениет пен руханилықтың жаңғыруы исламның келуімен байланысты. Қазақтың исламы – бұл тәңіршілдік пен ислам қоспасы. Себебі, исламға дейін қазақ топырағында тәңіршілдік сенімі орын алған болатын, оны басқан ислам діні өзінің әмбебаптылығымен дәстүрімізбен етене байланысып кетті.

Ұлттық код түсінігіне, оның мәніне және киелі жерлермен қалай байланысатына зерттеу жасалды. Сондай-ақ, киелі жерлердің жаһандану үрдісіндегі ұлттық бірегейлігін сақтап қалудағы маңыздылығы қарастырылды.

Ұлттық код деп қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтамыз, яғни, тарихи тамыры тереңде

жатқан, ұлтымыздың күні бүгінге дейін бәрінен жоғары бағаланатын қасиеттері, қазақтың ұлттық болмысының сыры, қастерлеп сақтайтын құпия кілті болып табылады. Осы құпия кілттің бір қыры ретінде киелі жерлерді қарастыруға болады. Себебі ұлттық код болып табылатын киелі жерлер ерекше қастерленетін табиғи-мәдени мұра, зайырлы және діни сәулет ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ қазақ халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар болып табылады. Олар Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алатын, ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны ретінде көрінетін нысандар болып есептеледі. Ұлттық кодты сақтаушы әрі жаңғыртушы қазақ жеріндегі киелі жерлерге тылсым сырлары ғылыми талданбаған, бірақ адамға, оның денсаулығына пайдалы немесе зиянды әсері күдік-күмән тудырмайтын жерлер де жатады. Бұлардың киелі аталатын себебі – адамдарды руына, тайпасына қарай алаламай, өзіне тартып тұратыны, оларға жақсылық сыйлайтыны, алдағы күнге сенімін арттыратыны.

Қазіргі жаһандану заманында ұлттық санамызды жаңғырту арқылы ұлттық бірегейлігімізді сақтап қала алатынымызға көз жетіп отыр. Осы тұста ұлттық идеяның маңызы зор. Осы ұлттық идеяның бағыт-бағдарларының бірі киелі жерлерді насихаттау болып есептеледі. Яғни болашақ ұрпақ жалпыұлттық киелі нысандарды тану арқылы ұлттық бірегейлікті ұғынып, қазақ халқының сонау тас дәуірінен бері бір ел, біртұтас халық ретінде қалыптасқан ел екенін санасына сіңіре алады. Осы арқылы тұтас тарихи сана қалыптасады.

Жаһандану үрдісінде қазақ киелі жерлер арқылы өз рухын жаңғыртып, асқақтатып, ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлан-ғайыр жерін, тәуелсіздігін сақтай алады. Олай болса, бүгінгі қазақты руханилыққа, адамгершілікке бейімдеу ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі мәселе болды. Бүгінгі қоғамда осы негізде дамып келеді.

Қорыта айтқанда, жүргізіліп отырған зерттеу аясында киелі жерлердің мәні мен мазмұнына, қазіргі қалып-күйіне және оларға қатысты қоғамда қалыптасқан көзқарастарға, деректерге дінтанулық талдау беріліп, диссертациялық жұмыс тақырыбы аясында керекті тұжырымдар жасалды. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері болашақта осы тақырыпта жүргізілуі мүмкін зерттеулерге бастама әрі негіз болады деген үміттеміз.

Киелі жерлерді зерттеу барысында ислам мен қазақ дәстүрінің сабақтастығын байқауға болады. Мәселен, «киелі» деген сөздің өзі діни терминге жатады, көбінесе мұсылман дәуіріне дейінгі кезеңге және сол дәуір кезеңіне де қатысты. Ғалымдардың пікірінше, сакралды география халық жадында өшпей сақталған «мәдени жад» – тарихи оқиғалар мен мәдени мұраларды бүгінгі күнмен, бүгінгі қоғаммен, ұлтпен, мемлекетпен байланыстырады. Осы ретте, киелі жерлер ұлттық сананың негізгі тарихи-мәдени қайнар көзі ретінде қарастырылды.

Тарихта киелі жерлер қандай қызмет атқарса, бүгінде дәл сол қызметтерді атқарады. Олар: ата-баба култіне тағзым ету, өткен тарихты ұғыну мен насихаттау, жәдігерлік, мирасқорлық – ұрпақтарға мұра ретінде жеткізуші,



ұлттық бірегейлікті сақтаушы ретінде, ұлттық кодтың тірегі ретінде бірталай қызметтер атқарады. Мысалы, Арыстан бабтың кесенесіне күніне жүздеген адамдар келеді, сырттан келетіндер, негізінен өзбек, тәжік, түрік және басқалар әулие, пір деп табынып келеді. Ал біздің кейбір замандастарымыз үшін ол Тәж-Махал, Мысыр пирамидасы, әл-Хамра қатарлы ғажап сәулет ескерткіші ғана сияқты. Ал, Бекет атаның басына барушылар бірі ескерткішті көрейін деп барса, бірі тазарайын, зияннан арылайын, әулиеден дем сұрайын деп оның рухына сыйынып барады. Сондықтан киелі жерлерге қатысты ұғым-түсініктер өзгермелі, оның жалпыұлттық сипаты талай жылдарда қалыптасып, орнығатынын есте ұстағанымыз жөн. Және ол осы бағытта жүргізілетін жүйелі істердің, жаңа сападағы насихат, зерттеулердің нәтижесіне де байланысты. Бұл түрлі бастаулардың қайта жаңғыруы мен жандануына алып келеді.

Осы тұста, жаңа технологиялардың киелі жерлерді зерттеуде алар орны маңызды. Мысалы, осынау рухани мәдениетімізді өзімізге және өзге таныстыру жайында айтсақ, бұл бағытта заманның ең озық технологияларын пайдалану керектігі туындайды. Осы тұста, мемлекеттік жобалардың арқасында еліміздің түкпір-түкпіріндегі, әр ауданның, әр ауылдың киелі жерлерін халыққа таныту үшін бағыт-бағдарын, тиімді бару жолын көрсететін карталар әзірленуде. Сондай-ақ, әрбір интернет пайдаланушысы үйден көре алатындай виртуалды мұражайлар жасалынды. Қазір «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы қолға алынуына байланысты, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, Қазақстанды әлемдік брендке айналдыру жолында цифрландыруды жүзеге асырылуда. Мәселе тарихи-мәдени, археологиялық, архитектуралық құндылықтарымызды жас буынға сіңіруде түрлі оқулықтар, балаларға арналған деректі фильм, мультфильм, т.б. шығарылып жатыр.

Қазір әлемде бренд деген үрдіс бар, мысалы, еліміздегі киелі жерлер мен шет елдерде жерленген тарихи тұлғаларымыз, атап айтсақ, Германиядағы Мұстафа Шоқай, Мысырдағы Бейбарыс, Ташкентте жатқан Төле би және т.с.с. туралы мәліметтерді жинап, бір кешенді жүйеге келтіріп, брендке айналдыруға негіз бола алады. Сондықтан ұлттық дүниені әлемге таныту үшін ең алдымен өзіміз біліп, насихаттап, өзіміз бойымызға сіңіруге тиіспіз. Бренд деген солай қалыптасады. Рухани жаңғыру деген сөз, менің түсінігімше, қайта оралу, ояну деген сөз. Бәріміз киелі жерімізді дәріптеп, ұлттық кодымызды жаңғырту арқылы ғана болашағымыз берік бола алады.

Киелі жерлерді дінтанулық зерттеуде ең бірінші табан тірейтін нәрсе – аңыз. Жазба деректеріміз аз болғаннан кейін аңыз-әңгімелерге ғылыми тұрғыдан келуіміз керек. Бүгінде дінтанушылар үшін өлкетанушылар, олардың зерттеулері, жинаған қазыналары ерекше маңызды. Бұл тарихи тек-тамырдың терең тамырларына үңілуге, ата-бабаның ерлік пен елдік істерін мақтаныш етуге, жер-су, елді мекенге қатысты аңыз-әпсаналарды ел жадына қайта оралтуға жаңа серпін береді. Алайда, бұрынғы жинақталған аңыз-әңгімелер бар, бірақ жүйелі, толық емес. Өйткені ол кезде қазаққа тән дүниетанымға, киелі, қасиетті атаулыға тыйым салынды, мифологиямыз ғылыми тұрғыдан

жеткілікті зерттелмеді. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі тек сәулет ескерткішіне жатқызылды. Әйтпесе оның өз мифологиясы, аңызы, басқасы бар.

Дегенмен, еліміздің қасиетті жерлерін түгендеу, қағазға түсіру жай ғана тізімдеп санамалап шығуды білдірмейтіні түсінікті. Бұл ең алдымен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал ететін аса маңызды жоба. Бізде ұлтты біріктіруші тұлғалар да, тарихи оқиғалар да аз емес. Мәселен, қалмақпен соғыста хас батыр атанған Райымбек Түкеұлы ел ішінде әулие ретінде кеңінен танымал. Қара су қақ жарылып жол берген батырды әлі күнге дейін халқымыз қастер тұтады. Алматының ортасында жатқан әулие, батыр зиратына келіп сыйыну еш тоқтаған емес. Міне, қазіргі осындай тұлғаларымыздың ерлік істері мен есімдерін тиімді пайдаланып жүрміз бе деген сұрақтар туындауда. Мысалы, Әбілқайырдың ескерткішін Алматыда, Абылайды Атырауда, Мағжанды Оралда, Исатай мен Махамбетті Петропавлға және т.с.с. орнатылса, бір мемлекет болғаннан кейін барлық жағынан біртұтастық қажет. Өйткені олар ұлтқа ортақ тұлғалар, өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналып отырғанын көрсетеді.

**Қойылған міндеттердің толықтылығын бағалау.** Зерттеу жұмысының методологиялық принциптері мен шетелдік және отандық ғалымдардың әлеуметтік-гуманитарлық, соның ішінде дінтану саласындағы іргелі еңбектеріне негізделген теориялық парадигмасы диссертациялық зерттеу барысында қойылған міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз етті.

**Диссертация нәтижелерін қолдануға қатысты ұсыныстар.** Зерттеу нәтижелері тек теориялық қана емес, сонымен қатар тәжірибелік маңызға да ие, өйткені диссертация тұжырымдары еліміздегі рухани жаңғыру саясатын жүзеге асыруға, ұлттық кодты жаңғыртуға, ұлттық бірегейлікті нығайтуға, біртұтас еліміздің ұлттық-рухани тамырынан нәр алған жаңғыру үдерісін қарқындалтуға, жас буынның болашаққа сеніммен қарап, нық қадам басуына, олардың бойына қазақстандық патриотизм мен мемлекетшілдік рух сіңіруге қызмет етпек, сондай-ақ дінтану, мәдениеттану, өлкетану, әлеуметтану сияқты пәндермен арнайы курстар оқуда қолданыла алады.

**Осы саладағы үздік жетістіктермен салыстырғандағы ғылыми жұмыс деңгейін бағалау.** Қазіргі отандық дінтану ғылымында алғаш рет киелі жерлер кешенді зерттеу нысанына айналып отыр. «Қазақстандағы киелі жерлер: дінтанулық талдау» зерттеу жұмысы тәжірибелік кешенді және жүйеленген түрде зерттелмегендіктен ғылыми қажеттілікке жауап береді. Сонымен бірге, зерттеу жұмысы әлеуметтік сұранысқа да ие, қоғамдық сананың қалыптасуына, оның жаңғыруына, ұлттық бірегейліктің қалыптасуы мен халықтың рухани сауалына жауап береді. Жалпы, бүгінде қазақстандықтардың арасындағы киелі жерлерге қызығушылықтың артуының себебі: біріншіден, адамдардың кіші қажылық негізінде киелі орындарға барып зиярат ету. Екіншіден, қазақтың ертеден келе жатқан наным-сеніміндегі ата-баба культінің маңызды орын алуы. Үшіншіден, неопұтшылдық ағымдардың ықпалымен орын алған адамдардың

түсінігі бойынша киелі мекендерге шипалық мақсатпен зиярат етуі. Бұны ішкі фактор ретінде бағалауға болады.

Ал сыртқы фактор ретінде туризм индустриясын айтуға болады. Зерттеудің ғылыми нәтижелерін ішкі және сыртқы туризм индустриясының дамуына да пайдалануға болады. Өйткені ішкі және сыртқы мәдени туризм халқымыздың осы қастерлі мұраларына сүйенуге тиіс. Мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай – ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар. Осы тұста, Орталық Азияға қызығушылық танытушы еуропалық, америкалық ғалымдар көп. Әсіресе егемендігін алған, жаңа тарихын қалыптастырып жатқан Қазақстан барлық ғалымдар үшін үлкен зерттеу объектісіне айналып отыр. Қазақ жері көшпелі және отырықшы мәдениетті біріктірген жер, үлкен тарихи оқиғаларды басынан кешірген жер. Сакралды аңыз-әңгімелердің негізінде, осындай киелі жерлеріміздің арқасында еліміздің танымалдылығы арта береді.

Зерттеу барысында теориялық сипаттағы бірқатар мәселелер анықталды. Бұл мәселелер әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың, соның ішінде дінтанудың да өзіндік зерттеу пәніне айнала алады. Сондай-ақ, өлкетану секілді арнайы пән енгізіп, жас ұрпаққа жиған-тергенімізді сіңіре білсек, кешенді зерттеу жұмысының өз деңгейінде орындалғаны болар еді. Және де Қазақстанның киелі жерлеріне дінтанулық талдау жасалған қысқаша анықтамалық кітап шығару арқылы рухани дүниемізді дамытуға болады.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, киелі жерлерге қатысты бірқатар ұсыныстар туындады: Жаркенттегі мешіт, Алматыдағы А.Зенков салған Кафедралдық собор, Қызылордадағы Христос Спаситель шіркеуі, жалпы барлық кесене-мазарлар сәулет ескерткіштері екені белгілі. Осы ғажайыптар енді қанша жыл тұрады, оны сақтап, қалпын бұзбай ұстап тұруға бүгінгі білім-білігіміз жеткілікті ме? Қайта қалпына келтірудің (реконструкция) жаңа технологияларын қаншалықты пайдаланудамыз? Деген сауалдар бүгінде күн тәртібінде тұрған ірі мәселелерге айналууда. Сондай-ақ, ақсақалдар айтқан шежірелер де ұмыт болып барады. Соларды қайта іздестірсе, зерттесе үлкен жұмыс болар еді. Бұл шаралардың арғы жағында халықтың, жеке адамның рухын, қадір-қасиетін көтеру мәселесі жатыр. Мен осындай елде туғанмын деген лайықты мақтаныш сезімін туғызу керек. Халқымыздың әлемдік өркениеттегі, тарихтағы орнын тани білу сезімі осылай орнығады. Рухани бастауларымызға ден қою келешекте сан алуан мүмкіндіктерге жол ашады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Gaustad E.S. Historical atlas of religion in America. – New York: Harper and Row, 1976. – 43 p.
2. Gay J.D. Geography of religion in England. – London: Duckworth, 1971. – 334 p.
3. Kong L. Geography and religion: trends and prospects // Progress in Human Geography. – 1990. – Vol. 14, № 3. – 371 p.
4. Nolan M.L. and Nolan S. Religious pilgrimage in modern Western Europe. – University of North Carolina Press: Chapel Hill, 1989. – 422 p.
5. Park C. Sacred Worlds: an introduction to Geography and Religion. – London: Routledge, 1994. – 346 p.
6. Woodward S. C. Faith and Tourism: Planning Tourism in Relation to Places of Worship // Tourism and Hospitality Planning & Development. – 2004. – Vol. 1, № 2. - P . 173-186.
7. Миролюбов Ю. П. Сакральное Руси. Том 1. – Москва: Золотой Век, 1996. – 600 с.
8. Горбатовский В.В. Сакральные места России. – Москва: АСТ, 2013. – 184 с.
9. Байпаков К.М. Исламская археологическая архитектура и археология Казахстана. – Алматы: Археологическая экспертиза, 2012. – 284 с.
10. Байпаков К.М. Выдающиеся археологические памятники Казахстана. – Алматы: Асыл Сөз, 2014. – 504 с.
11. Байпаков К.М., Терновая Г.А. Религии и культы средневекового Казахстана (по материалам городища Куйрыктобе). – Алматы: БАУР, 2005. - 236 с.
12. Мамраимов А.М. Священные места на великом шелковом пути. – Алматы, 2009. – 288 б.
13. Массон М.Е. О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда Яссави в г.Туркестане / Изв. Среднеазиатского географического общества. – Ташкент, 1929. – Т. 19. – С. 44-45.
14. Забияко А.П. Сакральное, Культурология. XX век. Энциклопедия. Санкт-Петербург: Университетская книга. – Москва, 1998. – 250 с.
15. Отто Р. Священное. Об иррациональном в идее божественного и его соотношении с рациональным. – Москва, 2008. – 225 с.
16. Зёдерблом Н. Становление веры в Бога. В кн.: Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. – Москва, 1998. – 360 с.
17. Маретт Р.Р. Формула табу-мана как минимум определения религии. В кн.: Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. – Москва, 1998. – 360 с.
18. Элиаде М. Священное и мирское / Пер. с фр., предисл. и коммент. Н.К.Гарбовского. – Москва: Изд-во МГУ, 1994. – 144 с.

19. Юм Д. Философские опыты о человеческом познании. – Москва, 1996. – 299 с.
20. Шлейермахер Ф. Речи о религии к образованным людям, ее презирующим / пер. с нем. и пред. С.Л.Франка. Санкт-Петербург: Алетейя, 1994. – 432 с.
21. Дюркгейм Э. Элементарные формы религиозной жизни. Тотемическая система в Австралии / пер. А.Б. Гофмана. – Москва, 1996. – 260 с.
22. Мосс М. Социальные функции священного. Избранные произведения / пер. с французского под общей редакцией Утехина И. В. – Москва: Евразия, 2000. – 448 с.
23. Шелер М. Формализм в этике и материальная этика ценностей. Избранные произведения / пер. Денежкина А.В., Малинкина А.Н., Филлипова А.Ф. – Москва, 1994. – 320 с.
24. Кайуа Р. Миф и человек. Человек и сакральное. – Москва: ОГИ, 2003. – 239 с.
25. Топоров В.Н. Святость и святые в русской духовной культуре. Т.1. – Москва, 1995. – 445 с.
26. Хайлер Ф. Проявления и сущность религии. – Штутгарт, 1961. – 306 с.
27. Жаңбыршыұлы Т. Мен айтайын бабаңнан. – Алматы: Үш қиян, 2001. – 302 б.
28. Stump R.W. The Geography of Religion: Faith, Place, and Space. – New York: Rowan & Littlefield, 2008. – 441 p.
29. Муминов А.К. Родословное древо Мухтара Ауэзова. – Алматы: Жибек жолы, 2011. – 304 с.
30. Дюркгейм Э. Элементарные формы религиозной жизни. – Москва: Канон, 1998. – 367 с.
31. Steve Brie, Jenny Daggers and David Torevell. Sacred Space Interdisciplinary Perspectives within Contemporary Contexts. // Cambridge Scholars Publishing. – 2009. – 206 p.
32. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 750 б.
33. Сапабекулы Садық. Туркестандағы та’рихи зийарат. Рукопись Музея-заповедника «Азрет-Султан» в городе Туркестан, без номера. – Түркістан: Мұра, 1996. – 180 с.
34. Қондыбай С. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. – Алматы: Арыс, 2008. – 288 б.
35. Fuad Köprülü. Ахмет Ясауидің аңыздық–хикаялық өмірі. «Ақиқат» <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=9325> 27.06.2018.
36. Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер. – Алматы: Жалын, 1981. – 233 б.
37. Қазақ энциклопедиясы, 9 том 18 бөлім. – Алматы, 1976. – 584 б.

38. Әбдіғалиұлы Б. Киелі жерлер бірлік пен жаңғыру нышаны. «Егемен.кз» <https://egemen.kz/article/167428-kieli-dgerler-%E2%80%93birlik-pen-dganhghyru-nyshany> 13.04.2018.
39. Жолдасбеков М., Сейдімбеков А. Елтұтқа. – Астана: Күлтегін, 2001. – 357 б.
40. Köprülü, M. The First Sufis In Turkish Literature. – Ankara: Gaye Matbaacılık, 1981. – 496 s.
41. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 6 том / Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. – Алматы, 2000. – 306 б.
42. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс, 2008. – 360 б.
43. Бегалинова К.К. Суфизм как религиозно-философская концепция мира и человека. – Алматы, 1999. – 294 с.
44. DeWeese D. Yasavian Legends on the Islamization of Turkistan / Denis Sinor (ed.): Aspects of Altaic Civilization III // Proceedings of the 30th Meeting of the Permanent International Altaistic Conference, Indiana University. – Indiana: Bloomington, 1996. – P. 1-19
45. Sharaf ud-din ‘Ali Yazdi. Zafar-nama. Prepared for the Press with a Preface, Textual Comments and Indices by A. Urunbayev. – Tashkent: Fan Publishing House of the UzbekSSR, 1972. – 294 p.
46. ДиУис Д. Ахмад Йасауи / Ислам на территории бывшей Российской империи: Энцикл. слов. – 2003. – Вып. 4. – С. 9-10
47. Оңтүстік Қазақстан: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 560 б.
48. Умар ибн Мухаммад ан-Насафи. ал-Канд фи зикр ‘улама’ Самарканд / тахкик Йусуф ал-Хади. Тихран. – Ташкент, 1999. – 380 с.
49. Aslan Baba. «Evliyalar-Ansiklopedisi». <http://www.ehlisunnetbuyukleri.com/EvliyalarAnsiklopedisi/Detay/KazakistanB%C3%A2zerkurgan-ASLAN-BABA/1075> 03.01.2019
50. Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. – Астана: Foliant, 2017. – 483 б.
51. Muminov A. Szuppe Maria. Un document généalogique / пер. с арабского языка. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 692 с.
52. Бегімбет Ә. Сайрам сапары. «Ел.кз» [https://el.kz/kz/news/tuganzher/sairam\\_sapari](https://el.kz/kz/news/tuganzher/sairam_sapari) 10.10.2017.
53. Дуамбеков М. Қарабура әулие. «Егемен.кз» <https://egemen.kz/article/khalyk-kadirlegen-karabura-aulie> 03.06.2016.
54. Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Предания и легенды большой киргиз-кайсацкой орды. – 1 Том. – Алматы, 1984. – 280 с.
55. Мәшһүр Ж.К. Көп томдық шығармалар жинағы. – 8 том. – Алматы: Ел шежіре, 2008. – 236 б.
56. Қожа М. Оңтүстік Қазақстанның әулие жерлері. – Шымкент, 2013. - 148 б.

57. Байпаков К., Смагулов Е. Ортағасырлық Сауран шаһары. – Алматы: Credo, 2005. – 202 б.
58. Дәдебаев Ж. Тараз өлкесі: монографиялық пайымдаулар, ойлар мен толғаныстар. – Алматы: Дәуір, 2013. – 436 б.
59. Ошанов О. Тараз – Жібек жолының інжу-маржаны. Тараз – Жемчужина Шелкового пути. Taraz – Pearl of the Silk Road. – Алматы: Таймас, 2014. – 296 б.
60. Қоңыратбаев Т. Ертедегі ескерткіштер.– Алматы, 1996. – 236 б.
61. Айнабеков Б. Хорасан Ата. «Ана тілі» <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=18787> 28.03.2014.
62. Сыр елі: Қызылорда облысы: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 544 б.
63. Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары. – Алматы: Алматыкітап, 2009. – 284 б.
64. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1978. – 931 б.
65. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы. – Алматы, 2001. – 532 б.
66. Ізтілеуов Д. Маңғыстаудағы киелі жерлер туралы не білеміз. <http://e-history.kz/kz/publications/view/2384> 30.06.2017.
67. Кекілбаев Ә. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы, 2008. – 690 б.
68. Қазақ энциклопедиясы, 9 том 17 бөлім. – Алматы, 1976. – 423 б.
69. Атырау энциклопедиясы. – Алматы, 2000. – 253 б.
70. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. – Ақтау, 2002. – 256 б.
71. Камалова Ф.Б., Бермаханов О.Б. Маңғыстау жеріндегі киелі орындарға дінтанулық және мәдениеттанулық талдау (Оғыланды жеріндегі Бекет ата, XVIII ғғ., Шопан ата, X-XIX ғғ., Қараман ата, XIII-XIX ғғ., Масат ата, X-XIX ғғ., Шақпақ ата IX-X ғғ., Сұлтан үпі X-XIX ғғ.) // ҚазҰУ Хабаршы. «Мәдениеттану» сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – №1(63). – Б.150-158.
72. Серікжанқызы А. Қазақстанның киелі 100 нысаны жарияланды. [http://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-kieli-100-nysany-zhariyalandy\\_a3055512](http://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-kieli-100-nysany-zhariyalandy_a3055512) 16.08.2017.
73. Ырғызбай ата кесенесі. «Қазақ ТВ». [https://kazakh-tv.kz/kz/view/culture/page\\_186475\\_unikalnyi-mavzolei-31.07.2017](https://kazakh-tv.kz/kz/view/culture/page_186475_unikalnyi-mavzolei-31.07.2017).
74. Мырзағали Н. Ғажайып ғимараттар сыры. <https://qazaquni.kz/2016/09/19/58138.html> 19.09.2016.
75. Алматы: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 344 б.
76. Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1961. – 289 б.
77. Оссон К. История монголов. От Чингиз хана до Темирлана. – Иркутск, 1937. – 215 с.
78. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. – Алматы, 1969. – 275 б.

79. Маргулан А.Х. Архитектурные памятники в долине р.Кенгир // Вестник АН Каз ССР. – Алматы, 1947. – № 11. – С. 12-13.
80. Монғолдың құпия шежіресі. – Баян-Өлгий, 1978. – 225 б.
81. Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық: А-Я. – Алматы: Аруна, 2005. – 576 б.
82. Shagirbayev A.D., Tursynovich K.S., Satershinov B.M. Islam and modernism in Kazakhstan Mashkur Zhusup's religious views // European Journal of Science and Theology. – 2015. – Vol. 11, № 4. – P. 189-197.
83. Маргулан А.Х. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия Казахского филиала АН ССР. Серия «Историческая». – Алматы, 1946. – №2 (27). С. 24-26
84. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Том 85: Тарихи аңыздар. – Астана: Фолиант, 2012. – 416 б.
85. Cezar M. Anadolu Öncesi Türklerde Şehir ve Mimarlık. – İstanbul, 1977. – 520 s.
86. Ozkan Ali Rafet, Kamalova F.B. & et.al. The influence of the sacred places of Kazakhstan on society and their place in the preservation of national identity // Journal for the Study of Religions and Ideologies. – 2019. – Vol. 18, issue 54. – P. 203-217.
87. Babur R. Mausoleum of Aisha Bibi in Taraz, Kazakhstan // Journal of Art History. – 2005. Vol.14, № 1. – P. 29-43.
88. Қорқыт Ата кітабы. Қорқыт Ата энциклопедиялық жинақ. – Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 456 б.
89. Кішібеков Д. & Кішібеков Т. Қазақ – философ халық. Қайда барсаң – Қорқыттың көрі // Ақиқат. – 1994. – №2.
90. Жолдасбеков М. Исі түрікке ортақ ойшыл абыз // Заман Қазақстан. – 1992, қаңтар – 17.
91. Камалова Ф. және т.б. Қорқыт ата Ұлы Даланың киелі феномені ретінде // Әл-Фараби әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер журналы. – 2019. – №2 (66). – Б. 133-145.
92. Ünal M. Religions historical beliefs and morphology of worship. – Konya: Serhat Kitabevi, 2005. – 125 s.
93. Kandemir M. Ziyaret. Islamic Encyclopedia Of Turkey Religious Foundation. – İstanbul, 2013. – Vol. 44. – P. 496-498.
94. Айнабеков Б. Хорасан әулиеге тағзым // Алматы ақшамы. – 2017, 12 – тамыз. – №94. – 6 б.
95. Батырбеков А. Киелі мекен қасиетке бастайды // Сыр бойы. – 2017, 27 – шілде. – №111. – 2 б.
96. Байтенова Н.Ж. Қазақ философиясы тарихының негізгі даму тенденциялары және өзіндік ерекшеліктері // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2006. – 20 том, 181 б.
97. Ergin M. Dede Korkut kitabı. – Ankara: Devlet kitapları, 2001. – 240 s.



98. Ozkan A.R. Ahmed Yesevî'nin Türk Düşünce Tarihindeki Yeri ve Hoşgörü Anlayışına Katkıları // International Scientific-Practical Symposium Strategy of Kazakhstan-2050 / The Transition To The Latin Alphabet. Kazakistan Cumhuriyeti Bilim ve İlim Bakanlığı Yabancı Diller ve Mesleki Kariyer Üniversitesi. – 2013. – Almaty. – P. 20-26
99. Нысанбаев Ә. Қорқыт Ата: энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 798 б.
100. Камалова Ф.Б. және т.б. Қазақстандағы киелі жерлердің өзара сабақтастығы // ҚазҰУ Хабаршы. «Мәдениеттану» сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – №1 (71). – Б. 54-61.
101. Кекілбайұлы Ә. Түркістан тағлымы // Егемен Қазақстан. – 2000. – № 2.
102. Қондыбай С. Әулиелі Маңғыстаудың киелілік салты қай замандарда басталған? // Үш Қиян. – 2000. – № 7.
103. Eraslan K. Ahmed Yesevi. Islamic Encyclopedia Of Turkey Religious Foundation. – İstanbul, 1989. – 212 p.
104. Қондыбай С. Әулиелік география // Алтын Орда. – 2000, 10 – қараша.
105. Асқар Л., Аташ Б. Ұлттық код деген не? <https://old2.aikyn.kz/2018/05/11/52268.html> 11.05.2018.
106. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. <https://aikyn.kz/2017/04/13/9894.html> 16.04.2017.
107. Gabitov T., Tolen Z., Mantayeva T., Alimzhanova A. The role of outstanding personalities in the Kazakh society: Comparative analysis of the Kazakh traditional social culture // Anthropologist. – 2016. – Vol. 25, Issue 1-2. – P. 95-102.
108. Нұрғалиев Р.Н. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 294 б.
109. Мырзахметұлы М. Абайтану – ХХІ ғасыр көгінде. <https://abai.kz/post/41056>. 27.06.2015.
110. Мұхамәдиев Д. Абай дүниетанымындағы «ұлттық код» концепциясы. <https://sarbaz.kz/volno/abay-duenietanymyndaghy-ulttyq-kod-kontseptsiyasy-172151621>. 04.08.2017.
111. Төлєнова З.М. Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы – қоғамның рухани жаңғыруының факторы. <http://e-history.kz/kz/publications/view/3149>. 11.05.2017.
112. Нысанбаев Ә.Н. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998. – 524 б.
113. Нұрмұратов С. Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: 2000. – 123 б.
114. Грессе Р. Империя степей. – Алматы, 2006. – 304 б.
115. Бакина Н. История культуры тюрков. – Алматы, 2006. 480 с.
116. Satershinov B.M., Sagikyzy A. Synthesis of traditional and Islamic values in Kazakhstan // European Journal of Science and Theology. – 2015. – Vol. 11, Issue 5. – P. 217-229.

117. Бигожин У. В Казахстане сейчас идет бум святых мест. <http://саа-network.org/archives/5947>. 05.11.2015.
118. Touraine A. Production de la societe. – Paris, 1973. – 360 p.
119. Токарева Т. В. Религиозные компоненты механизмов идентификации в транзитивном социуме. – Саратов, 2003. – 224 с.
120. Трубина Е. Г. Персональная идентичность как социально-философская проблема. – Екатеринбург, 1996. – 211 с.
121. Политология. Энциклопедический словарь. – Москва, 1993. – 391 с.
122. Сарсенбаева З. Н. Этнос и ценности. – Алматы, 2009. – 235 с.
123. Абдильдина Х. С. Мемлекеттің тұрақты дамуындағы ұлттық бірегейліктің орны // С.Сейфуллин атындағы Қазақ агро техникалық университетінің Ғылым жаршысы. – 2014. – № 1(80). – Б. 30-35
124. Косиченко А. Г. Современные модели государственно – конфессиональных отношений / В кн.: Поиск моделей взаимоотношения государства и религии. – Алматы, 2011. – 453 с.
125. Rysbekova S. S., Rysbekova G. E., Duisenbayeva A. Contours of attitude of adolescents towards religion and religious identification in Kazakhstan // Global Media Journal. – 2016. – P. 1-6
126. Тоқаев Қ. К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan> 09.01.2020
127. Назарбаев Н.Ә. Абайдың 150 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте. «1995 жылғы тамыздың 9-да жасалған баяндамасы». <http://abai.kaznu.kz/?p=55>. 29.11.2011.
128. Ozkan A. R. İslam'da Seyahat-Sihhat İlişkisi, İpekyolu Turizm ve Ticaretinin Avrasya Ülkelerinin Kalkınmasındaki yeri isimli // II. Uluslararası Türk Dünyası Turizm Sempozyumu. – 2016. – Almaty, 3-5 Haziran. P. 25-30.
129. Ермағанбетова Қ. С., Макимбаева Ж. М. Киелі орындар территорияны брендiлеу құралы ретiнде // ҚазҰУ Хабаршысы. «Мәдениеттану» сериясы. – 2003. – №1 (59). – Б. 221-225.